Көптеген елдерде міндетті білім беру қабылданды. Кейбір елдерде міндетті білім беру деңгейі толық емес орта біліммен шектеледі (8, 9 сыныптар). Мәселен, Әзірбайжан Республикасының Конституциясының 51-бабы: «Мемлекет кемінде сегіз жыл тегін орта білім алуға кепілдік береді». Қырғыз Республикасының Конституциясының 32-бабы, Ресей Федерациясының Конституциясының 43-бабы, Тәжікстан Республикасы Конституциясының 41-бабы негізгі жалпы білім алуға азаматтарды 9 сынып бойынша міндетті деп есептейді. Осындай жағдай Шығыс Еуропадағы (Болгария, Польша, Венгрия, Чехия, Словакия) елдерінде де міндетті сегіз жылдық білім берумен қамтамасыз етіледі. Бірақ көптеген елдерде бұл деңгей жоғары. Ұлыбританияда және Шотландияда он алты жастағы оқушылар міндетті орта мектепті (11 сынып) аяқтайды. Құрама Штаттарда, Жапонияда, Австралияда, Францияда, 10 жылдық орта мектеп міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтарына, Конституцияның 30-бабында міндетті орта білім алу азаматтарға 11 (12) жыл мерзімге міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзгерістерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, біздің еліміз, сайып келгенде, 12-жылдық орта білім беру үдерісі эксперимент түрінде жүргізілуде.

Әлемнің көптеген елдерінде міндетті орта білім беруді 12 жылдық білім беруге көшу мәселесі қарқын алуда. Оларды жүзеге асыру балалардың, ата-аналардың қалауы бойынша жүзеге асырылады, өйткені білім алушылардың интеллектуалдық, физикалық мүмкіндіктері және қаржылық жағдайлары, мәдени өрістеріне байланысты әрқилы. Қазақстан Республикасында және басқа елдерде білім берудің конституциялық құқығын қалыптастыру бірыңғай демократиялық қағидаттар негізінде құрылады.

Айта кету керек, көптеген елдер, өз азаматтарының жалпы орта және арнайы, жоғары білім беруді және білім алу мүмкіндігін тегін жүргізілгенді қалайды. 90-шы жылдардың соңында Австрия, Дания, Финляндия, Греция, Норвегия және Швеция университеттерінде тегін оқыту жүргізілді. Қазіргі уақытта Парсы шығанағындағы бірқатар мұсылман елдерінде барлық деңгейдегі білім тегін енгізілді, өйткені мұнай экспортынан түсетін табыс оларға осындай мүмкіндік береді. Алайда, өкінішті елімізде арнайы, жоғары және жоғары оқудан кейін жүргізілетін білім беру жүйелерінде толық тегін білім беру мүмкіндігі қамтамасыз етілмеген.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет[5]. Басқаша айтқанда балаларға, жастарға, ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың білім алу үдерісі үздіксіз және тұрақты болу керек деп, білім берудің белгілі бір деңгейімен аяқталмайтындығын, яғни «өмір бойы білім беру» қағидатын енгізу қажеттігін атап өтті.

Тәуелсіз еліміздің басты тірегі – білімді ұрпақ өсіру болса, заманауи кезеңде білім мен ғылымды, рухани құндылықтар мен шығармашылықты, мәдени дәстүр мен ана тілімізді дамыту ең өзекті мәселе. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, білім алу құқығы ең маңызды мәдени құқық болып табылады. Ол адамның барлық өмірінде бірге іске асырырылуы тиіс. Қазіргі заманғы әлемде адамның үздіксіз білім алу құқығы қарастырылады, онда қоғам мен мемлекеттің басты міндеті ретінде адамзат әлеуетін, рухани байлығын, мәдени құндылықтары мен қызығушылықтарын дамытуды ең жоғары құндылыққа айналдыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ягофаров Д.А. Образовательное право: опыт теоретического осмысления // Образование и наука. - 2000. - №4. - С. 54-61.
2. Шкатулла В. И. Право на образование // Государство и право. - 1997. № 7. - С. 5-13.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж.: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_).

4. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O480000001>
5. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <http://www.inform.kz>

*Гришкова В. – следователь Северного ОП УВД г. Павлодара*

### **ПРОБЛЕМЫ ДИСТАНЦИОННОГО ДОПРОСА**

В Концепции правовой политики государства на период с 2010 до 2020 года закреплено, что одним из приоритетных направлений развития правовой системы Республики Казахстан является совершенствование уголовно-процессуального права путем последовательной реализации основополагающих принципов уголовного процесса, направленных на защиту прав и свобод человека. От эффективности деятельности ОВД зависят безопасность и спокойствие граждан, состояние преступности и уровень криминогенной обстановки в стране, в связи с чем процесс совершенствования органов внутренних дел должен быть сосредоточен на обеспечении быстрого и адекватного их реагирования на преступные проявления и профилактике правонарушений».

Казахстан определил одним из наиболее приоритетных направлений своей государственной политики признание, соблюдение и защиту прав и свобод личности. При этом их соблюдение и обеспечение должно отвечать представлениям о личности и ее правах как о высшей ценности и соответствовать международным нормам в области прав человека, являться составной частью правовой системы страны.

Реформирование досудебного уголовного производства обусловлено необходимостью более надежного и полноценного обеспечения прав и законных интересов граждан, вовлекаемых в сферу уголовного процесса. В связи с этим остро стоит проблема критического анализа существующих и предлагаемых законодателем новых форм производства, от которых в немалой степени зависит защищенность личности от преступных посягательств и необоснованного применения уголовных репрессий.

Одним из приоритетных направлений развития правовой системы Республики Казахстан является совершенствование уголовно-процессуального права путем последовательной реализации основополагающих принципов уголовного процесса, направленных на защиту прав и свобод человека.

Вопрос о соблюдении прав и законных интересов личности в уголовном процессе имеет наибольшую актуальность. Сфера уголовного судопроизводства является именно той сферой правотворческой и правоприменительной государственной деятельности, в которой иногда имеет место ограничение прав и свобод человека, которое вызвано объективной необходимостью успешного достижения задач, связанных с раскрытием и расследованием совершенных преступлений. В силу специфики уголовно-процессуальной деятельности права и свободы личности нарушаются, в основном, именно в ходе досудебного производства.

Проблемы эффективности применения видеосвязи в досудебном производстве, процессуальные особенности допроса с использованием научно-технических средств в режиме видеосвязи.

Допрос с использованием научно-технических средств в режиме видеосвязи является одной из разновидностей допроса проводимого органом уголовного преследования (первичного, дополнительного и повторного, несовершеннолетнего), являющейся по основным параметрам практически тождественной стандартному допросу в стадии досудебного расследования.

Дистанционный допрос — это вид допроса, производимый в режиме реального времени с отдаленным присутствием допрашиваемого посредством научно-технических средств в режиме видеосвязи, при котором возможен обмен аудио- и видеoinформацией.

В ст. 213 УПК закреплены случаи производства дистанционного допроса, к которым относятся:

- 1) невозможность непосредственного прибытия лица в орган, ведущий уголовный процесс, по месту расследования (рассмотрения) уголовного дела по состоянию здоровья или другим уважительным причинам.
- 2) необходимость обеспечения безопасности лица.
- 3) проведение допроса малолетнего или несовершеннолетнего свидетеля, потерпевшего.
- 4) необходимость обеспечения соблюдения сроков досудебного расследования, судебного рассмотрения дела.
- 5) наличие причин, дающих основания полагать, что допрос будет затруднен или связан с излишними затратами.

Допрос с использованием научно-технических средств в режиме видеосвязи, согласно его законодательной регламентации может быть произведен в отношении свидетеля и потерпевшего, однако может быть применен и в отношении других участников уголовного процесса. К таким участникам можно отнести эксперта, специалиста, переводчика, свидетеля, имеющего право на защиту.

Дистанционный допрос осуществляется путем вызова свидетеля или потерпевшего в орган досудебного расследования того района либо области, города республиканского значения, столицы, на территории которых они находятся либо проживают (ст. 213 УПК РК).

Решение о производстве дистанционного допроса принимается лицом, осуществляющим расследование дела: по собственной инициативе, по ходатайству стороны или других участников уголовного процесса, по указанию прокурора.

Результаты использования технических средств при проведении следственных действий должны обладать надлежащим качеством изображения и звука, а так же информационной безопасностью.

Фигурирование данных дефиниций в тексте кодекса обусловлено закреплением в уголовно-процессуальном законодательстве критериев допустимости научно-технических средств для производства дистанционного допроса, однако их разъяснение отсутствует.

Считаем, что данные характеристики можно определить как:

— надлежащее качество изображения, позволяющее однозначно идентифицировать личность по его изображению всеми участниками процессуального действия, как в реальном времени, так и в результате воспроизведения зафиксированных на информационных носителях данных о ходе уже проведенных следственных действиях;

— надлежащее качество звука, позволяющее четко различить показания допрашиваемого лица, в том числе голос, всеми участниками следственного действия, как в ходе проведения такого действия, так и в результате воспроизведения зафиксированных ранее данных с соответствующего носителя.

Это может быть обеспечено посредством высокой скорости обработки аудио- и видеопотока (кодирования передаваемых и декодирования получаемых данных) и скоростных каналов связи, имеющих высокую пропускную способность, по которым передается информация. Если компьютер не успевает обрабатывать поток, то появляются пропущенные кадры и сбои в речевом канале, что недопустимо для следственного действия. Низкая пропускная способность каналов связи также отражается на качестве передачи видеопотока.

— информационную безопасность, т. е. способность используемых технических средств и технологий обеспечивать защиту от уничтожения, искажения, блокирования информации, ее несанкционированного использования, в том числе путем нарушения установленного порядка маршрутизации.

Соблюдение технических характеристик при производстве дистанционного допроса позволит наиболее эффективно и целенаправленно использовать средства видеосвязи при наличии технической возможности проведения видеосвязи во всех территориальных подразделениях органов уголовного преследования. В связи с этим необходимо отметить, что система видеосвязи представляет собой технически сложный комплекс, защищающий достоверность передаваемой по сетям информации и тем самым гарантирующий соблюдение конституционных и процессуальных прав участников уголовного судопроизводства, а поэтому подменять его иными возможностями передачи видео- и аудиоинформации по открытым сетям Интернета недопустимо.

Список использованных источников:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» (с изменениями и дополнениями от 16.01.2014 г.) // Электронный ресурс: [adilet.gov.kz/ru/node/15658](http://adilet.gov.kz/ru/node/15658).

2. Ахпанов А.Н. Депонирование показаний потерпевшего и свидетеля в уголовном процессе Республики Казахстан // Вестник Омского университета. Серия «Право». 2015. № 4 (45). С. 173

*Демидов Н.Н. – старший преподаватель Волгоградской академии МВД России,  
к.ю.н., подполковник полиции*

## **ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИМЕНЕНИЯ БЕСПИЛОТНЫХ ЛЕТАТЕЛЬНЫХ АППАРАТОВ В ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

БПЛА — это беспилотный летательный аппарат (дрон) оснащенный механизмом передвижения в пространстве, электронно-вычислительным центром (процессором), оснащенный электронными датчиками и модулем связи. Данные аппараты, управляемые дистанционно или действующие автономно способны выполнять комплексные пилотируемые задачи, в том числе и в условиях удаленной местности, в опасных и труднодоступных зонах, что делает их идеальным средством получения необходимой информации в рамках проведения поисковых и наблюдательных мероприятий.

Использование передовых достижений науки и техники является важным направлением в деятельности правоохранительных органов. Появление новых технологий в области криминалистики или других наук способствовало развитию полицейской науки и позволило эффективно использовать эти достижения в раскрытии и расследовании преступлений, профилактике и наказании.

Однако вместе с прогрессом появились как новые виды преступлений, так и способы их совершения и сокрытия, в частности: кибер мошенничество, различные компьютерные преступления, преступные схемы транснациональной организованной преступности, а в последнее время участились случаи использования беспилотных летательных аппаратов (БПЛА) в преступных целях: в частности, для контрабанды наркотических средств, для совершения террористических актов и другой преступной деятельности. В связи с чем в настоящее время полиция и пенитенциарная система Великобритании проводят эксперимент на сумму в 3 млн фунтов стерлингов с целью предотвращения контрабанды, осуществляемой при помощи дронов, в правоохранительных органах формируются специальные подразделения криминалистов, специализирующихся на использовании БПЛА в правоохранительной деятельности и противодействии преступному использованию БПЛА в преступных целях.[1]

Таким образом можно с уверенностью констатировать, что сегодня одним из наиболее актуальных направлений в области научных технологий стало появление дронов (роботизированной техники с элементами искусственного интеллекта), способных выполнять сложные оперативные задачи в трудных условиях и использование технологии беспилотных летательных аппаратов в правоохранительной деятельности. При этом следует отметить, что данная технология все еще находится в стадии разработки, требует дополнительных научных исследований и остро нуждается в появлении новых инновационных технологий. Многие высокотехнологичные корпорации ведут интенсивные разработки в этой области, почти каждый день появляется информация о новых типах БПЛА, новых сферах их применения, улучшения их характеристик и повышения ресурсоёмкости. Несмотря на столь бурное развитие технологий, энтузиазм разработчиков и пользователей дронов следует отметить, что с правовой точки зрения существует масса нерешенных вопросов,

урегулирование которых становится необходимым для их применения в современной правоохранительной деятельности.

Целью данной статьи является обозначить концептуальные основы применения данной технологии, обозначить перспективы ее применения в правоохранительной деятельности, выявить ее сильные и слабые стороны, наметить правовые вопросы регулирующие данную деятельность.

Изначально БПЛА были продуктом двойного назначения. Технология была первоначально разработана в рамках военных исследований, однако постепенно она приобретает все большее значение в гражданской и правоохранительной деятельности. В настоящее время все больше сфер общественной деятельности применяют технологии беспилотных летательных аппаратов (дронов). Ключевым преимуществом которых является возможность дистанционного зондирования, мониторинга местности, получение необходимых аудио-визуальных и иных данных, доставка и транспортировка материалов в сложных труднодоступных условиях.

Классификация БПЛА может быть различной в зависимости от целей и сфер применения, комплектации, технологических параметров др. Автором предлагается классификация профессиональных полицейских дронов в соответствии с целью их применения в правоохранительной сфере[2]. В зависимости от целей использования можно выделить следующие виды БПЛА:

1. «Оперативные дроны» для наблюдения и съемки массовых мероприятий, массовых беспорядков и при проведении специальных операций. Основное требование к данной категории простота управления, маневренность, защита протокола передачи информации, высота и скорость полета, возможность стабилизации в воздухе, панорамное и детальная фото-видеозапись с потоковой передачей в командный пункт, время автономного нахождения в полете.

2. «Поисковые дроны» предназначенные для поиска и обнаружения объектов и людей на большой территории. Для данной категории важным является способность длительного полета на длительные расстояния с передачей информации в режиме реального времени, всепогодные условия эксплуатации, способность маневрировать и осуществлять качественную передачу аудио-видео сигнала в условиях плохой видимости и темного времени суток, возможность модульного оснащения дополнительными датчиками, например, тепловизорами для обнаружения с воздуха мест незаконного производства наркотических средств.

3. «Криминалистические дроны» предназначенные для получения процессуальной информации, детальной съемки и сканирования местности при производстве следственных действий с целью получения уголовно-процессуальной информации и получения доказательств по уголовному делу. Для данной категории важным является скорость разворачивания, маневренность, возможность полета по заданному маршруту, способность осуществлять качественную съемку местности и объектов в высоком разрешении, производить 3d съемку а также получать иные данные в сложных погодных условиях и недостаточной видимости.

В последнее время все чаще используются дроны в качестве компонента геоинформационных систем, которые могут быть эффективно использованы в качестве элементов мониторинговой системы. Так в правоохранительной деятельности стали использоваться БПЛА для патрулирования и мониторинга криминогенных зон, наблюдением за местами массового скопления людей, массовых спортивных и развлекательных мероприятий, демонстраций, проведения спонтанных уличных шествий, манифестации. Так следует привести пример эффективного использования БПЛА в рамках пресечения массовых беспорядков и проведения специальных операций в миротворческих миссиях ООН[3] (в частности по стабилизации в республике Гаити). Первоначально для этих целей по пресечению массовых беспорядков и контролем над оперативной ситуацией в районе использовались в качестве средств оперативного воздушного наблюдения военные вертолеты военного контингента миссии с применением видеокамер высокого разрешения с прямой трансляцией сигнала в оперативный штаб, в режиме реального времени несмотря на всю эффективность данной методики выявились существенные недостатки, в частности: дороговизна использования вертолетов, обслуживания, задержка во времени со времени получения первоначальной информации и последующего вылета вертолета на местность, а также уязвимость вертолетов как легко обнаруживаемой цели со стороны противоправных элементов и возможной на него атаки. Всех этих негативных особенностей лишены дроны, способные в кратчайшие сроки с момента получения информации о скоплении людей в определенной местности, быть направленными в зону патрулирования и мониторинга, передавать в центр управления аудиовизуальную информацию в режиме реального времени, мониторить ситуацию в течение достаточно длительного времени (зависит от типа БПЛА, емкости батареи, дальности полета и погодных условий), менять зону патрулирования в результате сложившейся оперативной обстановки, подлетать к объекту наблюдения на достаточно близкое расстояние, вести потоковую передачу аудиовизуальной информации оставаясь при этом незамеченными, а также могут использоваться в условиях плохой видимости, в темное время суток, тяжелых погодных условий и активного противодействия со стороны участников мероприятия. При этом для управления данным устройством требуется минимальный штат сотрудников, а именно оператор дрона и в некоторых случаях помощник, обладающие соответствующей квалификацией. О квалификации оператора дрона следует поговорить особо, однако это не является целью статьи и требует отдельного рассмотрения.

Очень перспективным направлением может стать использование дронов в качестве средства постоянного мониторинга криминогенной ситуации по аналогии с камерами наблюдения в системе безопасный город. Автором совместно с учеными-архитекторами разработан комплексный научный проект для ООН «Immunity Urban Safety System», где БПЛА выступают в качестве сенсорного элемента глобальной системы безопасности, позволяющие эффективно предотвращать различные угрозы на раннем этапе, в том числе и угрозы террористических атак[4].

Однако, на наш взгляд, применение данных аппаратов не стоит ограничивать только наблюдательной функцией. Очевидно, что использование БПЛА возможно и в рамках расследования преступлений, проведения первоначальных следственных действий, оперативно-розыскных и поисковых мероприятий. В частности, при производстве таких процессуальных и следственных действий как задержание преступника, обнаружение и поиск преступника по горячим следам, осмотр места происшествия, проверка показаний на местности, следственный эксперимент, обыск на местности, проведение криминалистических экспертиз (в частности ситуационных).

На современном этапе развития технологии БПЛА в первую очередь использование дронов ограничивается сферой прикладного применения: они выступают средством наблюдения и фиксации, получения аудиовизуальной и иной информации на местности, что связано с целым рядом ограничений современной технологии производства дронов (малой емкостью современных аккумуляторных батарей, сложностью управления БПЛА на дальнем расстоянии, неустойчивостью в полете особенно в трудных погодных условиях, а также на сложном рельефе местности, хрупкостью конструктивных элементов и др.) Однако в перспективе с учетом развития технологий производства БПЛА, а также создание программного обеспечения для искусственного интеллекта дронов, возможно и иное их использование, в частности в качестве самостоятельного элемента в поисковых мероприятиях, оперативно-розыскной деятельности, глобальной системы безопасности, средства производства следственных действий.

Для полномасштабного внедрения данной технологии требуется также законодательное регулирование данной сферы деятельности. В настоящее время использование БПЛА по разному регулируется в международном и национальном законодательстве.

В Европейском Союзе Европейским агентством по авиационной безопасности (EASA) разработана «Концепция эксплуатации БПЛА», в соответствии с которой беспилотные летательные аппараты разделены на три категории: открытую (OPEN), особую (SPECIFIC) и сертифицированную (Certified). Открытая категория не требует разрешения авиационных властей на эксплуатацию, однако полеты этого типа дронов не должны проводиться вблизи аэропортов и мест проживания людей, высота полета ограничивается 150 метрами, надзор за использованием беспилотников осуществляется полицией. Для использования аппаратов относящихся к особой категории необходимо получение разрешения авиационных властей, операторам дронов необходимо оценить безопасность полета с учетом летной годности, особенностей использования аппарата, компетентности персонала, а также проблем, связанных с использованием воздушного пространства. Сертифицированная категория предназначена для тех БПЛА, которые смогут выполнять полеты в неограниченном воздушном пространстве вместе с управляемыми воздушными судами. Масса таких аппаратов должна быть больше 150 кг. Операторы подобных беспилотников должны обладать специальной лицензией, а аппарат должен получить сертификат определенного типа, сертификат летной годности и сертификат по шуму.

В США Федеральная авиационная администрация (FAA) требует регистрации малых беспилотных летательных аппаратов весом от 250 грамм до 25 кг. Лица которые управляют БПЛА должны быть возрастом не младше 13 лет, предоставить свои персональные данные. Владельцы беспилотников при регистрации получают сертификаты со специальным номером, которые следует нанести на БПЛА, чтобы его было хорошо видно. При управлении БПЛА их владельцы обязаны иметь при себе сертификат в бумажном и электронном виде. Управление дронами возможно на высоте не выше 122 метров и находится всегда в поле зрения операторов, запрещено управлять дронами над группами людей, над стадионами, для полетов в пределах 8 километров от аэропортов необходимо получить разрешение авиадиспетчеров.

Согласно российскому закону (Воздушному кодексу), вступившему в силу в 2016 году, государственной регистрации подлежат все БПЛА весом свыше 250 граммов. Экипаж беспилотника может состоять из одного или нескольких внешних пилотов. Одного из них владелец будет назначать командиром воздушного судна, он принимает решение о взлете, полете и посадке беспилотника и несет ответственность за управление дроном.

Для использования дронов в правоохранительной деятельности также требуется установить определенные технические и правовые стандарты (сертификацию): требования как по безопасности использования БПЛА, так и по защите протокола передачи информации, стандартов аудио-видео фиксации, получения иной криминалистической информации. Данные стандарты должны быть закреплены в нормативно-правовых документах. А сама возможность получения данных при помощи дронов должна быть прописана в законах об оперативно-розыскной деятельности и уголовно-процессуальном кодексе. Необходимость данного шага обусловлена на наш взгляд особенностью получения информации при помощи дронов.

Таким образом, на основании проведенного мной изучения перспектив использования БПЛА можно сделать вывод, что применение дронов является перспективной технологией в правоохранительной деятельности, ее масштабное использование дело ближайшего времени, требуется дальнейшая разработка технических параметров и нормативно-правового регулирования использования дронов в правоохранительной деятельности.

*Список использованных источников:*

1. Andrew Tarantola The rise of drone crime and how cops can stop it <https://www.engadget.com/amp/2017/10/11/drone-crime-how-cops-stop-it>
2. N. Demidov, «The Perspectives of Applying UAV in The Criminal Investigation». Archibald Reiss Days. Thematic Conference Proceedings Volume 3, Belgrade 2016, P. 594-595
3. <https://docs.unocha.org/sites/dms/Documents/Unmanned%20Aerial%20Vehicles%20in%20Humanitarian%20Response%20ООНА%20July%202014.pdf>
4. <http://artdk.weebly.com/journal-arch-planetary-urbanism.html>

ҚАЖД КА - 168/1 мекемесінің кезекші көмекшісінің орынбасары, әділет аға лейтенанты  
**СОТҚА ДЕЙІНГІ ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ТӘРТІППЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ТЕРГЕУШІНІҢ, АНЫҚТАУШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Ал, сотқа дейінгі жеделдетілген тәртіппен қылмыстық іс жүргізу – бұл сатыда қылмыстық ізге түсу органдары жеке лауазымды тұлғалары, жасалған не дайындалып жатқан қылмыс туралы мәлімет алған кезден бастап сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу туралы шешімді қабылдау үшін себептер мен негіздердің бар-жоғын анықтауға, жасаған қылмысты дәлелдеп, жәбірленушіге келген зиянның орнын тотыру жөніндегі сұрақтарды толығымен шешіп, айыпкер толығымен мойындаған жағдайда іс сотқа жіберіледі бұл сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу болып саналып процестің алғашқы және соңғы сатысы болып табылады.

Сотқа дейінгі жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізу – бұл жасалған әрекетте қылмыс белгілерінің бар-жоғын анықтауға бағытталған қылмыстық ізге түсу органдарының қызметін қамтитын қылмыстық процестің дербес, бастапқы сатысы және соңғы сатысы болып табылады. Ал жалпылама істер арқылы бұл сатының маңызы іс бойынша өндірісті заңды, негізді, уақытында бастау қылмыстық істі толық, жан-жақты, объективті зерттеудің бірден-бір кепілі болып табылады. Оның мақсаттары ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- қылмысты уақытында тергеуді бастауды қамтамасыз ету;
- жасалған әрекетте қылмыстық белгілерінің бар-жоғын анықтау;
- бұл сатыдағы қатынастарға қатысушы тұлғаларды және олардың өкілеттіктерін анықтау көзделінеді.

Ал сотқа дейінгі жеделдетілген тәртіппен іс іс жүргізу қылмыс туралы арызы немесе хабарламаны тіркеген кезден бастап он бес тәулікке дейінгі мерзімде іс прокурорға берілгенге дейін аяқталуы тиіс. Бұл туралы Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 190 сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу тәртібі көрсетілген.

ҚР ҚПК 34-бабына сәйкес: " Қылмыстық қудалау органы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, оларды жазалау үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға, сол сияқты кінәсіз адамды ақтау үшін шаралар қолдануға міндетті." Сондықтан, осы сатыда, анықтама сотқа дейінгі тергеп тексеру органдары, прокуратура және сот органдары:

1. Қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық ізге түсу органы өз құзыреті шегінде қылмыстың белгілерін тапқан әрбір жағдайда қылмыс оқиғасын белгілеуге, қылмыс жасауға кінәлі адамдарды анықтауға, оларды жазалауға заңмен көзделген барлық шараларды қолдануға, сонымен бірдей кінәсіз адамдарды ақтау шараларын қолдануға міндетті.

2. Қылмыстық қудалау органы жәбірленушінің сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету және қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеткізу үшін шаралар қолдануға міндетті.

3. Қылмыстық қудалау органы қылмыстық процестегі өзінің өкілеттіктерін қандай да болсын органдар мен лауазымды адамдарға тәуелсіз және осы Кодекстің талаптарына қатаң сәйкес түрде жүзеге асырады.

4. Қылмыстық іс бойынша объективті тергеп-тексеру жүргізуге кедергі келтіру мақсатында қылмыстық қудалау органына қандай да бір нысанда ықпал ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Қылмыстық қудалау органының заңға сәйкес қойған талаптары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті және олар белгілеген мерзімде, бірақ үш тәуліктен кешіктірілмей орындалуға тиіс. Күдіктіні ұстап алу, күзетпен ұстау туралы шешім қабылдау қажет болған жағдайда, қылмыстық қудалау органының талабы жиырма төрт сағат ішінде орындалуға тиіс. Көрсетілген талаптарды дәлелді себептерсіз орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Осылайша бұл сатының мазмұны анықталады. Бұл сатыда анықтама органы, тергеу органы, прокурор және сот жасаған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы хабарды алған соң қылмыстық іс бойынша өндіріс шын қажетті шарттардың болуын анықтайды да, өндірісті бастау шешімін қабылдайды, егер қажетті шарттар бойынша болмаса сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеру тізіміне тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Сотқа дейінгі бірінғай тергеп тексеру тізіміне тіркеу арқылы анықтама, тергеу органдары, прокурор және сот өздеріне белгісіз болып тұрған оқиғаларға қылмыс ретінде қарап, оны ашу қажеттігін қарайды, ал оны жасаған адам әшкереленіп, оның сотталуына, жазалануына қамтамасыз етеді.

Жасалған қылмыс бойынша бірде-бір қылмыс ашылмай қалмауы керек және бірде-бір айыпты жауапкершіліктен кетпеу керек. Сондай-ақ қылмыстық жауапкершілікке азаматтарды заңсыз және негізсіз тарту оқиғалары орын алмауы керек [1,18 б].

Заңның бұл талаптарын қатаң сақтау сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу және оны сотқа тапсыру мәселесін шешуде әрбір жасалған қылмыста сот әділдігінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруда кепілдік береді.

Қылмыстық істің дер кезінде тез қозғалуы істі тиімді тергеу мүмкіндігін туғызады. Керісінше қылмыс жасалғаннан кейін кеш қозғалған істі тергеу қиынға түседі. Кейбір жағдайда бұл іс нәтижесіз болуы мүмкін. Әрбір жасалған және жауапқа тартылатын қылмыс бойынша тез арада сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу қажеттігінің мәні осында. Қылмыстық іс неғұрлым тез қозғалып тергеу басталса соғұрлым ол нәтижелі болады [2,123 б].

Жалпылама істер бойынша прокурор, тергеуші, анықтама органы, судья істелген немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалардың барлығын, соның ішінде өздерінің қарауында жатпайтындарын да қабылдауға міндетті. Қылмыстар туралы арызда немесе хабарламаны қабылдап, олар онда

көрсетілген мән-жайларды 1 тәулік ішінде, тексеріліп тиісті шешім қабылдануы қажет, тексеру қажетті материалдар мен құжаттарды сұрату, былайша айтқанда төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу

2) арызды, хабарды тергеу ретімен, ал жеке айыптау істері бойынша - сот ретімен беру туралы

3) сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу осы Кодекстің 190 бабында көзделген тәртібімен жүзеге асыру туралы (ҚР ҚПК - 181 бап) –деп көрсетілген. Бұл сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу және істі өз өндірісіне қабылдау туралы қаулы сотқа дейінгі тергеп тексерудің мәнін анықтайды.

Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу барысында қандай қылмыс іс жүргізудің басқа да өзіндік сатылары тәртіпті қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы міндеттерінен туындайтын өзіндік нақты міндеттеріне ие. Бұл міндеттер қылмыс жөніндегі алғашқы материалдарды қабылдау, қарау ол қажетті жағдайларда керекті хабарлар мен сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу үшін заңды және жеткілікті негіздерді бекіту мақсатында толықтырулармен сипатталады. Жеделдетілген іс жүргізудің қылмыс туралы негіздің барын дәлелдей отырып тексеру және тиісті қаулы шығару қылмыстық процестің осы сатысының міндеттері болып табылады.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу барысында шешілетін міндеттердің маңыздылығы оның қоғамдық саяси және заңдылық (құқықтық) мәнін анықтайды.

Зерттелетін сатының қоғамдық саяси мәні қылмыстық істі заңды түрде және дер кезінде сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізу мемлекет мүддесін қылмыстық қолсұғушылықтан, сонымен қатар құқық бұзушылықтан және азаматтар мен олардың ұйымдарының заңды мүдделерін қорғайтын маңызды құрал болып табылатындығында. Ол қоғамдық және мемлекеттік құрылыстар, мемлекеттік меншікті азаматтардың саяси еңбек жайының және мүлктік құқығын қорғауға бағытталған.

Барлық процесс сияқты, қылмыстық істі жеделдетілген тәртіппен жүргізу сатысы да демократизм, заңдылық негізінде құралады және негізсіз, заңсыз түрде сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеудің және азаматтардың қылмыстық жауапқа тартудан кепілдендіреді.

Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу сатысының қылмыстық іс процессуалдық мәні тиісті орындардан жауап алу, зат алу және басқа тергеу қимылдарын тек қылмыстық іс бойынша тиісті шешім қабылданған соң ғана жүргізе алатындығында. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу сыз не сотқа дейінгі тергеп тексеру не сотта іс қарау жүргізілмейді. Ерекшелік ретінде кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда оқиға болған жерді қарау сияқты тергеу қимылы сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеуде дейін жүргізуге болады. Бұл жағдайда оқиға болған жерді қарап шыққаннан кейін тез арада, жеделдетілген немесе жалпылама тәртіппен қылмыстық іс қозғалады [3,92 б].

Жалпалама істер бойынша сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу сатысының заңдық мәні бір жағынан қылмыстық белгілері жоқ немесе іс жүзінде мүдделі орын алмаған фактіні тергеуді болдырмауды қамтамасыз ету талап етілетіндігін де. Өзінше сүзгі болып қызмет ететін процестің бұл сатысы әр нақты жағдайда қылмыстық әрекеттермен күрес жөніндегі тиісті мемлекеттік орындарының назары мен күш салуын жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ол қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырмайтын немесе қылмыстық жазалау шараларын талап етпейтінінің бәрін қылмыстық істерді сотта жүргізу саласынан дер кезінде шығарып тастауға қызмет етеді. Ал сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу сатысы қылмыстық процестің өз алдында бір сатысы болып табылатындықтан, анықтау және сотқа дейінгі тергеп тексеру сатысының процессуалдық қатынасынан басқа ерекше процессуалдық қатынас туындамайды.

Қылмыс туралы мәлімдеген адам немесе мекеме осы өтініш берілген орын арасындағы процессуалдық қатынас мынадай: анықтама органы, тергеуші, прокурор, сот қылмыс туралы өтінішті немесе хабарды қабылдап алуға, сол қылмыс бойынша сәйкес шешім қабылдауға және ол туралы өтініш жасаушыға хабарлауға міндетті, сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізбеген немесе бас тартқан жағдайда ол бас тартуға шағым жасауға құқылы.

Сонымен сотқа дейінгі тергеп тексерудің бірінғай тізіміне тіркеу және қылмыстық істі өз өндірісіне ала отырып іс жүргізу барысында анықтама немесе сотқа дейінгі тергеп тексеру органдары мен прокурор арасында белгілі бір процессуалдық қатынас орнайды. Қылмыстық процестің бастапқы сатысында қылмыстық іс белгілі бір адамға қатысты емес, керісінше сол фактінің қылмыстық оқиғаның өзіне қатысты сотқа дейінгі тергеп тексеру жүзеге асырылады. Сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізілгенде қылмыстық жауапкершілікке тартылатын адам әдетте белгісіз болады, оның жабылуы және әшкереленуі анықтау және сотқа дейінгі тергеп тексеру негізінде белгілі болады [4, 54 б].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

2. 2014 жылдың 4 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 190-бабы.

3. Б. Қ. Төлеубекова Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық – Алматы: «Жеті жарғы» 2000. 276 бет.

4. Қ. Ө. Ташибаев Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы Қарағанды, 2003., 39-40 б.б.

*Еркін Н. Е. – Алматы қаласы ІІД Алматы ауданының ІІБ-нің тергеушісі, полиция аға лейтенанті*

#### **ЖЕКЕ АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі адам өміріне қарсы қылмыстарға адам өлтірудің (ҚР ҚК 99-103 баптар) сол сияқты абайсызда адам өлтірудің (ҚР ҚК 104-бап) және өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізудің түрлерін жатқызады. Соңғы екеуінен басқа барлық аталған адам өміріне қарсы қылмыстар адам өлтіруге жатады.



Қылмыстың бұл құрамдары өмір сүру құқығы сияқты бұлар да адамның табиға және маңызды құқықтарын қорғау туралы сөз болғандықтан бірінші орынға орналастырылған. Қылмыстық кодекс адам өмірін қорғау міндетін адам өміріне қарсы қылмыстар құрамының белгілерін қалыптастыра отырып және олардың істелуіне қатаң санкция мен белгілей отырып, өзіне тән әдістермен шешеді.

Бұл топтағы барлық қылмыстарды біріктіретіні әрқайсысының объектісі адам өмірі екендігі. Қылмыс объектісі ретінде өмір, бір жағынан табиғи физиологиялық процесс ретінде, екінші жағынан қоғамда жеке бастың тіршілік ету мүмкіндігін заңмен қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі. Екінші жақтың арқасында өмір жеке бас пен қоғамдық қатынастарға (қоғамдық мүддеге) логикалық бағынады және «жеке бастың мүддесінің оның өзінен бөлуге содан соң жеке бастық қоғамдық қатынастар шегінен шығаруға болмайды» [1, 60-б.].

Адамға өлім келтіруші әрекет егер құқыққа қайшы әрекет, қылмыстық заңда қарастырылса қылмыс деп табылады.

Кінәлі адамның әрекеті механикалық, физикалық, химиялық (тіпті психикалық, бірақ олар сирек кездеседі) және адам өміріне әсер ететін басқа да тәсілдер болуы мүмкін. Өлім адамға әрекетсіздік жолымен де берілуі мүмкін.

Адам өміріне қол сұғу тәсілі ретінде әрекетсіздік кінәлі қамқорлық танытатын әрекетсіздік ететін, қажетті шаралар қабылдайтын сияқты адам өміріне зиян тигізбеуге тұлғаның міндеттілігін білдіреді.

Адам өміріне қарсы қылмыстарда әрекет немесе әрекетсіздік құқыққа қайшы сипатына иеленеді. Адам өміріне қылмыстық әсер ету тек адам өмірі жағдайында ғана аяқталған қылмыс құрамын құрайды. Адам өміріне қарсы қылмыстың денсаулыққа қарсы қылмыстан айырмашылық белгісі — соңғысының зардаптары өз мазмұны бойынша қай органға зиян келгендігіне, қандай ауру күшімен, денсаулыққа зиян келу нәтижесінде еңбек қабілеттілігі жоғалту дәрежесінің қандайлығымен анықталады.

Адам өміріне қарсы қылмыстардың субъективті жағы қасақана да, абайсыз кінәмен де сипатталады. Кінәлі өзінің қоғамға қауіпті әрекеті нәтижесінде басқа адамның денсаулығына зиян келтіруде зардаптардың бөлу мүмкіндігінің немесе құтылмайтындығын алдын-ала көреді де қалайды (тікелей ниет) және бұған саналы түрде жол береді немесе оған селқос қарайды (жанама ниет).

Осы санаттағы қылмыстың субъектісі қылмыстық жауапкершілік жасына жеткен, яғни 16 жастағы есі дұрыс адам, тек қылмыс кодексінің 15-2 баптарына сай адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады. Саралау үшін кінәлі өзінің қоғамға қауіпті іс-әрекетінің нәтижесінде басқа адамның денсаулығына жеңіл зиян келетіндігін ұғынуға және қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екендігін немесе қалайда болатындығын алдын-ала білуге тиіс және соны тілеуге не сапалы түрде оған жол беруге немқұрайлы қарауға тиіс. Денсаулыққа абайсызда жеңіл зиян келтіргені үшін қылмыстың жауаптылығы қарастырылмаған. Қылмыстың субъектісі жасы 16-ға толған есі дұрыс адам.

Адам өлтіру жеке адамға қарсы қылмыстардың ең ауыр түрінің бірі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 99-бабының бірінші бөлігінде адам өлтіру басқа адамға құқыққа қарсы қасақана өлім келтіру деп анықтама берілген. Адамның өмірі әр адамға туғаннан берілетін табиғаттың ерекше сиы және әлеуметтік құндылығы да ерекше.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі адам өлтірудің анықтамасын заңдық тұрғыдан алғаш рет белгілеп берді: «басқа адамға құқыққа қарсы қасақана өлім келтіру» (ҚК 99-бабының 1-бөлігі). Кеңестік дәуірдегі қылмыстық кодексте адам өлтірудің анықтамасын бермеген еді. Сол кезеңдегі заң шығарушылар қылмыстық құқықтағы «адам өлтіруге» жалпы қабылданған ұғымнан жеке бөліп қарамаған сыңайлы.

Қарапайым адам өлтірудің құрамы (ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігі).

Қарапайым адам өлтірудің ұғымы — сараланбаған немесе күрделіленбеген адам өлтіру. Ол үшін қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 99-бабының 1-бөлігінде қарастырылған. Бұл адам өлтірудің негізгі түріне жатады. Қарапайым адам өлтірудің құрамын талдауда басқа да адам өлтірулерден айырмасы бар, сондықтан бұны «жалпы адам өлтіруді» талдау деп қарауға болады.

Адам өлтірудің объектісі — адамның өмірі, ол адамның азаматтығына, ұлтына және нәсіліне, шыққан тегіне және жасына, әлеуметтік жағдайына, немен айналысатынына, денсаулық ахуалына, біліміне, т. б. байланысты емес. Қылмыстық заң жәбірленушінің еркіне қарсы адам өлтіру де, оның келісімімен қаза келтіру де (эфтаназия) бірдей дәрежеде адам өлтіруге жатқызылады. Жәбірленушінің кім екенін білмей қалу қасақана адам өлтіргендігі үшін жауаптылыққа әсер етпейді.

Өмірге қастандық жасау объектісінің бар-жоғы туралы мәселені шешу үшін оның бастапқы жіне ақырғы кезеңдерін анықтау қажет.

Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда, адамның туғаннан өлгенге дейінгі аралықта өмір бар деп саналады.

Қылмыстық заңда адамның өлген кезі деп биологиялық өлімді, яғни ми қабаты клеткаларының біржола ыдырауы нәтижесінде ми қызметінің толық тоқтауы кезін алады. Биологиялық өлімнен басқа «клиникалық өлім» деген түсінік бар, бұл жағдайда адамның жүрегі тоқтап қалады.

Адамға клиникалық өлім келтірсе, мұндай іс-әрекет адам өлтіруге оқталғандық болып саналады. Сонымен қатар, клиникалық өлім жағдайындағы адамға қастандық жасауды өлтіру деп санауға болады.

Қылмыстың объективтік жағы материалдық құрамды қылмыстар сияқты үш элементтің жиынтығынан тұрады: 1) басқа адамның өмірін қиюға бағытталған әрекет (әрекетсіздік); 2) жәбірленушіні өлтірудегі міндетті аяқталу қорытындысы; 3) кінәлі мен жәбірленушіге қаза келтірудегі әрекет (әрекетсіздіктің) арасындағы себепті байланыс.

Адамды өмірінен күш қолданып та, (жарақаттау, тұншықтыру, уландыру, т. б.) психикалық ықпал жасап та (қорқыту, үрейлендіру, жалған лақап тарату, т. б.) айыруға болады.

Қылмыстың субъективтік жағы кінәнің қасақана жасалуымен сипатталады. Айыпты өзінің басқа адамның өліміне алып келетін іс-әрекет жасап отырғанын, ондай зардаптың болуы мүмкін екенін немесе қалайда болмай қоймайтынын біледі, соны тілейді — яғни тікелей ниет танытады, егер ол өлімнің болуына аналы түрде жол берсе не ондай зардаптың болуына немқұрайды қараса — жанама ниет танытады.

Адам өлтірудің субъектісі (ҚК 99-бабы) 14 жасқа толған, есі дұрыс адам бола алады. Басқа да адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстар үшін жауаптылық 16 жастан басталады.

Сараланған адам өлтірудің түрлері — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабы 2-бөлігі қарастырады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабы 2-бөлігінде қарастырылған адам өлтіру аса қатаң шаралар қолдану қарастырылған. Сараланған адам өлтіруге Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабы 2-бөлігінде қарастырылған жағдайлардың (сараланған белгілер) кем дегенде бірі болғанда адам өлтіру деп аталады. Әрине адам өлтірудің барлық басқа да негізгі белгілері міндетті түрде болуы керек. Егер кінәлінің әрекеттерінде екі немесе бірнеше сараланған белгілер болса, олардың барлығы айып таққанда жәбірленушіне үкім шығарғанда көрсетілуі керек. Бірақ олар қылмыстың жиынтығын құрамайды, және жаза бірдей қолданылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 99-бабы 2-бөлігі 15 тармақтан тұрады. Көп белгілер бұрынғы қылмыстық заңда болған. Кейбір сараланған белгілер нақтыланған және бірнеше жаңа түрлері енгізілді. Тұңғыш рет осы сараланған белгілер белгілі-бір қатаң тәртіпте орналастырылып, соған байланысты мынадай түрлерге бөлінді.

Объектіге қатысты белгілер («1», «2», «3», «4»-тармақтары) — екі немесе оданда көп адамға қатысты («1»-т.); қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарына қатысты («2»-т.); дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды өлтіру, сол сияқты адамды ұрлауы («3»-т.); жүкті екендігі айыпкерге белгілі әйелге («4»-т.).

Қылмыстың объектілік жағына қатысты белгілер («5», «6»-т.) — аса қатігездікпен адам өлтіру («5»-т.); көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен адам өлтіру («6»-т.). кейбір авторлар объективтік жаққа адамды өлтіруді адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топтың жүзеге асыруын («7»-т.) жатқызады.

Субъектілік жаққа қатысты белгілер («8», «9», «10», «11», «12»-т.) — пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен, не бандитизммен ұштасқан адам өлтіру («8»-т.); бұзақылық ниетпен адам өлтіру («9»-т.); басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынаста сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру («10»-т.); әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек себебі бойынша адам өлтіру («11»-т.); жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатында жасалған адам өлтіру («12»-т.).

Бірнеше рет жасалған («13»-т.); көрінеу көмелетке толмаған адамды («14»-т.); төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру («15»-т.).

Субъектіге қатысты белгілер («7», «8»-т.) — адамды өлтіруді адамдар тобы, алдын-ала сөз байласу арқылы адамдар тобы немесе ұйымдасқан топтың жүзеге асыру арқылы адам өлтіру («6»-т.); Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 103-106-баптарында көзделген әрекеттерден басқа, бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру («8»-т.).

Бұл саралауды шартты деп қарастыру керек. Себебі кез-келген объектілік белгі қылмыстың субъективтік жағынан көрініс тауып жатады. Ал адам өлтірудің аса жоғары қауіптілігі қарақшылықпен, бандитизммен немесе бопсалаушылықпен астасып жатыр. Бірақ осылайша саралау Қылмыстық кодексі 99-бабы 2-бөлімі бойынша нақты адам өлтіру түрін дұрыс саралауға көмектеседі.

Жалпы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің адам өлтіруді бұлайша саралауы толық сипатқа ие. Адам өлтірудің кейбір түрлерін ажыратуда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумындағы «Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғушылыққа жауаптылықты белгілейтін заңдылықтарды соттардың қолдануы туралы» 1994 жылғы 23-желтоқсанындағы № 7 қаулысы (1999 жылы 20-желтоқсанында № 11 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) маңызды рөл атқарады.

Екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бап. 2-б. «1»-т.

Зардаптарының аса ауырлығымен сипатталады. Осыған ұқсас белгі бұрынғы Қылмыстық кодексінде де болған, сондықтан сот практикасы оны бағалаудың өзіндік критерийін жасаған болатын. Екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру біртұтас қылмысты білдіреді. Барлық жәбірленушілерге зиян не бір мезгілде, немесе қысқа уақыт аралығында жасалады, яғни ең бастысы айыптының іс-әрекеті бір ниетке бағытталған — екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру.

Уақыт аралығының алшақтығы немесе басқа да бірегей ниетін білдіретін жағдайларда адам өлтіру ҚР ҚК 99-бабы 2-бөлімі «1»-тармағы бойынша сараланбайды. Мұндай жағдайларда ҚК 99-бабы 2-бөлімі «13»-тармағы қолданылады (ҚК 99-103-баптарында көзделген әрекеттерден басқа, бұрын адам өлтірген адам жасаған адам өлтіру).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумындағы «Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғушылыққа жауаптылықты белгілейтін заңдылықтарды соттардың қолдануы туралы» 1994 жылғы 23-желтоқсанындағы № 7 қаулысында (1999 жылы 20-желтоқсанында № 11 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) былай деп көрсетілген: «егер қылмыс бір немесе бірнеше әрекет арқылы қысқа уақыт аралығында орындалса жәбірленушіне де айыптының бірнеше адам өлтіруге тікелей немесе жанама ниетінің болғаны анықталса ол екі немесе одан да көп адамды қасақана өлтірген жағдай деп саралануы керек.

Қалай болғанда да жұмыссыздық, материалдық қамтамасыз етілмеушілік әлеуметтік тұрақсыздық пен әлеуметтік шиеленіске апарып, ал ол өз кезегінде адамдардың наразылығын туғызып, тығырықтан шығудың кез-келген жолын іздеуге итермелеуші фактор болып табылатындықтан адамдар өздерінің тамақтану, медициналық қызмет алу мен басқа да әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуде қиындықтарының барлығын айтуын жақсы болжамға жатқыза алмаймыз.

Мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның әлсіздігі де діни экстремизмнің дамуына ықпал ететін фактор болып табылады. Республикамызда мемлекеттік немесе ұлттық идеологиялық бағдарламалар әлі болса да аздық етеді, сонымен қатар, идеологияның тиімділігін негіздеуші іргелі еңбектер мен жүйелі зерттеулердің де жоқтығын айта кеткен жөн. Белгілі қазақстандық режиссер Т. Теменов: «Біз өнеркәсіп, мұнай мен газ, космос, жаһандылық туралы үнемі айтамыз, алайда, ең бастысы адамдардың көзіне қарауды ұмытып қалыппыз. Неге бізден 150 адам, балаларымен бірге Сирияға кетіп қалды. Бұл мемлекеттік масштабтағы төтенше жағдай! Егер бір адам, дос үш адам кетсе түсінер едім, бірақ 150 отбасы деген бір ауыл ғой! Неліктен олар соғысу үшін басқа

мемлекетке кетті? Демек, онда бізге, осы адамдарға қарсы жұмыс істейтін қуатты идеология бар. Бұл дегеніміз, егер бізде идеология болмаса оны басқа, бізге жат идеологиямен толтырады» [4] деген. Сол сияқты «Ұлттық идеологияның кенжелеп қалғанын Қазақстанның түрлі секталардың ошағына айналып отырғанынан да көруге болады». Бұл авторлардың пікіріне толығымен қосыла отыра, діни экстремизммен күресудің ең негізгі тиімді жолы мемлекет тарапынан мемлекет немесе ұлт идеологиясын құру деп есептейміз. Біздің бұл пікірімізді қала тұрғындары арасында жүргізген сауалнама жауаптары бекіте түседі. Олардың пікірлері бойынша «Қазақстан халқына діни экстремизммен күресу үшін қандай рухани қажеттілігімізге мән беруіміз қажет?» деген сауалға респонденттердің 62% ұлттық идеологияны дамытуға назар аудару қажеттігін, 21% отбасылық тәрбиеге көңіл бөлу қажеттігін және қалған 17% сапалы білімге мән беру қажеттігін білдірген. Яғни, «...қай уақытта болмасын адамның танымдық болмысы бос болмауы керек. Адамға әсер ету, оны тәрбиелеу жолында идеологияның мәні зор екендігіне Кеңес үкіметінің тарихы куә. Сондықтан, насихаттық-идеологиялық жұмыстар белсенділігін арттырып, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелейтін уақыттың келгендігіне көз жеткізіп келеміз» [5, 114-б.].

Сонымен қатар қоғамдағы отбасы институты рөлінің төмендегі де діни экстремизмнің дамуына ықпал ететін фактор болып табылады. Оған төмендегідей себептерді жатқызуымызға болады:

- отбасы мүшелерінің рухани қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандырмаушылық;
- отбасылардағы материалдық қажеттіліктердің рухани қажеттіліктерден басымырақ болуы;
- ата-аналардың тым жұмыс бастылығы мен балалардың бос уақыттарын өздігінен өткізулері.

Біз келтіріп отырған үш себеп кез-келген орта деңгейдегі отбасының өмір сүру салты десек қателеспейміз. Өз әлеуметтік жағдайларына байланысты әлеуметтік жәрдемақылардың аздық етуі, тұрғын үйдің қымбаттығы және т.б. себептер әйел адамның үйде отырып бала күтімімен, бала тәрбиесімен ғана айналысуына мүмкіндік бермейді.

Осыған орай білім беру жүйесіндегі ғылым мен білім беруге бөлінетін қаржының аздығы, жаратылыстану және қоғамдық пәндерге қаражаттың аз бөлінуі, жалпы орта білім беру мектептері мұғалімдерінің басым бөлігінің өз жұмыстарына тек табыс көзі ретінде қараулары, жалпы орта білім беруші мектептердің басым бөлігінің білім беру мен оқушы тәрбиесіне формальды ыңғай танытулары да кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұның ішінде әрине сыбайлас жемқорлық көрінісін де жекелеп айтқан жөн. Жекелеген жергілікті мемлекеттік шенеуніктер тарапынан орын алатын сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократизм де экстремизмнің дамуын ықпал етуші ішкі себептердің біріне жатады.

Азаматтардың діни сауаттылықтарының төмендігі, дәстүрлі дін негізінде жазылған әдебиеттерді мүлдем оқымағандық немесе үстіртін білу, адамдардың, әсіресе жастардың діннің іргелі негіздеріне (имандылық, ата-анаға деген құрмет, терең білім алу, қайырымдылық және т.б.) емес, жанама аспектілеріне (сақал қою, балақ ұзындығы және т.б.) ерекше көңіл бөлулері, діннің шығу және таралу тарихын білмеулері де кері әсерін тигізетін сөзсіз. Себебі діни сауаты бар адам дәстүрлі ислам дінін жалған діннен тез ажыратқан болар еді деп пайымдаймыз.

Адамдардың психологиялық денсаулығындағы проблемаларды да атап өтуге болады. Отандық денсаулық сақтау жүйесінің халықтың рухани (психиатриялық) денсаулығын қамтамасыз етуге ыңғайланбағандығы, денсаулығында психикалық ақаулары (әсіресе жастар арасында) бар халық санының өсіп келе жатқандығы, адамдардың психикалық ақауларын табу және емдеудің тиімділігі жоғары әдістерінің жоқтығы. Астана қаласы әкімдігінің психикалық денсаулық сақтау орталығы директорының мәлімдеуі бойынша әлемдегі әрбір төртінші адамда өмірінің түрлі кезеңдерінде психикалық денсаулық проблемалары болуы мүмкін екен. Астананың психикалық және мінез-құлық бұзылулары 100 мың халыққа шаққандағы 72,9 жағдайды құрап, шизофрения, ақыл-ой кемтарлығы сияқты ауру түрлері тұрақтылыққа ие екен [6].

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, әлемде Ислам дінінің ең кіршіксіз, таза дін екендігін айғақтап, елімізде ешқандай лаңкестік оқиғалардың болмауын және осы жолда ұлт, халық болып оған қарсы тұруға қолдау таныту қажеттілігін баса айтқан жөн деп есептейміз. Ата-бабаларымыз қазақтың дархан даласын келесі ұрпағына мұра, мирас етіп тастап кеткенін еш уақытта жадымыздан шығармауға тиіспіз. Әрбір елім, жерім деп өмір сүретін қазақ азаматтары мен азаматшалары бұны ұмытпаған жөн. Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын. Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2. Райбаев Д.Қ. Діни экстремизм әлеуметтік құбылыс ретінде // Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауын жүзеге асыру аясында құқық қорғау қызметін жетілдірудің негізгі бағыттары: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қостанай: ҚР ПМ Қостанай академиясы, 2014. – 362-369-б.

3. Боқанова Ж.Қ., Кәрімова Ж.К. Қазақстан жастары – 2014. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2014. – 54 б.

4. Марина Хегай. Талгат Теменов: Мы стали эгоистами [Электрондық қор]. – Рұқсат режимі: <http://www.zakon.kz/4592121-talgat-temenov-my-stali-jegoistami.html>

5. Райбаев Д.Қ. Діни экстремизмге қарсы тұру жолдары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы.

6. Уже каждый четвертый человек в мире имеет проблемы с психическим здоровьем – МЦПЗ Астаны [Электрондық қор]. – Рұқсат режимі: <http://www.kazpravda.kz/multimedia/view/uzhe-kazhdii-chetvertii-chelovek-v-mire-imeet-problemi-s-psihicheskim-zdorovem--mtspz-astani/>

## **КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ПРОБЛЕМНЫХ СИТУАЦИЙ**

Следственная ситуация, в нашем понимании, представляет собой совокупность сложившихся на определенный момент расследования обстоятельств, учитываемых следователям при разработке и осуществлении программы своей дальнейшей деятельности по уголовному делу. Что же касается проблемной следственной ситуации, то она, как представляется, характеризуется той или иной мерой информационной недостаточности, определенным противоречием между знанием и незнанием относительно подлежащих установлению фактов (лица, совершившего преступление, мотива, способа совершения преступления и т.д.).

Предпосылки выхода из проблемной ситуации закладываются на основе построения, оценки, изучения мысленной модели данной ситуации. Ключевая задача этой логической операции – определение, во-первых, известных на момент ее осуществления обстоятельств, во-вторых, обстоятельств, по поводу которых не имеется вообще либо имеется недостаточно доказательственной информации.

Следующий этап – построение и изучение мысленных моделей указанных групп обстоятельств (данный процесс сочетается с конструированием или подборкой материальных моделей, аналогов оригиналов тех или иных объектов) и использование полученных таким образом знаний для разработки и реализации программы дальнейшей работы по делу.

В структуре деятельности, способствующей выходу из проблемной ситуации, неустановленные обстоятельства целесообразно рассматривать как системы – объекты познания. Известные обстоятельства выступают в качестве систем – средств познания. Соответственно этому мысленные модели, строящиеся при расследовании преступлений, могут быть разделены на две группы: 1) модели объектов познания, 2) модели средств познания. Изучение последних дает возможность делать предположительные выводы относительно тех или иных элементов, связей и отношений познаваемых объектов, находящихся в закономерных связях с объектами – средствами познания, а также использования полученных при этом знаний для формирования мысленных моделей данных объектов.

В этой связи уместно отметить, что в свете теории моделирования уголовное дело (как и материалы предварительной проверки) можно представить в виде зафиксированной в его документах системы мысленных моделей и оригиналов материальных объектов (если таковые имеются), приобщенных в качестве вещественных доказательств. В идеале, в деле, по которому завершено расследование, содержатся модели, состоящие только из положительного достоверного знания. Незавершенное расследованием дело – это «хранилище» моделей, имеющих различное, с точки зрения достоверности, содержание. Ряд из них построен на основе только положительного, другие – состоят из положительного и предположительного знания, третьи – целиком состоят из предположительного знания (имеется в виду предположительное знание, в одних случаях, о каком – либо одном элементе, отдельной связи, определенном отношении оригинала, в других случаях, знание о двух и более элементах, сторонах, аспектах оригинала познаваемого объекта, интегрирующее различные по степени сложности системы версий).

В тех случаях, когда проблемная ситуация определяется острым дефицитом или полным отсутствием данных о лице, совершившем преступление, скрывшемся с места происшествия, в качестве объекта познания, обуславливающего стратегию и тактику следственного поиска, выступает данное лицо.

В контексте настоящей статьи, это направление расследования может быть определено как процесс, слагаемыми которого являются, во-первых, создание предпосылок для построения мысленной модели преступника; во-вторых, опирающиеся на эти предпосылки построение названной модели; в-третьих, ее совершенствование и использование для распознавания, идентификации и их изобличения указанного лица.

Говоря о создании предпосылок построения мысленной модели преступника, мы имеем в виду следующие операции: 1) сбор, изучение, логическое упорядочение и мысленную переработку первичных фактических данных; 2) выделение из имеющегося информационного фонда сведений, относящихся к отдельным элементам события, к механизму и способу совершения преступления, его обстановке и личности преступника; 3) построение систем версий о неустановленных обстоятельствах содеянного и неизвестных признаках преступника; 4) использование положительного и предположительного знания для построения мысленных моделей события, механизма, способа и обстановки совершения преступления как элементов (составных частей) модели ситуации.

Принципиально важной особенностью проблемной следственной ситуации является то, что в этом социальном явлении соединены в одно целое элементы прошлого, настоящего и будущего. С учетом этого в общей модели данного явления могут быть выделены: 1) ретроспективные модели (модели отдельных элементов события, способа, механизма, обстановки совершения преступления, а также предшествовавшей построению ситуационной модели деятельности, связанной с выявлением и раскрытием преступления); 2) модели настоящего, отражающие знание следователя о том, чем он располагает в соответствующий момент своей работы с точки зрения достигнутых результатов, фактических сил, средств, возможностей, реальных условий, в которых протекает расследование; 3) перспективные модели, отражающие знание будущей деятельности (о том, что надлежит сделать для выхода из проблемной ситуации, в какие сроки т.д.).

Изучение в комплексе моделей первого и второго порядка завершает подготовительный этап мысленного моделирования, осуществляемого в целях установления преступника, скрывшегося с места происшествия.

Следующий этап – разработка мысленной модели указанного лица. Решение этой задачи осуществляется на основе использования имеющейся информации о тех или иных сторонах объекта и результатов вышеуказанных логических операций, а также обобщенных данных характеризующих деяния соответствующей категории.

В отличие от мысленной модели установленного преступника мысленная модель устанавливаемого преступника не несет себе целостного, завершенного положительного знания относительно оригинала. Наряду с положительным знанием об одних, она содержит предположительное знание о других его сторонах, связях и отношениях. Отражая промежуточный, а не конечный результат материализации цели установления преступника, она выступает в качестве средства достижения указанного результата.

При построении мысленной модели устанавливаемого преступника нельзя не учитывать информацию, которая может быть получена при изучении мысленных моделей механизма, способа, других элементов события и обстановки совершения преступления. Выступающие в виде следствий, выводимых в ходе изучения последних моделей, такие знания могут использоваться как бы напрямую для установления и идентификации преступника по признакам совершения преступления, по признакам предмета преступного посяательства и т.д. В то же время и прежде всего тогда, когда такой путь не приводит к оперативному достижению положительного результата, информация, вытекающая из изучения упомянутых моделей, может быть с успехом использована при конструировании более эффективных сложных моделей преступника, отдельные недостающие блоки которой могут восполняться информацией, почерпнутой в типовых информационных моделях отдельных групп лиц, совершающих преступления, аналогичные тому, которое исследуется по делу.

Основу для распределения используемой при этом информации по соответствующим блокам образует типовая криминалистическая структура преступника, элементами которой являются собственные признаки данного лица (естественные и социально обусловленные), признаки сопутствующих вещей (одежда, украшения, средства маскировки внешности и т.д.), а также особый тип свойств – отношения (отношение преступника к данной местности, к потерпевшему и т.п.).

Как показывает следственная практика, существенными, с точки зрения решения следственно – оперативных и криминалистических задач, являются данные, характеризующие формы и способы поведения преступника до, в процессе и после совершения преступления. Поэтому мысленная модель этого объекта может содержать достоверную или предположительную информацию не только о вышеуказанных признаках, но и сведения по поводу указанного выше поведения в условиях совершения преступления и вне их. В ряде случаев в рассматриваемую модель целесообразно включение сведений, вытекающих из прогноза поведения преступника в будущем, выводов о наиболее вероятных местах его появления, маршрутах передвижения и других обстоятельствах.

Чаще всего на первых порах расследования строится несколько вариантов моделей преступника, поскольку исходные данные не всегда позволяют сделать однозначный вывод о социальной принадлежности и признаках устанавливаемого лица. И лишь на основе проверки каждой модели может быть получена информация, позволяющая сузить круг таких моделей и выделить из них приоритетную.

Следующий этап процесса моделирования при установлении лица, совершившего преступление, предполагает: 1) фиксацию (в текстовой, графической или иных формах), изучение и оценку модели преступника; 2) разработку программы поиска преступника и собирания дополнительных данных о предмете доказывания фактах и вспомогательных фактах на базе использования указанной модели.

Как вид перспективной модели отмеченная программа представляет собой систему знаний о том, что, в какой последовательности, с привлечением каких сил и средств, на основе каких методов, следственных действий и оперативных мероприятий и процедур, в какие сроки и соблюдением каких тактических условий должно быть сделано по делу для изменения ситуации в нужную с точки зрения следствия сторону.

Проблемная ситуация может определяться неустановленностью одного или нескольких элементов объективной или субъективной стороны состава преступления, комплексом обстоятельств того и другого характера, а также тех или иных обстоятельств, характеризующих личность обвиняемого, его до и после криминальное поведение. В таких случаях деятельность субъекта доказывания по обеспечению выхода из проблемной ситуации будет представлять собой процесс, направленный на построение мысленной модели соответствующего познаваемого объекта (объектов) и оперирование вытекающими из её изучения знаниями при разработке и реализации программы установления этого обстоятельства.

*Қазыбаев Б.К. – Астана қаласы ІІД Сарыарқа ауданының ІІБ-нің тергеушісі, полиция аға лейтенанты*  
**ДНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ДЕТЕРМИНАНТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Алғаш рет «экстремизм» ұғымы Қазақстан Республикасына 2001 жылдың 15-маусымында «Терроршылдыққа, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы» Шанхай конвенциясына (әрі қарай – Шанхай конвенциясы) қол қою арқылы енгізілді. Шанхай ынтымақтастық ұйымына Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы мүше болды.[1]

«Экстремизм» ұғымы халықаралық термин, ол латынша «ең соңғы амал, ақырғы көзқарасты ұстанушы» деген мағынаны береді. Алайда, әлем бойынша оның жалпымен ортақ түсінікпен қабылданатын біркелкі түсінілетін мағынасы әлі де өңделген жоқ.

**Шанхай конвенциясының** 1-бабында: «Экстремизм – билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге пара пар қоғамдық қауіпсіздікке күшпен озбырлық жасауға бағытталған, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы жасақтарды ұйымдастыру немесе оларға қатысу, және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қандай да болсын қылмыс ретінде қуғындалушы әрекет», деп көрсетілген. Осылайша Қазақстан Республикасының заңнамалық терминдерінің қатарында «экстремизм» ұғымы ресми түрде орын алды.

Экстремизмнің әлемде пайда болу құбылысы ерекше – оның әрқашан да терроризм құбылысымен қосақталып жүріп дамуы байқалады.

Ғылыми әдебиеттерде экстремизмнің әлемде таралуы транс ұлттық жағдайдағы құбылыс екендігі жиі айтылады. [2,47-51 б.] Экстремизмнің ұшқындауы мемлекеттік аппараттың әлсіздігіне, ішкі және сыртқы саясаттың аумағындағы үлкен есептерге, тарихи, этнопсихологиялық заңдылықтардың туындауына байланыстылығы – оның екінші ерекшелігі болып табылады. Әр түрлі қоғамдық топтардың, бұқаралық ақпарат құралдардың бұл құбылысқа қатынастарының жүйесі, экстремизмнің дамуына немесе оны қорғаштаудың жанама факторы болады. Көбіне экстремистік идеяны жүзеге асыру үшін террористік әрекеттерге жүгіну арқылы белгілі бір жағдайдан шығудың лажсыздық сезімі түрткі болады. Яғни, мұқтаждық адамдардың өзінің жағдайын психологиялық тұрғыдан кемсітілген сезімде болып, әрі өзін солай бағалауға итермелейді. [3,29-33 б.]

Көптеген жағдайда қылмыс жасауға ықтимал тұлғаларда «біздің халық», «біздің мәдениет», «біздің тіл», «біздің сеніміміз» секілді ұғымдар жоғалудың шегінде тұрады. Жеке экстремист тұлғаның мінез-құлқына тән, оған түрлі экстремистік әрекетке итермелеуші бірқатар факторлар бар. Біріншіден, оларға әлемнің идеалдық моделдік кейіптің арасындағы нақты жағдайда сәйкессіздігі, өзінің өмірлік мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндіктерінен айырылуы. Бұл идеалмен қарама қайшы жеке субъективтік сезімге және әлеуметтік тұрақсыздыққа ұласады да, нәтижесінде экстремист жеке тұлғаның санасында мына ой қалыптасады: «Мен жақсымын, әлем жаман», «күнәхарларды жазалау қажет» секілді ойлар оның заңсыз әрекеттерін бүркемелеудің, әрі өз-өзін моральдік қорғаштаудың, ақталудың себебі ретінде көрініс алады. Осындай жағдайлардан кейін құрылымсыз, жүйесіз, негізсіз дүниетаным сезімі туындайды. Бұның детерминациясында түрлі этностардың сәйкессіздігі, этнопсихологиялық қарама қайшылығы жатыр. Құрылымсыз культтардың негізі болып өзінің сенімі үшін өлімге бас тігуге дайын тұратын фанаттардың іс-әрекеттері болады.

Әлемде «экстремизм мен терроризм» термині алғаш рет 1798 жылдан бері қолданылып келеді. Экстремизм мен терроризмнің алғашқы толқыны француз революциясынан басталды. Екінші толқыны XIX ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде болды. Ирландия, Македония, Сербия және бірқатар мемлекеттерде ұлттық-радикалистік экстремизм (мақсаты – ұлттық мемлекетті құру); Франция, Италия, Испания мемлекеттеріндегі революциялық-демократиялық экстремизм (мақсаты – мемлекетті бұзу); Ресейдегі «Халықтық ерік» пен «Социалист-революционерлер» партияларының революциялық-демократиялық экстремизмі (мақсаты – революцияға серпіліс беру); 1910, 1914 - 1934 жылдар аралағында дүниежүзілік соғыс, 1945 – 1975 жылдардағы оқиғалар.

1960 – 1970 жылдары жаңа саяси экстремизм мен терроризмнің толқыны пайда болды. Бұл Италия, Германия, Жапония мемлекеттеріндегі соғыстан кейінгі «экономикалық ғажайып» жағдайында әлеуметтік құрылымдар мен институттар экономикалық өзгерістерімен дамып үлгерместен болып жатты. Яғни «Қызыл бригада», «Қызыл Армия фракциясы», «Жапон Қызыл Армиясы» және көптеген экстремистік-солшыл ұйымдар (экстремистік-оңшыл ұйымдар аз болды) жоғары да аталған мемлекеттердің саяси жағдайын шындығында қиындатты. Бұл ұйымдардың терроры француз революциясы моделі негізінде қалыптастып, саяси-идеологиялық күрес құралы ретінде пайдаланылды. [4, 28 б.]

Мемлекеттің реттеуге күші жетпейтін кейбір аумақтарға француз журналисті Ж.К. Рюфэн «сұр аумақтар» деп атауға ұсыныс жасады. Бұл термин негізінде аэронавтикада, яғни радардың бақылауын белгілі бір жердің атауын анықтау үшін қолданылады. Осындай аумақтар Африка, Оңтүстік Америка, Азия, тіпті экономикасы дамыған (АҚШ, Италия, Испания, Франция және т.б.) мемлекеттерде де бар. Наркобизнес, қару-жарақ саудасы, экстремизм мен терроризм – осы «сұр аумақтың» үш жақты тірегі болды. «Сұр аумақтар» қылмыстық ұйымдардың бақылауындағы (мысалы, Колумбиядағы Медельин аумағы, Боливия мен Перудің кейбір аудандары, «алтын үшбұрыш» деп аталатын Оңтүстік-Шығыс Азияда, Тайландта, Бирмада, Лаостың шекаралары түйіскен жерінде) жерлер немесе «жекешелендірілген» мемлекеттік үкіметтері бар тайпа мен кландардың аумақтары (Африка аумағы, Ауғанстан). [5, 24 б.]

1848 жылы радикалдық көзқарастағы неміс ойшылы Карл Гейнцген саяси күресте өлтіруге тыйым салуға болмайды, өйткені жүздеген, мыңдаған адамдарды өлтіру «Адамзаттың жоғарғы мүддесімен ақталады», деген пікір айтады. К.Гейнцген қазіргі экстремизм мен терроризм теориясының негізін салушы болып есептелінеді. Ол реакциялық әскердің мінез-құлқы мен күшіне азғана топтың бей-берекетсіз хаос тудыратын қарулы әрекетін қарсы қоюға болады. К.Гейнцген уландыратын газ, ракеталарға арқа сүйеді, құртатын жаңа құралдарды іздестіруді талап етті. Бұл XIX-ғасырда пайда болып дамыған «бомбалық философиясы» деп аталды. Оның түп тамыры грек тарихындағы тирандық өлтіруге әкеп соғады.

Экстремизм мен терроризм әртүрлі нысандармен көрінсе де өзінің масштабы жағынан ең көлемді қауіпті формаға айналды. Оның қоғамдық-саяси салдары мен моральдік проблемаларын адам айтып жеткізе алмайды. Экстремизм мен терроризм әртүрлі көріністе көптеген елдер мен олардың азаматтарының қауіпсіздігіне барған сайын қауіп төндіруде. Ол саяси, экономикалық, моральдік шығындар әкеледі, қалың көпшілікке күшті психологиялық қысым жасайды, жазықсыз адамдарды өмірден қияды.

«Экстремизм мен терроризм және діни экстремизм құбылыстарына қарсы ішкі істер органдарының күресі – діни экстремизм құбылыстарын алдын-алу, ескерту, болдырмау, жолын кесу, осы бағыттағы қылмыстарды ашу мен тергеу және профилактикалық шараларды жүргізуге мақсатты бағытталған, ішкі істер органдарының арнаулы қызмет пен барлық бөлімшелерінің заңды іс-әрекеттері». Діни экстремизм құбылыстарына қарсы күрес – ішкі істер органдарының тікелей құзыретіне жатады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Еламанов Н. "Экстремизм" және "терроризм" ұғымдарының арақатынасы / Н.Еламанов // Заң және заман. - 2012. - № 12.
2. Тулебаева М.К. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы күрес саясатын қалыптастыру ерекшеліктері: автореферат / М. К. Тулебаева, 2009.

3. Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі [Мәтін] : [сөздік] / О. А. Грицаенко, 2008.

*Қалқаманұлы М. – ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының екінші арнайы тобының инспекторы, полиция капитаны*

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Қылмыс - бұл ең алдымен қоғамдық қауіпті әрекет. Қоғамдық қауіп-сыбайлас-жемқорлық қылмысының ажырамас, қажетті белгісі, оның материалды нышаны, ол әлеуметтік маңызын ашады. Бұл ҚР ҚК 10 бабы 4 бөлшегінде ерекше көрсетіледі. ҚР ҚК Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Қылмыс—қылмыстық заңсыз іс-әрекет. Қоғамдық қауіпті іс-әрекет қылмыс болып табылмайды, егер ол жасалған уақытында қылмыстық заңмен қарастырылған болмаса. Құқыққа қарсылық қоғамдық қауіптің заңды белгісі. Ол қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған адамның қылмыстық-құқықтық нормасы бар тыйымды бұзғанын көрсетеді. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс қылмыстық заңды бұзып, көбінесе сол мезетте құқықтың басқа салаларының заңнамалық нормаларын бұзады. Мысалы, лауазымды адамдар лауазымдық құзыреттерімен заңсыз пайдаланып азаматтардың меншікті мүлкімен пайдалану, иелену, билік жүргізу құқығын бекітетін монополияға қарсы заңнаманы, лицензиялау туралы заңды, азаматтық-құқықтық нормаларды бұзады. Мұндайда құқықтың басқа салаларының нормаларын бұзу, одан қалды мораль нормаларын бұзу қоғамдық қауіпті іс-әрекетті қылмыстық деп мойындауға жеткіліксіз. Міндетті түрде бұл іс-әрекет қылмыстық-заңсыз болып табылғаны керек, яғни қылмыстық заңмен қарастырылуы қажет. Қолданыстағы қылмыстық заңнамалықта қоғамдық қауіп және қоғамдық заңсыздық, қылмыс түсініктемесінде қалыптасып, ажырамасыз. Осы екі белгінің болуы мен бірге жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың субъектілері ретінде арнайы субъектілер шығады—жалпы белгілерден басқа (белгілі бір жасқа келу және ақыл-есі дұрыс), оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ерекше қосымша белгілері де болуы тиіс. Сыбайлас-жемқорлықпен байланысты қылмыс субъектілері, Жоғарғы соттың 2001 жылғы 13 желтоқсандағы “Соттардың сыбайлас-жемқорлықпен байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарау практикасы туралы” №18 нормативтік Қаулысына сай мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар ҚР ҚК 3 бабында 27 тармағында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың қатарына кім кіреді екені көрсетілген. Олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты. Сонымен бірге оларға теңестірілген адамдар. ҚР ҚК 3 бабының 28 тармағында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері.

Лауазымды адамдар болып тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар есептеледі.

Лауазымды адамдардың ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары деп – қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқықтары бар адамдар.

Лауазымды адамдардың әкімшілік-шаруашылық функциялары деп – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқықтары бар адамдар.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, практика көрсеткендей, ең көп тараған қылмыс, сондай-ақ басқа қылмыстарды, оның ішінде сыбайлас-жемқорлық қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады. Лауазымды қылмыс сондай-ақ басқа қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады және жиі қабысып жүреді, мысалы:

-тездету және әр түрлі процедураларды, ережелерді айналып өту үшін шенеуніктердің пара алуы, бопсалау, заңсыз тексерістер, бөтен мүлікті тартып алу, мемлекеттік қаражатты және жер учаскелерін заңсыз пайдалану, ақша үшін лицензиялар және басқа рұқсат құжаттар беру;



-мемлекеттік меншікті, ғимаратты, құрылысты, табиғи ресурстарды заңсыз пайдалану, заңсыз жекешелендіру, мемлекеттік қаражатты ұрлау, асыра сілтеулікпен сыйлықтар төлеу, тендер мен мемсатып алған кезде асыра сілтеушілік;

-монополияға қарсы заңнаманы және шынайы бәсекелестікті бұзу, өз мүддесіне кадр сұрақтарын шешу, саяси сыбайлас-жемқорлыққа және ықпал жасаудың сыбайлас-жемқорлық саласын жасауға дейін бару, дауыс берген кезде пайдалы заңдар үшін дауыс сату және сот шешімдерін сату және БАҚ-қа пара беру.

Бұл қылмыстың объектісі басқару тәртібіне, орнықты жұмысқа және мемлекеттік биліктің барлық сала органдарының мемлекеттік қызметінің мүддесіне, оның ішінде заңнама, атқарушы, сот органдарына, сонымен қатар өзін-өзі басқару органдарына қасқойлық болып табылады. Коммерциялық немесе басқа ұйымда лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану қаралып отырған баптың заңдылық ауқымына кірмейді және Қылмыстық кодекстің басқа баптарымен қарастырылғаны жөнінде айта кеткен жөн. Мұндай сыбайлас-жемқорлық қылмыстың объективті жағы 361 баптың 1 бөлімінің диспозициясында көрсетілген: “Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса”.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану мемлекеттік қызметшілердің заңмен бекітілген міндеттерін бұзу және заңдармен, ережелермен, нұсқаулармен және басқалармен реттелетін олардың құзыретіне кірмейтін іс-әрекет орындау болып табылады. Мұндай жағдайда қылмыс себебі пайда табу және өзіне немесе басқа адамдарға және ұйымдарға басымдық алу болып табылады. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану іс-әрекет жасаумен қатар іс-әрекет жасамау болып табылады. Адам іс-әрекетті тек қана өзінің қызметтік жағдайына қарай жасай алатынын атай кеткен жөн. Іс-әрекет жасамады деп лауазымды адамның өз қызметтік міндетін атқармағаны аталады.

Бұл қылмыстың субъектілеріне ҚР ҚК 361 бабының 1-3 бөліміне “Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану” сәйкес мемлекеттік міндеттерді орындауға өкілетті адамдарды немесе соларға теңелген адамдарды, лауазымды адамдарды және жауапты мемлекеттік лауазымға ие адамдарды жатқызады. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктеріне айтарлықтай зиян әкелуі мүмкін, мемлекеттік органдар беделін түсіруі, басқа қылмыс жасауға және оларды жасыруы мүмкін.

Азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін немесе қорғалатын мүдделерді айтарлықтай бұзу оларға айтарлықтай материалдық зиян келтіру болып табылады. Келтірілген материалдық зиян мүліктік, жеке бастық және ұйымдастырулық болуы мүмкін. Мүліктік материалдық зиян ең төмен есеп айырысу мөлшерінде қылмыс жасалған сәтке бірнеше реттік мөлшерде ақшалай белгіленеді. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс нәтижесінде жеке адамға келтірілген зиян—лауазымды адамдардың асыра пайдалануы, мұндайда адамдарға айтарлықтай деп бағаланатын зиян келтіріледі, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл, орта ауыршылықты зиян келтіріледі. Сыбайлас-жемқорлық қылмыс нәтижесінде заңды тұлғаға келтірілген зиян- бұл заңды тұлғаның қызметін тоқтатуы, өнім шығаруын тоқтатуы, ұйымның бірқалыпты жұмысына кедергі болып табылады.

Бұзылған құқықты қорғау үшін билік немесе басқару органына жүгіну сотқа құқық қорғау туралы талаппен жүгінуге кедергі болмайды, егер заңнамалық актімен басқа ештеңе қарастырылмаса. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтық құқықты қорғау сотпен, арбитраждық сотпен немесе төрелік сотпен құқықты мойындау арқылы жүзеге асырылады; құқықты бұзғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оны бұзу қаупін жасайтын іс-әрекеттің жолын алу; міндетті нақты орындауға мәжбүрлеу; шығынды, тұрақсыздық төлемді өтеу; келісімді заңсыз деп мойындау; моральдық зиянның орнын толтыру; құқықтық қарым-қатынасты тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілетті органның немесе атқарушы органның заңнамаға сәйкес емес актісін заңсыз немесе қолдануға жарамсыз деп мойындау; мемлекеттік органның немесе лауазымды адамнан азаматқа немесе заңды тұлғаға құқық сатып алуға немесе жүзеге асыруға кедергі жасағаны үшін айыппұл салу. Құқығы бұзылған адам өзіне келтірілген шығынды толық өтеуін талап ете алады, егер заңнамалық актімен немесе келісім-шартпен басқа ештеңе қарастырылмаса. Шығын деп құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиіс шығыс аталады, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы (нақты зиян), сондай-ақ осы адам құқығы бұзылмаса алатын кіріс (ала алмаған пайда) болып табылады [1;962 б.].

Сыбайлас жемқорлық мәселесін зерттей отырып, сыбайлас жемқорлық мүдделі топтардың экономикалық мүдделерінің көлеңкелі ықпал ету түрі ретінде осы мәселеге қатысты төмендегідей түйін жасауға болады.

Біріншіден, барлығы мойындағандай, сыбайлас жемқорлық – саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені лауазымдық тұлғаның игіліктерді бөлуге құқығы бар жерде, мүдделі тұлғалар тарапынан үнемі әлеуметтік ұқсастық жасау мүмкіндігі болып тұрады. Яғни, игілік деп біз тек қана материалдық ресурстарды меңзеп тұрмаған болармыз, сонымен қатар оған лауазым иесінің түрлі әрекеттерге тыйым салу немесе рұқсат ету тағы басқа құқығы да жатады.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық жоғары деңгейге көтерілуі бұл мәселеге шындап көңіл бөлуді талап етеді. Заманауи жемқорлықпен күресу шаралары тек қана репрессивтік сипатта болмауы қажет, заңнамалардың да жетілдіруіне баса назар аударған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кемали.Е. Актуальные вопросы реализации антикоррупционной политики в Казахстане на современном этапе. //Закон и время. №5. 2008.
2. Сарсембаев М.А. Международно-правовые инструменты в борьбе с коррупцией. //Человек и закон. №4. 2008.
3. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 2009 жылғы 22 сәуірдегі Жарлық.

*Качусова А.А. – аспирант Омской юридической академии*

### **САМОУБИЙСТВО ПО УГОЛОВНЫМ КОДЕКСАМ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ**

Наивысшей социальной ценностью, охраняемой законом, является жизнь человека. В Международном пакте о гражданских и политических правах от 16.12.1966 года указывается на то, что «право на жизнь - неотъемлемое право каждого человека. Это право охраняется законом. Никто не может быть произвольно лишен жизни»[1]. В преамбуле Всеобщей декларации прав человека от 10.12.1948 года говорится о ценности человеческой личности, а в статье 3 - о праве каждого на жизнь, на свободу и на личную неприкосновенность. На первом месте по значимости среди совокупности прав и свобод, которые определяют правовой статус гражданина в Российской Федерации, находится право человека на жизнь.

Государство защищает право человека на жизнь путем создания условий достойного и безопасного существования граждан. Опосредованный результат неспособности государства обеспечить основные социальные потребности человека - самоубийство, т. е. намеренное лишение себя жизни [2]. Это социальное явление в России приобрело масштаб национальной трагедии. По количеству самоубийств она занимает одну из лидирующих позиций в мире - третье место после Шри-Ланки и Казахстана [3; 128].

При обеспечении выполнения задачи по охране защиты права человека на жизнь органы власти и управления Российской Федерации и Республики Казахстан опираются на правовую базу, а именно Уголовный кодекс, который содержит нормы, охраняющие право человека на жизнь. В их число входит доведение до самоубийства. В УК Республики Казахстан [4] статья 105 «Доведение до самоубийства» практически идентична статье 110 УК Российской Федерации [5]. Данное преступление представляет значительную общественную опасность. Оно характеризуется не только тем, что представляет собой посягательство на неотъемлемое право человека - право на жизнь, но и направленностью против гуманистических начал во взаимоотношениях между людьми.

В 2017 году общественности стали известны случаи доведения до самоубийства подростков через Сеть интернет. Правоохранительными органами были выявлены группы, которые склоняли несовершеннолетних к суициду. Им предлагалась некая игра под названием «50 дней до моего самоубийства».

Ежедневно подросток должен был просыпаться в 4.20 утра, чтобы получить конкретное задание. На начальном этапе предлагалось нарисовать животных - китов, потом требовали сфотографировать порезанный палец, чуть позже порезанную руку. Последним заданием была смерть подростка. Он должен был либо выпить таблетки, либо прыгнуть с крыши. Зафиксированы случаи звонков ребенку на мобильный телефон с инструкциями суицида. Способ его ухода из жизни подробно обсуждался в Сети, выставлялся счетчик с оставшимися минутами его жизни.

Для оказания психологического воздействия на несовершеннолетних использовался показ роликов со сценами самоубийств. На сайте размещалась информация в виде цифр, картинок, графики с непонятным смыслом с целью воздействия на подсознание подростков. Администраторы сайтов давали детям советы, каким способом уйти из жизни. Законодатель весьма своевременно отреагировал на соответствующие вызовы [6].

В целях пресечения преступной деятельности, побуждающей к совершению самоубийства, противодействия киберпреступности Федеральным законом от 07.06.2017 №120-ФЗ «О внесении изменений в Уголовный кодекс Российской Федерации и статью 151 Уголовно-процессуального кодекса Российской Федерации» внесены изменения в Уголовный кодекс Российской Федерации, направленные на установление дополнительных механизмов противодействия деятельности, которая побуждает человека к суициду. А именно введены новые статьи 110.1 и 110.2: склонение к совершению самоубийства или содействие совершению самоубийства и организация деятельности, направленной на побуждение к совершению самоубийства. 18 июня 2017 года они вступили в силу.

Установление уголовной ответственности за вышеперечисленные преступления в действующем уголовном законодательстве России обусловлено стремительно развивающейся наукой, техническими средствами, социальными сетями в сети «Интернет»; требованиями международных договоров России такими, как «Всеобщая декларация прав человека» от 01.01.2001 г.; «Конвенция о защите прав человека и основных свобод» от 4 ноября 1950 г.; Международный пакт «О гражданских и политических правах» от 01.01.2001 г. и других.

На сегодняшний день одна из основных причин самоубийства - это сильное негативное влияние на жертву со стороны.

В ряде стран в Уголовном кодексе существует норма, которая предусматривает уголовную ответственность не только за доведение до самоубийства, но и за склонение к самоубийству, предоставлению помощи в совершении самоубийства или содействие в совершении самоубийства. К государствам этой группы принадлежат: Литовская Республика, Республика Болгария, Республика Польша, Киргизская Республика, Республика Беларусь, Республика Аргентина, Нидерланды, Дания, Норвегия, Австрия, Испания, Швейцария, Япония, Турция, Республика Сан-Марино [7;192].

В УК Республики Казахстан дан конкретный перечень уголовно наказуемых способов доведения до самоубийства: угрозы, жестокое обращение, систематическое унижение человеческого достоинства потерпевшего. Объединяет указанные в законе способы то, что они все носят противоправный характер. Все другие способы, если они и привели к самоубийству потерпевшего, не могут влечь ответственности по ст. 105 УК РК. В настоящее время проблема самоубийства особенно остро стоит перед правоохранительными органами, так как появляются все новые способы доведения до самоубийства, так и новые виды преступлений, связанных с самоубийством.

Практика применения статьи 105 УК РК в Республике в связи с вышеизложенным может испытывать весьма значительные затруднения. Ведь склонение к совершению самоубийства или содействие совершению самоубийства не входит в объективную сторону данной статьи. Из этого следует, что такие случаи получают юридическую оценку в соответствии с действующей нормой еще на стадии доследственной проверки, проводимой органами дознания и предварительного следствия, и завершаются вынесением постановлений об отказе в возбуждении уголовного дела ввиду отсутствия в деянии состава преступления.

Статья 110.1 действующего Уголовного кодекса Российской Федерации предусматривает ответственность за склонение к совершению самоубийства путем уговоров, предложений, подкупа, обмана или иным способом при отсутствии признаков доведения до самоубийства; за содействие совершению самоубийства советами, указаниями, предоставлением информации, средств или орудий совершения самоубийства либо устранением препятствий к его совершению или обещанием скрыть средства или орудия совершения самоубийства. Также ч.3 ст. 110.1 дает квалифицированный состав, раскрывает ответственность за деяния, предусмотренные частями 1-2 настоящей статьи, совершенные: в отношении несовершеннолетнего или лица, заведомо для виновного находящегося в беспомощном состоянии либо в материальной или иной зависимости от виновного; в отношении женщины, заведомо для виновного находящейся в состоянии беременности; в отношении двух или более лиц; группой лиц по предварительному сговору или организованной группой; в публичном выступлении, публично демонстрирующемся произведении, средствах массовой информации или информационно-телекоммуникационных сетях (включая сеть «Интернет»).

Из этого мы видим, что современный уголовный закон и Российской Федерации, и Республики Казахстан нуждается в постоянном дополнении и изменении в связи с развитием технологий и коммуникаций.

*Список использованных источников:*

1. Международный пакт о гражданских и политических правах» (Принят 16.12.1966 Резолюцией 2200 (XXI) на 1496 пленарном заседании Генеральной Ассамблеи ООН) / «КонсультантПлюс».
2. Калинин А. Обусловленность уголовной ответственности за доведение до самоубийства // Законность. 2007. №5.
3. А.В. Малько. Право на смертную казнь. М., 2004. С. 128.
4. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 № 226-V.
5. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 г. №63-ФЗ (ред. от 29.07.2017 г.) / ИПС «КонсультантПлюс».
6. Милова И.Е., Милова Е.А. К вопросу о развитии представлений об уголовной ответственности за доведение до самоубийства // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева №3, том 1, 2017.
7. Гусак О.А. Доведение до самоубийства: вопросы совершенствования уголовно-правовой нормы // Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия «Право». 2013. № 1. С. 191-194.

*Климова Я.А. – преподаватель Волгоградской академии МВД России*

#### **УПРОЩЕННЫЕ ФОРМЫ ДОСУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА И ПОЛНОМОЧИЯ ПРОКУРОРА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ УПК РФ И УПК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Современное уголовно-процессуальное законодательство находится в состоянии непрерывного реформирования. Одной из актуальных проблем, находящихся в поле зрения многих процессуалистов, является упрощение форм досудебного производства. Тенденция законодателя к упрощению уголовного процесса вызывает острые дискуссии. Одни авторы оценивают ускорение производства положительно. Так, по мнению О.В. Качаловой отказ от непереносимого соблюдения всех предусмотренных законом процедур и введение новых дифференцированных сокращенных форм производства является общемировой тенденцией, направленной на оптимизацию уголовного судопроизводства [1; 3].

Другие авторы придерживаются прямо противоположного мнения, заключающегося в том, что дифференциация во многом противоречит уголовному процессу и является неоправданным упрощением. Действительно, уголовное судопроизводство характеризуется высоким уровнем формализма процедур и, безусловно, справедливы опасения ученых, что упрощение может негативно сказаться на соблюдении прав и законных интересов участников уголовного судопроизводства. Рассуждая о сокращенных формах производства, А.А. Брестервысказывает беспокойство, что при упрощении процесса может быть утеряна связь с его главным назначением – защитой граждан от произвола. Ведь каждая процедура в уголовном процессе, по его мнению, сбалансирована таким образом, чтобы не допустить произвольных действий [2; 145].

Однако очевидно, что современное уголовно-процессуальное законодательство испытывает острую потребность в оптимизации. Это связано с необходимостью совершенствования уголовного судопроизводства в целом и повышения эффективности деятельности отдельных участников. При этом особое внимание следует уделить тщательному законодательному урегулированию полномочий прокурора. Поскольку именно прокурор должен осуществлять тщательный надзор и отличаться большой требовательностью к качественному оформлению материалов рассматриваемых уголовных дел с целью своевременного выявления и устранения возможных нарушений прав и законных интересов участников уголовного судопроизводства.

Полагаем целесообразным в контексте проблематики данной статьи провести сравнительный анализ законодательного закрепления форм упрощенного судопроизводства и полномочий прокуроров УПК РК [3] и УПК РФ [4].

Так, законодатель в ст. 190 УПК РК закрепил процедуру новой сокращенной формы производства по делу, получившей название ускоренного досудебного расследования. После окончания ускоренного досудебного расследования прокурор производит по нему одно из следующих действий: 1) утверждает обвинительный акт и направляет уголовное дело в суд; 2) направляет дело для производства дознания или предварительного следствия; 3) выносит постановление о прекращении досудебного расследования (уголовного преследования) в отношении отдельных подозреваемых.

Новеллой законодателя является закрепление в законе производства по делам об уголовном проступке (ст. 528 УПК РК). При этом прокурор был наделен значительными полномочиями. Однако принятие Закона РК от 21 декабря 2017 г. № 118-VI упразднило надзорные полномочия прокурора в этой сфере. Теперь принятие решения об утверждении протокола об уголовном проступке и направлении уголовного дела в суд, отказе в утверждении протокола и прекращении уголовного дела, возврате уголовного дела для производства дознания либо предварительного следствия, прекращении уголовного дела в отношении отдельных подозреваемых отнесены к компетенции начальника органа дознания, что, на наш взгляд, в целом отрицательно скажется на эффективности прокурорского надзора.

В УПК РФ также закреплены упрощенные формы досудебного производства. Наибольшее количество дискуссий в среде ученых-процессуалистов вызывало введение в 2013 г. института сокращенного дознания (глава 32.1 УПК РФ), где прокурор имеет достаточно широкий спектр полномочий (ст. 226.8 УПК РФ). Так, при поступлении уголовного дела с обвинительным постановлением, прокурор уполномочен утвердить обвинительное постановление и направить уголовное дело в суд. При этом законодатель наделил прокурора правом вынести постановление, в котором он управомочен исключить из обвинительного постановления отдельные пункты обвинения или самостоятельно переквалифицировать обвинение на менее тяжкое. Помимо прочего прокурор может вернуть уголовное дело для пересоставления обвинительного постановления, направить уголовное дело для производства дознания в общем порядке или прекратить уголовное дело.

Дегенмен, 1918 ж «Кәмелетке толмағандарға арналған комиссия туралы» Декретінде Ресейдің әділеттігіне кәмелетке толмағандарға қатысты маңызды өзгерістер енгізді. Осылайша, кәмелетке толмағандарға арналған сот және қамауға алу алынып тасталынды. Он жеті жасқа дейінгі жасөспірімдердің қылмыстары туралы істер кәмелетке толмағандарды қарайтын комиссияға жүктелді. Одан басқа, сол сәтте бір соттардың қаралуында болған және айыпталумен аяқталған осы топтағы тұлғалардың істері, аталған комиссияларының қайта қаралуына жатқызылатын. Сол жылдарға кәмелетке толмағандарға құрылған комиссияның мекемелік тиістігі ерекше еді, олар тек қоғамдық жаңашырлық Халық комиссариатының жүргізілуінде болып, келесі мекемелердің өкілдерінен тұратын: қоғамдық жаңашырлық, халықтық ағарту және әділет. Комиссияның бір мүшесі міндетті түрде дәрігер болуы тиіс еді. Заңгерлердің комиссияларға қатысуы барынша азайтылды. Кәмелетке толмағанның ісін қарастыру нәтижелері бойынша комиссия оны немесе бостандыққа жіберетін, немесе жасаған әрекет сипатына сай, қоғамдық жаңашырлық Халықтық Комиссариатының бір қамқорлық орнына жолдайтын.

Осылайша, аталған Декрет дербес ресей ювеналды әділеттің әрекет етуін тоқтатып, оны басқа жүйемен алмастырды, және оны қарыстырушылар пікірінше, аса ізгілікті және балалар мен жасөспірімдерге қатысты аса қолайлы болып есептелінді.

1920 жылы 30 шілдесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдерге арналған комиссияның жұмыстары жөніндегі Нұсқаулық жарияланды, онда олардың әрекетінің медициналық-психологиялық және педагогикалық бағыттылығын анықтап, жасөспірімдерге қатысты қылмыстық саясаттың жалпы бағдарын бейнеледі. Дегенмен, аталған нұсқаулық кәмелетке толмағанды «ісімен бірге» халық төрешісіне тапсыруды да ескертетін, бұл басқаша түрде жүзеге асырылатын:

- Егер кәмелетке толмағанға медициналық-психологиялық тәрбие шараларының қолдануы жеткіліксіз деп танылса;
- Басылмайтын рецидив;
- Балалар үйінен жүйелі түрде қашу;
- Айналасындағыларға қауіп төндірмеу үшін кәмелетке толмағанды бостандықта қалдырмау жағдайында.

Нұсқаулықтың 10 бабының мазмұны да аса оғаш көрінуі мүмкін, себебі оған сай он төрт жастан асқан кәмелетке толмағандардың ауыр қылмыстары туралы істері жасөспірімді ұстау сәтінен бастап 24 сағат ішінде кәмелетке толмағандарға арналған комиссиясының мүшесі болып табылатын халық төрешісіне келтірілетін. Төреші үш тәулік ішінде істің нақты жасалуына қатысты қажетті тергеу әрекеттерін, кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысты қызметін анықтап /егер ересектермен сыбайласып жасалған жағдайда/ комиссияға тергеу нәтижелері туралы баяндама ұсыну тиіс еді. Нұсқаулық бойынша, соңғы шешім төрешіге емес, кәмелетке толмағандардың комиссиясына ұсынылатын.

Нұсқаулықта тағы бір ереже қамтылатын: он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, қоғамдық қауіпті сипаты жоқ әрекеттерді жасағаны үшін ұсталғандар, олардың істері талқылану үшін кәмелетке толмағандарға арналған комиссияларға жолданбайтын. Соңғылар тек жасөспірімдер түсетін қабылдау және үлестіру орындарының әкімшіліктерінің қаулыларын бекітетін. Бұл бекітулер тек ықпал етудің тағайындалған шараларына ғана қатысты еді. Комиссия бекіткен соң әкімшілік қаулылары күшіне енетін.

Кәмелетке толмағандарға арналған комиссиялардың мәжілістері көпшілік алдында жүргізілетін.

Кәмелетке толмағандарға арналған комиссиялар жасөспірімнің тіршілік ету жағдайлары мен тұлғасын зерттеу бойынша әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыруға қатысты төңкеріс алдындағы Ресейдің сот жұмыстарының тәжірибесін есепке алатын. Ал комиссиялардағы істерді талқылау шараларына келсек, ол, кәмелетке толмағандарға арналған соттармен салыстырғанда, құқытық нормалармен жеткіліксіз деңгейде реттелген болатын. Заң мамандарының қатысуынсыз мәжілістер өткізу және кәмелетке толмағандардың тағдырын шешу туралы шешім қабылдау комиссия әрекетінің заңнамалық деңгейін, сонымен қатар, балалардың қорғалуын төмендетті.

Ертедегі кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы сот өндірісі және сот құрылымы мәселелерін зерттейтін актілердің бірі болып, 10.07.1919 жылғы «Қырғыз өлкесін басқару бойынша революциялық комитет туралы» СНК РСФСР Декреті аталды. 04.03.1920 ж СНК РСФСР қаулысымен «Кәмелетке толмағандарды жазалау туралы» Декреті бекітілді. «Кәмелетке толмағандарға арналған комиссиялар» декретімен салыстырғанда, аталған құқықтық акт он төрт жастан бастап он сегізге дейінгі кәмелетке толмағандардың істерін халықтық сотқа тапсыруды ескертті, егер комиссия оларға медициналық-педагогикалық шаралардың қолдану мүмкінсіздігін бекіткен жағдайда. Әділеттің халық комиссариатына кәмелетке толмағандарды ересек қылмыскерлерден бөлек ұстап, жасөспірімдерге ерекше мекемелер құру туралы тапсырмалар берілетін. Тәрбиелік шара мақсатында кәмелетке толмағандарды реформаторийларға орналастыру мүмкін еді. Алдын ала және сот тергеуін де төреші жүргізетін. Дегенмен, 04.03.1920 ж. Декреттің қабылдануымен дербес ювеналды әділеттің қалпына келуі орын алды деп бекіту мүмкінсіз. Керісінше, онда 1935 жылға дейін әрекет еткен кәмелетке толмағандарға арналған комиссиясының құзыреттілігін сақтады. Кәмелетке толмаған тек аса ауыр қылмыс жасаған кезде ғана соттың кірісуге құқы бар еді. Бұл істер 1935 жылға дейін әрекет еткен төрешілердің арнайы құрамы әрекет еткен жалпы халық соттарының құзыреттілігіне берілді.

Мемлекетте азаматтық соғыс аяқталған соң кеңес заңнамасын кодтау және кеңес құқығының негізгі салалары бойынша кодекстер құру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Осы кезеңде 25.05.1922 ж. ВЦИКтың 3-ші сессиясының Қаулысымен алғаш кеңес УПК туындады. Бұл, өз кезегінде, әрекетке 01.07.1922 ж енген алғаш РСФСР Қылмыстық-процессуалдық кодексі / оның әрекеті дербес республика ретінде РСФСР құрамына енгізілген Қазақстан аумағына да таратылатын/.

1922 ж РСФСР Қылмыстық-процессуалдық кодексі кәмелетке толмағандардың қылмыстары бойынша істерін қарастырудың сот тәртібін олардың кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссияларда қараумен қатар жүргізетін. Сот міндеттеріне айыпталушының жасын анықтау жатқызылатын: тиісті құжаттардың жоқтығында ол медициналық куәландыру арқылы жүргізілетін. Кәмелетке толмағандарға сот мәжілісі залында қатысуға тыйым салынатын. Дегенмен де, сол уақытта кәмелетке толмағандарға арналған комиссиялардың аталған дәрежедегі істерді қарауда басымдылығы аса берік еді. Бұған 1922 жылғы УПК РСФСР 40 бабы куә еді: «Істе бірнеше айыпталушы бар жағдайында, және оның біреуі немесе бірнешесі /он алты жасқа толмаған жағдайда/, соңғыларға қатысты істер ажыратылып, кәмелетке толмаған істерін қарайтын комиссияға тапсырылуы тиіс».

РСФСР ҚПК 1923 жылғы редакциясында он төрт жастан он алтыға дейінгі кәмелетке толмағандардың істерін соттық тәртіпте кәмелетке толмағандардың істерін қарайтын комиссиясының қаулысымен қарастыруды

ескертті. Одан басқа, кәмелетке толмағандардың ісін қорғаушысыз қарастыру мүмкінсіз екендігі туралы ереже тұжырымдалды.

Кейінгі нормативтік материалды талдау /негізінде бұл 30-40 жж заңға қарасты актілер болатын/ кәмелетке толмағандарға қатысты әділеттікті жазалау қайта бағытталуын анық беталысын көрсетті, және объективті тұрғыдан негізсіз болса да, қылмыскерлік ерекше өзгерістерге ұшырамады. Осылайша, 07.04.1935 ж. ЦИК және СНК КСРО «кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыскерлікпен күресу шаралары туралы» қаулысымен РСФСР ҚПК кәмелетке толмағандардың істерін бөлек өндіріске ажырату және оларды кәмелетке толмағандардың істерін қарайтын комиссияларға жолдау туралы 38 бабы алынып тасталынды. 20.06.1935 жылы КСРО ЦК ВКП және СНК кәмелетке толмағандардың және олардың ата-аналарының жауапкершілігін жоғарылату мақсатында комиссиялардың өздері де жойылды.

Аталған актілер өз күшін 1958-1961 жж КСРО және одақтас республикалардың жаңа қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы қабылдауда жойды. Сонымен қатар, олардың атынан жүргізілетін көптеген бұйрықтар, нұсқаулықтар, заңды мекемелердің директивті хаттар әрекет етуін тоқтатты. 1958-1961 жж реформадан кейін Қазақстанның қылмыстық-процессуалдық заңнамасы кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істерін тергеу және сот талқыламасы нормативті негіз болып табылған нормаларды енгізді.

Осылайша, КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық сот өндірісі негіздері кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер бойынша сот алдыңғы өндірісте келесі ерекшеліктерді қамтыды:

1. Қылмыстық істі тоқтатудың ерекше негізі- іс материалдарын кәмелетке толмағандардың істерін қарау комиссиясына ұсыну.

2. Қорғаушының кәмелетке толмағандардың ісі бойынша алдын ала тергеу және тергеу ісіндегі өндіріске міндетті түрде қатысуы.

Қазақ КСР қылмыстық-процессуалдық кодексі 1960 /әріқарай Қазақ КСР ҚПК/ алғаш қазақстандық заңнама тарихында кәмелетке толмағандардың қылмыстарына қатысты істер бойынша өндірісіне арналған арнайы тарауды бөлектеді. [3] Одан басқа, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер өндірісіне қатысты нормалар, Қазақ КСР ҚПК басқа да баптарында қамтылған болатын. Осыған байланысты кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер бойынша сот алдыңғы өндірістің негізгі ерекшеліктерін қарастырайық:

1. Қоғамдық ықпал шараларын қолдану үшін қылмыстық істі қозғамас бұрын материал жолдау- орасан қоғамдық қауіп төндірмейтін қылмыс белгілерін қамтыған тұлғаның әрекет ету жағдайында, яғни оның жасалуы анық, ал оны жасаған тұлға қоғамдық ықпал ету шараларымен түзелуі мүмкін, сот, прокурор, және тергеуші мен тергеу ісінің органы, прокурор келісімімен, қылмыстық істі қозғамай, материалды жолдастық соттың немесе кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссиясының қарауына ұсыну, немесе тұлғаны қайта тәрбиелеу және түзету үшін ұжымына немесе қоғамдық ұйымға тапсыру. [4]

2. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың барлық істері бойынша алдын-ала тергеу ісінің міндеттелген өндірісі. 1978 ж. дейін аталған істер дәрежесі бойынша алдын-ала тергеу тек прокуратура тергеушілерімен іске асырылатын. [5]

3. Егер кәмелетке толмаған жасөспірім ересектермен бірлесіп қылмыс жасаған жағдайда, алдын ала тергеу сатысында істі жеке өндіріспен жүргізу мүмкіндігі.

4. Кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстық істерді қарауда қорғаушының міндетті түрде қатысуы. Және мұнда қорғаушы айыпты тағу сәтінен бастап істің жүргізілуіне қатыстырылатын.

5. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша дәлелдеу затын кеңінен реттеу: кәмелетке толмағанның жасын анықтау /туылған күні, айы, жылы/, тіршілік ету және тәрбиелену шарттары, қылмыс жасауға септігін тигізген себеп-шарттар, ересек араңдатушылардың және басқа да сыбайластардың нақтылығы.

6. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына тыйым салу шараларын қолдану ерекшеліктері:

- Тыйым салудың ерекше шарасының нақтылығы- ата-ана, қамқоршы, қорғаушы немесе жабық балалар мекемелерінің әкімшілігіне тапсыру;

- Кәмелетке толмағанға тыйым салу ретінде ұстау және қамауға алу шаралары тек ерекше жағдайда, немесе жасаған қылмысының ауырлығында, Кодексте көрсетілген негіздер нақтылығында қолданады.

7. Оқытушының он алты жасқа толмаған /және егер де он алты жастан асқан, бірақ ақыл-есі дұрыс емес жасөспірім / айыпталушыны тергеу шараларына қатысу мүмкіндігі

8. Айыпталушының, күдіктінің жасын іске маңызды болған жағдайда, құжаттары жоқтығында анықтау сараптамасын міндетті түрде жүргізу.

9. Кәмелетке толмаған айыпталушыны іс материалдарымен таныстыруда заңды өкілін қатыстыру

13.12.1997 жылы күшіне 01.01.1998 жылы енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі қабылданды. ҚР ҚПК «Кәмелетке толмағандардың қылмыстарының істері бойынша өндіріс» 52 тармағында берілген, ол «Қылмыстық істердің жеке санаттары бойынша өндіріс ерекшеліктері» 11 тарауында көрсетілген. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер өндірісі бойынша нормалар ҚР ККП басқа да баптарында ұсынылған /мысалы, 29,57,77,79,117,147,155,158,176,190,190-1,215-222-273-287-290-1,295 баптары/. [6]

04.07.2014 жылы күшіне 01.01.2015 жылы енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексі қабылданды. ҚР ҚПК «Кәмелетке толмағандардың қылмыстарының істері бойынша өндіріс» 52 тармағында берілген, ол «Қылмыстық істердің жеке санаттары бойынша өндіріс ерекшеліктері» 11 тарауында көрсетілген. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер өндірісі бойынша нормалар ҚР ККП басқа да баптарында ұсынылған /мысалы, 14, 29, 75, 76, 110, 113,131,133,144,145,154,157,165,169,189,220,294,307,315,371,406,415,416,470 баптары/[7]

*Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:*

1. Шрамченко М., Широ В. Устав уголовного судопроизводства. С позднейшими узаконениями, законодательными мотивами, разъяснениями Правительствующего Сената и циркулярами Министра Юстиции. - 2-е изд., пересмотр, и доп. - СПб: Издание юридического книжного магазина Н.К. Мартынова, 1902.-1196 с. С. 560.
2. Люблинский П.И. Борьба с преступностью в детском и юношеском возрасте. Социально-правовые очерки. - М., 1923. -301 с. С. 32; Гернет М.Н. Избранные произведения. - М.: Юридическая литература, 1974. - 639 с. С. 603-604.
3. Раздел 12 введен указом от 8 мая 1987 г. (ведомости верховного совета Казахской ССР, 1987 г., № 20, ст. 251).
4. Введена указом от 30 сентября 1983 г. (ведомости верховного совета Казахской ССР, 1983 г., № 41, ст. 434).
5. Введена указом от 30 августа 1965 г. (ведомости верховного совта и правительства Казахской ССР, 1965 г., № 37); с изменениями, внесенными указами от 28 марта 1977 г. и от 28 марта 1983 г. (ведомости верховного совета Казахской ССР, 1977 г., № 14; 1983 г., № 15, ст. 155).
6. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 13 декабря 1997 года №206
7. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.01.2018 г.)

*Шагланова А. Н. – к.ю.н., доцент Омской юридической академии*

### **ОТГРАНИЧЕНИЕ РАЗВРАТНЫХ ДЕЙСТВИЙ ОТ СМЕЖНЫХ СОСТАВОВ**

Для точной квалификации деяния необходимо последовательно отграничить его признаки от признаков иных преступлений. Правильное отграничение от смежных и конкурирующих составов имеет крайне важное значение, так как позволяет точно определить место рассматриваемого деяния в сфере половых преступлений.

Развратные действия следует отграничивать от преступлений, предусмотренных ст. ст. 131, 132, 133, 134, 156 УК РФ.

Отграничение развратных действий от изнасилования (ст. 131 УК РФ).

Развратные действия отличаются от изнасилования, прежде всего, тем, что в их объективную сторону не входит половое сношение, совершенное с применением насилия или угрозой его применения. Развратные действия, как известно, относятся к ненасильственным половым преступлениям. Поэтому данные составы не имеют между собой ни одного общего признака (за исключением вменяемости и возраста). Но определенные трудности может вызвать отграничение развратных действий от покушения на изнасилование лица, не достигшего 16 лет. Несмотря на различия в составах данных преступлений, некоторые действия при совершении развратных действий и при покушении на изнасилование могут показаться внешне похожими, например, обнажение тела потерпевшей, ошупывание и т. д. В таком случае руководствоваться необходимо, прежде всего, содержанием и направленностью умысла виновного. При покушении на изнасилование преступник желает совершить половое сношение с потерпевшей и его умыслом охватывается совершение таких действий, которые обеспечивают возможность полового акта против воли потерпевшей. При совершении развратных действий виновный намерен удовлетворить свою половую страсть или добиться полового возбуждения иными способами, помимо полового сношения [1;219]. Следовательно, умысел виновного не направлен на совершение полового акта.

При недоказанности умысла на совершение более тяжкого преступления ответственность должна наступать за действия, образующие состав самостоятельного менее тяжкого преступления, в данном случае за развратные действия.

Так, Н. неоднократно в своей квартире в ночное время совершал со своей дочерью, не достигшей 14-летнего возраста, развратные действия, а именно: прикасался руками и половым членом к ее половым органам, гладил ее тело, грудь, мастурбировал при этом. Это происходило не менее одного — двух раз в неделю. Также Н. вменялось совершение изнасилования дочери, что не удалось доказать в суде. В результате он был осужден по ст. 135 УК РФ [2].

Развратные действия могут предшествовать изнасилованию либо насильственным действиям сексуального характера. Если такие действия совершались с определенным разрывом во времени и по самостоятельно возникшему умыслу, они подлежат квалификации по совокупности преступлений, предусмотренных ст. 135 и, соответственно, ст. 131 или ст. 132 УК РФ [3;335].

Так, Санкт-Петербургским городским судом И. осужден за совершение развратных действий и изнасилование лица, заведомо не достигшего 14-летнего возраста. Судом установлено, что И. неоднократно совершал развратные действия в отношении своей падчерицы: просовывал руки под одежду девочки, снимал с нее трусы, гладил грудь и половые органы, вводил во влагалище палец руки. 6 октября 1999 г. он пришел домой около 3 часов ночи в нетрезвом состоянии. Падчерица находилась дома одна. И. лег к падчерице на диван и, преодолевая ее сопротивление, удерживая девочку за руки, совершил с ней насильственное половое сношение [4].

Если же развратные действия непосредственно предшествуют акту изнасилования и являются приговорением к этому преступлению, они охватываются объективной стороной изнасилования и дополнительной квалификации по ст. 135 УК РФ не требуют.

Необходимо квалифицировать и действия лиц, одновременно совершивших изнасилование и развратные действия в отношении нескольких потерпевших. Например, попытку совершить половой акт с 7-летней в присутствии других малолетних детей. Подобные действия следует расценить как покушение на изнасилование несовершеннолетней и развратные действия по отношению к присутствовавшим там же детям. Следовательно, в основу отграничения должен быть положен умысел виновного и содержание преступного деяния.

Отграничение развратных действий от насильственных действий сексуального характера (ст. 132 УК РФ).

Также тесно граничат развратные действия и с преступлениями, предусмотренными ст. 132 УК РФ. Большинство объективных и субъективных признаков данного состава практически идентично признакам состава изнасилования, поэтому нужно учитывать этот факт при отграничении развратных действий и насильственных действий сексуального характера. Следовательно, данные составы также имеют между собой малое число общих признаков.

Затруднения на практике может вызвать отграничение покушения на совершение насильственных действий сексуального характера и развратных действий, здесь также необходимо проводить разделение по направленности умысла преступника. Однако правоприменительная практика ввиду чрезмерно широкой трактовки понятия развратных действий и отсутствия четких критериев их разграничения с иными действиями сексуального характера нередко допускает ошибки в квалификации этих преступлений.

По нашему мнению, проблема в подобных случаях состоит именно в некотором сходстве признаков объективной стороны обоих преступлений. Это же касается и признаков объективной стороны преступления, предусмотренного ст. 134 УК РФ. Расплывчатость термина «иные действия сексуального характера» порождает множество трактовок, порой противоречащих друг другу. С точки зрения Н. В. Тыдыковой, на современном этапе развития сексологии признается равенство всех видов сексуальных действий, одинаковость их характера, значения в половой жизни человека. Их нельзя делить, исходя из собственной субъективной оценки, что имеет место в действующем Уголовном кодексе, в котором законодательно закреплено деление на нормативный гетеросексуальный акт и остальное [5;16].

Рассматривая термин «иные действия сексуального характера», Э. Ф. Побегайло указал, что это «разнообразные формы удовлетворения половой страсти между мужчиной и женщиной или между мужчинами, кроме естественного полового акта и мужеложства. Например, это анальный секс (“coitus per anum”) между мужчиной и женщиной, оральный секс (“coitus per os”) между мужчиной и женщиной, между мужчинами и т. п. К иным действиям сексуального характера следует отнести и такие имитации полового акта, как нарвасадата (суррогатная форма полового сношения путем введения полового члена между молочными железами женщины) и викхарита (такая же форма путем введения полового члена между сжатыми бедрами женщины)» [6;304]. В то же время на практике встречаются ситуации, когда иные действия сексуального характера, по сути, приравниваются к развратным и квалифицируются по ст. 135 УК РФ. Например, правоприменитель часто принимает за развратные действия такие формы имитации полового акта, как викхарита либо проникновение рукой во влагалище или анальное отверстие потерпевшего.

Полагаем, что любое «проникновение» в тело потерпевшего следует относить к иным действиям сексуального характера, а не к развратным действиям. При этом под сексуальным проникновением надо понимать введение в естественные полости другого человека а) полового органа, б) пальцев, в) иных предметов, если в последнем случае это совершено для имитации сексуального действия [7;59].

Согласно примечанию к ст. 131 УК РФ, развратные действия совершенные в отношении лица, не достигшего возраста 12 лет, должны квалифицироваться по ст. 132 УК РФ. Подобная позиция представляется нам неверной. Закон фактически закрепляет аналогию, когда действия, предусмотренные диспозицией ст. 135 УК РФ, квалифицируются по ст. 132 УК РФ. Стирается грань между развратными действиями и иными действиями сексуального характера, основанием квалификации выступает не объективная сторона, а свойство потерпевшего (беспомощное состояние). Чтобы отграничить составы преступлений, указанных в ст. 132 и ст. 135 УК РФ, необходимо предусмотреть в ст. 135 УК РФ квалифицирующий признак — совершение развратных действий в отношении лица, не достигшего 12-летнего возраста.

Отграничение развратных действий от понуждения к действиям сексуального характера (ст. 133 УК РФ).

В системе половых преступлений понуждение к действиям сексуального характера занимает место наименее опасного насильственного посягательства. Это обусловлено исключительно психическими способами воздействия на потерпевшего, а также тем, что конструкция состава оставляет за его рамками реальные действия сексуального характера. Достаточно интересно проанализировать ситуацию, в которой возможно совершение преступлений, названных в ст. ст. 133 и 135 УК РФ. Поскольку конструкция состава преступления, указанного в ст. 135 УК РФ, не предусматривает ответственности за совершение развратных действий с применением насилия или угроз к потерпевшему, то вполне логичным было бы квалифицировать подобные действия по совокупности со ст. 133 УК РФ. Тем более что на практике вполне возможно принуждение несовершеннолетних к совершению развратных действий посредством использования материальной или иной зависимости потерпевшего от преступника, которым часто является один из родителей, отчим или близкий родственник (например, угроза выгнать из дома или лишить несовершеннолетнего средств к существованию вполне реальна). Однако, в силу того, что объективная сторона ст. 133 УК РФ предусматривает наряду с половым сношением, мужеложством и лесбиянством только иные действия сексуального характера, к которым развратные действия не относятся, квалифицировать деяние по совокупности этих составов нельзя. В данном случае невозможна идеальная совокупность, но реальная совокупность возможна. Она возможна и в отношении других лиц, если покушение переросло в половое сношение, совершенное в присутствии несовершеннолетних.

Отграничение развратных действий от полового сношения и иных действий сексуального характера с лицом, не достигшим 16-летнего возраста (ст. 134 УК РФ).

В судебно-следственной практике нередки случаи, когда приходится давать уголовно-правовую оценку таким ситуациям, когда половое сношение или действия сексуального характера с лицом, не достигшим 16-летнего возраста, совершаются в присутствии малолетних или несовершеннолетних. Надо полагать, что существующее в юридической литературе понятие состава развратных действий позволяет квалифицировать эти случаи по совокупности ст. ст. 134 и 135 УК РФ. В данном случае квалификация по совокупности возможна

только в случае идеальной совокупности преступлений: при наличии преступления, предусмотренного ст. 135 УК РФ, а затем (или одновременно) совершения полового акта или действий сексуального характера (потерпевшими могут быть как разные лица, так и одно лицо). Эту точку зрения разделяет и В. Г. Романов, предлагая квалифицировать сексуальный контакт без признаков насилия с лицом, не достигшим 16 лет, совершенного в присутствии других малолетних лиц по совокупности преступлений, предусмотренных ст. ст. 134, 135 УК РФ [8;28].

Так, М. совершил в отношении несовершеннолетнего И. действия сексуального характера и развратные действия в отношении несовершеннолетнего П. С целью совершить с И. акт мужеложства, М. завел его в строящееся здание, заставил снять одежду и принудил взять в рот свой половой орган. Затем они пошли к стадиону, где встретили П. Там, в кустах, М. вновь совершил в отношении И. действия сексуального характера, уже в присутствии П., после чего предложил П. сделать с И. то же самое [9].

Отграничение развратных действий от неисполнения обязанностей по воспитанию несовершеннолетнего (ст. 156 УК РФ).

Поскольку закон не предусматривает в рамках ст. 135 УК РФ специального субъекта — родителя, педагога либо иного лица, на которого законом возложены обязанности по воспитанию несовершеннолетнего, то вполне логичным было бы квалифицировать ситуации, когда развратные действия совершаются вышеперечисленными лицами, по совокупности ст. ст. 135 и 156 УК РФ. Как показывает судебная практика, значительное количество подобных преступлений совершается именно лицами, обязанными по закону заботиться об интересах несовершеннолетнего. Возможно ли приравнивать развратные действия к жестокому обращению с несовершеннолетними? Согласно ч. 1 ст. 65 Семейного кодекса Российской Федерации, родители при осуществлении родительских прав не вправе причинять вред физическому и психическому здоровью детей, их нравственному развитию. Поскольку развратные действия посягают не только на половую неприкосновенность, но и на нормальное половое развитие лиц, не достигших 16-летнего возраста, очевидно, что родители, совершающие преступление, предусмотренное ст. 135 УК РФ, весьма грубо нарушают интересы несовершеннолетних и не выполняют своих обязанностей по их воспитанию.

Данное деяние может стать основанием для лишения лица, совершившего развратные действия, родительских прав. Лицо, совершившее подобного рода преступление, не может быть обладателем родительских прав и обязанностей, защищать права своих детей, представлять их интересы [10;125].

Это подтверждается и разъяснением Пленума Верховного Суда РФ от 27 мая 1998 г. № 10 «О применении судами законодательства при разрешении споров, связанных с воспитанием детей», согласно которому жестокое обращение с детьми может проявляться не только в осуществлении родителями физического или психического насилия над ними, но и в покушении на их половую неприкосновенность. Поскольку в диспозиции ст. 135 УК РФ отсутствует квалифицирующий признак, позволяющий усиливать ответственность родителей или иных лиц, обязанных осуществлять надзор за несовершеннолетними, полагаем, что квалифицировать подобные случаи необходимо по совокупности ст. ст. 135 и 156 УК РФ.

Обобщая вышесказанное, можно отметить следующее.

1. Критерием, позволяющим отграничить развратные действия от составов преступлений, предусмотренных ст. ст. 131, 132, 133 и 134 УК РФ, следует признавать объективную сторону данных деяний и направленность умысла виновного.

2. В случае полового сношения или иных действий сексуального характера с лицом, не достигшим 16 лет, произведенных в присутствии других малолетних лиц, нужно квалифицировать содеянное по совокупности преступлений, предусмотренных ст. ст. 134, 135 УК РФ.

3. В силу отсутствия в ст. 135 УК РФ квалифицирующего признака, позволяющего усиливать ответственность родителей и иных лиц, обязанных осуществлять надзор за несовершеннолетними, необходимо квалифицировать подобные случаи по совокупности ст. ст. 135 и 156 УК РФ.

*Список использованных источников:*

1. Игнатов А. Н. Квалификация половых преступлений. М. : Юрид. лит., 1974. С. 219.
2. Архив Октябрьского районного суда г. Омск за 1997 г. Дело № 1-827/97.
3. Цэнгэл С. Д. К вопросу о критериях отграничения развратных действий от иных преступлений против половой неприкосновенности и половой свободы личности // Уголовное право: стратегия развития в XXI веке : мат-лы 4-й междунар. науч.-практ. конф. М. : ТК Велби : Проспект, 2007. С. 335.
4. Архив Санкт-Петербургского городского суда за 2000 г. Дело № 2-233/2000.
5. Тыдыкова Н. В. Насильственные половые преступления: обоснованность криминализации и квалификация по объективным признакам : автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Тюмень, 2008. С. 16.
6. Комментарий к Уголовному кодексу Российской Федерации / под ред. Н. Ф. Кузнецовой. М. : Зерцало, 1998. С. 304.
7. Кибальник А. Судебные подходы к квалификации сексуальных преступлений // Уголовное право. 2014. N 5. С. 58 – 60.
8. Борисова О. Вопросы квалификации понуждения к действиям сексуального характера // Уголовное право. 2014. N 5. С. 27 - 29.
9. Архив Октябрьского районного суда г. Омска за 2002 г. Дело № 1-46/2002.
10. Левушкин А. Н. Основания лишения родительских прав: вопросы теории и практики // Известия Пензенского педагогического университета им. Белинского. 2011. № 24. С. 125.



## СОТҚА ДЕЙІНГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ӨНДІРІСТІ ЖЕТІЛДІРУ КЕЛЕШЕГІ

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына (бұдан әрі - Тұжырымдама) сәйкес Қылмыстық және Қылмыстық-процестік заңнамасы сот өндірісінің оңтайланған моделін құру мақсатында қайта қаралды. Тұжырымдама қылмыстық сот өндірісіндегі адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі қағидаларын біртіндеп дамытуға бағытталған жаңа институттарды енгізу қарастырылған.

2014 жылдың шілде айында қабылданып, кейін 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстер және олардың екі жылдан астам әрекет ету тәжірибесі, басталған реформалардың дұрыстығын растады.

Қылмыстық істер бойынша өндірістің жаңа тәртібі негізсіз айыптау мен соттаудан, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды мүлтіксіз қамтамасыз етуге, айыпсыз азаматты заңсыз айыптаған немесе соттаған жағдайда – тез арада және толық түрде оның құқықтарын қалпына келтіруге, сонымен қатар заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстың алдын алу, құқыққа деген құрмет, қылмыстық процестегі айыптау және қорғау тараптарының жарыспалылығы қағидасын дамытуға бағытталған.

Алайда, бұған қарамастан 2016 жылы Қылмыстық әділеттіліктегі құқықтың үстемдігі индексі бойынша Қазақстанның рейтингісі 15 позицияға нашарлаған (2014 – 61, 2015 – 58, 2016 – 73)[1].

Ілгеріліктің болмауы келесідей индикаторлар бойынша байқалған: тергеудің тиімділігі, шешімдердің уақытында қабылдануы, парақорлықтың болмауы, айыпталушының құқықтары мен бостандықтарын сақтау.

Халықаралық заңнаманың, шет елдік сарапшылардың ұсыныстары мен әрекет етуші тәжірибенің зерттеуі көрсеткендей, қылмыстық әділеттіліктегі құқықтың үстемдігі индексі бойынша Қазақстанның рейтингін көтеру мақсатында қылмыстық процесті жетілдіру бойынша қосымша шаралар жүргізіп, негізгі бес бағыт бойынша жұмыстану керек.

Бірінші. Қылмыстық процестегі адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау деңгейін көтеру.

Күзетпен ұстау, ең қатал бұлтартпау шарасы ретінде ерекше сипатқа ие болып, басқа бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде қолданылуы керек. Жасалған қылмыстың қоғамға тигізген жоғарғы қауіптілігіне шамаластығы басты фактор болуы тиіс. Қол сұғу объектісі ретінде экономикалық қызмет саласы болып табылатын қылмыстар бойынша күзетпен ұстауды қолдану орынсыз деп табамыз. Бұл шектеу қылмыстық топтармен және қылмыстық қауымдастықтармен жасалатын қылмыстарға және басқа да ерекше жағдайларға таралмауы тиіс. Азаматтың одан әрі күзетте болуының мерзімдері мен негізділігі де соттың қатаң қадағалауында болуы керек.

Адамның бостандықтарын шектеу, оның конституциялық құқықтарына елеулі қол сұғудың бірі болып табылады. Қазіргі таңда тұлғаны соттың санкциясыз 72 сағатқа ұстауға болады. Бұл мерзім 1959 жылдан бастап өзгерген емес. Осы уақыт аралығында дәлелдемелерді жинаудың әдістері мен тәсілдері айтарлықтай жетілдірілген.

Осыған орай, тұлғаны оны ұстаудың заңдылығы мен оған қатысты бұлтартпау шарасын қолдану мәселесін шешу үшін сотқа жеткізу мерзімін қысқартқан жөн. Жеткізуді 48 сағат ішінде, қалған уақытты сот процедураларына, соның ішінде негізді күдікті тексеру және сот санкция беруден бас тартқан жағдайда ұсталған тұлғаны күзетте ұстаудан тез арада босатуға қалдырған жөн. Тізімі заңды түрде шектеліп көрсетілуі тиіс, тек ерекше жағдайларда ғана тергеу судьясына жеткізу 48 сағаттан асуы мүмкін.

Қазіргі кезде ұстау, әлі де болса көпшілікпен тұлғаныңайыбын мойындататын мағлұматтарды алу үшін қолданылатын күш көрсету құралы ретінде қабылданады. Сондықтан да тұлғаның негізгі құқықтарын шектеу тәртібі одан әрі жетілдіріліп, ең жақсы әлемдік стандарттарға барынша жақындауы тиіс.

Ұсталған тұлғаның құқықтарын қорғауды жоғарлату, оның сотқа жеткізілуінің мерзімін ғана емес, сонымен қатар қосымша процессуалдық тосқауылдарды қысқартуды да қамтуы тиіс. Тергеу органы өзінің бастамасымен тұлғаны ұстай алатын негіздердің тізімін қысқарту керек. Бұл қысымшылық пен азаптау қауіпін төмендетеді. Ал тергеу органдарында азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына жауапты нақты лауазымды тұлғаның болуы, олардың қорғау бойынша қосымша тосқауыл болады.

Қиянат етушілік қауіпін төмендетудің тағы да бір шарты болып, тұлғаны уақытша ұстау мекемесінеотырғызбастан бұрын міндетті медициналық, соның ішінде тәуелсіз (ұсталғанныңтаңдауыбойынша) медициналық жұмыскерлердің қатысуымен куәландыру табылады.

Тұлғала толық түрде заңда көрсетілген барлық тәсілдермен өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік берілуі тиіс. Сонымен бірге, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде өзінің құқықтарының шектелгендігі туралы тұлға білмей де қалуы мүмкін. Бұл оны өзінің бұзылған құқықтарын сотта қорғау мүмкіндігінен айырады. Өзіне қатысты жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген тұлға, күдікті ретінде танылмаса да, егер бұл тергеу мүдделерін бұзбаса және де мемлекеттік, сонмен қатар басқа да құпияларды жариялаумен байланысты болмаса, сотқа дейінгі тергеу органы аталмұш азаматты хабардар етуі тиіс.

Тергеу жайты бойынша кінәні растайтын айғақтарды таппай, тергеу органдарының сол қылмыстық іс бойынша тұлғаның басқа қылмыстық әрекеттерді жасағандығын көрсететін басқа айғақтарды іздеп, негізсіз қылмыстық қудалау жүргізгені үшін қызметтік жауаптан құтылу мақсатында, кез келген амалдармен тұлғаны жауапкершілікке тарту мәселесін алып тастаған жөн. Тергеліп жатқан істің шегінен шығатын дәлелдемелерді жинаудың шегіне заңды түрде тыйым салу керек. Дәлелдемелерді бағалау тәртібінің объективтілігін жетілдіру және жоғарлату үшін шет елдік тәжірибеден дәлелдеу стандарттарының ең үздігін өзімізге алуға тиіспіз.

Екінші. Қылмыстық процестің жарыспалылығын, бірінші кезекте қорғаушының процессуалды мүмкіндіктерін кеңейту арқылы көтеру.

Қазіргі таңдағы адвокаттардың құзырының тізімі, оларға толық түрде өз клиенттерінің мүдделерін сапалы түрде қорғауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан да, жарыспалылықты көтеру үшін оларды дәлелдемелерді жинау бойынша кең ауқымды құзыретпен, соның ішінде сотқа дейінгі тергеу органының шешімін күтпей, тікелей сотқа тергеу әрекеттерін жүргізу (жасырын тергеу әрекеттерінен басқа) туралы өтініш жасау құзыретімен қамтамасыз ету ұсынылуда.

Аталған бағыттар адвокаттарға сотқа дейінгі тергеудің кез келген сатысында істің барлық материалдарына толық қол жеткізу мүмкіндігінің болуымен байланысты. Бұл іс бойынша ақиқатты анықтауға және адвокаттарға қорғау тактикасын дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Адвокаттың материалдарына қол жеткізу құқығы тергеу органында да болуы тиіс. Бұл оған уақытында заңды процессуалды шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Жиынтығында бұл тұлғаның құқықтарын қорғауды күшейтуге, сонымен қатар соттық тыңдау мен тергеудің үнемділігіне әсерін тигізеді.

Үшінші. Тергеу тәртібін оңтайландыру және процестің үнемділігін қамтамасыз ету.

Қылмыстық істердің қазіргі кездегі тергеуі бұрынғыдай күрделі және қаржылық шығынды қажет ететін процес болып табылады, әсіресе ол қылмыстық теріс қылықтарға қатысты. Аталған әрекеттер Әкімшілік кодекстен ауыстырылған болатын. Алайда, оларды тергеу үшін жұмсалатын шығындар көп жағдайда олардың қоғамға қауіптілігінің дәрежесімен тең келмейді.

Осыған орай, олар бойынша өндіріс барынша оңайлатылуы тиіс. Бұғанәкімшілік өндіріске ұқсас етіп, қылмыстық теріс қылықтарды тергеудің ерекше тәртібін құру арқылы қол жеткізуге болады.

Сол сияқта орташа және аса ауыр емес қылмыстарды тергеуге де көп уақыт жұмсалады. Сондықтан, Германияда[2] тиімді пайдаланылатын бұйрықтық өндірістің элементтерін қолданысқа енгізген абзал.

Төртінші. Сотқа дейінгі тергеу сатысына соттық бақылауды одан әрі ұлғайту.

Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» кезең-кезеңмен тергеу судьяларына тұлғаның конституциялық құқықтарын шектейтін барлық тергеу әрекеттерін санкциялау бойынша құзыретті беруді қарастырған.

Сондықтан, соттағы айыптаушы және қорғаушы тарап арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету бойынша келесі қадам ретінде барлық жасырын тергеу әрекеттерді және мәжбүрлі куәландыруды санкциялауды соттың ерекше құзыреттілігіне беру болып табылады.

Сонымен бірге, тұлғаның конституциялық құқықтарын шектеумен байланысты барлық жедел-іздістіру шаралары заңды түрде жасырын тергеу әрекеттерінің санатына ауыстырылады. Бұл жерде әрекет етуші тәртіп пен санкция алудың алгоритмін сақтап қалатын ұлттық қауіпсіздік органдарының ерекшеліктері есепке алынуы тиіс [3].

Бесінші. Сотқа дейінгі тергеу, прокуратура және сот арасындағы құзыретті нақты айқындау және қосарланушылықты болдырмау.

Қазіргі таңда прокурор және сот кепіл және мәжбүрлеп үлгілерді алуды сақциялайды. Тергеу органдары және прокуратура айыптау актісін жасап және қылмыстық істі қысқарта алады. Аталған құзыреттердің қосарланушылығын жою олардың жауапкершіліктерін нақты айқындауға септігін тигізеді.

Осыған орай, кепіл және мәжбүрлеп үлгілерді алуды санкциялауды тек сотқа беру, ал күдікті тұлғалардың қатысуымен жүретін айыптау актісін және қылмыстық істі тоқтату құқығын тек прокурорға ғана беру ұсынылады.

Жоғарыда берілген ұсыныстар мен әлемдік тәжірибені салыстырар болсақ, «The World Justice Project» атты тәуелсіз халықаралық ұйым «Құқықтың үстемдігі индексі» - беделді әлемдік рейтинг құрастырған. Оның басты көрсеткіші – қылмыстық әділеттілік (әділ сот). Сарапшыларға жүргізілген сауалнама мен қоғамдық пікір бойынша тергеудің сапалығы, әлеуетті органдар мен соттардың әділдігі, онда парақорлық болуы, қылмыстық процестегі тұлғалардың құқықтары қалай сақталатынына баға береді. 2016 жылдың аяғында Қазақстан өз позициясын 15 орынға жоғалтып алған. (2014 жыл – 61, 2015 – 58, 2016 – 73 орын 113 мемлекет ішінде). ТМД елдерінің ішінде Грузия – 38-ші орын, Қырғызстан – 96, Ресей – 98.

Бұл рейтингтің көшбасшылары түгелдей ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдері. Және бұл кездейсоқ емес. Олардың басты қағидалары – адам құқықтарын қорғау және әділеттілік, қылмыстық процесті тиімді басқару және мемлекеттік бюджетке ұқыпты қарау.

ЭЫДҰ елдерінің түсінігі бойынша, қылмыстық процес - бұл биліктің адамның құқығы мен бостандықтарына анағұрлым көп қол сұғатын жоғары қауіп-қатер белдемі. Дәл осы жерде мемлекеттік мәжбүрлеу аппаратының барлық күші жұмылдырылады. Адамдарды олардың еркінен тыс тінтіп, қамап, ұзақ уақыт күзетпен ұстауы мүмкін. Кәсіпкерден – есепшотын қатырып, активтеріне тосқауыл қойып, бизнесіне қауіп төндіру мүмкін. Осының бәрі соттың үкімісіз жасалады.

Қылмысты ашудағы жарыста азаптауды қолдану қауіпі жоғары. Жабық орындарда қажет мәліметтерді ұрып алу, азаматтың еркіне, абыройына және өміріне қол сұғу қызығушылығы бар. Бұл күдікті, жәбірленуші, сондай-ақ олардың туыстары үшін де үлкен күйзелісті жағдай.

Сондықтан, ЭЫДҰ елдерінде тарихи тұрғыдан қылмыстық процестің негізгі қағидалары бекітілген. Осыдан 200 жыл бұрын кінәсіздік презумпциясының негізі қаланған: бір кінәсізді соттағанша, он кінәліні ақтаған дұрыс. Ол жақта адамдардың полиция тарапынан қорқынышта болып, соттың әділдігіне сенбесе, олар өз мемлекетіне сенбейтінін және оның болашағын құруға ат салыспайтынын бұрыннан-ақ түсінген.

Осы түсініктен шыға келе, олар құқық қорғау және сот органдарының жұмысына жалпы тәсілін құрап шығарған.

Бірінші – ол адамның құқықтары мен қоғамдық мүдделердің теңгерімі. Күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің құқықтарын бұза отырып, қоғамды қылмыстылықтан қорғауға болмайды.

Екінші – тежемелер мен теңестірімелер жүйесі. Зорлық-зомбылықтың болу мүмкіндігі жойылады. Қандай да бір болмасын органның құзыретіне екінші бір орган тарапынан тежеме қойылады.

Үшінші – сапалы және уақытылы әділ сот. Саяси өзгерістер құқықтық мемлекеттің іргетасын – адам құқықтары мен зорлық-зомбылық тосқауылын теңселтпеуі тиіс.

Осындай түсініктердің аясында ЭЫДҰ елдерінде қалыптасқан қылмыстық процестің моделі әрекет етеді. Бүкіл қылмыстық процес 3 кезеңге бөлінеді:

1. Қылмысты ашу және дәлелдемелерді жинау;
2. Іс жүзіндегі мәліметтерді жинау, әрекетті саралау, айып тағу, мәжбүрлеу шарасын қолдану;
3. Үкім – кінәлі немесе кінәлі емес және жаза түрі.

Әр кезең – әр түрлі органдардың: полиция, прокуратура және соттың жауапкершілігінің аймағы. Әр қайсысында нақты жүктелген міндет бар.

Полиция қылмыс болған жерді қарайды, жауап алады, сараптамалар тағайындайды, дәлелдемелер жинайды. Жиналған материалдарды прокурорға береді. Бұл ретте полиция өз бетімен шешімдер қабылдамайды. Ол кімді күдікті деп тану керек; оның әрекеттерін қалай саралау керек; қамауға алу үшін сотқа бару керек па; тінту, алу, мүлікті және банктік есепшоттарды тәркілеу үшін сот санкциясын алу керек па деген мәселелерді шешпейді.

Екінші кезеңде прокурор қосылады. Ол дәлелдемелерді бағалап, сараптап, полицияға нұсқаулықтар береді. Тек прокурор ғана соттан тінту, хабарларды тыңдау, қамауға алу үшін санкция сұрайды. Егер негіз болса – нақты тұлғаға күдік немесе айып тағып, кейін сотта дәлелдейді.

Сот екі міндет атқарады. Тергеу кезеңінде күдіктінің және айыпталушының құқықтарын шектеуге санкция беру немесе бермеу мәселесін шешеді. Істі қарау сатысында – адамның кінәлі немесе кінәлі еместігі туралы үкім шығарады. Егер кінәлі деп танылса жаза тағайындайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Джанысбаев Б. Реформа уголовного процесса во благо граждан. <http://mng.prokuror.kz/rus/stati/reforma-ugolovnogo-processa-vo-bлаго-grazhdan>

2. Маслов И.В. Досудебное производство по Уголовно-процессуальному кодексу Федеративной Республики Германия // Международное уголовное право и международная юстиция. - 2016. - № 3. – С. 21-25.– С. 23, 25. -ISSN 2071-1190.

3. Волкова Ж. Модернизация уголовного процесса – путь к усилению защиты прав граждан. [http://esnews.kz/ru\\_RU/archives/35259](http://esnews.kz/ru_RU/archives/35259)

*Шеримкулова Г.Д. – з.ғ.к., доцент, Ақшабай Б.Б. – М. Әуезов атындағы ОҚМУ*

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ СОТ ТЕРГЕУІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ОРНЫ**

Қылмыстық сот өндірісінде ақиқатқа жету дәлелдеу арқылы жүзеге асырылады. «Дәлелдеу (кең мағынасында) – дәлелдемелердің көмегімен істің мән – жайларының ақиқаттылығын анықтауға бағытталған субъектілердің қызметі. Тар мағынасында дәлелдеу ұғымы ұсынылатын мен қарсылықтарды негіздеуге, олардың ақиқаттылығы жөнінде қандай да бір тұлғаларды сендіруге байланысты қызмет болып табылады».

Дәлелдеу құқығы дәлелдеме теориясының құрамдас бөлігі болып табылады. Дәлелдеме теориясы "дәлелдеме тарихының мәселелерін, олардың теориялық негіздерін, заңдық регламенттің даму сипаттамасын, шетел мемлекеттеріндегі түрлі жүйелерді, даулы теориялық проблемаларды қамтиды".

Дәлелдеу - тергеуші мен соттың нақтылықпен толық сәйкестендіре отырып істің заңды мәні бар барлық мән-жайларды анықтауы тиіс процесс. Дәлелдеу дегеніміз қылмыстық процесс субъектілерінің істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатымен заңмен белгіленген тәртіпті сақтай отырып атқаратын дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалап қолдану қызметі болып табылады [1,35].

Мұндай деректер күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің көрсетулерімен; сарапшының қорытындысымен; заттай айғақтармен; іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады (ҚР ҚПК 111-б.)

Осы жерде бір мәселені атап көрсету қажет деп ойлаймыз. ҚР ҚПК-нің 111-бабының 2-бөлігінде «...күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің көрсетулерімен...; заттай айғақтармен; ..... анықталады» деп көрсетілген, ал 119-бапта «көрсетулер» сөзі «айғақтары» сөзімен берілген. Біздің пікіріміз бойынша «көрсетулер» ұғымын пайдалану орынды болар еді. Себебі, күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә орын алған оқиға бойынша жауап алуда оқиғаның бейнесін суреттеп көрсетеді. Сонымен қатар, 118-бапта «Заттай дәлелдемелер» ұғымы қолданылған. Бұл жағдайда осы ұғымды пайдалану дұрыс деп есептейміз. Себебі олар белгілі бір фактіні нақты дәлелдейді, оларға қылмыс қаруы болды деп ойлауға негіз болатын болса, немесе оларда қылмыстың ізі сақталып қалса, немесе қылмыстық әрекеттің объектісі болса, сондай-ақ ақша мен өзге де бағалы заттар, қылмысты анықтауға, істің іс жүзіндегі мән-жайын белгілеуге, кінәлілерді табуға не айыпты жоққа шығаруға немесе жауаптылықты жеңілдетуге құрал болуы мүмкін басқа да заттар мен құжаттар заттай дәлелдемелер деп танылады. Ал қылмыс оқиғасының болуы, айыпкердің кінәлілігі және өзге де дәлелдеуге жататын істің мән-жайлары туралы тұжырым жасау үшін негіз болатын аралық фактілерді айғақ (улика) деп қарастыруымыз қажет. Сондықтан, осы айтылғандарды ескере отырып ҚР ҚПК-нің 111-бабының 2-бөлігіне өзгерістер енгізіп, ондағы «заттай айғақтар» сөз тіркесін «заттай дәлелдемелер» сөз тіркесімен ауыстыруды, 119-бабының атауындағы («Күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтары») «айғақтары» сөзін «көрсетулері» сөзімен ауыстыруды және сәйкесінше осы бапта кездесетін «айғақтары» сөзін «көрсетулері» сөзімен ауыстыруды ұсынамыз [2].

Дәлелдемелер әр уақытта да объективті мазмұн (көрініс тапқан мән-жай, факт) мен субъективті формалардың (нақты субъектіні жасаудан көрініс табады) бірлігі болып табылады. Дәлелдемелердің мазмұнының объективтілігі оның қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлармен байланысынан көрініс табады. Дәлелдемелердің субъективтік нысаны оның қайнар көзі әр уақытта да іске маңызы бар деректер алынатын адам (субъект) болып табылатындығына негізделеді.

Дәлелдеме оның мазмұны мен нысанына қойылатын екі талапқа жауап беруі тиіс, яғни дәлелдемелердің іске қатыстылығы мен дәлелдемелерді іске қолдануға болатындығы.

Дәлелдеме болатын деректер мен анықталуға тиісті мән-жайлардың арасындағы логикалық байланыс дәлелдемелерді іске қатыстылық қасиетіне ие етеді. Мұндай байланыстың болуы, тиісінше іске қатыстылық қасиеті туралы тұжырым істің нақты мән-жайларын тану процесінде өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, сот-медицина сараптамасы нәтижесінде алынған деректер жәбірленушінің қайтыс болу уақыты туралы жаңа ақпарат беруі ықтимал. Бұл жағдайда айыпталушының оқиға болған уақытта қай жерде болғандығы туралы деректері бар дәлелдемелердің іске қатыстылығы да өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы дәлелдеме теориясының орнын белгілей келіп Р.С Белкин былай деп жазды: "Дәлелдеме теориясы қылмыстық процесс ғылымының бір бөлігі болып табылады, ол бөлік анықтауда, алдын ала тергеуде және сотта дәлелдеу процесін зерттеуге арналған [3,68].

Дәлелдеу теориясы мынадай мәселелерді талдайды:

а) таным процесінің бір түрі ретінде объективті шындықты дәлелдеу туралы;

б) осы процесте танымның негізі және шындықтың өлшемі ретінде керінетін қоғамдық тәжірибенің өзгеше нысандары туралы;

в) қылмыстық істерді тергеу және талқылау кезінде таным объектісінің ерекшелігі мен мазмұны туралы;

г) қылмыстық сот ісін жүргізудегі дәлелдемелер ұғымы, олардың түрлері мен жіктелуі туралы;

дәлелдемелерді пайдаланудың және оларды бағалаудың принциптері мен ережелері туралы;

д) соттық зерттеудің объективтілігіне кепілдіктер беру туралы .

Дәлелдеме теориясының мазмұны дәлелдеу құқығының мазмұны үшін шешуші болып табылады. П.С. Элькиндің пікірі бойынша дәлелдеу құқығын дәлелдемелерді жинақтаудың, тексерудің және бағалаудың мақсатын, мазмұнын, тәртібін, шектерін және құқықтық құралдарын реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларының жүйесі, сондай-ақ осындай бағалаудан туындайтын құқық қолдану органдары қорытындыларының негізділігі мен дәлелділігі деп түсіну керек [4,42].

Сот ісін жүргізуде дәлелдермен жұмыс істеу, әділ соттың ұзақ жылдық тәжірибесі құқық қолдану қызметінде орын алған қайшылықты, сәйкессіздікті анықтады. Дәлелдеме және дәлелдеу проблемаларының жиынтығы осы проблемалардың теориялық және практикалық аспектілерін дербес түрде жетілдіру қажетігін өмірге әкелді. Әуел баста бөлек-бөлек зерттеулер түптеп келгенде тұтастық және жүйелілікке тән дәлелдеу құқығына айналды.

Сот әділдігін тек соғғын жүзеге асыруы, судьялардың тәуелсіздігі және олардың заңға ғана бағыныштылығы, соттың дәлелдемелерді өзінің ішкі сенімі бойынша және заңға сәйкес бағалауы, кеңесу бөлмесінің құпиялылығы, сот әділдігін атқару жөнінде соттың қызметіне кімнің де болсын араласуына жол бермеу (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы) судьяға қол сұғылмаушылық (Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабы) істі толық, жан-жақты, объективті және алаламай қарауға және оны мәні бойынша шешуге жәрдемдесетін ерекшелігі бар сот кепілдіктерін қамтамасыз етеді [5].

Рис.2 Классификация последствий кризиса  
Общие кризисы охватывают всю социально-экономическую систему, локальные — только часть ее. Это разделение кризисов по масштабам их проявления.

По проблематике кризиса можно выделить макро- и микрокризисы. Макрокризис охватывает большие объемы и масштабы проблематики, микрокризис — только отдельную проблему или группу проблем. Локальный, или микрокризис, может как цепная

реакция распространиться на всю систему, потому что в системе существует органическое взаимодействие всех элементов и проблемы не решаются в отдельности.

Экономические кризисы — это кризисы в производстве и реализации товаров и услуг.

Социальные кризисы отражают противоречия в интересах различных социальных групп, среди них особое место занимают политические кризисы — кризисы власти, которые часто ведут к кризисам экономическим.

Организационные кризисы проявляются как паралич (или резкое ухудшение) организационной деятельности. Наиболее ярко организационные циклы проявляются при смене стадий жизненного цикла предприятий и их продуктов.

Психологические кризисы — это кризисы психологического состояния людей, симптомы которых — стрессы, паника, страх, неудовлетворенность, чувство неуверенности, т. е. кризисы социально-психологического климата.

Кризис технологический связан с обострением противоречий при разработке и внедрении новых технологических решений в процессе смены технологического уклада. Это кризисы научно-технического прогресса.

Экологические кризисы резко ухудшают условия жизнедеятельности людей. Это кризисы взаимоотношений человека с природой, вызванные пренебрежительным отношением к требованиям закона природного равновесия.

Явные кризисы протекают заметно и легко обнаруживаются. Скрытые протекают менее заметно, и поэтому их значительно сложнее избежать или ограничить.

Глубокие, или острые, кризисы могут привести к разрушению различных структур экономической системы, здесь множество противоречий завязывается в сложный клубок. Такие кризисы имеют, как правило, затяжной характер. Мягкие, или легкие, кризисы протекают менее болезненно, они в большей степени поддаются управлению, чаще носят кратковременный характер.

Кризисы также могут быть предсказуемыми и неожиданными.

Предсказуемые кризисы наступают как этап развития, они могут прогнозироваться и вызываются объективными причинами накопления факторов возникновения кризиса — потребностями реструктуризации производства, изменением структуры интересов под воздействием НТП. Разновидностью предсказуемых кризисов является циклический кризис. Конечно, в том случае, если известна и изучена природа кризиса и его характер. Он может возникать периодически и имеет известные фазы своего наступления и протекания.

Неожиданные кризисы часто бывают результатом грубых ошибок в управлении, или каких-либо природных явлений, или экономической зависимости, способствующей расширению и распространению локальных кризисов.

Существуют также кризисы явные (протекают заметно и легко обнаруживаются) и латентные (скрытые, протекают относительно незаметно и поэтому наиболее опасны).

Все возможные кризисы разделяются также на затяжные и временные. Фактор времени в кризисных ситуациях играет важную роль. Затяжные кризисы, как правило, проходят болезненно и сложно. Они часто являются следствием неумения управлять кризисными ситуациями, непониманием сущности и характера кризиса, его причин и возможных последствий.

Ни одну страну не обходят стороной кризисные ситуации, которые возникают в силу различных причин. В конечном итоге государство разрабатывает стратегии не только для выхода из кризисов, но и для их предотвращения, а также для защиты предпринимателей и граждан от последствий спадов в экономическом развитии.

4. *Правительство страны несет ответственность за происходящие события, поэтому именно от государственной политики зависит общая ситуация в государстве.* Для стабилизации экономической ситуации и укрепления позиций на международной арене государственные органы осуществляют меры защиты по следующим направлениям:

- правовое (создание правовой основы антикризисного управления, создание специальных органов для контроля и экспертиз предприятий в кризисных ситуациях);
- методическое (мониторинг и анализ банкротств предприятий);
- информационное (анализ и учет платежеспособности предприятий);

- экономическое и административное (методы регулирования экономической деятельности для стабилизации);
- организационное (создание условий для мирного, цивилизованного разрешения конфликтных ситуаций);
- социальное (защита работников в случае банкротства предприятия);
- кадровое (подготовка специалистов в области антикризисного управления);
- экологическое (защита окружающей среды).

Так как политическая и экономическая ситуация в мире в целом и той или иной стране нестабильна, необходимы постоянные изменения в установленной политике: коррекция налоговых ставок, внесение изменений в существующие законы, ужесточение мер по контролю за деятельностью предприятий [4].

"Государственное антикризисное регулирование" – процесс, при помощи которого государство воздействует на экономику с целью уменьшения сроков и глубины кризиса, а также смягчения его отрицательных социальных и экономических последствий.

Государственное антикризисное регулирование выполняет следующие функции: выработка мер стабилизации экономики во время кризисных потрясений; защита ключевых предприятий, находящихся в стратегически важных отраслях, от кризисных процессов, протекающих в экономике.

##### *5. Человеческий фактор кризисных ситуаций [3]*

Кризис — объективное явление в социально-экономической системе. Это представление согласуется с пониманием того, что основу функционирования и развития социально-экономической системы составляет деятельность человека, который стремится управлять своей деятельностью и расширять сферу управления, т. е. снижать долю неуправляемых процессов. В определенной мере ему это удастся. Можно предположить, что в будущем человек вообще исключит кризисы из тенденций развития социально-экономических систем, а нынешние кризисы характеризуют лишь уровень развития человека, недостаток знаний, несовершенство управления. Такое утверждение выглядит логичным. Но вся практика развития общества и экономики во все исторические периоды свидетельствует об обратном. Несмотря на «человеческую природу» кризисов, избежать их не удается. Более того, во многих случаях именно «человеческая природа» кризиса является его причиной и источником. Деятельность человека построена на удовлетворении своих интересов, которые изменяются неравномерно и непропорционально. Интересы находятся в постоянном противоречии не только у отдельного человека, но и у целых социальных групп или классов общества. Противоречия интересов и объективная неравномерность их изменения определяют как возможность, так и необходимость кризисов. Именно это является основой всех кризисов в социально-экономической системе, даже связанных с природными условиями. Нередки случаи использования природных катаклизмов в политических целях, перерастание их в кризисы политические и социально-экономические. Абсолютное управление динамикой и взаимодействием интересов человека невозможно, потому что к системе его интересов относится и вопрос свободы, демократичности управления, самостоятельности и самодеятельности. К этим интересам «привязаны» и многие другие, и именно на интересах человека строится эффективное управление.

По мере развития социально-экономической системы наблюдается повышение роли человеческого фактора в ее антикризисном развитии, которое означает не исключение кризиса, не бездумное противодействие ему, а предвидение и уверенное, своевременное и, по возможности, безболезненное его разрешение.

Антикризисное развитие — это не абсолютное отсутствие кризиса, а наличие таких кризисов, которые являются импульсом успешного (с позиций интересов человека) развития. Только человек может иметь цель и интересы. Именно они являются основой распознавания и преодоления кризисов. Человеческий фактор кризисных ситуаций проявляется не только в отношении человека к кризису, но и в управлении кризисом на разных этапах его проявления, возникновения и протекания.

Управление — это деятельность человека, которая определяется его качествами — опытом, образованием, отношением к действительности и людям, методологическими подходами и т. д. Будучи объективным явлением, кризис всегда несет в себе факторы человеческой природы: менталитет, культуру, интересы, общественное сознание, уровень образованности, мировоззрение.

Антикризисное управление — это управление, определенным образом предвидящее опасность кризиса, предусматривающее анализ его симптомов, меры по снижению отрицательных последствий кризиса и использования его факторов для последующего развития.

Суть антикризисного управления выражается в следующих положениях: кризисы можно предвидеть, ожидать и вызывать; кризисы в определенной мере можно ускорять, предвдвять, отодвигать; к кризисам можно и необходимо готовиться; кризисы можно смягчать; управление в условиях кризиса требует особых подходов, специальных знаний, опыта и искусства; кризисные процессы могут быть до определенного предела управляемыми; управление процессами выхода из кризиса способно ускорять эти процессы и минимизировать их последствия.

Можно выделить основные факторы, которые определяют эффективность антикризисного управления: Профессионализм антикризисного управления и специальная подготовка; Искусство управления; Методология разработки рискованных решений; Научный анализ обстановки, прогнозирование тенденций; Корпоративность; Лидерство; Оперативность управления; Гибкость управления; Стратегия и качество антикризисных программ; Человеческий фактор; Система мониторинга кризисных ситуаций.

##### *6. Проблематика антикризисного управления*

Как уже указывалось, опасность кризиса существует всегда: в управлении всегда есть риск циклического развития социально-экономической системы, изменения соотношения управляемых и неуправляемых процессов.

Управление социально-экономической системой в определенной мере всегда должно быть антикризисным.

## **ВЫВОДЫ**

1) В экономическом цикле есть характерная черта, а именно кризис, которая определяется как внезапная и резкая, как правило, смена тенденции от повышения к понижению.

2) Обобщая существующие представления о кризисах, можно сделать следующие выводы: кризисы неизбежны, кризисы прогрессивны, кризисы конечны, кризисы неповторимы и зачастую проявляются как результат макроэкономического цикла.

3) Классификация, причины и последствия кризисов чрезвычайно разнообразны. В качестве ключевых оценочных характеристик кризиса обычно используются следующие параметры: проблематика кризиса; масштаб кризиса; область развития (охват); стадия (фаза) проявления кризиса; причины кризиса; возможные последствия кризиса; острота кризиса.

4) Человеческий фактор кризисных ситуаций проявляется не только в отношении человека к кризису, но и в управлении кризисом на разных этапах его проявления, возникновения и протекания.

Список использованных источников:

1 Антикризисная программа Казахстана более своевременна, чем у России // Интернет-ресурс:  
<http://kazembassy.ru/issue/?issueId=1407>

2 Антикризисное управление: текст лекций / сост. М.В. Каймакова. - Ульяновск: УлГТУ, 2009. - 240 с.

3 <http://works.doklad.ru/view/7TaJO4i9sz0/3.html>

4 Успенская Л., Шибанова-Роевко Е.А. Государственное регулирование кризисных ситуаций: ключевые подходы, проблемы, аспекты совершенствования // Научно-теоретический журнал "Успехи современного естествознания", №4, 2012, стр.125-127

*Макенова Г.У. – PhD докторант, Дабылтаева Н.Е. – э.э.к., доцент,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

## **КЛАСТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ**

Кластерлер белгілі бір аймақта өзара байланысты компаниялар мен мекемелердің географиялық бірлесуін білдіреді. Оларға, мысалы, компоненттер, механизмдер мен қызметтер сияқты мамандандырылған материалдарды жеткізушілер, сондай-ақ мамандандырылған инфрақұрылымдық жеткізушілер жатады.

Кластерлер сонымен қатар, көбінесе төменгі арналар арқылы тұтынушыларға және қосымша өнімдерді өндіретін өндірушілерге қарай, технологиялар және ортақ қажеттіліктерге байланысты салалардағы өндірушілерге кеңейтіледі.

Сонымен, көптеген кластерлерге мемлекеттік және басқа да мекемелер кіреді, соның ішінде, тұтынушылар мен бөлшек саудагерлерге арналған арнайы мамандандырылған оқытулар, білім беру, ғылыми және техникалық қолдау қызметтерін ұсынатын университеттер, стандарттау агенттіктері, сарапшылар орталығы, кәсіптік білім берушілер және сауда қауымдастықтары қызмет көрсетеді [1, 77-78].

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік дегеніміз не? Ұлттық бәсекеге қабілеттілік әр елдегі үкімет пен өнеркәсіптің негізгі мәселелерінің бірі болып отыр.

Кейбіреулер ұлттық бәсекелестікті айырбас бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер мен мемлекеттік тапшылықтар сияқты айналымылардан туындаған макроэкономикалық құбылыс ретінде қарастырады.

Алайда, Жапония, Италия және Оңтүстік Корея бюджет тапшылығына және жоғары пайыздық мөлшерлемесіне қарамастан өмір сүру деңгейін тез көтеріп алды [2, 76].

Дүниежүзілік экономикалық форумның [3, 240] мәліметтеріне сәйкес, бәсекеге қабілеттілік - мемлекеттің ЖІӨ-ң өсу қарқыны мен халықтың жан басына шаққандағы тұрақты өсуіне қол жеткізе алу мүмкіндігі.

Feurer және Shaharbaghi [3,49] пайымдауы бойынша, бәсекеге қабілеттілік абсолютті емес, салыстырмалы түрде болады деп санайды. Ол акционерлер мен клиенттердің құндылықтарына, бәсекелестік ортаға әрекет ету және жауап беру қабілетін анықтайтын қаржылық тұрақтылыққа, сондай-ақ стратегиялық өзгерістерді жүзеге асыру үшін қажетті адамдардың және технологиялардың әлеуетіне байланысты болады.

Бәсекеге қабілеттілік тек осы факторлар арасында тиісті тепе-теңдік болған жағдайда ғана сақталуы мүмкін.

Бәсекеге қабілеттілік бойынша Консультативтік топтың айтуынша, бәсекеге қабілеттілік - өнімділіктің, тиімділіктің және кірістіліктің элементтерін білдіреді деп есептейді. Бірақ, бұл өз алдына немесе мақсатқа жету емес, өмір сүру деңгейін және әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға қол жеткізудің маңызды, мақсатқа қол жеткізу құралы болып табылады.

Халықаралық мамандандыру тұрғысынан өнімділік пен тиімділікті арттыру арқылы бәсекеге қабілеттілік үй шаруашылықтарының кірістерін инфляциялық емес жолмен өсуін қамтамасыз етеді.

Еуропалық Комиссия Президиумының басқа баяндамасында сол бәсекеге қабілеттілікті өмір сүру деңгейін жақсартуға, жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз етуге және кедейлікті жоюдың негізгі тәсілі ретінде қарастыруын атап өтеді.

Бәсекеге қабілеттілік - бүкіл әлем бойынша ұзақ уақыт талқылауда жүрген күрделі концепция. Бәсекеге қабілеттілікке деген қызығушылықтың [5, 2] себептеріне мыналар жатады:

1. Бәсекеге қабілеттілік - тұрақты даму, өмір сүру деңгейі, өнімділік, экономикалық өсу және кедейшілікті жою арасындағы ішкі қарым-қатынас;

2. Концептуалды деңгейде дараландыруға және нақты құралдарды құруды бастайтын экономикалық ғылымның жеке саласы ретінде бәсекеге қабілеттіліктің пайда болуы.

Кластерлік жолмен даму барлық салаларда, соның ішінде туризм саласында да жүзеге асырылуда. Туризм индустриясының дамуына әсер ететін құралдардың бірі кластерлік жолмен даму болып табылады. Мемлекеттік және аймақтық өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бірден бір жолы кластерлік жолмен даму. Аймақты, кластерлік жолмен дамытуды зеттеуді ұсынған зерттеушілердің бірі американдық ғалым М. Портер болып табылады.

Туризм, соңғы уақытта әлем бойынша ұлттық экономикалардың пайдалы салаларының бірі. 2016 жылғы Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҰ) мәліметтеріне сәйкес халықаралық туризмнен түсетін экспорттық түсімдердің көлемі 1,4 трлн. долларды құраған [6, 78].

Туризмнің жаңа жетістігі адамзаттардың қоршаған әлемді білуге деген тұрақты ұмтылысын қанағаттандыруға негізделгендігімен байланысты. Туризм арқылы алынған бұл танымдылық көптеген елдердегі халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, көлік, ақпараттық және басқа технологияларды дамытуға және тұтастай алғанда жаһандануға мүмкіндік берді.

Тұтыну үлгілеріндегі өзгерістің бірі ол, көптеген азаматтар үшін туризм енді қол жетпес байлық немесе белгілі бір салтанат емес, яғни ол табиғи қажеттілік болып отыр. Кейбір елдерде, әсіресе Еуропалық елдерде, Дүниежүзілік туризм ұйымы қабылдаған, туризмге арналған ғаламдық этика кодексінде көрініс тапқан, «туризмге құқық» сияқты ұғым қалыптаса бастады.

2017 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумда (ДЭФ) 139 мемлекет бағаланған туристік нарықтың бәсекеге қабілеттілігінің жыл сайынғы рейтингісі жарияланады. Осы рейтингтегі кейбір Еуропалық аймақтар тұтастай алғанда сауда мен халықтың қозғалысы үшін ашық болғанымен, кейбіреулері осы рейтингте артта қалып отыр.

Рейтингте әлемнің «ең үздік 10» елдері белгіленген. Яғни, Испания екінші рет, 2017 жылы жаһандық туризм және саяхат бойынша бәсекеге қабілеттілік индексында (ТСБҚИ) басты орынды иеленсе, Франция (2), Германия (3), Жапония (4), Біріккен Корольдік (5), АҚШ (6), Австралия (7), Италия (8), Канада (9) және Швейцария (10-шы) орындарды иеленген.

Туристік кластер - жоғары сапалы жабдықтармен және қызметтермен, әлеуметтік және саяси бірігумен, өндіріс тізбегі мен қауымдастық мәдениетімен байланысы бар және салыстырмалы және бәсекеге қабілетті стратегиялық артықшылықтарды беретін компаниялар желісіндегі тамаша басқаруымен жабдықталған шектеулі географиялық аймақтағы ерекше туристік көрікті топ [7, 74].

Туристік кластердің ерекшеліктеріне байланысты жергілікті даму бағдарламалары өңірлік теңсіздіктер мен әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күрес бойынша жергілікті немесе жеке стратегия ретінде қарастырады [8, 230].

1. Туризмнің басты көрікті (жағажайлар немесе тарихи жерлер) тартымдылығына ғана емес, сонымен қатар, қонақ үйлер, мейрамханалар, кәдесый дүкендерінің, әуежайлардың, көліктің басқа да түрлерінің жайлылығы мен қызметіне байланысты. Агломерациялық бөлшектер әдетте бір-біріне тиімді байланыста болады, яғни осы саладағы нашар, төменгі өнімділік басқа қызмет көрсетушілердің табысына қауіпті болатыны анық.

Барлық өңірлер туристік қызметті дамыту үшін бірдей жабдықталмаған. Туризмді дамытуға лайықты аймақ өзіндік ерекшелігін, инфрақұрылымын, жоғарғы құрылысын (орналастыру, мейрамханалар, көлік және т.б.) қолжетімділігін анықтайтын мәдени, физикалық-табиғи және әлеуметтік сипаттамаларға ие болуы керек.

Жоғары сапалы туризмге кепілдік беру үшін, туристер келіп жатқан жерлердің жанына көрікті стратегиялық туристік нысандардың орналасуы, туристерді тарту және тұрақты туристік экономиканы арттыру үшін қажет.

Кластерлік бастамалар әртүрлі тәсілдермен ұйымдастырылып, жұмыс жасайды. М.Портер кластердің үш қасиетіне назар аударған, яғни, географиялық орналасуына, кәсіпорындар арасындағы өзара байланысына және өнеркәсіптің технологиялық бірігуіне байланысын қарастырған.

М.Портердің айтуынша, «кластерді тиімді дамыту - жанданған экономиканы дамытудың маңызды құралдарының бірі» [9, 15-20].

Кейбір өңірлер мемлекеттік сектордағы кластерлерді ұйымдастырып, олар жеке сектордағы компаниялар қажеттілігіне қызмет ететін квази-тәуелсіз агенттіктер ретінде жұмыс істейді. Өңірлік экономикалық даму агенттігінің аясында, кластерлік іс-шаралар ұйымдастырған «Clusterland Upper Austria» мысалы табысты болып саналады.

Кейбір елдер мен өңірлерде, сондай-ақ, мемлекет жеке-меншік сектордың жетекші кластерлік бастамаларына техникалық қолдау көрсететін құрылымдар құрып, қаржыландырады. Мысалы, Германиядағы «go-cluster», Даниядағы «Netmatch» және Германияның федералды жерлеріндегі Баден-Вюртемберг және Солтүстік Рейн-Вестфалиядағы кластерлік секретариатының жұмыстары жатады.

«Еуропа -2020» Стратегиясы ХХІ ғасырдағы Еуропа үшін әлеуметтік нарықтық экономиканың көрінісін белгілейді. Стратегия ЕО-ң тұрақты түрде дамуына бағытталған үш бастаманың негізінде жүзеге асады. Оларға: 1) инновациялар; 2) білім беру; 3) цифрлық қоғам арқылы даму.

Еуроодақтың стратегиялық мақсаттары жұмыссыздық, қоршаған ортаның ластануы, жаңартылатын энергия көздері (жасыл экономика, балама ресурстар), білім беру және халықтың өмір сүру деңгейін көтеру секілді әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Кластерлік бағдарламалар кластерлік бастамаларға қаржылай, кейде техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді, яғни, белгілі бір өңірлік кластердің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған мемлекеттік

және жеке секторлардың бірлескен күш-жігері арқылы жүзеге асады. Бұл бағдарламалардың нақты сипаты Еуропа үшін айтарлықтай әртүрлі, яғни қаржыландыру көлемі де әртүрлі [10, 56].

ДЭФ-ы 2007 жылы алғаш ұсынған «Саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индексі» (СТБҚИ) бойынша өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға негізделген маңызды жұмыстың бірі болып табылады.

Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индекстері 1-суретте берілген.

**Сурет 1** – Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индекстері



Ескерту - автор (11, 7) дереккөзі негізінде құрастырған.

ДЭФ-ң баяндамасында аталған барлық факторлар 2017 жылға арналған негізгі 135 ел үшін - саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексі (СТБҚИ) бойынша бірыңғай көрсеткішпен сипатталады.

Туризм - бұл Қазақстан үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Туризм - бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың драйвері, ал 2025 жылға қарай ІЖӨ үлесін 1% -дан 8% -ға дейін арттыруды жоспарланып отыр»[12, 26].

Ұлт жоспары - Елбасының «100 нақты қадам» стратегиясында белгіленген қадамдардың бірі, яғни 57 қадамында, туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторларды тарту [13], кластерлік саясаттың мақсаты мен құралдарына байланысты 2020 жылға дейінгі уақытқа бекітілген Қазақстан Республикасының туристік индустриясын дамыту тұжырымдамасы аясында көрініп, еліміздің аймақтық өзгешеліктеріне байланысты бес кластерлік өңірлерге бөлінуін еліміздің аймақтарында өз тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жобаның шеңберінде Қазақстандағы кластерлік аймақтарды дамыту келесі өңірлерде жүзеге асырылатын болады:

1. Астана - Еуразияның жүрегі; 2. Алматы - Қазақстанның еркін мәдени аймағы; 3. ОҚО - табиғат пен көшпелі мәдениеттің бірлігі; 4. - Алтайдың маржаны; 5. Ұлы Жібек жолын жаңғырту [14, 41].

Туризм әлемдік деңгейдегі маңызды салалардың бірі. Туризм саласын дамыта отырып, ұсынып отырған компоненттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру СТБҚИ арқылы айқындалып, осы арқылы әр елдің позициясы белгіленіп отыр.

Туризмнің бәсекеге қабілеттілігі 14 жеке компоненттер негізінде есептеледі және әр компонент бойынша Қазақстанның позициясы және 2015-2017 жж. аралығындағы әр компонент бойынша өзгерістері берілген. 1-кестеде соңғы 2 жылдағы Қазақстанның саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индекстері (СТБҚИ) бойынша деректері келтірілген.

**1-кесте** – ҚР-ң 2017 жылғы саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индекстері

№	Компоненттер	2017ж. позиция	Индекс тер	2015ж. позиция (индекстер)	Позицияның ауытқуы, 2015-17 жж.
1	Бизнес-Орта	36	4,93	44 (4,71)	+8
2	Қауіпсіздік	58	5,54	72 (5,32)	+14
3	Денсаулық және гигиена	6	6,69	7(6,68)	+1
4	Адами ресурстар және еңбек нарығы	47	4,82	37 (4,83)	-10
5	Ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту	52	4,91	48 (4,74)	- 4
6	Елдің кірісіндегі туризм мен туризмнің басымдылығы	93	4,27	84 (4,38)	- 9
7	Халықаралық ашықтық	113	2,27	124 (1,95)	+11
8	Бағалардың бәсекеге қабілеттілігі	8	5,90	49 (4,92)	+41
9	Экологиялық тұрақтылық	99	3,83	91 (3,84)	- 8
10	Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту	71	2,57	2,54)	+5
11	Жер және порт инфрақұрылымын дамыту	91	2,80	102 (2,85)	+11
12	Туристік инфрақұрылымның дамуы және қызмет көрсетуі	97	3,11	81 (3,81)	- 16
13	Табиғи ресурстар	92	2,55	111 (2,27)	+19
14	Мәдени ресурстар мен іс-сапарлар	75	1,64	101 (1,35)	+26
2017 ж. ТСБҚИ-ң орташа көрсеткіші		67	-	73,4	+ 6,4

Ескерту – автор (15, 7) дереккөзі негізінде құрастырған.

1-кестенің нәтижесі бойынша әрбір компонент үшін оң және теріс өзгерістер байқалады. Әсіресе, 13 компонент «Туризм инфрақұрылымын дамыту» бойынша минус 16-ға төмендеген. Негізгі себептері, туризм

саласына аз қаржының бөлінуі және тиімсіз басқару. СТБҚИ деректері бойынша, барлық компоненттер туристік индустрияның дамуына әсер етеді.

Бірақ, кейбір компоненттер әртүрлі себептерге байланысты артта қалған және де корреляциялық талдау арқылы, қарастырып отырған компоненттердің ықпалын білуге болады. Коэффициенттердің корреляциялық күштерін сипаттайтын Черток шкаласы.


Корреляция коэффициенті  $|rs| < 0,1$  - іс жүзінде ешқандай байланыс жоқ,  $0,1 < |rs| < 0,3$  - әлсіз байланыс,  $0,3 < |rs| < 0,5$  - қалыпты байланыс,  $0,5 < |rs| < 0,7$  - орташа байланыс,  $0,7 < |rs| < 0,9$  - күшті байланыс,  $0,9 < |rs| < 1$  - өте күшті байланыстарын көрсетеді [16, <http://matstats.ru/rang.html>].

Корреляциялық талдаудың нәтижелері бойынша жеке индикаторлар арасында оң байланыс бар, атап айтқанда 2016 жылғы Қазақстанның басты қалалары Алматы және Астанадағы 13, 14 компоненттері арасындағы корреляциялық байланыс өте жоғары, яғни

$r = 1$ -ге тең. 2017 жылғы СТБҚИ-не сәйкес 4,5,6 артта қалып отырған компоненттер бойынша корреляциялық талдаудың нәтижесі бойынша Алматы және Астана қалаларының аталған компоненттерге сәйкес корреляциялық байланысы орташа, яғни  $r = 0,581803$ -ге тең.

2-суреттегі Қазақстан Республикасы 2015-2017 жылдарға арналған СТБҚИ-ң 14 компоненттеріндегі өзгерістер динамикасы берілген.

**2-сурет** - 2015-2017 жж. СТБҚИ-ң 14 компоненті бойынша ҚР-ң көрсеткіштері




Ескерту – автор (17, 34-47) дереккөзі негізінде құрастырылған.

2-суретте ҚР-ң СТБҚИ бойынша бағаланатын 14 компоненттерінің деректері берілген. Кейбір компоненттер К1, К2, К7, К8, К11, К13, К14 бойынша осу орын алады, яғни мұндағы  $\Delta K > 5$ . Теріс көрсеткіштерге тең келесі компоненттер, оларға: К4, К5, К6, К9, К12. Аталған компоненттер артта қалып, елдің туризмдегі бәсекеге қабілеттілігі деңгейін төмендетеді.

2015-2017 жж. ішінде кейбір мемлекеттер өз позициясын СТБҚИ бойынша жоғарылатуға қол жеткізген. 4 кестеде  $K > 10$  шамасында өз рейтингін көтере алған елдер [15, 7] қарастырылады. 2017 жылы СТБҚИ-де өз позицияларын едәуір арттырған елдер қатарына мыналар жатады: Қазақстан +4, РФ +2, Жапония +5, Албания +8, Чад +6, Мексика +8, Үндістан +12, Перу +7, Египет +9, Корея +10, Габон +5, Бутан +9, Алгерия +5, Израиль +8, Вьетнам +8, Тәжікстан +12, Әзірбайжан +13 [15, 5-7].

3-суретте СТБҚИ-і және 2015-2017 жылдардағы рейтингтік өсуді ұлғайта алған елдердің тренд сызығы ұсынылған.

**3 сурет** - 2015-2017 жж. бойынша СТБҚИ-і көрсеткіштерінің айтарлықтай артуы



Ескерту – автором [17, 7] дереккөзі негізінде құрастырған

3-суреттегі деректерден көріп отырғанымыздай, Жапония индексі көшті басқарады, бірақ СТБҚИ-де соңғы 2 жылда жоғары өсім жоқ. Бірақ, барлық елдер туристерді тарту және халықаралық туризмді жандандыру үшін инвестициялық ахуалды қалыптастыруға ұмтылуда.

**Қорытынды.** Саяхатты дамыту және туризм индустриясының ұлттық бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіштерін талдау бойынша СТБҚИ-і көрсеткіштері арасында айтарлықтай байланыс анықталды. Зерттеу барысында, артта қалып, Қазақстанның СТБҚИ-ң кейбір компоненттері үшін мемлекеттік қолдау қажеттігі туындайды, яғни, адам ресурстарына және еңбек нарығына, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

дамытуға, елдің кірісіндегі туризм мен саяхаттың басымдығына, экологиялық тұрақтылыққа және туристік инфрақұрылым мен қызметтерді дамыту компоненттері бойынша.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Porter M. (1998). Clusters and the new economics of competition // Harvard Business Review, P. 77-78.
- 2 Porter M. (1990). Competitive advantage of the nation. // Harvard business review. March- April. P.76
- 3 Global Competitiveness Report, World Economic Forum, (1996). P.240
- 4 Rainer Feurer, Kazem Chaharbaghi. (1994). Defining Competitiveness: A Holistic Approach, Management Decision, Vol.32 Issue: 2, P.49
- 5 Competitiveness of Smes, Sebastian ion Ceptureanu. (2015) // Business excellence and management. Vol.5 issue 2, June
- 6 Всемирная туристская организация. UNWTO. (2016). P.78  
[http://cfcdn.unwto.org/sites/all/files/pdf/annual\\_report\\_2016\\_web\\_0.pdf](http://cfcdn.unwto.org/sites/all/files/pdf/annual_report_2016_web_0.pdf)
- 7 Beni, M. C. Globalização do turismo: megatendências do setor e a realidade brasileira // São Paulo. Aleph. 2003. P.74
- 8 Porter, M. E. (1999) / Competição // (2nd ed.). Rio de Janeiro: Campus. P.230
- 9 Porter M. (2000). Location, Competition and Economic Development: Local Clusters in a Global Economy // Economic Development Quarterly, Feb. Vol. 14 Issue 1, P.15-20.
- 10 Müller, Juliane, Werner, Kirstin, Stein, Ruediger; Fahl, Kirsten, Moros, Matthias, Jansen, Eystein. (2012). P.56. Age determinations, biomarker analyses, and accumulation rates of three sediment cores from the Fram Strait. PANGAEA. / <https://doi.org/10.1594/PANGAEA.779628>
- 11 The Travel & Tourism Competitiveness Report. / WEF. (2017), P.5-7
- 12 UNWTO media, <http://media.unwto.org/press-release/2017-06-27/tourism-and-future-energy-committed-curb-emissions>
- 13 Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. (2015). [http://www.inform.kz/kz/plan-nacii-100-shagov-po-realizacii-pyati-institucionalnyh-reform-n-nazarbaeva\\_a2777943](http://www.inform.kz/kz/plan-nacii-100-shagov-po-realizacii-pyati-institucionalnyh-reform-n-nazarbaeva_a2777943)
- 14 Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года (2014). [http://almatytourism.kz/upload/Files/Koncepciy\\_tourism\\_2020\\_rus.pdf](http://almatytourism.kz/upload/Files/Koncepciy_tourism_2020_rus.pdf)
- 15 The Travel & Tourism Competitiveness Report, 2017, 5-7
- 16 Шкала Чертока. Алгоритм, статистика и теория вероятностей. (2009). <http://matstats.ru/rang.html>
- 17 The Travel & Tourism Competitiveness Report. WEF. (2017). P.34-47

*Молдатаева Л.И., Дуйсембаева А. – М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті*

#### **ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТУРИЗМІН ДАМУДАҒЫ АҚЫРТАСТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан халқына жолдаған кезекті жолдауын: «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» - деп атады. Бұл дегеніміз шын мәнінде өткен жылдың көктемінде жарияланған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы десек те болғандай. Себебі әр адам, әр ұжым, әр мемлекет тұрақты даму үстінде екендігі айқын. Сол жолдаудағы негізгі екі мәселе – саяси реформа және экономикалық жаңғыру жүзеге асырылу үстінде және одан үзінді келтіре кететін болсақ, Елбасы өз жолдауында: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» – деп қадап айтқан.

Осы өзекті мәселенің жалғасы ретінде төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері қарастырылатыны аян. Жалпы рухани жаңғыруды қалай түсінуге тиіспіз? Рухани жаңғыру – біріншіден адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімінің өсуі, жаңа өзгерістерді қабылдай білуі. Дәл осы ғасырда жаңалықтар күн санап емес, тіпті минут, секунд сайын ашылып жатқаны белгілі. Әлемнің жаһандануы, жаңа технологиялардың дамуы және қолданысқа енуі, адамдардың бір бірімен қарым – қатынасы, әлем елдерінің шекараларының ашылып бір – біріне барып келуі, әлемдік дамыған өркениеттің таралуы, туризмнің дамуы т.б.

Елбасының рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынғаны да мәлім. Соның бірі нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында оның құралдарын нығайта отырып, халықтың осы санаттарын кеңінен тарту қажеттілігі екендігі айқын.

Бүгінгі таңда туризм саласы ең тиімді табыс көзі болып табылатыны, экономикалық негізгі және динамикалық салалардың бірі екендігі белгілі. Кейбір деректерге қарағанда дүние жүзі бойынша туризмнен түсетін табыс мұнайдан түсетін табыстан кейін екінші орын алады екен. Көптеген елде туризм жалпы ұлттық өнімнің артуына, қоғамды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуіне, сыртқы сауда байланысының белсендірілуіне өте үлкен ықпал ететіндігі белгілі. Сондықтан Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Жамбыл облысындағы Тараз қаласында туризм саласын дамытуды өзекті мәселе деп қарастыруға болады.

Жамбыл облысы және 2000 жылдық тарихы бар Тараз қаласы Тянь-Шань тауының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, табиғаты көркем, табиғи тарихи ресурстарға бай өлке. Климаты жайлы және жұмсақ, ауасы таза, аса бай табиғи бағалы, сирек, эндемикалық, ерекше өсімдіктер, хайуанаттар әлемі, ғылыми, экономикалық және табиғи туризм үшін тартымды аймақ. Туризм кластерін дамытуға қолайлы өлке. Жамбыл облысы өзінің ерекше, сан түрлі табиғи жануарлар мен өсімдік әлемімен де ерекшеленеді. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандықтан тарихи ескерткіштері көп, бұл ескерткіштер тек Қазақстанның ғана емес әлемдік



мәдениетке туризмнің тарихи-танымдық, экологиялық, спорттық, ғылыми түрлерін танып білуге мүмкіндіктер береді.

Ежелгі қалалардың бірі болып саналатын Тараз жерінде көптеген сан ғасырлық өмірге куә тарихи ескерткіштер бар, олардың негізгілері: Қарахан кесенесі. Кесененің тарихы тым тереңде жатыр. Мемориалдық кешен Айша бибі мен Бабаджа қатын кесенесімен тікелей байланысты сонау қараханиттер дәуірінде бой көтерген. Осы жерде X-XIII ғасырларда керуеннің өтуін жүзеге асыратын тас көпір болған екен. Айшықты – Айша бибі мазары, Төрткүл керуен сарайы, Сыр тұнған – «Ақыртас» сарай кешені, Қарасайдың ұлы Көшек батыр кесенесі, Әбдіқадір мешіті және т.б. сәулетімен тамсандыратын орындар жеткілікті. Ұсынып отырған шағын мақалада «Ақыртас» қалашығының туристерге қандай маңызды мағлұмат беретіндігін атап өтпекпін.

Ақыртас қалашығының тарихы бұдан 140-150 жыл бұрын орыс суретшісі М.С.Знаменскийдің қарындашпен салған понарамалық сызбасынан басталады. Содан бастап мұнда көптеген зерттеушілер, тарихшылар өз пікірлерін жазып келеді және ол туралы П.Лерх, В.Бартольд, В.Каллаур, Г.Пацевич, А.Бернштам, Т.Бәсенов, Л.Маньковская, Т.Сениговалардың еңбектерінен оқуға болады. Кейінгі жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында және академик К.М.Байпақовтың жетекшілігімен жүргізілген кешенді ғылыми-зерттеу мен «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің Қ.Қ.Тұяқбаев басқаратын мұражайландыру жұмыстарының нәтижесінде ғана ашыла бастады. Сондай-ақ

халықаралық зерттеуші Ренато Салонның жетекшілігімен түсірілген кешенді аэрофото арқылы зерттеу қорытындылары да оң нәтиже берді.

Қазіргі зерттеулер Ақыртас ғимараттарының оған жақын 400 метрдей қашықтықтан алынған қызыл құмтас пен ерекше табиғи қасиеті бар қосынды – саздан салынғанын дәлелдеп отыр. Ақыртас кешеніндегі құрылыс қабырғаларының қалыңдығы 3,5 метрден 4 метрге дейін жетеді. Ал ғимарат іргетасының биіктігі 4 метр екен. Бұл кешен құрылысының зәулімділігін айғақтай түссе керек. Ғалымдар сондай-ақ, осы күнге дейін сақталып қалған су құбыры жүйесінің оңтайлы құрылымының нәтижесінде, кешеннің 5-6 шақырым қашықтықтағы тау етегінде тебіндеп жатқан бұлақ суымен қамтамасыз етілгені де ғылыми негізде дәлелдеп берді. Ақыртас қабырғаларының қазіргі кезде сақталған сілемдері 160,146 және 140 метр шамасында. Қабырғалары қалың, ірі тас блоктардан қаланған. Қорғанның оңтүстік және солтүстік қақпалары бар. Тұрғын үйлер ішкі ауланың төңірегіне топтастырыла салынған қызмет көрсететін және шаруаға қажетті бөлмелер кешенінен тұрады екен. Ал енді осынау бірегей тарихи ескерткішке қай кезде назар аударыла бастады деген сауалға келер болсақ, шығыстанушылар, архитекторлар және археологтар оған XIX ғасырдан бастап көңіл бөлген. Ақыртасты 1864 жылы алғашқы рет полковник Черняевтің әскери экспедициясы құрамында жұмыс істеген суретші М.С.Знаменский зерттеп, оның сол кезге дейін сақталып келген, биіктігі 2,5-3 метрді құраған қабырғаларының панорамалық суретін сызып жариялаған. Ал, арғы дәуір құжаттарына көз салсақ, Ақыртас туралы тұңғыш деректерді 1222 жылы даос тақуасы Чань Чунь қалдырған. Ол өзінің жолжазбаларында былай деп хабарлайды: «Жолда бізге тас қала кездесті: тастар қып-қызыл түсті, көне әскери құрылымның іздері бар. Батысқа қарай бағытталған Үлкен аю жұлдызы секілді орналасқан көлемді зираттық үйінділерді көрдік». М.С.Знаменский Ақыртастың алыстан қарағандағы жалпы сұлбасын қағазға түсірумен шектелсе, одан кейінгі кезеңде Ақыртас кешенін В.А. Каллаур, П.И.Лерх, Д.И.Иванов, В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, Н.А.Аристов және Г.И.Пацевич тәрізді өлкетанушылар мен ғалымдар зерттеген. П.И.Лерх кейбір блоктардың жекелеген өлшемдерін жүргізіп, даос тақуасы қалдырған деректермен салыстыра отырып ескерткіштің жалпы сипаттамасын берген. Кешендегі маңызды ғылыми-зерттеулердің бірін геолог Д.Л.Иванов жүргізген. Ол құрылыс пен тас қашалатын орынның жоспарын егжей-тегжейлі сипаттап қана қоймай, қабырға блоктарын суреттеп, Ақыртастың тарихи маңыздылығына өте жоғары баға берген. Ақыртас кешенін зерттеушілер, оның қай дәуірдің туындысы екендігін, құрылыстың нақты арналым – нысанасы неге саятындығын әлі күнге дейін дөп басып, дәлелдей алмай отыр. Мәселен, зерттеуші П.И.Лерх Ақыртас салынып бітпеген будда ғибадатханасы деген болжам айтса, академик В.В.Бартольд несториан ғибадатханасының қалдығы деген тоқтам жасайды. Ал белгілі қазақ сәулетшісі Т.К.Бәсеновтің жазуына қарағанда, Ақыртас құрылысы бітпей қалған зәулім сарайдың іргетасы... 1996 жылғы зерттеулер барысында қазақ және француз мамандары, Ақыртас VIII-XI ғасырларға жататын керуен сарайдың орны болуы мүмкін деген болжам жасаған. Өйткені, құрылыс жобасы Ирак пен Сирия жерлеріндегі орта ғасырлық құрылымдарға өте ұқсас деп болжанған. Соған қарап Ақыртас VIII ғасырдың II жартысында, яғни 751 ж. қарлұқтар мен араб әскерлері Атлаха маңында Қытай әскерлерін талқандап, екі мемлекет арасында бейбіт қатынас орнаған кезде салына бастаған құрылыс болуы бек мүмкін деген жорамал жасалады. Қазақстан тәуелсіз ел атанғаннан кейін, академик К.М.Байпақов бастаған ғылыми топ кең көлемді археологиялық жұмыстарды француз ғалымдарымен бірлесіп жүргізуді қолға алды. Соның нәтижесінде түбегейлі жүргізілген ғылыми-зерттеулер Ақыртас брахман ғибадатханасы немесе несториан монастрі болған деген болжамдарды жоққа шығаруға мүмкіндік берді. Осы жағдай құрылыс VIII ғасырдың ортасынан бұрын салынбағанына ғалымдардың көзін жеткізді. 1998-1999 жылдары Сарай кешенінің жанынан кішігірім керуен-сарай табылды. Кешеннен оңтүстік-батысқа қарай 1 шақырым жердегі биікте, бір-бірінен 50 метрдей қашықтықта орналасқан, бұрыштарында төрт мұнарасы бар қамал және қолбасшының бекінісі (VIII -X ғғ.) орналасқандығы анықталды. Осы арада соңғы кезде Ақыртастың құрылысы мен Мысырдағы Хеопс пирамидасы арасындағы ұқсастыққа тарихшылардың ерекше ден қоя бастағанын да айта кеткеніміз жөн. Мысалы, Мысырдағы ең әйгілі Хеопс пирамидасының, жалпы Гиза аңғарындағы барлық пирамидалардың соғылу тәсілдеріне көз жіберер болсақ, олардың ірі тас блоктары 100 метрден аса биіктікке, құрылыстың іргесіне төгілген құм-топырақтан тұратын жасанды үйінділердің көмегімен бөрене арқылы сүйреп шығарылған дейтін де болжам бар ғой... Аталмыш тәсіл Ақыртас құрылысында да еркін пайдаланылған. Оған куә – алып құрылыстың екі қанатына қолдан тұрғызылған және күні бүгінге дейін сақталып қалған екі жасанды биіктік.



Ақыртас пен Мысыр пирамидалары арасындағы ұқсастық қазақ тарихшылары үшін анау айтқан жаңалық емес[3].

Кешеннің жалпы ауданы 180-205 метрге жуық шаршыны алып жатыр және ішкі-сыртқы қабырғалары да шегенделген тас блоктармен қаланған. Бірақ олар алмағайып заманда көзден таса жерде, құланды жыныстардың астыңғы қабатында көміліп қалып, тек кейінгі қазба жұмыстары кезінде ғана жарыққа шығарылды. Негізінен көлемді төрт бөліктен тұратын Ақыртас сарай кешенін «Шеберлер ауылы», «Хан ордасы», «Құмтас кеніші» және «Ақыртас ғимараты»деуге болады. Әрине өкінішке орай, егемен ел болғанша «Ақыртастың» ХІХ-ғасырдағы ғаламат бейнесі жұтаң қалпында жетті. Ұлы археологтар Картер мен Шлиман жеткен биіктен қарағанда болашақта Ақыртастың да адамзат өркениетінен алар орыны аласа бола қоймас деп ойлаймыз[1].

Өрелі өркениеттің өзгеше өрімі өрелі зерттеуді, кешенді жаңғыртуды талап етеді. Өз өлкемізде жатқан ғажайып жәдігерді насихаттау, қазір қолға алынып жатқан экономикадағы кластерлік жүйенің туризм саласына бағытталған бөліміне Ақыртас сарай кешенін суландыру, жарықтандыру, жол салу дейтін арнайы баптар енгізу қажет. Бұл мәселелер жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті бюджеттің көмегінсіз шешілуі анық. Сәулет өнерінің інжу-маржаны Айша бибі күмбезі тұрған, ұлы дінімізді ұлағатты ділімізге алғаш сіңірген Қарахандар әулетінің қаны мен тері сіңген, қазақ жұртының қара шаңырағы алғаш рет көкке көтерілген қасиетті Әулиеата – Тараз топырағында жатқан Ақыртас кешені де кемел болмысымыздың бір парасы, көшпенділер атанған көшпелі жұртымыздың көркем тарихының бір парағы болатындығы аян.

Осынау құпияға толы «Ақыртас» сарай кешені жанынан тарихи мұраға қызмет ететін, тұңғыш рет облысымызда және арнайы қызмет өкілдері, яғни ғалымдармен зерттеушілерге, шаруашылық сала қызметкерлеріне арналған 2 қабатты «Ақпараттық-ғылыми орталық» салынды. Ғимарат 2012 ж. жоспарға сәйкес толықтай дайындалып, мамыр айында пайдалануға берілді. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде Ақыртас сарай кешені қазіргі таңдағы Жамбыл облысындағы ашық аспан астындағы тұңғыш мұражай статусына иелік ете алатын нысандар қатарына толығымен қосылды деп айтуға болады және Жамбыл облысына келетін туристердің қызығушылығын тудыратын айтулы туризм объектілерінің арасынан алдыңғы қатарлы орынды алатындығы даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. [www.madenimura.kz/kk/culture.../anyzdanzhetkenakyrta/](http://www.madenimura.kz/kk/culture.../anyzdanzhetkenakyrta/)
2. <https://www.qazaquni.kz/2015/11/12/42206.html>
3. <https://egemen.kz/article/akyrta>

*Нарибаев М.К. – д.э.н., профессор Казахстанско-немецкого университета  
Дауренбекова А.А. – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби*

### **ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ПОЯС ШЕЛКОВОГО ПУТИ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

Инициатива «Экономический пояс Шелкового пути» была выдвинута председателем КНР Си Цзиньпином и впервые озвучена им в ходе государственного визита в Республику Казахстан в 2013 году. Как отметил г-н Си Цзиньпин, у Китая и стран Центрально-Азиатского региона (ЦАР) - общая стратегическая цель, которая заключается в стабильном развитии экономики, процветании и могуществе государств. Он подчеркнул, что необходимо «всесторонне укреплять практическое взаимодействие» и «конвертировать преимущества политического диалога, географической близости и экономической взаимодополняемости в преимущества сотрудничества, устойчивого роста, создания общности интересов на основе взаимной выгоды и общего выигрыша» [1].

Глава Китая призвал применять на пространстве Евразии новые модели сотрудничества, общими усилиями формировать «Экономический пояс Шелкового пути» (ЭПШП) и предложил ряд таких необходимых мер, как: политическая координация, взаимосвязь инфраструктуры, бесперебойная торговля, свободное передвижение капитала и укрепление близости между народами.

Как отмечает известный эксперт А.Нурсейтов, эта идея «вызвала мощный резонанс не только среди политиков и политологов, но и в сообществе экономистов и экспертов, поскольку лидер Китая впервые выдвинул внешнеполитическую инициативу, влияющую на перспективы экономического развития целого континента – Евразии» [2].

Инициатива ЭПШП преследует три стратегические цели:

- расширение международной и региональной торговли;
- создание международных транспортных коридоров из Китая в Европу и Ближний Восток через территорию Центральной Азии, включая Казахстан;
- наращивание экономического присутствия Китая в Центральной Азии в качестве стратегического партнера.

Для достижения указанных целей ключевыми задачами Китай определил:

- развитие торгово-экономического сотрудничества, снятие многочисленных барьеров и ограничений в международной и взаимной торговле, создание благоприятного климата для притока инвестиций;
- построение евразийской трансконтинентальной сети железных и автомобильных дорог, позволяющей гибко использовать международные транспортные коридоры;
- комплексное углубление торгово-экономических и транспортно-логистических связей Китая со странами, расположенными вдоль Шелкового пути, прежде всего со странами Центральной Азии;

➤ соединение всех звеньев Великого Шелкового пути с помощью передовых транспортно-инфраструктурных и коммуникационных сетей, а также развития системы трубопроводов;

➤ расширение экспорта китайских товаров, по которым Китай располагает избыточными производственными мощностями внутри страны, в первую очередь, в своих западных провинциях (перепроизводство стали, алюминия, фотоэлектрического оборудования, ветровых генераторов и т.д.);

➤ ведение взаиморасчетов между участниками Шелкового пути с использованием различных валют [2].

Долгосрочный и концептуальный характер инициативы подтверждает тот факт, что в марте 2015 года по поручению Госсовета КНР был выпущен документ «Прекрасные перспективы и практические действия по совместному созданию Экономического пояса Шелкового пути и Морского Шелкового пути XXI века», направленный на реализацию стратегической концепции «Один пояс—один путь», в которой были объединены ЭПШП и Морской Шелковый путь (МШП).

В документе отмечается, что проект «Один пояс—один путь» является открытым для всех стран, международных и региональных организаций, а также создает основу для экономического сотрудничества КНР с заинтересованными странами[3].

Предполагается, что основные маршруты ЭПШП будут проходить из Китая:

—через Центральную Азию, Россию до Европы (до Балтийского моря);

—через ЦАР и Западную Азию к Персидскому заливу и Средиземному морю;

—в Юго-Восточную Азию, Южную Азию, к Индийскому океану [3].

В качестве важнейшего фактора расширения сотрудничества в регионе названо взаимодействие таких многосторонних организаций и механизмов, как: ШОС, Китай-АСЕАН (формат«10+1»), Азиатско-Тихоокеанское экономическое сотрудничество (АТЭС), Форум «Азия—Европа» (АСЕМ), Диалог по сотрудничеству в Азии, СВМДА, Форум китайско-арабского сотрудничества, Диалог Китай—Совет сотрудничества арабских государств Персидского залива (Китай-ССАГПЗ), Экономическое сотрудничество Субрегиона Большого Меконга (СБМ).

Инициатива ЭПШП рассчитана на несколько ближайших десятилетий, в настоящее время она, скорее, представляет собой один из векторов в продвижении Китая к новой роли глобальной державы.

В дальнейшем планируется создание семи «поясов»:

- транспортного,
- энергетического,
- торгового,
- информационного,
- научно-технического,
- аграрного,
- туристического.

В результате это должно привести к созданию масштабной зоны свободной торговли от северо-западных провинций Китая, Центральной Азии до Центральной и Восточной Европы. На этой огромной территории проживает около трех миллиардов человек.

В целях финансирования проектов концепции «Один пояс—один путь», в 2014 году в Китае были созданы два новых финансовых института, такие как Азиатский банк инфраструктурных инвестиций (АБИИ) и Фонд Шелкового пути (ФШП). Целью АБИИ является финансирование крупных инфраструктурных проектов стран-учредителей банка и содействие их экономическому развитию. К приоритетным направлениям его деятельности относятся: энергетика; транспорт и логистика; городская и сельская инфраструктура.

На сегодняшний день в число учредителей банка входят 57 стран (37 азиатских и 20 других стран). 29 июня 2015 года было подписано соглашение о создании банка. 16 января 2016 года АБИИ с капиталом в размере 100 миллиардов долларов начал свою работу. Пятерку крупнейших соучредителей по объему вложений составили Китай, Индия, Россия, Германия и Республика Корея.

ФШП был зарегистрирован в Пекине в 2014 году и начал функционировать с февраля 2015 года. Общий капитал ФШП, как предполагается, составил 40 миллиардов долларов. Цели ФШП состоят в превращении огромного региона Центральной Евразии в один из мировых центров экономического роста и глобального влияния, содействии реализации выдвинутых Китаем стратегических инициатив ЭПШП и МШП. В связи с этим ФШП осуществляет: финансирование развития инфраструктуры в целях стимулирования бизнеса на пространстве Великого Шелкового пути, финансирование разработки природных ресурсов, сотрудничество в сфере промышленности финансов.

Весь капитал Фонда принадлежит Китаю, а основными источниками финансирования являются Государственная администрация иностранной валюты Китая (65%), Китайская Инвестиционная Корпорация (15%), Экспортно-импортный банк Китая (15%) и Банк развития Китая (5%). В дальнейшем Фонд будет привлекать институциональных инвесторов из других стран, готовых осуществлять долгосрочные инвестиции.

Китай планирует выделить из ФШП средства на строительство автомобильных, железных дорог и аэропортов на протяжении Великого Шелкового пути. По экспертным оценкам, ФШП может стать аналогом инвестиционного подразделения Всемирного банка и Африканского фонда развития [2].

Следует особо отметить, что инициатива ЭПШП встретила позитивный отклик в странах Центральной Азии, в особенности в Казахстане. Наша страна напрямую участвует в трех направлениях Евразийского трансконтинентального коридора ЭПШП:

- Китай—Казахстан—Россия—Европа, с выходом к Балтийскому морю;

• Китай–Казахстан–Азербайджан–Грузия–Турция–Европа, в рамках программы TRASECA, с выходом к Черному и Средиземному морям;

• Китай–Казахстан–Туркменистан–Иран–Пакистан, с выходом к Персидскому заливу и Индийскому океану.

Казахстан участвует в пяти из шести возможных маршрутов и готов взаимодействовать в таких сферах, как экономика, коммуникации, культурно-гуманитарная сфера.

9	qamuq balıq(q)a tägdım, qunladım, altım. süsin kälti. qarasin yıydım, bägi qačdı ... - y är(ti. tabyač bodun ..... (toqıdım, yıydım, basdım, yaydım) .....	Мен көп қалаға шабуыл жасадым, Кегменді алдым, бағындырдым. Жасақтары келді. Қара халқын жыйнадым, бектері қашып кетті .... Табғаш халқы ... соғыстым, жыйнадым, басып алдым, жойдым . ... бұзылғанша...
10	kälir ärtimiz . ekin ara atig yañı bolmis . tägmäči män teyin saqıntım . täñri bilgä qağanqa (taqı isig kücüñ bersäğim bar ärmis ärinč . tägdükün üçün ..... sančdım . äbkä tägdüküm , uruñ qılıp	келген едік. Екі арадағы Атіктер жауымыз болды. (бастапта) оларға тимейін деп ойладым. Тәңірі Білге қағанға тағы ісімді, күшімді берсем деп ойладым. Тийіскендігі үшін ... шаншыдым. Сол соғыстан соң, үйге қайттым
11	täğip inimä oyluma anča ötlädim : qañ yorip el teris qağanqa adrılmađuq . täñri bilgä qağanta adrılmalım , azmalım teyin anča ötlädim . kerübarıyma bardı . bilgä qağanıñ bodunı – äliiri bardı . ögän atqa isig küçäñ berti .	(жауға) тийістім, інілеріме, ұлдарыма былайша нәсихат айттым: «Қан көріп, Елтеріс қағаннан айрылмадық, Тәңірі Білге қағаннан айрылмадым. Біз азбайық» — деп, оларға ақыл айттым. Қайтқандар қайтты, Білге қағанның халқы ... барды. Оның атағы үшін ісін, күшін берді.
12	üzä täñri qoñ yılqa yetinč ay ay küclüñ alp qağanımda	үстімізде тәңір бар, қой жылы жетінші айда,

	adrılı bardīñiz. bilgä atačim , yoıuı qoıayıñni qo(rad)im. (su)b yer tãñri .....kirür ärti.	сендер күшті, алып қағандарыңнан айрылдындар. Білге (дана) аташым, мен сенің артыңды жөнелтіп, қабырыңды тұрғыздым. Су мен жер тәңірі ... қарайтын еді.
<b>Оңтүстікке қараған бетінің үстіңгі жағына жазылған жазулар</b>		
13	(atačim)qa bitig t(ašiy)	Аташымға жазулы құлпытас
14	(toqıt)dim . bāñigü	тоқыттым. Мәңгі
15	(tašiy ? urtu)m . ) atačim	тас қашаттым . Аташым
16	(bil)gä at(ači)m , (lü)	Білге (дана) аташым, (құлпытасы) ұлу
17	(yılqa) bit(idim?)	жылы бітірдім
18	(kölü)g är, ädgü q(an?)	даңықты ер , ізгі хан
19	atačim ölti	аташым өлді
<b>Бақатастағы жазу</b>		
20	(i)sbara tarqan balbalı	Шыбара тарқан балбалы

### Түсініктер:

1. Құлпытас мәтіні мынадай үш бөлімге бөлінеді: Бірінші бөлім, бірінші жолдан үшінші жолға дейін, құлпытастың беташары болып, онда алғашқы түркі қағандығының құрылуы мен жойылуы, ата-бабаларының ұлы еңбектері жәйлі тарихи жыр баяндалады. Екінші бөлім , төртінші жолдан он бірінші жолға дейін, онда бір әулет үш ұрпақ адамдарының береке бірлігі, елге, қағанға болған адалдығы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан жауынгерлік рухы, соңғы түрік қағандығын қорғау жолындағы ерен еңбегі, жанкешті жорықтары баяндалады. Бұл бөлім мынадай үш мазмұннан құралады: Бірінші мазмұнда, Білге Шыбара Тамған Тарқанның (bilgä işbara tamğan tarqan) қайда есейіп-ержеткені, кімнің ұлы, кімнің інісі, өзінің ныспысының кім екені, бір әулеттен тараған ерлердің жалпы саны егжей-тегжей баяндалады. Екінші мазмұнда, Білге Шыбара Тамған Тарқанның әкесінің Тәңірқанды ие тұтып, бір әулетке бас болып, жасаған ерлік жорықтары баяндалады. Үшінші мазмұнда, Білге Шыбара Тамған Тарқанның сол әулетке өзі бас болып, інілерін, балаларын бастап жасаған ерлік жорықтары, оларға айтқан ақыл-нәсихаттары баяндалады. Үшінші бөлім , он екінші жолдан соңына дейін, белгісіз қағанның қайтыс болуы, баласының әкесіне арнап құлпытас тұрғызуы баяндалады.

2. «Онгін құлпытасындағы» ең басты орфографиялық ерекшелік етістіктің өткен шағының тіл арты (жуан) дауысты дыбысқа біткен варянты -мыш (-mīš) тың -мыс (-mīs) болып жазылуынан көрінеді. Сондай-ақ басқа ш (š) қолданылатын орындарда ш (š) орнына с (s) қолданылады. Дүниедегі түркі тілдері ш (š) мен с (s) ны өлшем етіп, ш (š) тілдер тобы және с (s) тілдер тобы болып екі топқа бөлінеді. Мысалы, Қазақ тіді с (s) тілдер тобына, Ұйғыр тілі ш (š) тілдер тобына жатады т. б .

3. el teris: мағынасы — халықтың, елдің басын біріктіру. el etimis: мағынасы — елді оңау.

4. isbara tamğan čor yabū — Бұл сөзді Малов isbara tamğan čor yoıa деп оқыса , Клаусон isvara tamğan čor yabū деп оқиды .

5. aumaylıū — Бұл сөздің дәстүрлі жазылуы умуїліū болып, Радылов, Маловтар «барлығы» деген мағынаны білдіреді дейді. Бұл арада Клаусонның таңбалап, оқыуы қолданылған.

6 . 5 – 6 жолдарда кездесетін atig атауы үнемі Оғыз тайпасының есімімен бірге қолданылады, сол себепті Оғыздардың бір тайпасы деп жорамалдауға болады, бірақ қазірге дейін нақтылы дерек жоқ.

7. bat сөзі «Түркі тілдер сөздігінде» (1 том, 319 беттерінде) шылан қоймалжыңын көрсетеді делінген.

8 . bersäg — ber — түбір , - sä — тілек мағынасын білдіретін қосымша , - g — тұйық етістіктің қосымшасы .

9 . kerü — Дазы мырза ilgägü деп (алға) деп оқиды.

10. «киелі» сөзін Клаусон ögän деп оқиды, бірақ аудармасын бермейді, Талат Текін ülgän деп оқиды, әрі «үлкен, ұлы» деп аударды.

11. Гың шымин мырза құлпытас мәтіні жәйлі мынадай пікір айтады: М . Добыровтің пікіріне негізделгенде, бұл құлпытаста бір семьядан тараған үш ұрпақ төрт адамның іс-іздері баяндалған (Клаусон айтқандай екі ұрпақ емес). Бірінші ұрпақ уакілі Ел Етмыс ябғу (el etmis yabū). Екінші ұрпақ уакілі өлуші және оның інісі. Үшінші ұрпақ уакілі өлушінің баласы, бірақ құлпытас мәтінде оның есімі ауызға алынбаған дейді. Біздің пікірімізше бұл қате. Өйткені, «Жаңа Таңнамаға» негізделгенде, соңғы түрік қағандығын құрушы Құтлық қаған аталғаннан кейін, інісі Бөгүге шор мәнсабын, тағы бір інісі Дуошипқа ябғу мәнсабын береді. Сондықтан бұл жерде айтылып отырған Ел Етмыс ябғуны (el etmis yabū) мен Дуошип бір адам болуы мүмкін. Клаусонның 12 жолда кезігетін қой жылын (731 жыл) оқы дұрыс болса, онда 10 - 11жолдардағы bilgä қауан әйгілі Білге қағанды көрсетеді. Соңында ол ортаға қойған bilgä қауан Білге қағанның ұлы bilgä qutluq қауан (Таң қандығы Теңрі қаған tãñri қауан деп нам берген) Теңлі қаған болып шығады. Олай болғанда ол ең соңында аталатын ұлу жылымен (731 жыл) сай келеді. Қортынды, «Онгін құлпытасы» Ашына әулетінің бір мүшесінің құрыметіне арнап орнатылған, орнатылған уақыты 740 жыл, әрі түрік қағандығына тәуелді ең соңғы орнатылған құлпытас.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Гың шымін «Ежелгі түркі тіліндегі құлпытастар», Орталық ұлыттар унтерситетінің баспасы, Пекін, 2005 жыл.

2. Шинжаң қоғамдық ғылымдар академиясы «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер » (2 кітап) , Ұлыттар баспасы, Пекін, 2003 жыл.

3.Шүе зонжың «Түркілерге қатысты сирек кезігетін тарихи мәтериялдар топтамы», Шинжаң халық



баспасы, Үрімжі, 2005 жыл.

4. Шүи лілі «Түркілердің көші – қон тарихы», Ұлыттар баспасы, Пекин, 2009 жыл.

5. Әбдісалам Үшкір «Ежелгі Түркі құлпытастарына әдеби зерттеу» (докторлық диссертация), Орталық ұлттар университеті, Пекин, 2009 жыл.

6. Тоқболат Еңсегенұлы «Көне түркі руна жазба поэзиясы», Білім баспасы, Алматы, 2008 жыл.

*Juzbayeva Dina – University of Bucharest Faculty of Political Science Master's Degree*

### **FEATURES OF GLOBALIZATION IN THE MODERN WORLD**

The concept of globalization has become a part of modern vocabulary and is used to explain the changes taking place in various spheres of human activity.

Globalization is understood as a process aimed at creating integral cultural, informational, economic and other spaces. Globalization is a complex, ever-expanding process in which more and more elements are involved. Various states, territories, societies enter into it. The process of globalization is a new stage of the development of humankind, a new form of the existence of the society. Globalization is a phenomenon of modern life.

The term “globalization” was introduced into the scientific world in the 1960s. However, only towards the end of the 1990s it acquired a real meaningful fullness, since it was at the time when qualitative changes took place in modern societies that contributed to the filling of the concept of “globalization” and it became deeply pithy.

The question of the origin of globalization is rather controversial as many scientists attribute the beginning of this phenomenon to ancient times, and some do to the discovery of the New World. Considering the emergence of the phenomenon of globalization in historical time, V.M. Rozin suggests that the beginning of the process of globalization should be investigated from the formation of ancient kingdoms, which was accompanied by the absorption of primitive tribes of the V-IV millennium BC<sup>18</sup>. Therefore, the emergence of current new types of social institutions, the emergence and growth of the influence of new information technologies, new forms of economic management are a new stage of the already existing globalization process.

The most important factor accelerating the process of globalization is the level of technological development. It is the development of technologies and the formation of open access to various information that avoids the temporary downtime inherent in earlier processes. This contributes to the creation of an information global society, unlimited to individual states. The activity of the process of globalization is connected with the level of development of science and technology, which inevitably leads to the inequality of its participants, since their potential is different, because it directly depends on the state of societies as a whole. It is no accident that J. Ortega y Gasset wrote earlier: “We are, in fact, confronted with a radical innovation in human destiny, implanted by the 19th century. A new stage has been mounted for human existence... Three principles have made possible this new world: liberal democracy, scientific experiment and industrialism. The two latter may be summed up in one word: technicism”<sup>19</sup>. But scientific, technological, and also economic development is uneven. There are leading countries with developed economies (most often Western countries), dictating conditions to “backward” (“third world” countries). Globalization “creates a club of countries-champions. This is a club of selected countries”<sup>20</sup>. There are countries with catching up economies, the participants in the process of globalization are initially in an unequal position. This is one of the negative characteristics of the globalization process. Unfortunately, it is far from being the only one.

Considering globalization as a multilevel spatio-temporal process, a number of researchers (S. Hoffman, P. Malinovsky) agree that it is structurally developing in three dimensions: economic, cultural and political.

Economists see the essence of globalization in shaping the world economy of a new type, and accentuate the study of such problems as the formation of a new global financial system, the formation of global multinational companies, etc. By the way, the main popularizer of the term “globalization” was the consultant of the Harvard Business School K. Ohme<sup>21</sup>.

Scholars of international relations and political scientists emphasize the acceleration of transnationalization and the intensification of transnationalization processes and the intensification of the processes of interdependence of countries; the role of the UN, OSCE, and other international and regional organizations on the formation of a new international order and the integration of large spaces.

Sociologists and culturologists study problems connected with the influence of universalization of culture, its hybridization on the way of life of people in different countries and regions. French scientist E. Perrot believes that globalization is “a process of integration of various cultures into a uniform market logic”<sup>22</sup>. The idea that globalization erases both cultural differences, as well as national and religious ones is emphasized, and “the whole world is engaged in the production and consumption of the output of the economy”<sup>23</sup>.

---

<sup>18</sup>ROZIN, Vadim, *Global processes and problems of modernity as evidence of the emergence of a new type of sociality*, Materials of the seminar of the Global World club.–Moscow, 2003, pp. 71-80

<sup>19</sup> ORTEGA Y GASSET, Jose, *The Revolt of the Masses*, Moscow, AST, 2003, p. 65

<sup>20</sup>Ibidem, p. 65

<sup>21</sup> FEDOTOVA, Valentina, *Modernization and globalization: the patterns of Russia in the XXI century* (Модернизация и глобализация: образы России в XXI веке), Moscow, 2002, p. 131

<sup>22</sup> BEISENOVA, Gulzhan, *Problems of globalization and identity* (Проблемы глобализации и идентичности), Almaty, Print-S, 2009, p. 11

<sup>23</sup> Ibid., p. 23

But there can be argued with the opinion of S. Hoffman and P. Malinovsky where globalization is also developing in other spheres.

Geographers and regionalists identify the role of large metropolitan cities as “economic archipelagos”, their role has become a cultural issue affecting the portrait of a modern resident of a major city and his mentality.

Studying the phenomena of technoglobalism, specialists of technical sciences reveal the consequences of revolutionary changes in the sphere of telecommunications, the use of the potential of the Internet and the transformation of all people into the inhabitants of a large and unified “planetary village”<sup>24</sup>.

Environmentalists believe that globalization has also affected the protection of the environment, it is an area where tasks cannot be achieved by the forces of one country, but only by one global society. Within the framework of international cooperation, there are such independent organizations as Greenpeace, Bellona, WWF and others.

Philosophers are most actively involved in the process of understanding the phenomenon of globalization. The object of their research is the problems associated with the universalization of human values.

Thus, such a complex and multifaceted phenomenon as globalization is explored simultaneously by many sciences. But each of them has its own conceptual language, its methodology, its own set of terms.

The cultural aspects of globalization in world science have been studied comprehensively. A significant contribution to the study of this issue was made by I. Wallerstein, M. Waters, E. Toffler, W. Beck, Z. Brzezinski, F. Fukuyama, S. Huntington, G. Kissinger, M. G. Delyagin, A.C. Panarin, A.I. Kostin, V.L. Inozemtsev, A.I. Neklessa, A.I. Utkin, I.A. Vasilenko, A.M. Kovalev, K.S. Hajiyev, M.M. Lebedev and others.

According to the Australian sociologist M. Waters, based on the globalizing world, a new reality is being formed, independent of territorial boundaries, political and economic relations between countries, national interests, etc. The new world, he claims, will represent a single society, a single culture: there will be a voluntary integration of cultures into the universal culture. Globalization “replaces culture itself with its civilizational simulacrum (industrially produced by mass culture) and in general cannot be finally realized without the value decomposition of culture”<sup>25</sup>. Thus, there is a unification of culture and there is a tendency to adopt Western values for its single model (the concept of “westernization”). This does not meet the interests and aspirations of other participants in the globalization process. It is about “the strongest test for national cultural identity”<sup>26</sup>. Unification of cultures is the creation of a popular mass culture responding to the requests of the “average” majority, is no longer a culture in an original, essential understanding. It is a culture of consumption that creates new values and inculcates them using information and PR technologies.

Bibliography:

▪ **Primary sources**

— FEDOTOVA, Valentina, *Modernization and globalization: the patterns of Russia in the XXI century (Модернизация и глобализация: образы России в XXI веке)*, Litres, Moscow, 2002, p. 131

— BEISENOVA, Gulzhan, *Problems of globalization and identity (Проблемы глобализации и идентичности)*, Print-S, Almaty, 2009, p. 11

— ROZIN, Vadim, *Global processes and problems of modernity as evidence of the emergence of a new type of sociality*

(*Глобальные процессы и проблемы современности как свидетельство становления нового типа социальности*), Materials of the seminar of the Global World club, Moscow, 2003, pp. 71-80

— ORTEGA Y GASSET, Jose, *The Revolt of the Masses (Восстание масс)*, AST, Moscow, 2003, p. 65

▪ **Secondary sources**

— SHEVCHENKO, Vladimir, *The destiny of a state in the era of globalization (Судьба государства в эпоху глобализации)*, IF RAN, Moscow, 2005, p. 17

— SAMONVALOVA, Vera, *Culture, civilization, globalization (Культура, цивилизация, глобализация)*, Materials of the seminar of the Global World club, Moscow, 2003, p. 58

*Жарылгапов Ж.Ж. – ф.э.д., профессор Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

**ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әдебиеттанудың библиография, мәтінтану, деректану сияқты қосалқы салалары бар да, әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны тәрізді негізгі салалары бар. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысы әрі орталығы – әдебиет тарихи фактілерді, олардың байланысын зерттеумен айналысатын – әдебиеттің тарихы пәні. Ал әдебиет теориясы әдебиет тарихы қол жеткізген нәтижелерді қорытумен, көркем шығармашылықтағы жалпы заңдылықтарды тексерумен айналысады. Бұл әдебиет теориясының іргелі ғылыми пәндердің қатарына жататынына күман туғызбайды. Өйткені теориялық әдебиеттану әдебиеттің өнердің бір түрі ретіндегі табиғатын кең ауқымда қорыту үшін қажет.

Әдебиет теориясындаталасты тартысты пікірлер мен қайшылықты көзқарастар болуы заңды. Теориялық ой-пікірлердегі таластар әр кезеңнің тарихи-мәдени жағдайлары мен әдебиеттанушылардың дүниетанымдық

<sup>24</sup>SHEVCHENKO, Vladimir, *The destiny of a state in the era of globalization (Судьба государства в эпоху глобализации)*, IF RAN, 2005, Moscow, p. 17

<sup>25</sup>SAMONVALOVA, Vera, *Culture, civilization, globalization (Культура, цивилизация, глобализация)*, Materials of the seminar of the Global World club.–Moscow, 2003, p. 58

<sup>26</sup>FEDOTOVA, Valentina, *Modernization and globalization: the patterns of Russia in the XXI century (Модернизация и глобализация: образы России в XXI веке)*, Moscow, 2002, p. 131

қырларына байланысты. Бұл нені көрсетеді? Бұл әдебиеттің барлық дәуіріне жарай беретін қатып қалған теорияның болмайтынын көрсетеді. Әдебиет теориясы жаңа кезең бастамаларына сәйкес өзіне дейінгі теориялық қағидаларды мансұқтап та отырады. Осы уақытқа дейін әдебиет теориясының ең негізгі күші сөз өнерін бағыттағыштығында деп келдік. Ол маркстік-лениндік әдіснамамен бірге көкейкестілігін де жоғалтты. Яғни белгілі бір бағыттағы, белгілі бір тұрпаттағы шығармашылыққа лобби жасау (кеңестік тұста ол социалистік реализм болатын) қисынға келе бермейтінін өмірдің өзі дәлелдеп беріп отыр. Бүгінгі әдебиет теориясы ырықсыз бағыттаушылықтан іргесін аулақтатып, әр алуан концепцияларға жол ашуы тиіс. Бұл бірнеше ғылыми мектептердің қалыптасуына, зерттеу әдістемелерінің алуан түрлілігіне бастары сөзсіз.

Ұлттық әдебиеттануда әдебиет теориясын жеке ілім ретінде қарастырған А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиетінің тек өзіне тән даму ерекшеліктерінен туындатты. Байтұрсынов қисындаған теориялар мен терминдер ұлттық көркемдік таным мен қазаққа тән көркем ойлау сипаттарына негізделді. Бұл саладағы Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940), З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) тәрізді теориялық еңбектер өз заманының сұранысына сай біраз уақыт қажеттілігімізді өтеген іргелі дүниелер. Алайда бұл еңбектердегі теориялық мәселелер Еуропа елдерінің әдебиеті мысалдары бойынша жасалғанын үнемі қаперден шығармауымыз керек. Әлі күнге дейін әдебиет теориясын оқытуда осы еңбектерге сүйеніп келеміз. Ең бертінде жазылды деген К. Ахметовтың «Әдебиеттану әліппесі» (2000) кітабында да ұлттық фактілердің қамтылуы жетімсіз.

Кеңестік дәуірдегі әдеби категориялар төңірегінде өрістеген теориялық ой-пікір Франция, Италия, Германия, Испания, Ұлыбритания, Ресей елдеріндегі көркемдік дамудың мысалдарына әсіре жүгініп отырды. Біле білсек, Еуропалық әдебиет теориясы образ, сюжет, стиль, әдеби ағым, бағыт т.б. ұғымдардың бізде пайда болған классикалық түрлері бар да, олардың басқа елдердің әдебиетіне таралған аналогтары немесе ұқсас құбылыстары бар деп үйретіп келді. Мысалы орыс әдебиеттанушылары әдеби бағыт мәселесіне келгенде өздеріндегі бағыттарды «классикалық» деп, еуропалық емес, яғни әдебиеті өзіндік, бөлек сатымен дамыған елдердегіні «типологиялық ұқсас» бағыттар деп шектейді. Әрине Кезінде, Волков, Пospelовтар ұсынған «әдебиеттегі қайталанушылық» теориясының да негізі бар екенін, қазақ әдебиетінің дәстүрлі дидактикадан, өлең құрылысының фольклорлық қалыпты формаларынан, ортағасырлық шығыс классикалық поэзиясының әсерінен бірте-бірте батысеуропалық әдебиетке, әлемдік классикаға жақындасу арқылы драма, прозаның эпикалық формалары сияқты жанрлардың дүниеге келуіндегі «әдеби алмасулардың» болғанын ұмытпаймыз. Оны А. Байтұрсынов та айналып өтпеген. Ол Еуропадан ауысып келген және келуі мүмкін әдеби құбылыстардың сырын ашу қажет деп санаған. «...Бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған, Еуропадағы басқа жұрт алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Еуропадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз», - дейді [1, 144].

Алайда, әлемдік әдебиеттегі белгілі бір көркемдік-эстетикалық құбылыстар ұлттық топыраққа келіп орныққанда сол ұлттың тарихи-мәдени ерекшеліктеріне, әдебиетіндегі дәстүрлік негіздерге сай синтезделеді. Сондықтан да ондай құбылыстарды ұлттық әдебиетімізден таза күйінде кездестіреміз деу қателік болып шығар еді. Біз адамзаттың көркемдік дамуы мен ұлттық әдебиет арасындағы байқалмай қалмайтын ортақ сипаттарды әдеби дамудың жалпы заңдылықтарына жатқызғанымызбен, ұлт тарихындағы, қоғамдық санадағы ерекшеліктерді, әдеби-мәдени дәстүр өзгешеліктерін үнемі естен шығармағанымыз игі.

М. Жұмабаев шығармашылығының мысалында қазақ топырағындағы романтизм әдісінің эволюциясын зерттеген әдебиеттанушы Е. Тілешовтың: «...әдебиеттану ғылымымыздың әдеби бағыт, ағым, көркемдік әдіс, стиль мәселесінде әлі де кенже қалып отырғанын айтуға тиіспіз. Осындай күрделі мәселелерді көрсете алған бірде-бір теориялық еңбектің жоқтығы, ал жоғарғы оқу орындарына арналған «Әдебиет теориясы» оқулықтарындағы мәліметтерге өте аз орын берілуі және олардың өзі негізінен дайын тұрған орыс әдебиетінің мысалымен түсіндірілуі мәселені шешпек түгілі, шешуге де ұмтылмайтынын жасыруға болмайды», - дегеніне келісуге тура келеді [2, 28]

Әдебиет теориясы ұлттық ерекшеліктерге сай бағамдалып, тың терминдермен пайымдау А. Байтұрсыновтан кейін тарихи-саяси ахуалға сәйкес тиялып қалғаны белгілі. Академик З. Қабдолов «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік...» дейді. Ол арнау өлеңдер туралы қисындарын саралай келіп «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнаулы әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекені сілтеме жасауға мәжбүр болдық», - деп жазады [3]. Бұлай мойындау нағыз ғұламаға тән азаматтық, керек десеңіз Ахан алдындағы арылу сынды. Теориялық толғамдарды қазақ әдебиетінің өзіндік даму теориясына орайластыру Е. Ысмайыловтың жоғарыда атаған еңбегінде біршама жалғасын тапқанымен, оның да тағдыры шырғалаңға айналып кетті.

Маркстік-лениндік әдіснама тың пайымдауларға негізделген әлемдік теориялық еңбектермен танысуға толық мүмкіндік бермеді. Уоллек пен Уореннің осы саладағы еңбегі жетпісінші жылдардың аяғында ғана бізге жетті. Ал сол кезде әлем герменевтикалық, семиотикалық, фрейдистік, психо-аналитикалық, интуитивистік, структуралистік мектептердің жемісін көріп отырған еді. Қайта «жылымық» кезеңдегі салыстырмалы тұрғыдағы еркіндік бізге мифологиялық, әдеби-тарихи, биографиялық, компаративистік мектептердің өрістеуіне жол салды.

Ақыры маркстік-лениндік әдіснаманы айтқан соң мына жайтқа да тоқтала кету керек. Қазіргі таңда Алаш қайраткерлерінің шығармашылығы аса ыждаһатпен зерттелеуде. Ал осы тенденция соцреализмді ұстанған шығармашыл тұлғаларды екінші кезекке ысыруда. Ал осы екі бағытты ұстанған қаламгерлерді дихотомиялық

тұрғыдан, яғни қос жарып бір-біріне қарсылықта қарастыру әдеби үдеріс заңдылықтарына тұтастай баға беруге кедергілерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да тоталитарлық жүйе эстетикасының теориялық негіздері тұрасында нақты тұжырымдар қажет.

Қазір социалистік реализмді мансұқтау оңай. Алайда әдісті маркстік-лениндік идеяларға ешқандай шұбасыз қараған қоғамның ойлап тапқан категориясы ретінде біржақты айыптай беруден гөрі (әрине оның догмалық постулаттарын ұмытпаймыз) оның реализм теориясынан қаншалықты жырақ кеткенін немесе классикалық реализм талаптарымен қаншалықты жанаса алған тұстарын сараптап көруіміз керек. Нағыз соцреалистер кімдер еді? Социалистік реализм көкейкестілігінен мүлде айрылған, енді біржола тарих қойнауына кеткен, қайтып оралмайтын құбылыс па? Әлде классицистік идеалдарға негізделген саяси генезистегі эклектикалық кездейсоқ дүние ме?

Ұлттық әдебиетімізде соцреализмнің әдебиеттің халықтығы, партиялылығы, таптығы, тарихи оптимизм, социалистік гуманизм, интернационализм сияқты қағидалары жүзеге асқан әр түрлі деңгейдегі шығармалар дүниеге келді. Академик С. Қирабаевтың «Жасырмай айтсақ, біздің бүгінгі профессионалды, әлемге танылған әдебиетіміз – сол жылдардың жемісі. Сол жылдар әдебиет жанрларын байытып, жетілдірді», – деген байламына келіспеуге болмайды [4,12]. Соцреализм бағытындағы ұлт әдебиеті өкілдерін айтпағанның өзінде Томас Мор, Кампанелла, Сен-Симон, Фурье, Оуэн, М. Горький, А. Серафимович, А. Фадеев т.б. утопиялық болса да тарихи прогресті көкседі. Бұлардың әлемдік мәдениетте ірі бағыт болған классицизммен де үйлесетін тұстары болды. Зерттеуші Б. Майтанов: «Ойлап қарасақ, «сыншыл» реализм де, «социалистік» реализм де, ең озық үлгілеріне үңілсек, бір реализм. Ал «социалистік реализмнің» жадағай тәсілге түскен өзара ұқсас шығармаларын «неоклассицизм» терминімен таңбалайық» дейді [5,323]. Мұның да жаны бар тәрізді. Зерттеуші Н.Жуанышпеков те «социалистік реализм – неоклассицизм» дейді.

Ал «социалистік реализм» деген терминнің өзіне келетін болсақ, одан мүлде ат тонымызды ала қашып, әлдебір құбыжық сияқты көрудің реті жоқ деп білеміз. «Социалистік реализм» көркем әдебиеттегі әлеуметтік талдаудың өзінше принциптерін ұстанған жазушылар шығармашылығындағы ортақ тенденцияларды теориялық тұрғыдан сипаттауға қолданылатын эстетика саласының термині болып ұғынылуы қажет.

Әдебиет теориясы әдебиеттанудың терминологиялық аппаратын жетілдірумен, әдеби дамуға сай тың терминдерді қалыптастырумен айналысады.

Әлемдік әдеби үрдістегі ортақ құбылыстар табиғатын тарихи-салыстырмалы тұрғыда қарастыру барысында зерттеушілерді үнемі тығырыққа тіреп отырған терминологиялық мәселелер бар. Мысалы, әлі күнге дейін «әдеби бағыт», «әдеби ағым», «әдеби топ», «әдеби мектеп» түсініктерін бір-бірінің орнына қолданып келе жатқанының күәсіміз.

Кейінгі жылдары тарихи-әдеби және теориялық еңбектерде жаппай қолданысқа еніп кеткен «поэтика» ұғымы «стильді» терминологиядан мүлде ығыстырып шығармаса да, біраз дәлсіздіктер туғызғанын атап өтуіміз қажет. Кей кездердегі ғылыми еңбектерде «әдіс», «стиль», «поэтика» сөздерінің әдебиеттанушылық, лингвистикалық мағыналарына тереңдеп мән бермеушілік те байқалып қалып жүргені жасырын емес. Бұл ұғымдарға арналған фундаменталды еңбектердің, ғалымдардың әлемдік деңгейде мойындалған жұмыстары бар екеніне қарамастан бір-бірінің орнын алмастырып алушылық бой көрсетпей қалмайды. Мысалы, «Абай поэтикасы», «М. Әуезов поэтикасы», «М. Мақатаев поэтикасы» т.б. деген сыңайдағы тіркестер қолданылатын ғылыми еңбектерде олардың көркемдік әдісі, негізінен суреткердің өзіндік стилі мен сол стилі арқылы әдебиет тарихынан алатын орны бағамдалады. Осы сыңайдағы еңбектерде зерттеушілер жазушы шығармашылығын әдебиеттанудың бірнеше категориялары арқылы қарастыруды мақсат тұтады да, суреткер талантын анықтайтын бірнеше критерийлерді «поэтика» ұғымына біріктіре салады.

Өкінішке орай, біздің бұл орайдағы теориялық зерттеулеріміз ұлттық әдебиетті нақты-тарихи тұрғыдан алып зерттеуден көп кешеуілдеп қалды. Реализмді, романтизмді, сентиментализмді, символизмді, натурализмді т.б. бірде әдіс, енді бірде бағыт, ағым немесе стиль деп олардың нақты қай категорияға тиесілі екенін анықтап беруде әлі де көп кедергілер, тұманды жақтар мол.

Әдебиет теориясына арналған еңбектерде аталған ұғымдарды бір-бірімен алмастыра қолдану терминологиялық анықсыздықтар әкеліп соқтырмай қоймайды.

Ғылымда әбден орныққан әдебиеттің тектері – «эпос – лирика – драма» сынды теориялық ұштағанды қазір «проза – поэзия – драматургия» ұштағаны ығыстырып шығарғаны байқалады. Яғни, мазмұн мен түр ерекшеліктерін жанр шарттарымен тығыз байланыстыра зерттеу тенденциясы белең алды. Өткен ғасырда эпос, лирика, драма тектерінің бір-біріне кірігіп, нақты шекаралары солғынданып бара жатты. Тектер арасындағы байланыс-эсерлерді лирикалық, прозалық, драматургиялық жанрлардың өзара алмасулары жылдамдата түсті. Мысалы, лирика мен прозадағы драматизмнің күшеюі, әңгіме-повестердегі автордың субъективті-эмоционалдық белгілерінің тым айқын көрінуі арқылы прозадағы лиризм ұғымының пайда болуы, сондай жағдайлардың драмалық жанрларда да айшықталуы т.б. Кейінгі кезеңде өмір құбылыстарын игерудің эпикалық, лирикалық, драмалық тәсілдері қабаттаса келіп көркем ой формалары өзгеріске ұшырап жатыр. (Мұны әдебиеттің ерте бастауларындағы синкретизммен шатастыруға және болмайды).

Көп өзгерістер әдебиетке модернистік эстетиканың келуімен байланысты. Модернизм қалыпты образды бұзып тіпті абстракцияға айналдырды, дискурсты бұзды, сюжетті тұтастығынан айырды, бейнелеу тіліне батыл эксперименттер жасады. Көркем шығарманы әдеби-теориялық талдауда осы күнге дейін қолданып келе жатқан сюжеттік-композициялық талдау берерін беріп болғанға ұқсайды. Өйткені кейінгі буын қаламгерлерінде классикалық, эпикалық сюжет түрлері жоқтың қасына айналды. Әуелі салдары айтылып, сосын себептері термеленетін немесе салдары мүлде айтылмайтын фрагментарлы сюжетті шығармалар қатары көбеюде. Тіпті

логикалық тұтастықтан мүлде айрылған коллаж сипатындағы сюжеттер кездеседі. Ең бастысы сюжет жанрды құраушы негізгі категория екеніне күман туа бастады.

Бұрын автор – мәтін – оқырман тізбегі біртұтас қарастырылса, қазіргі әлемдік әдіснамада бұл ұғымдар автономдық мағынаға ие болды. Көркем шығарма мәтінінің автордан тәуелсізденуі, «автордың өлімі» сияқты түсініктер ғылыми айналымға түсіп үлгерді. Яғни әлемдік теориялық әдебиеттануда көркем шығарманы мәтін деп қарастыруға анық ойысу байқалады. Керек десеңіз, постмодернизм теорияшылары қаламгер мен оқырманды бір деңгейден қарастырады.

Әдебиеттану ғылымы басқа ғылым салаларымен тығыз байланыста әрекет жасайды. Кейінгі уақытта тіпті аса дәлдікке қарай ұмтылған әдебиеттануда кибернетикалық әдістеме деген де бар. Мәтін машинаға (компьютер) арнайы бағарлама енгізу арқылы тексеріледі. Мысалы, «Илиада» мен «Одиссея» бір автордың қолынан шыққаны осылайша дәлелденді. М.Шолоховтың «Тынық Донының» авторлығы (Крюковтыкі делінген) турасындағы дау-дамайды шешуде де осы тәсілге жүгінгені белгілі. Әрине мұндай ғылым салаларының жетістіктерін пайдаланғанымен, әдебиеттанудың өзіндік әдістемелерін жоққа шығара алмайды.

Көркем ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын тануда ең бастысы – лингвистика. Бұрыннан-ақ әдебиеттанушы мен тілтанушының ортақ зерттеу алаңы, яғни кондоминимумы болатын. Олар баяндау, троп пен фигура, стиль т.б. Ал қазіргі таңда тіл білімі мен әдебиеттану әдістемелері бұрын-соңды болмаған жақындықты басынан өткеруде. Онсыз да әлсіз шекара солғынданып бара жатыр. Қазір лингвистика көркем шығарма стилін зерттеуде бізді тың әдіснамаға бағыттап, әдістемелік идеялар ұсынып отыр. Тіпті құрылымдық лингвистика мектебі құрылымдық-семиотикалық әдебиеттануға серпін беріп отыр.

Мәтінді белгілі бір құрылым ретінде қарастыратын қазіргі мәтін лингвистикасы біршама дамып кетті деп айта аламыз. Мәтінді талдау мен зерттеуде лингвистиканың бұл жас саласы бізге біраз әдістемелерге жүгінуімізге айрықша ықпал етуде. Яғни мәтін теориясында бірлесе атқаратын, күш жұмылдыра қарастыратын жаңа теориялық мәселелер алдымыздан шығуда. Я болмаса, әдебиеттанушының өзі лингвистиканың жаңа бағыттарын игеріп, әмбебап зерттеушіге айналуы тиіс. Онсыз мәтінді сөйлеу әрекетінің шығармашылық нәтижесі ретінде қарау, концептуалдық мәнін ашу мүмкін емес. Мысалы, интерткест, цитация, реминисценция, нарратив, аллюзия т.б. ұғымдар тіл білімі мен әдебиеттану қапталдаса қарастыратын жалпы филологиялық категориялар. Әсіресе алғашқы мәтіндер мен кейінгі мәтіндердің қарым-қатынасынан туындайтын мәселелер постмодернистік нышан танытқан шығармаларда айрықша маңызға ие.

Қазақ әдебиетінде постмодернизм бар ма? – деген сауалға әр түрлі жауаптар беріліп жүр. Ол пікірлерде бірізділік байқалмайды. Оның теориялық аспектілеріне келгенде де қарама-қайшылықты көзқарастарға тап боласыз.

Итальяндық философ, семиотик Умберто Эконың (атақты «Имя Розы» романының авторы) «меніңше постмодернистік» деген терминді біреуді мақтағанда қолданатын болдық. Сонымен қатар, оны өткен ғасырларға қарай тартып бара жатырмыз. Әуелде бұл термин соңғы жиырма жылдағы, кеше ғана өткен ғасырдағы қаламгерлерге арналатын, бара – бара ХХ ғасырдың басына апардық, келешекте постмодернизм категориясы Гомерді де қамтитын болады» деп жазғаны бар. [6, 460]

Сондай-ақ, постмодернизм 1970-80 жылдары негізінен Батыс елдерінің мәдени-рухани өміріне қатысты айтылатын. Постмодернизмнің кешегі кеңестік елдер әдебиетіне байланысты сөз бола бастауы 1990 жылдардың еншісіне тиеді. Бірақ постмодернизмнің тұжырымдамасы толық аяқталып, анықтамасы қалыптасып біткен деуге негіздер әлі жоқ. Жуық арада ортақ түйін, келіскен теориялық тұжырымдар болмайтындай. Жанрлық шарттардың бұзыла бастауы да осы постмодернистер тұсында. Өйткені олар үшін қандай да бір конон жазушының тәуелділікке алып келеді. Сондықтан да оларда айқын бір стиль ұстану бола бермейді.

Алайда әлемдік көркем ой дамуының соңғы кезеңінде пайда болған мәдени-эстетикалық, танымдық құбылыстардан қазақ әдебиеті мүлдем сырт тұрмауы себепті, үлкен мән иелене алмаса да модернизммен қатар постмодернистік құбылыстар да ұлттық әдебиетімізден орын тебе бастады. Әлемдік рухани-мәдени үдеріс қалыптастырған құндылықтарға ортақтасу арқылы ұлттық әдебиеттен модернизмді постмодернистік поэтикамен ұштастыра бастаушылық ұмтылыстарды танымыз. Әрине, қазақ әдебиетінде постмодернизм дәстүрлі поэтикалық құрылымдарды ығыстырып шығарған аса қуатты ағымға айналып үлгерген жоқ. Алайда ол құбылыстың бар екенін, рухани ықпалын үдете беруі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

Тұжыра айтар болсақ, әдебиет теориясының дамуына орай кей әдіснамалық ұстанымдар белгілі бір әдіснамалардың теориялық және қолданбалы маңызын төмендетті. Алайда қандай филолог болмасын өзіне дейінгі әдебиеттану әдістемелерін толық меңгеруге тиіс. Ғылымда тек белгілі бір әдіснама қанша жерден әмбебап болса да басымдық таныта алмайды. Сөз өнерінің эстетикалық қуатын және мүмкіндігін танып білу өте қиын іс. Еуропацентристік әдебиеттану Шығыстың әдебиеттану тарихы мен әдіснамасымен санаса бермейді. Сондықтан да бізде ғылыми мектептердің алуан түрі қалыптасуы тиіс. Әрбір университеттер мен ғылыми мекемелер өздерінің мектебін қалыптастыруы керек.

Әдебиеттанушы ең бастысы тек қана көркем мәтінмен жұмыс жасауы тиіс. Мәселенің жан-жақты қарастырылуы керек шығар, алайда әдеби нысанның тарихы мен оның айналасындағы жанама фактілерге айналсоқтауы тек кедергі ғана келтіреді. «Ашылған американы» ашып, ойлап табылған «велосипедті» құрастыру қажет емес.

Қазіргі әдебиет теориясын зерттеудің, дамытудың басты әдіснамалық мұраты – шығармашылық үдерістің қос мәнін: әдебиет дамуындағы жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы ортақ тенденцияларды қаперде ұстау. Біршама ілгерілеп келе жатқан Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттану поэтикалық заңдылықтардың антропологиялық болмысына басты бағдар ұстана отырып дамуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: «Аркас», 2005. – 278 б.
3. Қабдолов З. Ахаң Һәм әдебиеттің әліп-биі //Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. – Б.3-8.
4. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.8. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 448 б.
5. Майтанов Б. Әдебиет теориясының қазіргі жағдайы // Қазақ әдебиеті. 2001, 20.ҮІІ.
6. Эко У. Имя Розы. Вып-2. – Москва: Кн. палата, 1989. -496 с.

*Аббасова Ж.Б. – преподаватель Центрально-Казахстанской академии*

### **ИСПАНСКИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В АНГЛИЙСКОЙ РЕЧИ**

Заимствование – это процесс, в результате которого в языке появляется и закрепляется некоторый иноязычный элемент; также сам такой иноязычный элемент. Это неотъемлемая составляющая функционирования и исторического изменения языка, один из основных источников пополнения словарного запаса; также это полноценный элемент языка, являющийся частью его лексического богатства, служащий источником новых корней, словообразовательных элементов и точных терминов. Для языков заимствование является двигателем, а точнее механизмом развития. Процесс заимствования заключается в самой базе языковой деятельности.

Интонационная и формальная одноцветность в пределах одного языка является следствием заимствования одними индивидуумами других; подобным образом осуществляется заимствование элементов вокабулярии одного языка другим языком – через взаимодействие их носителей. К социально-психологическим факторам, имеющим влияние на процесс заимствования, можно причислить рост числа говорящих из различных языков. Большая волна выезжающих из страны, долго живущих в других странах и снова возвращающихся на Родину, является подосновой частого переключения на другие языки. Такое явление в лингвистике именуется "переключением кода" ("code-switching"). Заимствованных элементов в языках весомая часть, хотя точно подсчитать их число просто нереально, как ввиду бесконечного обновления иноязычных элементов, проникающих в язык, так и вследствие гибридности языковых единиц с языком, который препятствует процессу определения этимологии слова.

Испанские заимствования начали появляться в английском языке уже с конца XV века. Исторические события, спровоцировавшие волну заимствований, связаны, прежде всего, с Великими географическими открытиями, в частности, с открытием Америки в 1492 году и открытием морского пути в Индию в 1498 году, что повлекло за собой стремительное развитие торговли. Сыграла свою роль и колонизация Южной и Северной Америки испанцами, а затем и тесное сотрудничество Англии с Испанией. Данный комплекс событий привел к заимствованию целого ряда не только испанских слов, а также понятий из языков колонизированных народов. Самые ранние заимствования, причастные к испанскому языку, попали в состав английской лексики через французский. Часть них – слова арабского происхождения, отражающие торговые отношения с Востоком и влияние восточной культуры, к примеру, *zenith* – зенит или *cotton* – хлопок. В XV веке имели место еще несколько таких заимствований: *tape* – тара, *lemon* – лимон, но на тот момент, уже непосредственно из испанского (получается, это можно назвать двойным заимствованием).

В первой половине XVI века, благодаря династическим связям между Англией и Испанией в Англии пребывало довольно много испанцев. От них англичане усвоили определенный ряд слов, относящихся к торговле или отражающих испанский темперамент. Испанские заимствования можно разделить на несколько групп, начнем с торговых терминов: *contraband* – контрабанда, *cargo* – груз, *embargo* – запрещение; перейдем к наименованиям предметов экспортной торговли: *banana* – банан, *tomato* – помидор, *cocoa* – какао, *chocolate* – шоколад, *quinine* – хина, *cork* – пробка, кора пробкового дерева, *cigar* – сигара, *potato* – картофель, *tobacco* – табак. Военный конфликт между двумя странами в конце XVI века также оставил свой отпечаток в английской лексике: *don* – дон, *infanta* – инфанта (принцесса), *renegade* – изменник, *hidalgo* – идальго, *armada* – военный флот, *mosquito* – комар, *comrade* – товарищ, *mulatto* – мулат, полукровка. Достаточно большое количество заимствований, обозначающих реалии, с которыми испанцы столкнулись в своих колониях, например: *savannah* – саванна, *canyon* – каньон, *coyot* – койот, луговой волк (от мексиканского слова «coyotl»), *armadillo* – броненосец, *cockroach* (*cucaracha*) – таракан, *llama* – лама (от перуанского слова «llama»), *maize* – маис, кукуруза и *yucca* – юкка (из языка Гаити), *tornado* – смерч, вихрь.

Помимо этих групп в период Возрождения в английский язык вошел целый пласт разнородных обиходных испанских слов, например *ostentacion* (*ostentation*) – хвастовство, *canoe* – каное, лодка, *Negro* (*nigger*) – чернокожий, *ranch* (*ranch*) – скотоводческая ферма, *desperado* (*desperate*) – отчаянный, безумец, *peccadillo* – грешок, *sherry* – херес и др.

Англо-испанские войны в значительной степени дополнили словарный состав английского языка, в который вошли такие военные термины как *guerilla* – партизанская война (корень германского происхождения *werra* – war), *galleon* – галеон, военный корабль, *flotilla* – флотилия. Из наиболее известных слов, заимствованных в XVII веке, приведем следующие: *guitar* – гитара, *castanet* – кастаньеты, *toreador* – тореадор, *matador* – матадор, *duenna* – дуэнья, компаньонка молодой девушки, *parade* – парад, *escapade* – шальная выходка.

Среди заимствований, сделанных в XVIII веке, можно отметить названия испанских танцев, игр и кушаний, предметов одежды, общественно-политические термины. Например, *quadrille* – кадрили, *bolero* – болеро, *picador* – пикадор, *marinade* – маринад, *caramel* – карамелька, *flotilla* – флотилия.

К недавним и широко используемым заимствованиям относятся такие как *tacho* – мачо, *amigo* – приятель, *amor* – любовь, *gringo* – белый и другие.

Как видно из вышеприведенных примеров, большинство заимствований из испанского языка сохраняют свой облик и обычно употребляются в английском языке в стилистических целях, чаще всего для придания повествованию, так сказать, легкого местного колорита. Из испанских же слов, прочно вошедших в словарный состав английского языка и не воспринимаемых более как варваризмы, можно выделить следующие слова: *cotton* - хлопок, *zenith* - зенит, *renegade* - предатель, *grenade* - граната, *alligator* - аллигатор, *banana* - банан, *cargo* - баржа, *guitar* - гитара, *guerilla* – партизанская война, *cafeteria* - кафетерий, кафе-закусочная, *tango* - танго, *rumba* - румба.

Среди заимствований, сделанных в XVIII веке, можно отметить и общественно-политические термины. Например, *junta* - совещательное собрание, *mandato* - приказ. Большинство заимствований из испанского языка в XIX веке было сделано в Северной и Южной Америке. Часть этих заимствований через американскую литературу вошла в словарный состав английского языка. Часть этих заимствований книжным способом, а именно, через американскую литературу, вошла в словарный состав английского языка. Из этих заимствований можно упомянуть: *cigarette* - сигарета, *lasso* - лассо, *mustang* – дикая лошадь.

Также были заимствованы слова, обозначающие новые понятия и реалии, связанные с бытом и нравами коренного населения колоний, с растительностью и животным миром этих колоний, а также слова, обозначающие новые предметы торговли.

Доминирующим способом испанокультурной ксенонимической номинации в употреблении английского языка, а также в англоязычном тексте является транслитерация, то есть прямое заимствование. Выбор способов заимствования определяется жанром текста, подкованностью автора в языковой и культурной области и эрудированностью потенциального читателя. Тексты, созданные англо-испанскими билингвами – сложная языковая и культурная мозаика, что является осознанным результатом борьбы центробежных и центростремительных сил в современной межкультурной коммуникации. [1;349]

При вводе ксенонимов в текст применяется прием «параллельного подключения», т.е. одновременное использование нескольких номинаций для одного и того же элемента внешней культуры. Далее выделены типичные для испанокультурной ксенонимии модели данного языкового комплекса. [2;51]

1) Прямое заимствование + калька.

He was followed by others, all of them astride the magical horse; *gente de razón, the people of reason*, coming into the country of los primitivos. [3;12]

-За ним следовали остальные, верхом на волшебных скакунах, истинные испанцы ступали на нетронутую землю.

2) Прямое заимствование + межкультурный аналог.

“*Que pantalones tiene (what nerve that boy’s got),*” my uncle said, “to serenade a twenty-year-old woman.” [4;80]

- Мой дядя сказал: «Что у этого парниши в голове? Петь серенаду двадцатилетней девушке?»

3) Прямое заимствование + межкультурный аналог + вводный лексический оборот.

The President that was waiting turned out to be *Presidente Municipal*, which they call the Mayor down there. [5;224]

- Председатель, который сидел в ожидании, оказался Губернатором города, которого там прозвали Майором.

4) Прямое заимствование + вводный лексический оборот + пояснительный полионим (двусмысленное слово).

Like Orión just said, these men think they are doing women a favor by showering them with so-called compliments. *Piropos*. [6;117]

- Как говорил Орион, такие мужчины полагают, что делают даме комплимент, купая их в так называемых комплиментах. Любезностях.

5) Прямое заимствование + полионим.

In the westerns I read, the house servants, the *villains* and the *cantineras* (prostitutes) were all Mexican. [7;200]

- В детективах направления вестерн, которые я прочитал, все злодеи и девушки легкого поведения, были мексиканцами.

6) Прямое заимствование + описательная номинация.

Jaime and Anna were the *padrinos de lazo*, so they carried the lazo, *the big double rosary*. [8;133]

- Хайме и Анна были друзьями, итак, они принесли узел из двойных четок.

7) Прямое заимствование + вводный лексический оборот + описательная номинация.

The *piquant thoughts* Mexicans call *malos deseos* were gone from my mind. [9;74]

- Непристойные мысли, которые мексиканцы именуют плохими желаниями, покинули мое сознание.

Обобщив, заключим, что испанокультурная лексика в современном английском языке есть отдельный независимый пласт лексических единиц, который, с точки зрения разделения на топики, разнообразен, что есть признак интенсивной динамики англо-испанских культурно-языковых связей на американском континенте.

Языковым результатом сосуществования и борьбы за лидерство испанского и английского языков в наше время является многогранность и гетерогенность пласта испанокультурной лексики в современном английском языке. Эта лексика определяет детали различных испаноязычных культур, тем самым раскрывая особенности англо-испанского двуязычия в США.

Список использованных источников:

1. Гак В.Г. Типология сходств и различий близкородственных языков, 1976: с. 349

2. Кабакчи В.В. Лингвистика текста и дискурсивный анализ: традиции и перспективы, 2007: с. 51-70.

3. Lopez, 1988: p. 12
4. Muro, 1979: p. 80
5. Santiago, 1984: p. 224
6. Fernández, 1990: p. 117
7. Anzaldúa, 1983: p. 200
8. Ríos, 1988: p. 133
9. Muro, 1979: p. 74

*Қ.М. Абдуллаева – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің PhD докторанты*  
**М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР**

Кез келген ұлттың мәдениеті, ұлттық дүниетанымы оның тілінде көрініс табады. Ұлттың ғасырлар бойы жасаған мәдениеті ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріледі. Ұлт мәдениетінің тірегі тілде. Сонымен бірге, тіл – таным құралы. «Тілде халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы сақталған» [1, 22-б.]. Сондықтан тілді мәдениет айнасы десе де болады. Осыған байланысты қазіргі таңда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті байланыстыра зерттейтін тіл білімінің лингвомәдениеттану деп аталатын саласы даму үстінде. Бұған орыс ғалымы В.А. Маслова мынадай анықтама береді: «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [2, 28-б.]. Яғни, лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышандарды тауып, сол атаудың ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға бағыт береді. Ал осы саланың негізгі ұғымдарының бірі – (лингвокультурама) лингвомәдени бірліктер. Яғни, бұл – ұлт мәдениетінен хабардар ететін ұлт тілінде берілетін тілдік бірліктер. «Мәтінде немесе қарым-қатынас барысында көрініс табатын лингвокультурама – ұлттың өзіне тән болмысы мен әдет-ғұрпына, әлеуметтік өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне сай уәжелденген мәдени әрекеттер мен ситуациялардың негізінде бейнеленген атауыш таңба (зат, бұйым, ұлттық қажеттілік атауы мен мәдени көріністі сипаттайтын ситуациялар атауы)» [3, 20-б.].

М.Ж. Көпейұлы поэзиясын лингвомәдениеттанымдық жағынан талдау барысында ондағы лингвомәдени бірліктерге ерекше мән берілді.

М.Ж. Көпейұлы туындылары ХХ ғасыр басында жаңа поэтикалық үлгіде қалыптаса бастаған қазақ поэзиясы төрінен ерекше орын алады. Оның ерекшелігі – ұлт мәдениеті мен қазақ даласындағы болып жатқан өзгерістердің шынайы бейнеленуінде. Ақын өмір сүрген заманда қараңғылық шырмауында ғұмыр кешіп жатқан халқтың санасын ояту қажеттілігі туды. Өзгенің бодауында жүріп өлең жазу қайсарлықты, төзімділікті қажет ететіні мәлім. Ақын осы тұғырдан көріне білді.

Қазағым өнер үйрен, ұрлық-зорлық,  
 Қыласың бір-біріңе неге озбырлық?!  
 Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,  
 Басыңа келген жоқ па талай қорлық?! – [4, 65-б.]

деп жар салған қайсар ақынды ұлттық тілдік тұлғаға айналдырған оның рухани болмысы, сезім күші, дүниетанымы, ұлттық тілмен сусындап, ұлттық сипатта тәрбиеленгендігі.

«Голосуй за меня, если не хочешь терпеть дальше! Я как кандидат в президенты обещаю, что в случае моего избрания незамедлительно займусь решением всех назревших проблем».

Как видно из приведенного примера, в обращениях В.В. Жириновского сочетаются несколько основных стратегий убеждения: стратегии самопрезентации, призыва и агитации.

Рассматривать любую коммуникативную стратегию следует сугубо индивидуально, в виду того, что комбинация таких определяющих факторов, как интенции оратора, внешний и внутренний контекст ситуации и характеристика адресата в каждом случае совершенно уникальна. Кроме того, эффективные стратегии, как правило, гибки, то есть допускают возможность оперативной корректировки говорящим в зависимости от изменения условий ситуации, либо получения от адресата сигналов о необходимости такой корректировки. Соответственно, методика оценки стратегии на предмет ее эффективности включает подробный анализ всех составляющих данного конкретного речевого акта.

В связи с этим необходимо подчеркнуть, что универсальных коммуникативных стратегий в чистом виде не существует. Планирование речи каждый раз осуществляется в уникальных условиях, любой элемент которых может оказать решающее влияние на конечный результат.

Таким образом, для осуществления своих намерений говорящий должен иметь представление о ситуации общения, адресате и хотя бы в минимальной степени прогнозировать свое поведение в предполагаемой ситуации. Это подводит нас к мысли о том, что планирование речевого поведения (то есть выбор речевой стратегии и тактики) невозможно без того, что адресат учитывает (чаще интуитивно), соответствуют ли условия коммуникации успешному осуществлению задуманного речевого действия.

Тексты ярких ораторов, признанных мастеров слова имеют индивидуальные, присущие только им приемы создания выразительности, которые используются для достижения эмоционального воздействия на аудиторию. К таким средствам можно отнести фонетические (интонационные) инструменты воздействия на слушателей. Интонационный облик публичного выступления несет на себе отпечаток своего создателя, конкретной языковой личности, и коммуникативная успешность выступления зависит, в том числе от языковой личности, как носителя культуры определенного общества, так и пользователя языковыми ресурсами этой культуры.

Как верно отмечает О.С. Иссерс, «основная проблематика лингвистического анализа речевого воздействия связана с изучением стратегий говорящего и всех находящихся в его распоряжении языковых ресурсов, которые определяют достижение им коммуникативной цели» [4; 23].

Таким образом, речевое поведение вариативно, т.е. решение коммуникативной задачи допускает несколько способов и во многом зависит от действия партнера по коммуникативной ситуации. Участники коммуникации вносят коррективы по ходу диалога в зависимости от реакции реципиента, от сложившейся ситуации, оставаясь при этом в рамках поставленной цели, которую можно соотнести с коммуникативной стратегией, в то время как способы реализации главной задачи - с коммуникативными тактиками.

Задача речевого воздействия - изменить поведение или мнение собеседника или собеседников в необходимом говорящему направлении. Эффективность речевого взаимодействия и реализации коммуникативных стратегий предполагает планирование речевых действий для последовательного приближения к основной цели убеждения, которое в свою очередь основано на анализе информации, получаемой в ходе процесса коммуникации, учет которой позволяет контролировать адекватность интерпретации и определяет выбор речевых стратегий для достижения ближних и дальних целей общения на каждом этапе общения.

*Список использованных источников:*

1. Степкин И.Р. Речевое воздействие: проблема понимания инокультурного текста :дис. ... канд. филол. наук. - Москва, 2001. - 161 с.
2. Климинская С.Л. Лингвостилистические средства реализации стратегий и тактик убеждения в аргументативном дискурсе (на материале англоязычных телевизионных дискуссий) : автореферат дис. ... канд. филол. наук. - Москва, 2010. - 27 с.
3. Стернин И. А. Введение в речевое воздействие. Воронеж: КО, 2001. - 227 с.
4. Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. - М.: УРСС, 2003. - 284 с.
5. Репина Е.А. Политический текст: Психолингвистический анализ воздействия на электорат. - М.:ИНФРА-М, 2012. - 91 с.
6. Калинин К. Е. Коммуникативные стратегии убеждения в англоязычном политическом дискурсе :дис. ... канд. филол. наук. - Нижний Новгород, 2009. - 187 с.

*Ахметгалина А.С. – м.г.н, Центрально-Казахстанская академия*

#### **THE ESSENCE OF SPEECH ACTS**

Histories of the English language continue to be published in great numbers and recent years have seen an upsurge in such publications in the form of handbooks, scholarly treatises or introductory textbooks for students. However, in spite of the wealth of knowledge that we already have in large areas of the development of the English language from its earliest written records in the seventh century to the present day, equally large areas are still, more or less, unexplored. While we know much about the developments in the more traditional areas of phonology, morphology, lexicology, syntax and even semantics, we still know very little about the developments in pragmatic patterns of language use.

In the seven volumes of the Cambridge History of the English Language published in the 1990s, sociolinguistics and pragmatics are virtually non-existent. In more recent authoritative single-volume histories of English, such as Hogg and Denison and Mugglestone, pragmatics is still not included. The Handbook of the History of English is a notable

exception. It devotes one of its six parts (with three chapters) to pragmatics. Another exception is the book *Alternative Histories of English*, which is explicitly devoted to lesser known varieties of English and to the communicative and pragmatic aspects of English. There are also some independent studies that deal with individual aspects of the history of English, several of which are devoted to pragmatics, for instance, Traugott and Dasher on grammaticalisation, Brinton on discourse markers, Watts, Ide and Ehlich on politeness and Arnovick on speech acts.

A speech act in linguistics and the philosophy of language is an utterance that has performative function in language and communication. According to Kent Back, «almost any speech act is really the performance of several acts at once, distinguished by different aspects of the speaker's intention: there is the act of saying something, what one does in saying it, such as requesting or promising, and how one is trying to affect one's audience». The contemporary use of the term goes back to J. L. Austin's development of performative utterances and his theory of locutionary, illocutionary, and perlocutionary acts. Speech acts are commonly taken to include such acts as promising, ordering, greeting, warning, inviting and congratulating.

Speech acts have been claimed by some to operate by universal pragmatic principles (Austin, Searle, Brown & Levinson). Others have shown them to vary in conceptualization and verbalization across cultures and languages. Although this debate has generated over three decades of research, only the last 15 years marked a shift from an intuitively based approach to an empirically based one, which «has focused on the perception and production of speech acts by learners of a second or foreign language (in the most cases, English as a second or foreign language, i.e., ESL and EFL) at varying stages of language proficiency and in different social interactions». Blum Kulkat. al., argue that there is a strong need to complement theoretical studies of speech acts with empirical studies, based on speech acts produced by native speakers of individual languages in strictly defined contexts.

The illocutionary choices embraced by individual languages reflect what Gumperz calls «cultural logic». Consider the following passage:

The fact that two speakers whose sentences are quite grammatical can differ radically in their interpretation of each other's verbal strategies indicates that conversational management does rest on linguistic knowledge. But to find out what that knowledge is we must abandon the existing views of communication which draw a basic distinction between cultural or social knowledge on the one hand and linguistic signaling processes on the other.

Differences in «cultural logic» embodied in individual languages involve the implementation of various linguistic mechanisms. As numerous studies have shown, these mechanisms are rather culture-specific and may cause breakdowns in inter-ethnic communication. Such communication breakdowns are largely due to a language transfer at the sociocultural level where cultural differences play a part in selecting among the potential strategies for realizing a given speech act. Hence the need to make the instruction of speech acts an instrumental component of every ESL/ EFL curriculum [1, 89].

The idea of tracing speech acts in historical contexts was discussed in the inaugural issue of the *Journal of Historical Pragmatics*, with the core issue raised by a polemical question: "Is a Diachronic Speech Act Theory Possible?". In fact, studies in this area had already been conducted. Back in the 1970s, Schlieben-Lange and Weydt discussed the historicity of speech acts. Lebsanft provided a close analysis of greetings in Old French; in English, Arnovick's article series on illocutionary histories of selected speech acts started in 1994/1995, and her monograph on the same topic came out in 1999 [2].

The inaugural issue of the *Journal of Historical Pragmatics* contained a host of diachronic speech act studies including Schrotton questions in Spanish, Culpeper and Semino on speech acts related to witch hunts in Early Modern England, and Jucker and Taavitsainen on insults in the history of English. Within the past seven years, historical pragmatics has become an established field in historical linguistic study and the number of diachronic speech act studies has grown considerably, even to the extent that it has become of equal importance as (or at least a rival to) the study of linguistic processes. Recent studies include Jucker, Kohonen, Alonso Almeida and Cabrera-Abreu, Busse, Pakkala-Weckstrom, Milfull, Archer, Grzegala and Taavitsainen and Jucker. This volume represents a new stage of diachronic speech act research, but there are, of course, still many gaps, and the long lines of diachronic development are only just emerging.

Considering the fundamental importance of speech act values, the dearth of knowledge is even more surprising. While we know a lot about the development of sounds and sound patterns, and the structure of words, phrases and sentences, we still know very little about how speakers used words and sentences to communicate. Did earlier speakers of English use the same repertoire of speech acts that we use today? Did they use them in the same way? How did they signal speech act values and how did they negotiate them in cases of uncertainty?

We feel that speech act analysis could serve as a ground-breaker towards a pragmatic history of the English language, although we only have flashes of past practices and a more detailed and comprehensive picture is not yet possible. In the quotation cited at the beginning of this chapter, Bertuccelli Papi uses the analogy of a mountain that can be climbed from various points of departure and with various types of equipment. In the same way, on our quest for a pragmatic history of English through diachronic speech act analysis, we are on the largely uncharted slope of the pragmatic side of the mountain.

Researchers can take different starting points when they investigate the history of individual speech acts or individual classes of speech acts and they can use different tools, but they always have to be aware of the slippery and treacherous nature of their endeavour.

*Список использованных источников:*

1. Трёмбицкая О.А. *Этикет в Англии и других странах // BusinessTravel*, 2007. - №6.
2. <http://englishfortravel.com/kak-pozdorovatsya/>

Қазақ тіл білімі салаларының арасында әбден орнығып болған, теориялық жағынан тұрақты саналатыны – морфология. Тіліміздегі жалғау саны, сөз таптарының түрлену ерекшелігі, сөздердің тіркесімдік қабілеті және байланысу тәсілдері белгілі, мұның сыртында ешқандай ереже де, теория да жоқ. Ескерерлік жайт – сөздердің морфологиялық табиғаты синтаксиспен қабысып жатады. Десе де, бұл ерекшелік морфологиялық заңдылықтардың тұрақты болатынын жоққа шығара алмайды. Мұнан шығатын түйін – қосымшаларды әркім ойдан жасай алмайды немесе сөздерге өз қалауымен нормадан тыс жалғауына жол берілмейді. Мәселен, қазіргі тілімізде айтарлықтай белсенді қолданылып жүрген *күлкінішті* сөзін алайық. Мұны қолданатындар *қорқынышты* сөзімен логикалық байланысы бар деп түсінетін сыңайлы. Енді осы екі сөздің морфологиялық сипатын қарап көрейік.

*Қорқынышты* сөзі – қатыстық сын есім. *Қорқыныш* – зат есім, ал *-ты* – зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ. Осы үлгіге сүйенсек, *күлкінішті* сөзінің де сын есім екеніне күмән жоқ, алайда тілімізде *күлкініш* деген сөз және жоқ. *Күлкініш* сөзінің туынды түбірі – *күлкі* зат есімі, ал зат есімді сын есімге айналдыру үшін екінші рет заттандыру морфологиялық нормаға қайшы. Себебі зат есім тікелей адъективтене береді. Қараңыз: *дауыл* (не?) – *дауылды* (қандай?) т.с.с. Сонда *күлкінішті* сөзінің нормаға сай нұсқасы *күлкілі* болады.

**Септік тұлғаларының бейнормасы.** Қазақ тілінде септік жалғауларының синонимдігі деген мәселе бар. Мысалы:

Атау және ілік септігі: *ауыл(...)* баласы – *ауыл(дың)* баласы;

Атау және барыс септігі: *жазда Алматы(...)* барып келдім – *жазда Алматы(ға)* барып келдім;

Атау және табыс септігі: *кітап(...)* оқып отыр – *кітап(ты)* оқып отыр;

Атау және жатыс септігі: *осы кеш(...)* біраз әңгіме айтылады – *осы кеш(те)* біраз әңгіме айтылады;

Атау және шығыс септігі: *тау(...)* асып барамын – *тау(дан)* асып барамын;

Барыс және табыс септігі: *аманатын беруге ниет еттім* – *аманатын беруді ниет еттім*;

Барыс және көмектес септігі: *досына еріп барды* – *досымен еріп барды* т.с.с.

Қазірде септік тұлғаларының синонимдігі мәселесі нормаға айналып болған. Өйткені септік жалғауларының нөлдік тұлғасы түркі әлеміне ортақ V-VII және XV-XVI ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілінде де кездеседі [1]. Дегенмен атау және табыс септігінің вариантты болуына қатысты *кітап(...)* оқып отыр – *кітап(ты)* оқып отыр қолданысының соңғысы нормаға қайшы. Өйткені мұндай жағдайда тура толықтауыштың қосымшалы я қосымшасыз болуы сол сөзге екпіннің түсу-түспеуіне байланысты. Ал қазақ тілінде екпін соңғы позицияға түседі. Егер *кітапты/кітабын кітапханада оқып отыр* десек, екпін *кітапхана* сөзіне түседі де, екпін қабылдамаған *кітап* сөзі қосымшалы болады. Ал *кітапханада кітап(...)* оқып отыр десек, екпін *кітап* сөзіне түседі де, табыс қосымшасы қабылданбайды.

Бұл туралы Ш.Бектұров: «Нақтылықты көрсетпеген жағдайда табыс септігі сөздерге жалғанбайды», – дей келе, мынадай мысал келтіреді: *Мен дүкеннен кітап алдым. Мен мына кітапты дүкеннен алдым* [2, бб]. Ғалымның пікірінше, табыс септігінің түсірілмеу шарты – табыс тұлғалы сөздің сілтеу есімдігімен тіркесуі. Бұған, жоғарыда аталғандай, екпіннің ықпалын да қосуға тиіспіз. Мұндай ой екпін сөйлемдегі грамматикалық мүшелердің орнын ауыстырып, табыс септігі жалғауының тұлғалану не тұлғаланбау керегін айқындайды. Мәселен, бірінші сөйлемде негізгі ой не алғанына, екінші сөйлемде қайдан алғанына қатысты. Осыған орай сөздердің орны ауысып, кейінгі мысалда табыс септігі арнайы тұлғаланған. Ойымыз дәлелді болу үшін, сілтеу есімдігін мақсатты түрде қалдырып кетіп көрейік: *Мен кітапты дүкеннен алдым*. Мұндай жағдайда табыс жалғауын қалыс қалдыру мүмкін емес. Салыстырыңыз: *Сахнада өлең(...)* оқыды ~ *Өлеңді сахнада оқыды* т.б.

Қазіргі кезде *тазалықты сақтаңыз* деген бейнорма тіркесті әр жерден кездестіруге болады.

Екіншіден, барыс және табыс септіктерін бірінің орнына бірін жұмсау (*аманатын беруге ниет еттім* – *аманатын беруді ниет еттім*) да нормаға қайшы. Мұны баяндауыш қызметіндегі етістіктің салт немесе сабақты екені айқындап береді.

Қазақ тілінің заңдылығы бойынша, толықтауыштың тура не жанама болуы меңгеруші етістіктің салт немесе сабақты екенімен байланысты. *Аманатын беруге ниет еттім* дегендегі **ет** көмекші етістігі – сабақты етістік. Ендеше дұрысы *аманатын беруді ниет еттім* болады. Сол сияқты, *айтуды ұмытып кетіппін* – *айтуға ұмытып кетіппін* тәрізді қолданыстың соңғысы да нормаға жатпайды. Себебі мұндағы **ұмыт** та – сабақты етістік.

Үшіншіден, ілік тұлғасын әр сөзге жалғау да нормаға сыйымсыз. Мысалы: *Батыс Қазақстан облысының Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысының және басшысының орынбасарының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі*. Көріп отырғанымыздай, ілік септігі бір сөйлемде бес рет қолданылып, сөйлеуге де, оны қабылдауға да қиындық келтіреді. Дұрысы *Батыс Қазақстан облысы(...)* Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы(...) басшысы(...) **мен** басшы(...) орынбасарының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі болуы тиіс.

Салыстырыңыз: *Көзінің қарашығының дірілі* (қате) ~ *Көз(...)* қарашығының дірілі (дұрыс); *Абайдың ақындығының айналасы* (қате) ~ *Абай(...)* ақындығының айналасы (дұрыс) т.б.

**Жіктелуі көсемшенің сұраулық демеулікпен тіркесі.** Көсемшеде **-ып, -іп, -п, -а, -е, -й** тұлғаларының жіктелетіні белгілі. Осындағы **-а, -е, -й** қосымшаларының жіктелуі:

**I жақта:** *барамын*

**II жақта:** *барасың*  
*барасыз*

**III жақта:** *барарды*

I жақ жалғауының *барам* және *барамын* болып бірде толық, бірде ықшам түрінде жұмсалуды қазірде нормаға айналған. II жақ жалғауы тек қана толық түрде жұмсалады. Ал III жақ жалғауы кей жағдайда, мәселен, сұраулық демеулікпен тіркескенде нөлдік тұлғаға ауысады. Салыстырыңыз:

**I жақта:** *барамын ба?* – *барам ба?*

**II жақта:** *барасың ба?*  
*барасыз ба?*

**III жақта:** *бара ма?*

Алайда қазіргі мәтіндерде *барады ма?* тәрізді бейнорма қолданыс та аз емес. Мысалы: *Жердегі адам санының күрт өсуі апатқа алып келеді ме?* (дұрысы: *келе ме?*). *Егер адамның кішкене қарашығы үлкен болса, онда ол адам жақсы көреді ме?* (дұрысы: *көре ме?*). *Сый алушы сыйдан бас тарта алады ма?* (дұрысы: *ала ма?*). *Қазақстандағы туризм болашақта мұнай саласына балама бола алады ма?* (дұрысы: *ала ма?*). *Ал туыстары ұсталған азамат жеңіл жаза алады ма* (дұрысы: *ала ма*) деп қорқады т.с.с.

**Есімше тұлғалы -дық қосымшасы.** Бұл қосымша (-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік) зат есім тудыруда өнімді жұмсалады. Онда да көбінесе есімнен зат есім тудырады. Ал етістіктен зат есім тудыратын сипаты грамматикалық оқулықтарда айтыла бермейді. А.Ысқақовтың еңбегінен өткен шақ есімшеге (-ған) жалғанған **-дық** қосымшасының туынды сөз жасайтыны келітірілумен шектелген: *оқығандық, білгендік, көрмегендік* т.с.с. [3, 301].

Жалпы, бұл жұрнақты есімше қатарынан **-с, -ған** тұлғалары қабылдайды:

– *білместік, сенбестік* т.б.;

– *білгендік, сенгендік* т.б.

Ал **-ар** есімшесіне жалғанған **-дық** жұрнағы көбіне сын есім тудырады: *Табарлық қабілеті бар, күлерлік ештеңесі жоқ* т.с.с.

Қазіргі қазақ мәтіндерінде **-атын, -йтын** есімшесіне **-дық** жұрнағын жалғау арқылы зат есім жасау әдетке айналған. Шындығында, мұнан сөз мағынасына нұқсан келмейді, алайда ондай сөзді айтуға да, жазуға да белгілі бір шамада қиындық келтіреді. Мысалы, *Мұны білетін(...)-ін жеткізді* деп жазуға болатын сөйлемді *Мұны білетіндігін жеткізді* деп күрделендірудің қажеті жоқ және стилистикалық нормаға жатпайды.

Сондай-ақ **-ған** есімшесінен нақты бір зат есім жасау қажет болмаса, **-дық** тұлғасын орынсыз жалғай беру де дұрыс емес. Мысалы, *оқыған* дегеннен *оқығандық* немесе *көрген* дегеннен *көргендік* деген нақты зат есім жасау стилистикалық, яғни ойды дұрыс жеткізу үшін қажет болса ғана **-дық** тұлғасын жалғаймыз. Алайда қазіргі жазарман **-ған** тұлғасын тәуелдеу үшін де **-дық** жұрнағын қоса береді. Ал есімшені тәуелдеу үшін арнайы субстантивтендіру қазақ тілі нормасында жоқ. Себебі есімше – етістіктің есімдерше түрлене беретін категориясы. Мысалы, *Мұны студенттердің ойлап тапқандығы таңдандырады* емес, *Мұны студенттердің ойлап тапқан(...)-ы таңдандырады* болады. Және бірер мысал: *Алайда Шерлоктың өмірде болмаған кейіпкер екендігі* (дұрысы: *екені*) көкейіме қонбай-ақ қойды. *Бас банкир Данияр Ақышев бағдарламаны әзірлеген кезде ең алдымен өткен бағдарламалардың тәжірибесіне көңіл аудару қажет екендігін* (дұрысы: *екенін*) атап өтті.

Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады: *...деректер жинастырғандығын, анасының Махамбеттің кейбір өлеңдерінің мәтінін басқаша айтатындығын, соны жазып алмағандығына өкініш білдіріп отырушы еді.*

**Реттік сан есім қосымшасы.** Сан есім мағыналық түрлерінің арасында есептік сан есімнен басқасының арнаулы қосымшалары бар. Мәселен, **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** қосымшалары реттік сан есім жасайды. Алайда қазіргі қазақ мәтіндерінде **-шы** қосымшасын сан есімге телушілер қарасы қалың. Мысалы: *2018-ші жылдың 27-ші сәуірінде конференция өтеді. 9-шы сынып оқушысы жүлде алды* т.с.с.

Ал сан есімде **-шы, -ші** қосымшасының мүлде жоқ екенін ескерсек, мұның ешқандай нормаға сыймайтыны түсінікті.

*Реттік сан есімнің жазылуында ескерілмей жүрген ереже:*

а) Сан есімнің **-ыншы** қосымшасының өтеуіне **сызықша (-)** белгісі жүретін болғандықтан, *9-ыншы сынып* деп емес, *9-сынып* болып жазылады;

ә) Әдетте реттік сан есім араб цифрымен жазылғанда, сызықша міндетті түрде қойылады: *5 қабат* емес, *5-қабат* болады;

б) Дегенмен араб цифрымен жазылған ғасыр, жыл, ай күндерінен кейін реттік мән үстейтін қосымша да, оның орнын ауыстыратын сызықша да қойылмайды: *2018-жылдың 27-ақпаны* емес, *2018 жылдың 27 ақпаны* болады;

в) Рим цифрымен таңбаланған реттік сан есімнен кейін қосымша да, сызықша да қойылмайды: *XXI-ғасыр* (*XXI-інші ғасыр*) емес, *XXI ғасыр* болады т.б.

Жалпы, қосымшалардың тіл заңдылығына сай болуы жайлы пікір өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бері өзекті болып келеді: «Техника» қазақша «технике» болса, «техникті» қазақша «техникеші» деу керек қой, бірақ біздің жазушыларымыз «техникешіні» де орысшалап, «техник» деп жазады. ...Біздің жазушыларымыз «техникешіні» «техник» десе, қазақ тілінің «шы» жұрнағын жоғалтып, «жылқышыны» «жылқ» деп айтқызатын болып тәрбиелейді ғой» (*М.Дулатов: «Еңбекші қазақ», 4.07.1926 ж., №141*) [4, 156].

Қазіргі уақытта *жылқышы* сөзін *жылқ* деп жазбағанымызбен, *техникеші* сөзін *техник* деп жазудың нормаға айналғаны – шындық. Ендеше қосымшалардың нормаға сай жазылуын ескеру – әр жазарман үшін міндет.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1975. – 176 б.
2. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі: фонетика, лексика, морфология, синтаксис: Оқуға түсуші талапкерлерге, студенттерге және оқытушы-мұғалімдерге арналған. – Алматы: Атамұра, 2006. – 336 б.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

4. Алаштың тілдік мұрасы: мақалалар жинағы / Құраст.: С.Шүкірұлы, Е.Тілешов. – Алматы: «КИЕ» лингвистикалық инновация орталығы», 2009. – 364 б.

*Баймұрынов Ж. М. – ф.ғ.к., «Болашақ» академиясының доценті*

### ҚАЗАҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЖАЛҒАУЛЫҚТАР БЕЙНОРМАСЫ

Өндіруші мен тұтынушы арасындағы байланысты шартты түрде донор мен реципиент арасындағы байланысқа ұқсатуға болады. Реципиенттің болуы донордың өміршеңдігіне кепілдік болса, онда донордың алғышарты – реципиент.

Мемлекеттік статус берілген ұлттық тіліміздің қазіргі жағдайда реципиент тіл екені даусыз. «Тіл атаулы донор және қабылдаушы тілдерге бөлінеді. Донор тілдердің бәрі дерлік – экспансиялық тілдер, яғни халықаралық мәртебесі зор тілдер. Ондай тілдердің қатарына Қазақстанда барлық қоғамдық сферада қызмет етіп отырған және қызмет аясы кеңі бастаған ағылшын және орыс тілдері де жатады. ...Ал олармен қатар өмір сүріп келе жатқан, мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілі – негізінен, қабылдаушы яки реципиент тіл» [1, 47]. Қалыптасқан түсінік бойынша, донор-тіл мен реципиент-тіл арасындағы байланыс тілдің лексикалық қабатынан ғана көрінеді. Мұндай стереотиптің қалыптасуына алғышарт – терминология мәселесі. Алайда тілдер арасындағы «ауыс-түйіс» лексикалық қабатпен ғана шектелмей, кейде грамматикадан да көрініс беріп жатады. Мәселен, қазіргі қазақ қоғамында төл қосымшадай қолданыла бастаған **-ский** жұрнағы ара-тұра мәтін тілінде де ұшырасатын болып жүр. Қараңыз: «Мынауский» жігіт» (baq.kz).

Біздіңше, мұны тілдер тоғысындағы адстрат құбылысы дегеннен суперстрат құбылысына жатқызған орындырақ. Оның үстіне, қазақ тілінің, жоғарыда келтірілгендей, реципиенттік үлесі басым. Отандық БАҚ материалының көбіне орыс тілінен аударылып басылатынына қарсы уәж келтірудің қиын екені рас. Ал ақпарат ағыны жылдамдықты талап етеді. Сондықтан аудару үдерісі барысында көп жағдайда қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері ескерілмей, оқырманға «күшпен» қабылдандырылуы салдарынан әрі грамматикалық, әрі стилистикалық бейнорма қалыптасады. Осындай бейнорманың бірі жалғаулықтардың коммуникативтік функциясына қатысты.

**I.** Қазақ тілі – шылауға бай тіл. Профессор С.Бизақов қазақ және орыс тілдеріндегі жалғаулықтар жөнінде мынадай мәлімет ұсынады:

**И** – және, мен (бен, пен), да (де, та, те), әрі;

**Однако** – бірақ, алайда, дегенмен, әйткенмен, әйтсе де, әйтпесе, сонда да, сөйткенмен, ләкін/ләкин;

**Или** – не, немесе, әлде, біресе, болмаса, я, яки, кейде;

**Потому что** – себебі, өйткені, неге десек, сөйткендіктен;

**До** – дейін, шейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу;

**О** – туралы, турасында, жайлы, жайында, жөнінде, хақында, тарапты;

**Похуже** – сияқты, секілді, тәрізді, сипатты, зәліпті, тәріздес, сықылды, тақылетті, тақылеттес, рәуішті, рәуіштес, есепті, іспетті, іспеттес, сынды, мәнзелдес;

**Около** – шамалы, шақты, тарта, қаралы, жуық [2, 83-84]. Мұнан, біріншіден, реципиент тіл болғанына қарамастан қазақ тілі лексикалық қорының қаншалықты бай екені аңғарылса, екіншіден, аударма жасау барысында көмекші сөздер баламасын таңдауда аса мұқият болу қажет екені келіп шығады.

Сол сияқты, орыс тілінде қазақ тіліндегі көптеген сұраулық шылаудың да баламасы жоқ. Тіліміздегі сұраулық шылаудың мағынасы орыс тілінде интонациямен беріледі, салыстырыңыз: *Кешке келесің бе?* ~ *Вечером придешь (...)?* Қазақ тілінде сұрау интонациясымен қатар сұраулық шылау жұмсалса, орыс тілінде сұрау интонациясы ғана бар.

Әрі қарай тағы да С.Бизақов еңбегінен: «...төмендегі мысалдарға назар салайық: *«билет және жүктерді тіркеу»*, *«сәнді және арзан»*, *«пайдалы және сенімді»* деген тіркестерді оқығанымыз бар. Орыс тіліндегі **«и»** жалғаулық шылауын **«және»** деп қана аудару сөздің мағыналық дәлдігіне нұқсан келтірудің бір айғағындай. Дұрысы *«билет пен жүкті тіркеу»*, *«сәнді де арзан»*, *«пайдалы әрі сенімді»* екені дау тудырмайды» [2, 322].

Ғалым келтіріп отырған мысалдардың орыс тілінен аударылғанына күмән жоқ және қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын, жалғаулықтардың стилистикалық мүмкіндігін ескермей аударылғаны аңғарылады:

*Билет және жүктерді тіркеу* – регистрация билетов **и** багажа (дұрысы: *билет пен жүкті тіркеу*);

*Сәнді және арзан* – модно **и** дешево (дұрысы: *сәнді де арзан*);

*Пайдалы және сенімді* – полезно **и** надежно (дұрысы: *пайдалы әрі сенімді*).

**II.** Келесі мәселе **және, мен** жалғаулықтарының грамматикалық қызметі жөнінде. Себебі бұл екеуінің синтаксистік қызметі екі басқа. Бір қарағанда, екеуі де ыңғайластық қатынастағы жалғаулық болғанымен, атқаратын функциясында айырма бар.

Біріншіден, **мен** жалғаулығы тек сөз бен сөзді ғана байланыстыратын болса, **және** жалғаулығы әрі сөз бен сөзді, әрі сөйлем мен сөйлемді де байланыстыра береді. Екіншіден, **және, мен** жалғаулықтарының сөз бен сөзді байланыстырудағы мүмкіндігі де бірдей емес. Мәселен, **мен** жалғаулығы өзара сабақтас, жуықтас, үйлес келетін сөздер (бірыңғай мүше) арасын байланыстырады және ондай сөздер көбіне зат есім не заттанған сөздер болады: *әке мен бала, тау мен тас* т.б. Ал **және** жалғаулығы, М.Балақаевша айтқанда, «бірыңғай мүшелерді бірінен-бірі бөлектеп, олардың мағыналарын ерекше логикалық екпінмен айту үшін қолданылады» [3, 199]. Қараңыз: *«Сөз және шеберлік»*, *«Сөз және сезім»*, *«Уақыт және әдебиет»* т.б. Бұл атауларда сөз бен шеберлік мәселесі, сөз бен сезім мәселесі, уақыт пен әдебиет, ондағы өзгерістер жайлы мақсатты түрде логикалық екпін түсіріле сипатталған [4, 129].

Сөз болып отырған жалғаулықтар жөнінде зерттеуші П.Медетпекованың филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының авторефератында былай делінеді: «Мұнда *мен, бен, пен* жалғаулық шылауларына өзара сабақтас, тамырлас ұғымдарды топтау қызметінің тән болуы сол нәрселер мен құбылыстардың объектив дүниедегі бейнесі негізінде туындайды...

*Мен* жалғаулығының сөз бен сөзді байланыстыру негізіндегі грамматикалық қызметі сол сөздер арқылы таңбаланған нәрселер мен топқа лексикалық бірліктердің топтасып, мағыналық тұрғыда үйлесулерімен ұштасып жатыр: *ата-анам мен жолдастарыма емес, ата-анам мен бауырларыма және жолдастарым мен сыныптастарыма.*

Ал *және* жалғаулық шылауында өзара сабақтас, тамырлас ұғымдарды топтап, олардың объективті дүниедегі бейнесінің жақын байланыстарын ескеруден гөрі, олардың әрқайсысының жеке қырлары, өзіндік дербестігі бар нәрселер мен құбылыстар екендігіне баса назар аудару мәні қамтылады: *Өлеңдер және жұмбақтарда айтылған әр құралдың қызметі қандай?»* [5, 18].

Қазақ мәтіндерінен мысал:

1) *Қайта айналып келмейтін барақат өмірден енді барқақар таппасын сезінген елге жаңа өкіметтің тақияға тас тастағандай етіп айтқан өктем өкімі мен* (дұрысы: *және*) *қорадағы малына, қосақтағы жанына ауыз сала бастауы тікендей қадалып, топ құрап, топар сайлауға еріксіз мәжбүрледі.* Сөйлемдегі *мен* жалғаулығының синтаксистік қызметі бойынша, өкімет жұрттың малымен қоса өзі айтқан өктем өкімге де ауыз салып отырған болып шығады;

2) *Ұшқыштар аспандағы жаудың шартты нысанын жою мен* (дұрысы: *және*) *жау ұшақтарынан қаша ұрыс салу әдістерін көрсетті.* Бұл сөйлемде де *мен* жалғаулығының синтаксистік қызметі ескерілмегендіктен, ұшқыштар жау ұшақтарынан қаша ұрыс салу әдістерін ғана емес, сонымен қатар жау нысанын жоюдан да қаша жүріп ұрыс салу әдісін көрсеткен болып шыққан;

3) *Олар ащы ішектен операцияға қажетті жіп пен* (дұрысы: *және*) *езілген еттен жасалған шұжықшаның сыртқы қабығын жасайды екен.* Бұл сөйлемдегі ақпаратта шұжықшаның езілген еттен ғана емес, операцияға қажетті жіптен де жасалатыны айтылып, семантикалық екіұштылық орын алған;

4) *Қызметтік көліктерге арналған гараж бен* (дұрысы: *және*) *қазандық салынған.* Бұл сөйлемде де бірыңғай бастауыштарды байланыстыратын шылаудың синтаксистік әлеуеті есепке алынбай, салдарынан қазандық та қызметтік көліктерге арналған болып шыққан т.с.с.

Байқап отырғанымыздай, келтірілген сөйлемдердегі стилистикалық норманың бұзылуы жалғаулықтардың грамматикалық қызметін айыра танымаудан орын алып отыр.

**III.** Келесі мәселе – шылау сөздерді қабаттастыра қолдану. Мысалы: *бірақ та, сондықтан да, және де* т.б. Анығында, *да* шылауын қарсылықты, себеп, ыңғайластық мәнді шылаумен қабаттастыра қолдануға грамматикалық жағынан да, стилистикалық жағынан да зәрулік жоқ. Бұл – ауызекі сөйлеу тілінің сол күйі таңбалануы ғана. Сондықтан мұны да стилистикалық нормаға қайшы қолданыс деп есептеу қажет. Мысалы:

– *Мәселен, Шемонаиха ауданында 20 пайыз қазақтар болса, қалған 80 пайызы – өзге ұлт өкілдері.*

*Сондықтан да* біз объективті болуымыз керек.

– *Бірақ та* жүрек жағдайын, электрокардиограмманың өзгеру динамикасын уақытылы бақылау өте маңызды;

– *Баспасөз конференциясында «Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы және Геннадий Головкин өткен жылдың қорытындысы жайында сөз қозғады және де* болашақта атқарылар бірлескен жоспарларымен бөлісті;

– *Шәкәрім университетінің оқытушылары, қызметкерлері және де студенттерінің назарына* т.с.с.

Мақала көлемінде жасалған шағын талдауда қазақ мәтіндеріндегі жалғаулықтар бейнормасы салдарының үш себебі көрсетіліп отыр, олар: а) жалғаулықтардың коммуникативтік мүмкіндігін аударма барысында ескермеу; ә) *мен, және* жалғаулықтары синтаксистік-стилистикалық дәрежесінің тең емес екенін ескермеу; б) шылауларды орынсыз тіркестіру.

Аталған бейнорманың біріншісі қазақ тілінің реципиент-тіл болуына орай аударма үдерісінде орын алатын болса, кейінгі екеуі тіліміздің өз ішіндегі бейнормаға жатады. Сондай-ақ екінші бейнорманың орын алуына да аударманың қатысы болуы мүмкін (ойлау жүйеміздің орыстануы салдарынан синтаксистік ара-жігін ажыратпау яки мән бермеу), алайда бұл мәселе арнайы жүргізілген зерттеу барысында дәлелдеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Момынова Б. Қазақ тіліндегі гибриді сөздер және тіл тазалығы проблемасы (Академик М.Серғалиев көзқарасын дамыту) // Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері: ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. – 426 б.

2. Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл? / Сейдін Бизақов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 432 б.

3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 237 б.

4. Баймұрынов Ж.М. Жалғаулық шылаулардың синтаксистік қызметі // Қазақ-башқұрт филологиясы. Ұжымдық монография. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2017. – 377 б.

5. Медетпекова П.Т. Мен/бен/пен жалғаулық шылауларының квантитативті өлшемдері: филол. ғыл. канд. ...авторефераты. – Алматы, 2007. – 28 б.

*Болат А.Ж., Бачевская С.В. – к.ф.н., Центрально-Казахстанская академия*  
**ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ СИНТАКСИЧЕСКИХ КОНСТРУКЦИЙ  
В РЕКЛАМНОМ ТЕКСТЕ**

Реклама уже давно стала фактором культурной, политической и экономической жизни общества. Рекламная коммуникация является сильнейшим стимулом для развития речевой деятельности. Реклама передает современному обществу потребителя различного рода информацию о предоставляемых товарах и услугах.

Критерий эффективности рекламы - её объективность и конкретность, правдивость и этичность, наличие в ней необходимой информации и правильность выдвинутых в пользу объекта рекламы доводов, а также направленность на адресата.

Реклама относится к убеждающей и воздействующей речи, призванной привлекать и поддерживать внимание адресата, способствовать последующему запоминанию сообщения и побуждать к определенному действию.

Особенности рекламных текстов определяются тем, что рекламный текст относится к текстам нетрадиционного типа, который наряду с общими признаками текста как объекта лингвистического исследования также имеет отличительные признаки, такие как многогранность, избыточная повторяемость и корпоративность, которые позволяют отнести его к особому типу медиа-текстов, где сочетаются факторы лингвистического и экстралингвистического характера и осуществляется прагматическая направленность.

В последние годы наблюдается повышенный интерес исследователей к категории экспрессивности в области языкознания, лингвистики и стилистики. Данный факт аргументируется важной задачей, которую выполняет экспрессивность в языке. Категория экспрессивности служит для выражения субъективного отношения к сказанному. Она наделяет высказывание эмоциональной силой, создает эстетический эффект.

Как известно, экспрессия – это выразительно-изобразительные качества речи, отличающие её от обычной (или стилистически нейтральной) и придающие ей образность и эмоциональную окрашенность [1; 24].

По этой причине убеждающая реклама, в отличие от чисто информативной, должна быть одновременно и эмоциональной, и стандартной.

Экспрессия может создаваться различными способами: оригинальным заголовком, интригующим началом, умелым использованием выразительных средств языка. Большая выразительность языка рекламы заключена и в синтаксисе, который использует различные способы выделения членов предложения.

Синтаксис располагает огромными возможностями для выражения тонких смыслов и эмоциональных оттенков высказывания.

Синтаксические средства – необычные обороты речи, особое ее синтаксическое построение, к которому прибегает автор для усиления выразительности.

В рекламе часто прослеживается тенденция приблизить изложение к устно-разговорной речи. Это относится к лексике и синтаксическому строю текста.

К языковым средствам разговорной речи, часто используемым при составлении рекламных слоганов, принадлежит широкое употребление обиходно-бытовой лексики и фразеологии, эмоционально-экспрессивной лексики.

Сюда же можно отнести своеобразие синтаксиса: употребление эллиптических предложений различного типа, слов-обращений, слов-предложений, использование повторов слов, разрыва предложений вставными конструкциями, присоединительных конструкций, парцеллированных конструкций, преобладание диалога и т. п.

Имитация непринужденной устной речи как бы приближает язык рекламы к повседневной речи читателя, улучшая тем самым читабельность и восприятие текста [2; 196].

Использование в неофициальном, непринужденном стиле рекламы разговорных элементов, особенно синтаксиса, зависит от многих экстралингвистических факторов, например, от объекта рекламы, количества повторений данного рекламного текста, целей рекламы, от индивидуальных речевых навыков рекламиста.

К особенностям синтаксиса рекламных текстов относится также преобладание одних видов предложений над другими.

Так, например, в 90% всех рекламных текстов употребляются предложения утвердительного характера, нежели отрицательного. Это можно объяснить тем, что одна из основных функций рекламы – утверждать:

*Royal Dutch Airlines. Unseren Weinkeller genießen Sie über den Wolken;*

*Magnettrans. Für alle, die viel leisten;*

*Lufthansa. Die Bordkarte papierlos per Handy empfangen. Um das Wichtigste zu nutzen, nämlich Zeit;*

*Electrolux. Unsere Öko-Line Waschmaschinen und Trockner sorgen für eine saubere Energiebilanz.*

Тем не менее, отрицательные предложения также употребляются:

1) во-первых, для создания эффекта оригинальности на фоне часто используемых утвердительных предложений, что само по себе повышает интерес публики;

2) во-вторых, в агрессивных вариантах сравнительной рекламы, когда качество товаров конкурентной фирмы намеренно принижается, собственный же продукт провозглашается наиболее качественным и престижным:

*Denn keiner hat mehr zufriedene Kunden als die Nr.1 - Schwäbisch Hall;*

*Besser kann man es nicht treffen - здравоохранениеГермании;*

*Banken verkaufen Kredite? Ihre Volksbank Raiffeisenbank nicht!;*

*Sie haben viel zu sagen. Wir nicht: ab 3 Cent/Minute - новыйтарифомCallmobile;*



*AYGO Nichts ist unmöglich. Toyota.*

Наряду с утвердительными предложениями, в рекламных текстах также употребляются вопросительные и побудительные предложения, которые выполняют важные коммуникативно-прагматические функции.

Так вопросительные предложения используются с целью:

а) повышения оригинальности текста:

*Sichtbarschönere Haut durch ein Duschgel? Natürlich! Dove Visible Care mit NutriumMoisture;*

*Was ich für meine Fitness tue? Genießen. Neu: Joghurt Bonifaz!;*

*Frisch gefärbt? Nein. Frischgewaschen;*

*Lust glänzend auszusehen? Kein Problem mit dem Nivea Seiden Glanz Gel und Wax. Seidiger Glanz, extra starker Halt und extra Pflege. Alles andere liegt bei dir...;*

*Vertrauen Sie ihrer Intuition. Rasieren - einfach und schnell? Jetzt ja! Mit Intuition, dem weltweit ersten ALL-IN-ONE-Damen-Nassrasierer.*

б) создания иллюзорного эффекта, подразумевая под вопросом утверждение:

*Sind Arzneimittel bald unbezahlbar? Wir haben was dagegen. Hexal. Arzneimittel Ihres Vertrauens* -

Производитель уверен, что лекарственные средства дорогие и/или станут дороже, поэтому предлагает товар дешевле;

*Banken verkaufen Kredite? Ihre Volksbank Raiffeisenbank nicht!* - Адресант утверждает, что остальные банки продают кредиты;

*Zeit mit der Familie ohne Stress? Planen Sie Ihren Familientag richtig! Wir sind so frei!* - Рекламный текст подразумевает, что обычно потребитель испытывает стресс, проводя время с семьей.

Использование же побудительных предложений в рекламных текстах часто вызывает чувства настороженности и недоверия, так как человеческое сознание интуитивно противится любым приказам и побуждениям.

В этом случае рекламисты стремятся в побудительной фразе использовать менее категоричные глаголы, цель которых скорее предложить, чем указать и побудить:

*Lernen Sie die Günstigste kennen* - новая модель Nokia.

В данном случае благодаря употреблению глагола «kennenlernen» рекламный текст не навязывает покупку, а просто предлагает познакомиться с товаром, что в свою очередь вызывает больше доверия у потребителя;

*Testen Sie diese einfache und schnellere Arbeiten 60 Tage kostenfrei* - новое программное обеспечение Office 2007.

Глагол «testen» предлагает сначала просто попробовать продукт, а условие «kostenfrei» создает у реципиента ощущение, что он ничего не потеряет, что также повышает привлекательность данного рекламного сообщения.

*Für eine frische Frühlingsfigur. Verlieb dich neu. In dich. Du darfst. Kochen mit Finesse. Die leckere Alternative zu Sahne.* Использование глагола с позитивной коннотацией «sich verlieben» повышает общий положительный настрой рекламного текста;

*Gönnen Sie sich ein bisschen mehr Aufmerksamkeit. Der Kia Picanto.*

Глагол «sich gönnen» направлен на продукт, а непосредственно на реципиента, затрагивая его внутренние чувства, вызывая у потребителя больше доверия.

Интересным явлением в рекламе являются риторические вопросы и риторические обращения - особые средства создания эмоциональности рекламного текста.

*Риторический вопрос* - стилистическая фигура (фигура выражения эмоций), содержащая утверждение или отрицание в вопросительной по форме высказывании, на которое не предполагается, не ожидается прямого ответа [3].

*“Campari. Was sonst?”* – Campari;

*„Erledigen Sie Ihre Bankgeschäfte etwa nicht zu Hause?“* - Online-Banking;

*“Colt. Und was wollen Sie erleben?”* – Mitsubishi;

Суть данной стилистической фигуры в том, что вопрос ставится не с целью получить на него ответ, а чтобы привлечь внимание читателя.

*“Colt. Und was wollen Sie erleben?”* – Mitsubishi;

*“Haben Sie sich entscheiden, niemals dick zu werden?”* - die fettreduzierte Margarine Lätta;

Семантика риторических вопросов заключается в утверждении или отрицании и не предполагает ответа. Они являются довольно распространенным стилистическим приемом эмоциональной экспрессии в рекламных текстах.

*Вопросно-ответная конструкция* пришла из разговорного синтакса.

Такой стимулирующий прием побуждает адресата к активному действию. Эта форма используется для создания рекламного диалога, имитации разговорной речи, сосредоточения внимания читателей на важном положении.

*“Kann ein unscheinbarer GPS-Empfänger einer ganzen Branche neue Wege weisen? In der Tat: Gemeinsam mit Vordenkern von Versicherungsgesellschaften auf der ganzen Welt arbeitet IBM an einem völlig neuen Service: der Kfz-Versicherung auf Kilometerbasis... Und: es bringt Wachstum durch neue Kunden... Was macht Sie so besonders? IBM.”* - Реклама фирмы "IBM".

В данной рекламе используется вопросно-ответная конструкция. В ней представлены размышления адресанта о значении новейших компьютерных технологий фирмы "IBM", успешное использование их другими фирмами с целью привлечения новых клиентов и для экономического роста в целом.

Лексическое средство отрицания (*unscheinbar*) в вопросе эмоционально выделяет невидимую работу

компьютерных технологий, которые активно воздействуют на все стороны нашей жизни.

Использование возможностей экспрессивного синтаксиса создаёт в сравнительно небольшом по объёму рекламном тексте мощное воздействующее поле. Часто один и то же рекламный слоган сочетает в себе различные средства экспрессивного синтаксиса.

Данный факт указывает на полисемичность конструкций и даёт большой простор воображению адресата для интерпретации.

Таким образом, экспрессивность рекламных текстов обусловлена потребностью слушателя/читателя в красивой, интересной рекламе и достигается использованием различных стилистических фигур в рекламных текстах.

Рекламный текст стремится ответить на вопросы потенциального потребителя. Диалогичность достигается за счет использования вопросительных (11%) и восклицательных предложений (7%), вопросно-ответных комплексов (3,1%), которые способны вызвать любопытство читателя, остановить внимание потребителя.

Зачастую распространенность той или иной стилистической фигуры зависит от множества лингвистических факторов, влияющих на убедительность и эффективность рекламы.

Список использованных источников:

1. Губенко Н.В. Экспрессивность средств выражения утверждения и отрицания в языке подлинника и переводов романов Э.М. Ремарка: автореферат / Н.В. Губенко. - Краснодар, 2006. - 31с.

2. Александрова О.В. Проблемы экспрессивного синтаксиса. На материале английского языка: Учеб. пособие / О.В. Александрова. - М.: Высш. шк., 1984. - 211 с.

3. Иванов А. Толкование важнейших терминов литературы и поэзии [Электронный ресурс] / А. Иванов - URL: <http://www.stihi.ru/2006/03/04-1571>.

*Ганеев Р.Р. – м.г.н., стр.преподаватель Центрально-Казахстанской академии*

### **THE LANGUAGE POLICY IN KAZAKHSTAN: ON THE ISSUE OF PURIST TENDENCY**

To begin with, let us try to define what a language policy is. A language policy, in general, represents the whole set of manipulative actions with languages and communities intended to influence functioning and development of a language or languages. As a rule, a language policy is initiated and implemented by the government through linguistic societies, academies of sciences and other organizations of this sort. The main tools of implementation of a language policy are mass media, legislation and education institutions.

Often a language policy pursues a certain pragmatic aim of non-linguistic character. And the scope of the possible aims is quite narrow. They are mostly an attempt to defend oneself from undesirable political influence, integration of the society and/or deriving an economic benefit.

This article deals with one aspect of the language policy in the Republic of Kazakhstan, viz. the purist tendency in the Kazakh language development. The issue is considered alongside with the observation of the purist movement in other countries.

#### **The purist movement in the history.**

The term *purism* derives from the Latin word *purus* which means *pure* or *clean*. The linguistic purism is a policy, i.e. a set of measures and actions, intended to “clean” the language of undesirable elements that are considered alien and, therefore, harmful and threatening the national identity of the people. The most frequently, those harmful elements are thought to be borrowings from other languages [1].

Throughout the documented history of the mankind there could be met many examples of the linguistic purism. In fact, purism is typical for nearly all the languages to some extent. However in some states the issue was especially urgent.

For instance, after the Kemalist Revolution in 1920s Turkey moved towards creation of a secular state after the fashion of the contemporary European countries acquiring and enforcing European values. Those values turned out to be incompatible with the existing status quo in the country. Turkey was trilingual at that time, the Turkish (Ottoman) language being of the least importance, because it was spoken mostly by common people. The other two languages were Arabic (the language of science) and Farsi (the language of literature and everyday communication in higher society). The latter two languages were strongly associated with Islam and considered as an obstacle on the way to progress. Therefore the new political power decided to revive Turkish and clean it of the Arabic and Farsi elements. Thus, the purpose of the purist campaign was to break with past, raise the level of people’s self-consciousness and unite the society.

The purist campaigns were also waged in Germany (in the 18<sup>th</sup> c.; against the French borrowings), the Russian Empire (in the 19<sup>th</sup> c; against all the words of non-Slavic origin), Iceland (since the 18<sup>th</sup> c.; against any borrowings) and many other countries. [2]

#### **Purism in Kazakh.**

On April 21, 1998, the Government of the Republic of Kazakhstan issued Decree No. 367, in accordance to which the Republican Terminological Committee was established. The main purpose of the body is to coin and integrate into Kazakh new terms and words intended to denominate new notions or substitute loan words. The Committee consists of 16 members: scholars, writers, journalists, translators, etc. [3]

The purism in the Kazakh language is mainly realized against the loan words and the element from European languages, particularly from Russian. For a long time Russian has been considered as a threat for existence of the Kazakh language, culture and mentality. And it has been not without a reason. The policy of the Soviet state aimed at creation of a united nation with a single culture, mentality and language. And this considerably undermined the position of national languages.

As a result of this struggle for survival, in Kazakh a large number of international words have been substituted by neologisms. (See *Table 1*)

Table 1: International terms in the Turkish, Russian, English, French and German languages and their equivalents in the Kazakh language.

Kazakh	Turkish	Russian	English	French	German
tólqujat	pasaport	паспорт	passport	passepport	Paß
asqarpaz	dağcı	альпинис т	alpinist	alpiniste	Alpinist
ǵalamtor	internet	интернет	Internet	internet	Internet
aqqamar	şampanya	шампанск ое	champagn	champagn	Champagn er
taldaý	analize	анализ	analysis	analyse	Analyse
nesie	kredi	кредит	credit	crédit	Kredit

Қазақ әдебиетінің кейінгі жас толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Ұлттық әдебиеттегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі заманауи прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодерндік әңгіме үлгісіне айналды. Атап айтар болсақ, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова, тағы басқа жазушылардың әңгімелерін ұғыну үшін олардың постмодерндік бағытының тереңіне үңілуіміз керек. Классикалық әдебиеттегідей сюжет, композиция деп талдаудан алыстап барамыз. Постмодернисттер сюжетке оқыс оқиғалар, образдарды басқаша түрде ұсынып, оқиғаны күтпеген тұста аяқтап тастап, оқиғаның шешімін оқырманның үлесіне қалдырады. Тіпті, мысалы, «Дидар Амантайдың әңгімесінен сюжет іздемей-ақ қойған абзал. Себебі сіздің іздеген сюжетіңіз бұл әңгімеде жоқ» деген пікірде Таласбек Әсемқұлов. Қазіргі қазақ прозасында біраз қаламгерлердің шығармаларында виртуалды әлемді суреттеу көптеп кездеседі. Осы орайда мақаламызға арқау болып отырған қазіргі таңда өзіндік ізденісімен орта буын өкілдерінің алдыңғы қатарында есімі аталатын жазушы Асқар Алтайдың шығармаларындағы сюжеттік ерекшеліктеріне сипаттама бере кеткіміз келеді.

Асқар Алтай шығармашылығын оқу оған баға беру мәселесі әлі де қаралып келе жатқан мәселе. Себебі Асқар Алтай шығармашылығы Төлек Әбдік секілді таза психологияға немесе Дидар Амантай секілді таза еуропалық постмодернизмге құрылмаған. Оның ерекшелігі де, жаңашылдығы да осы жерде. Оның тақырыптары, оның көтерген мәселесі қоғамдық проблемаға сай. Тек олай ғана емес, көркемдік жағынан дес бермейтін үлкен бір әлем. Автордың әлеміне кірген кез келген оқырман осы ерекшелікті байқай алады.

Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады. Оның «Қара бура» повесі, «Қараштың қарасы» әңгімесі қазақ басынан өткерген небір тарихи оқиғалардан сыр шертеді. Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік — шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын. «Қара бурадағы» ботасын іздеген ақ түйе туралы аңыз, «Қараштың қарасындағы» Қараш батыр туралы әңгіме мен «Ереуілтөбе» жайындағы тарихи оқиғалар шығарма құрылысына нұқсан келтірмей, негізгі оқиғамен жымын білдірмей кірігіп кеткен. Асқар Алтай көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады.

Асқар шығармаларының кейіпкерлерінің де өзіндік әлемдері бар. Мысалы, «Лайбаран» атты әңгімесінде кезінде өзінің алдағы мақсаты бар Әкөн есімді жігіт Семейдегі медицина институтына оқуға түседі. Алайда ырың-жырың жүріс, ырду-дырду думан жас, лапылдап жанып тұрған жігітті қызыл «Галас» шарабы мен мөлдіреген түссіз «Водкаға» құмартады. Аяғы, бір курстың өзін аяқтамай жатып әскерге кетіп тынады. Әскерден келген соң оқуын жалғастырмайды. Бұл баяғы жүрісіне қайта басады. Сөйтіп жүріп Нұрайнаны жүкті етеді. Ащы суға жаны құмар болған соң отбасының шырқы бұзылып, сұлуы көп, жылуы жоқ Алматы асып, есіл-дерті екі стақан араққа ауған өзі секілділерге қосылып, тапқан таянғанын «түссіз суға» жұмсайтын БОМЖ-дың өзі болып шығады. Өзімен бірге өскен, сыныптасы Сейсен қаладағы базарда үсті-басы кір-қожалақ, сақал-мұрты өсіп кеткен Әкөнді қапыда көріп қалып, жабыса кетіп, айдаладағы аядай аудан Аягөзге алып келіп, Иван-кочегарға табыстайды. Ваня-кочегар мұны қазандықтағы ыстық суға шомылдырып, бу бұлауынан кейін 200 грамм «ақанды» жұтқызып жіберіп, майға қуырылып піскен семіз, бірақ тарамыстау етті қарбыға соқтырып, жылы оратып, жеке бөлмеге жатқызып тастаған. Бір-екі мәрте ғана шарап көтерген, санасы сауығып қалған Әкөнді ертесі күні түнде кочегар ит аулауға өзімен бірге сыртқа алып шықты. Міне, осы күннен бастап дәу орыс пен Әкөннің арасында кикілжің туа бастады. Бұл Ваня-кочегардың итті Акон бауыздасын деуі еді. Әкөн болса, бірден «жоқ» деп бас тартқан. Келген күні қара кесе кетті байқамай жеген Әкөн осы күннен бастап ет жеуді қойған болатын. Етжеуді доғарған Әкөн-әпендіг еашуы келіп жүрген Ваня-кочегар: «Эфенди, менсеніертеме, кешпеөлтіремін!

Сен бәрі бір адам болмайсың, лайбараннан артық саған қандай мал керек, малғұн!..» — деп жиі айтып жүрді. Әкөннің сөніп қалған намысын кочегардың «Иттен туып, іннен шыққан» деген соңғы сөзі жанып өткен еді. Басқасы басқа, соңғы сөзі жанына батып кетті. Осы сөз жанын жегідей жеді. Иван-кочегармен Болат — бұзау ит аулауға кеткенде мұның ойынан әлгі сөз шықпай қойды. Олар қанжығалары майланып оралғанда үнсіз ғана есікті іліп, Болатқа көк сұр иттің аяғын байлауға көмектесіп жүрді. Жүз грамм арақты сіміріп жатып, Әкөнді көз қиығымен баққан Иван Болатқа ит бауыздауды тоқтатып, пышақты Аконға бердірді. Әкөн: «Мен соймаймын. Пышақты да ұстамаймын. Керек болса, Иван-кочегар, өзің сой, өзің же! — деп ысылдады. Бұған шыдамаған Ваня-кочегар БОМЖ-ды ауызынан кеп отырғызды.

«Жаныңның барында «барыныңды» бауызда! Болмаса балтамен басын шап!» — деп бұйырды. [1, 115].

«Әкөннің санасын тұман тұтып, көзін қан басты. Қан аралас түкірігін тағы да түкіріп, пеш аузына жақын жатқан қайраулы балтаны барып алды. Қайырылып ит қасына келді. Тістенген қалпы аузына толған қасқа тістің қанын енді түкіріп тастамай, жұтып жіберді. Жалғыздық сарынын қазіргі қазақ прозасында өмір мен өлім концепциясы тұрғысынан қарастыруға болады. Соңғы жылдары қазақ қаламгерлері өлім туралы көп жазып жүр.

Өлім болмаса, өмірдегі тірінің қадірін білмейтіндігіміз рас. Адам қимайтын арсыз жалғанда бір-ақ опасыз дүние бар. Ол — тіршілік.

Жалғыздық сарыны туралы Г.Пірәлиева «Жалғыздық қашанда жеке адамның басындағы қайғы- қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл адамның (кейіпкердің) ішкі табиғатынан, болмыс- бітімінен сыр берер, оның hareketін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет»[2].

Асқар Алтайдың осы уақытқа дейін белгілі сыншыларымыздың назарына іліккен туындыларының бірі — «Кентавр» әңгімесі. Әңгіменің желісі бас адам тәрзіді дене тұрқы жылқы іспеттес сәбидің дүниеге келу. Ата-анасының бір перзентке зар болып жүріп тапқан ұлдарын ел көзінен таса жерде өмірге әкеліп, өсіреді. Алайда күн санап өскен жылқы-жігіттің жалғыз екенін түсінуін автор былай жеткізеді. Түзде тағы өскен құлын-бала құнан-жігіт шықты. Тұрқы зорайып, қуаты толысты. Бұла көркі көз тартып, бұғанасы бекіді. Тарлан Тарбағатайдың тағы аюын да алды, бұла бөрісінің белін де үзді. Тұнық табиғатта Басарыстың санасы сараланды... өзінің тірі пендеге ұқсамайтын жалғыз екенін түсінді. Жат екенін сезінді. Өкесі мен көкесі ескерткен, шешесі көз жасын төгіп айтқан: «Тірі пендеге жолама! Көздеріне түспе!» деген сөзді берік ұстанды [1, 182].

Аталған әңгімеде негізгі сюжет адам баласынан мақұлық болып туылатын жеткіншек турасында. Анығын айтқан кезде басы адам, денесі жылқы тектес ежелгі батыс мифтерінде кездесетін кейіпкер.

Жалпы мифтердің негізгі кейіпкерлері құдайлар мен бетер-текті сүриеттер, ал ертегілердікі- қаһармандар мен сиқырлы қасиеттерге ие жануарлар болғанына қарамастан, барлығына да ортақ белгілер бар, бұлар күнделікті дүниеге жатпайды. Және, солай болса да, аборигендер бұл баяндардың бір-бірінен мүлде өзгеше болатындығын сезіне білген. Мифтік баяндар адамның өзіне тікелей қатысты болса, ертегілер мен мысалдар, тіпті олар дүниеге өзгеріс енгізген күннің өзінде де, адамның сыбаға-несібіне өзгеріс енгізбейді [3, 566].

Ал Асқардың «Альпинист» шығармасындағы тау шыңына шығуды өзінің рухы, жан рахаты көретін Тайшынның қалаға сыймай әрдайым тауға қарай аңсары ауып тұрады. Қаладағы бейберкетсіз тіршіліктен жалығады. Автор кейіпкердің ішкі жай-күйін терең түйсінеді. Оның қаумалаған адамдардың ішінде әрдайым жалғыз сезінуін жеткізеді. Шың басындағы кешегі қара тастай берік достық, альпинистік адал сезім сынған хрустальдай шыл-шыпыры шығып, әрқайсысы бөтен біреулерге айнала жөнеледі. Тайшыносының түсінбейді... ойғатүсекөңілікүңгірткүздейқұлазиды, жапанда қалғандай жалғызсырайды. Ал бозбала Сұңғат оны қайдан білсін?! Ол — әзірге әсершіл.» [1,202-203].

Бір сәт алаңдадың ба әңгіменің мәнісін басқаша түсініп қалуға ұрынасыз. Асқар Алтай әңгімелерінің құдіреті де осындама деген ойға қаласыз...

Қорыта айтқан кезде, жаңашыл ойлау мен дүниені жаңаша тануға негізделген қағидаттармен түзіліп, әлеми адамды соны үлгімен өрнектеуге құрылған романдық замана сөзінде әрі дағдарысты, әрі алмағайып жаһандану жан алқымынан алған алаш рухы бойына тұнған жаңа көркем жүйенің бітім- болмысы қалыптасып отыр. Жазушының шығармашылығы дамып, оқырманға бірдеңе беруі үшін оған қолдау ғана емес, сынның да керекті анық. Бұл мәселеге келген кезде жазушының нақты жауап бере алғанын аңғарамыз.

Қазақ әдебиетінің бүгінгі ол жаңашыл әрі дәстүрге негізделген әдебиет базасы. Осы жолда еңбек етіп жатқан жазушылардың қаламынан туған кез келген шығарма талдауға және сынға лайықты. Оларды сынау арқылы алға жылжуға мүмкіндік туғыза аламыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013 – 400 бет.
2. Пірәлиева Г. Изденіс өрнектері. М.Әуезов әңгімелеріндегі жалғыздық проблемасы. — Алматы: Атамұра, -10-б.
3. Мирче Э. Мифология: Құрылымы мен рәміздері. - Алматы 2005

*С.Қ.Сыздықов – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы*

### **АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТИҢ «ТАБЫСУ» АТТЫ ӘҢГІМЕСİNДЕГІ ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР МӘСЕЛЕСІ**

Сөз өнерінің айрықша болмысын айқындап тұратын көркемдік фактор мен элементер болады. Аталған көркемдік ерекшеліктер суреткердің даралық стилін айқындап, оның ұлттық болмысын анықтайды. Осындай ерекше көркемдік фактор сол шығармадағы ұлттық характерден айқын көрініс табады. Біздің ойымызша әдебиеттану ғылымы ұлттық қасиет мәселесін зерттеген кезде осы суреткер шығармашылығындағы көркемдік элементтерге қайта-қайта әлі неше мәрте соғары хақ. Нағыз суреткер сырттан долбарлап суреттемейді. Сол өмірдің ішінде өзі жүреді. Өйткені, көшпенділердің барлық этникалық қасиетін бойына жиған рухы биік қазақ халқының болмысында ол мен мұндалап көрініс тауып тұрады. Қазақ халқы болмысында табиғатпен егіз. Ертеректе жер ауып, тағдыр талайымен мұхиттың арғы жағына өтіп кеткен орыс ойшылы Н.О.Лоский ұлттық характер мәселесін тереңдете зерттеп, оған еңбек те арнаған. Осы ғалымның ойтанымына назар аударайық: «...задача при исследовании характера народа, более легко разрешимая, состоит в том, чтобы определить, какие свойства народа представляет собою первичное, основное содержание его души и какие свойства вытекают из его первоосновы» [1,4]. Ғалым кеңтарапты терең мәселені көтеріп отыр. Ұлттық мінез сол халықтың қандай сипатынан көрінеді, соны анықтау аса өзекті мәселе екенін айтқан. Ұлттық мінез мен мұндамын деп мұндалап тұрмайды, ол оның өмір сүру салтынан, күнделікті өмірінен байқалады. Оны дәл тауып тану әрбір жазушының маңдайына біткен бақыт емес. Осы тұрғыдан алғанда жазушы Акселеу Сейдімбектің көркем шығармалары, оның ұлттық сипатымен айқын ерекшеленіп тұрады. Сондай шығармаларының бірі «Табысу» әңгімесі. Әңгіме қазақтың санасында мыңдаған жылдар қалыптасқан жайлау ұғымымен астаса бастау алады: «Аулымыз ақар-

шақар болып, жайлауға қонып жатты. Жаңа жұрт жан сергітіп, әркімнің-ақ көңілін желпінтіп жібергендей. Қазіргі сәтте жаулықтары ағараңдап үй тігіп жүрген әйелдер, бұлшық еттері бұлтылдап құдық қазып жатқан жігіттер, жаңа жұртқа іштей жаңа тілеу тілеп, шаңырақ көтеріскен қарттар, тіптен мынау көкөрай шалғында шұбартқан мал-мүлікке дейін көрер көзді қуантып, ең жайлаудың кең пейіл, мәре-сәре күйін танытады. Жайлау төрінен әп-сәтте үй орны таңдалып, жосалы қызыл керегелер жайылып, аппақ жұмыртқадай кигіз үйлер нобай таныта бастады» [2,37]. Жайлаудың ерекше көркем бейнесі көз алдыға келеді. Жайлау ұғымы қазақ танымында ерекше орын алады. Жайлау адамның, нақты айтсақ қазақтың «жанын сергітіп», «көңілін желпінтіп» тастайтын өмір күйі. Бүгінде өмір салтынан ұзап бара жатқан осы тіршілік күйі қазақтың характерінен сыр шертері анық. Әрине, осы шығармадағы ұлттық характердің көрініс табар негізгі сюжеті бұл емес. Жайлау сол сюжеттің өтер аланы, бенелеп айтсақ әлемі. Осылайша жайлауға келіп, қонып жатқан ауылдың мәре-сәре көңіл-күйінде ерекше оқиға болады. Ерекше болғанымен, ол оқиғаның болуы заңды құбылыс болатын. Бірақ, сол оқиға керек кезінде керек уақытта тосыннан болады. Ол лашын құстың тағдыры. Енді сол оқиғаны суреткер қалай бейнелеген, соған тоқталайық: «Сөйткенше болмады, жанын қоярға жер таппай, сусылдай ұшқан жалқы үйрек үй үстінен өте берді. Енді байқадық, көктен құлаған келте сапты, қол тоқпақтай болып зырқыраған бір құс әлгі үйректің үстіне құдия құйылып келіп қалған екен.

- Лашын, лашын ғой мынау!— деді әкей жас балаша елбіреп. —Қайран сұңқардың тұқымы-ай, ә! Пай-пай сорғалауын қарашы өзінің!

Қыран құс десе ішкен асын жерге қоятын әкей дәл қазір дүниенің бәрін ұмытып, бүткіл зейінін көк жүзіне аударып үлгерген.

Мұндайда ес жиюға мұрша бола ма, әкейдің лашын деп тұрған құсы лақтырған тастай боп еңіреп келген күйі үйрекке сақ ете қалды. Тап бір қапысыз мерген атқандай айнымай келіп соққан сәтінде тасқа тиген оқша кері серпіліп, көкке қайта көтеріліп кетті. Жойқын соққыдан жан тәсілін беріп үлгерген үйрек жайыла аунап барып, тас лақтырым жердегі шалғынға топ ете түсті... Осы бір үрейлі көріністің белгісі сияктанып, бұрқ-бұрқ шашылған ұлпа қауырсын ауада қалқып қалды. Бұл кезде қан құмар лашын да шабытын баса алмай, еркін құшыры қанбағандай, жарқ-жұрқ етіп үстімізде айнала ұшып жүр еді» [2,38].

Жазушы стилінің даралығы осы сәтте ерекше көрініс тапқан. Лашын құстың құс ілуі соншалықты шынайылықпен суреттелген. Лашынның құсқа түсу сәтіндегі бейненің нәтижесін «Тап бір қапысыз мерген атқандай айнымай келіп соққан сәтінде тасқа тиген оқша кері серпіліп, көкке қайта көтеріліп кетті» деген сөйлемде анық бере білген. Лашынның бас салып ұстамайтынын, оның теуіп түсіретін құдыреті айнытпай суреттелген. Осыдан кейін әңгіме сюжетінде негізгі кейіпкердің әкесінің құс ұстауға деген даярлығы кең түрде суреттеледі. Сол арқылы қазақ халқының құсбегілік өнері мейлінше терең мазмұнда суреттеліп берілген. Бұл да сол халықтың ұлттық мінезінен хабар берер ерекше деталь. Сол құсты ұстау харекетінің нәтижесін жазушы былай суреттейді: «Алақандағыдай көріп тұрмыз — үйректің уыз төсіне құныға қадалған лашын тұғжың қағып, қарық болып жатыр. Алқаптың қау қияғына сынадай сіңіп, сығалай жылжыған әкей мен лашын арасы да қысқарып-ақ қалды. Содан асық атымдай жерге келгенде ұмсына созған құрық басындағы қыл тұзақ жел үрген құрақтай майысып түз құсының үстіне төне берді. Мұндайда төзімде тағат қала ма, жүрек шіркін тайдай тулап, көзім бұлдырап, тамағымға жас тығылғандай тынысым жиілеп кетті. Сол екі арада шалғын арасынан ербең етіп, әкей де көтеріле берді, тұзақ басы да шоршыған балықтай далбыр-дұлбыр болып қалды. Мен де дедектей жөнелдім. Келсем, әкей тұзаққа түскен құсты бешпетінің шалғайына орап ала қойыпты. Тап бір жаяу жарысқа түскендей екі иінінен дем алып отыр. — Бұл бір құтты қоныс болды... сұңқар баласы қолға қонды деген осы... тіл-көзден аулақ... тұғырың құтты болсын! — дейді еңтігіп. Әкейдің қазіргі күйінен сабыр-тағат дегеннің нышаны да байқалмайды. Дүниенің бәрін ұмытып, өзімен-өзі жас баладай мәз. Ендігі аузынан шыққан сөзі, қылық-қимылы, барша зейіні бауырына басқан құсқа ауып, тап бір аяулы арманы қолына қонғандай күйге түскен. Әкей дамыл таппай сөйлеген күйі құсты үйге алып жүрді. Әдеттегіден үні де жұмсарып, мейірімі молайып кеткендей»(2,39-40). Қазақ әдебиетінде бүркіт тұқымдас құстардың балапанын ұясынан алу үрдісі көп суреттелген. Ал, асқақ, аспаннан үйректі теуіп түсірген лашынды ұстау осыншама дәлдікпен суреттелген деп айта алмасaq керек. Осы ұлттық дәстүрді суреткер ішінен білетіні байқалады. Қайсыбіреудің айтуымен емес, өзі көзімен көрген құбылыс. Жалпы, жазушы Ақселеу Сейдімбектің көркем прозасы этнографиялық мәдениетімен, ұлттық мінезімен ерекшеленіп тұрады. Осы шығармадағы құсбегінің балаша қуанған сәтін «әдеттегіден үні де жұмсарып, мейірімі молайып кеткендей» деген жолдамен нақты суреттеген. Ол кейіпкердің ішкі толқынысын жазушының тамыршыдай дәл басқан шеберлігінің нәтижесі. Автор әкесін, яғни кейіпкер құсбегінің ұлттық мінезін беру жағдайында алған тақырыбын мейлінше терең білетіні аңғарылған. Мәселен, ол кейіпкерді сөйлету барысында терең ашылған: «Несін айтасың, шырағым, — дейді бір түрлі жасарып кеткендей қунаң шыраймен, — қанаттыда мұнан өткен қыран болар деймісің!(1) Бұрынғылар лашын құстың баласына ат ұсынып, атан жетелеп келіп, меселі қайтып құр қол кетеді екен(2). Қызық-ау, солар, сұңқар нәсілін сыбаға беріп қолға қондырғысы келген!(3). Лашынның қанат керегінің өзі-ақ бір қаралық емес пе?!(4). Бұл дегенің жаратылысы бөлек, текті құс. Тектілігі сол — ғұмыр-темірінде тамағына бола таңын көрмейді ғой. Әлгі, «ит — иесі үшін алады, құс — тамағы үшін алады» дейтін сөз қанаттының бәріне қатысты болса да, тап осы лашынның қасиетіне келмейді. Неге десең, еш уақытта лашын құстың баласы құлқынның құлы болмақ емес. **Нағыз құсбегі қолға түскен құстың ең алдымен дінін таныса керек, сонсоң барып тілін таппақ.(5).** Әр құстың діндегіне қарай өзіндік тілі, өзгеше бабы болады» [2,39-40].

Біз қысқа қайырганның өзінде қаншама этникалық сипаттағы мәліметтерге, қазақтың терең ұлттық танымына қанық болдық. Ақселеу Сейдімбектің «Табысу» әңгімесі құсбегіліктің, оның ішіндегі құс салушылардың арасындағы лашын құсын баптаушы маманның энциклопедиялық анықтамалығы сияқты. Бұл бағдарда ұлттық мінездің ерекшелігі туралы академик Сейіт Қасқабасовтың мына бір пікірі ерекше құнды:



«Содержание предания более конкретно, поскольку оно излагает событие, имеющие отношение к истории определенного региона. Поэтому для полного понимания сущности предания еще недостаточно знать о событии, повествуемом в нем. Для этого нужно хорошо знать также этот регион и в географическом, и в историко-культурном отношении. Предание в большинстве своем носят сугубо национальный характер и очень редко переходят от одного народа к другому» [3,153]. Бұл пікірдің маңызы аса терең. Яғни, өзінің бет пердесін сақтайтын халық өзінің аңыздарын, басқаша айтсақ өз келбетін білу керек. Жалпы Ақселеу Сейдімбектің стилінде ұлттық бояу ерекше қанықтығымен ерекшеленеді. Осы «Табысу» әңгімесінде басты кейіпкер бала мен құсбегі әкесінің арасындағы сұхбат тәрбиелік мәнімен, әсіресе ұлттық менталитет тұрғысынан ерекше көрініс тапқан. Ол жоғарыда академик ғалымның біліп қана қою, оның сюжетіне назар аударумен шектелуге болмайтынын, оның тарихи-мәдени астарын терең ұғып барып ой қорыту қажеттігін атап көрсеткен. Осы бағдарда, сұхбаттысты әңгімеде мәндік мазмұнымен ерекшеленеді деп айта аламыз. Сол сұхбат-диалогқа назар аударайық: «Көке, сонда бұл құс тек қана үйрек іле ме?— деймін мен еліккен көңілмен.

— Ту-у, бұл ма, бұл — алла қаласа, нағыз тасқа салсаң қайтпайтын қанды балақтың өзі болад-дағы! — дейді әкем.

Әкей ботадай елпілдеп, қауқылдай сөйлеген күйі «біссімілла!» деп ала көлеңке үйге кірді. Сонсоң сайман салған қобди, ызған тарамыс, былғары қықымы сияқты бес-алты нәрсенің атын атап, тауып беріндер деді де, қолма-қол лашынға томаға тігуге қамданды. Шешейдін:

— Мына көш-қонмен қабаттастырмай-ақ қоя тұрсаң болмас па еді! — дегеніне де қараған жоқ.

— Бәрекелді, тұғырға таңып тастасаң тұнжырап отырып қалатын бүркіт қой деймісің, көзін қараңғыламасақ бұ жарықтық өзін де, өзгені де жазым қылады, — деп езеурей түсті.

— Е-е, өз дегені болмаса көнбейтін өзін сияқты құс десейші онда, — деген шешей әдеттегідей көнпіс шырай танытып, әкейдің ананы әпер, мынаны әперіне үйіріліп жүре берді» [2,40-41].

Осы сұхбатта ұлттық мінезге қатысты қанша көркемдік детальдар көрініс тапқан. Әкесі баласына құс жайын айтқанда «алла қаласа, нағыз тасқа салсаң қайтпайтын қанды балақтың өзі болад-дағы!» — дейді. Және, осыған қатысты баланың анасы өзінше қорытынды жасайды: «Е-е, өз дегені болмаса көнбейтін өзін сияқты құс десейші онда». Бұл жолдар құсбегінің лашындай қайсарлығынан хабар беріп тұр. Бірақ, бұл жерде суреткер құсбегінің қатыгез етіп суреттемеген. Қайсарлығын бейнелеген. Әйтпесе, осы әңгімедегі құсбегінің «ботадай елпілдеуі» нені аңғартады. Жазушының құсбегілік өнерді терең білетіні, лашын құсты суреттеуінен толық көрініс тапқан: «Енді байқап отырмын лашын дегені — көзі тана моншақтай мөлдіреген, өзі түз кептерінен сәл-ақ үлкен қара-көк құс. Бірақ қайқы бас қандауырдай өткір тұмсығынан бастап, шығыңқы шекесі мен басыңқы төбесі, шұбарта көрінген шалқак төсі мен қыз иығындай жұмыр топшысы, айқасқан қылыштай үп-үшкір қос қияғы мен жойдасыз салалы саусақтары, тіптен қарпуды көп көрген жуалдыздай көк сүңгі тұяғына дейін өзгеше бір сұлулығымен көзге оттай басылады екен. Шар болаттан құйғандай шып-шымыр тұла бойында «мынау қалай» дегізетін бірде-бір селкеу мүше байқалсайшы! Бір ғажабы — көзіне қарасаң бейкүнә бойжеткендей мөлдіреп, монтаны кейпімен мейірім үйіргендей. Енді бір сәт жымия жығылған бой жүнін қыдыра келіп, қылыш қанат пен қышырлы саусақтарға назар салсаңыз жаңағы бейкүнә сұлулық әп-сәтте санаңнан сейіліп, оның орнына сұстылық пен жігердің лебі есіп қоя береді. Пай-пай, сұңқар нәсілі дегені осы екен ғой!» [2,40-41]. Жазушы лашын құсты бейнелегенде екі бірдей эстетикалық ұғымдарды астастыра, шебер қолданады. Ол көркемдіктің құдыреті әсемдік пен асқақтық. Ол бірде әсемдікпен «лашынның көзіне қарасаң бейкүнә бойжеткендей мөлдіреп, монтаны кейпімен мейірім үйіргендей» деп суреттесе, іле асқақтықпен «Енді бір сәт жымия жығылған бой жүнін қыдыра келіп, қылыш қанат пен қышырлы саусақтарға назар салсаңыз жаңағы бейкүнә сұлулық әп-сәтте санаңнан сейіліп, оның орнына сұстылық пен жігердің лебі есіп қоя береді. Пай-пай, сұңқар нәсілі дегені осы екен ғой!». Бұл асқақтық ұлттық мінезбен астасып жатыр. Әңгіменің түйіні ерекше шешіммен, тосын оқиғамен аяқталады. Енді соған назар аударайық: «—Енді тамақ бауын өлшей қойайын, — деді әкей. Сол ниетпен лашынды тағы да алдына алды.

Осы сәт лашын әлденеге шабыттанғандай, жанары шатынап, жоны шымырлағандай болмашы қозғалақтап отырды да, әкейдің қолын қатты теуіп атқып кетті. Сол сәтінде түңіліктің болар-болмас саңылауынан садақтың оғындай сып етіп жөнелді.

- Алда тәңір-ай! — деп әкей отырып қалды. Жүгіріп сыртқа шықсам жарқ-жүрқ етіп, аунай ұшқан лашын шырқау биікке көтеріліп үлгеріпті. Маған оның дәл қазіргі құлдырандап ұшқаны — алысқа кеткен анасының алдынан шыққан ерке баланың қуана жүгіргенін елестетіп еді.

Сөйтсем, бұл — табиғат-анадан аз сәтке көз жазып қалған лашынның сол табиғат құшағына қайта енгендегі қуаныш күйі екен ғой.

Сол жолы өмірімде бірінші рет ұрмай-соқпай көзіме жас үйірілді» !» [2,40-41]. Әңгіменің тақырыбы «Табысу» деп аталады. Оның мазмұны осы түйінде көрініс тапқан. Басқаша айтсақ, құстан құстегі айрылып қалмады, қайта құс өз анасының құшағына еркін еніп кетті. Бұл қазақ танымындағы еркіндіктің ерекше орын алатынын байқатса керек. Басқаша айтсақ, ұлттық мінездің көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лосский Н.О. Характер русского народа. – Москва., Издательский Совет Русской Православной Церкви, Издательство «Дарь», 2005. -336 стр.

2. Сейдімбеков А. Тауға біткен жалбыз. – Алматы: «Жалын», 1979. -208 бет.

3. Каскабасов С. А. Казахская сказочная проза. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1990. – 240 стр.

М.Мағауиннің бұл шығармасы ұлттық мұрат мәселесінде оның 2004 жылы баспа бетін жарық көрген «Ұлтсыздану ұраны» атты зарлы толғауымен үндесін табады: «Қазақта жау бар. Қуатты, қатерлі жау. Күн озған сайын күш алып, тамырын тереңге жайып барады. Ақыры түпке жетсе, сол ғана жетеді. Ол қандай жау? Кім? Кім емес, не! Бүгінгі қазақтың жалғыз-ақ жауы бар. Ол – ұлттық сананың кемдігі. Өзін-өзі қор тұту, өзін-өзі кемсіту, өзіне тиесілі сыбағаға ұмтылмау. Бір сөзбен айтқанда – ұлтсыздық!»[1;114]. Ұлтсыздық дерті жайлап бара жатқан еліміздің болашағына қам жейді. Ал ондай жолға түсуге итермелейтін - Марат, яғни жармақтың жартысы, сияқты адамдар. Бірақ Мараттың ұлтсыздығы тура мағынадағыдай салт-дәстүрін, тілін, ділін, дінін білмейтін ұлтсыз емес, керісінше ол қазақтың салт-дәстүрін, тарихын жетік меңгерген, тілін, ділін жан жақты игерген нағыз ұлт жанашыры бола алатын патриоттың бірі болар еді, бірақ өкінішке орай ол өз ұлтынан безінеді. Оның ойынша, ұлт үшін жанқиярлық әрекеттерге бару - ескерусіз, елеусіз, көмусіз қалу, дүниенің бар билеушісі қазіргі заманда - адамгершілік, адалдық емес, ақшалы қалта. Бар өмір сол - ақша үшін. Ақша болса, рухани қажеттілік, ұлттық мұрат, ұлттық тарих дегенінің еш керегі де жоқ, деп есептейді. Оның Мұратқа айтқан пікірінен көруге болады: « - Сендердің, зиялы қауым аталатын мына сендердің мыйларына қонбайтын бір ақиқат шындық бар, - деді, бұл жолы жазу столының басына, ескі креслоға емес, серіппелі босаған, кең, көне диванға жайғасып. – Дүниенің тағдырын адамгершілік қағидалары емес, ақшалы әмиян билейді. Бар тіршілік - ақша үшін. Бүкіл адамзат тарихы – ақша, яғни заттық игілік жолындағы күрес тарихы. Рухани қажеттілік, идеялық мұрат » дегеннің бәрі бос сөз. Мен дүркіреп,байып жатқанда, сен барыңнан, яғни алдындағы сорпа-су, жарты жапырақ наныңнан айрылдың: тақыр кедейге айналдың. Жалғыз сен емес, ұлттық тарих, ұлттық мәдениет, қазақ руханияты... деп өксіп жүрген, заманның салыстырмалы кеңдігінен, баяғыдай айдалып, байланбаса да, сол жолға бар ғұмырын арнаған, арып-аршыған, риясыз, жанқияр еңбек еткен ұлттық қайраткер атаулы түгел. Яғни, сен аңсаған тәуелсіздік кімге қызмет етті? Ұлт деген сөздің иісі мұрнына бармаған, барлық уақытта өзінің қара басының қамын ғана ойлаған бізге. Кім кінәлі? Көкпен түскен тәуелсіздік кінәлі. Мен емес. Біздің қауым емес. Сіздің қауым, нақты сенің өзін де кінәлі емессің. Өмірдің заңы дейік, көңіл үшін...» [2;94], деп айта келе, енді өз жеке басының қамын ойлауға кіріседі. Әуелі қайын атасының көмегімен бай болып, енді билікке қол жеткізгісі келеді. Ал оның бір-ақ жолы бар еді – саясатпен айналысу. Оны да ойлай келе жолын табады, ақыры ол Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың мәртебесін көтеруге тырысады, сол арқылы билікке қол жеткізем деп есептейді. Басында билікке келудің басқа амалы болған: «Халықтың қалтқысыз қолдауына ие болсам... Бәрін орнына келтірем. Кедей-кепшікке қол ұшын беру өз алдына, сондай мархаматқа татымаса да, мына көрінгенге жағынып, өзеурей сабылып жүрген бүкіл өнерпаз, жазарман қауымға жеңілдік, жәрдем жасаймын. Шалғай ауылдарды көтерем, жастардың жұмыссыздық жағдайын жеңілдетем... – қойшы толып жатыр. Әрине, осының бәрін жүзеге асыру үшін үлкен билік керек...»[2;103]. Осындай оймен билікке келген Жармақ ақыр аяғында бөтен ұлттардың жоғын жоқтап, қамын ойлап кетті. Тараншы халқының, сарттардың тағы басқа қазақ жерінде тұратын жүзден аса халықтардың қамын ойлап, ал қазақ халқының жағдайын мүлде қозғамайды. Бұдан да біз жазушының өз ойы кейіпкер пікіріне ұласқанын байқаймыз. Оның пікірінше, Қазақстан осындай жағдайды басынан өткеретін болады. Егер дер кезінде бұл дертті жоймаса, қазақ деген ұлт атауы тіпті ұмытылып, оның орнына Қазақстандық деген жалпы атаумен аталатын халге жетеді. Бұл - демографиялық жағынан шешілетін мәселе емес, ол рухани болмыспен, ұлттық санамен, ұлттық мұратпен шешілетін мәселе. Бұған мысал ретінде Америка Құрама Штаттарын алуға болады. Бұл тек географиялық шартты атау ғой. Ұлт мәселесіне келгенде, бәрі ортақ ағылшындық деп аталады, оған әртүрлі нәсіліне де, тектілігіне де, түріне де қарамайтын ұлт өкілдері кіреді. Міне, біз де келешекте осындай жағдайға тап болып қалмаймыз ба? деген сауал тұр алдымызда.

«Ақылы кеміс, аузы қисық байдың баласы өтеді. Кеміткенім емес, мына сенің өзінің балаларың не болды? Оны да білем. Үш қызың да мектепті алтын медальға бітірген, үшеуі де университетті үздік тәмамдаған. Үлкен қызың, ағылшын тілін білгенінің арқасында әлдебір шетелдік фирмаға жұмысқа әрең ілінді. Қалған екеуі күйеулерімен бірге, әр тарапта әйтіп-бүйтіп үнемдерін айырып жүр. Ал біздің Мақсат мұндағы университеттен соң Англияда, Кембриджде оқып қайтты. Менің арқамда. Тағы да, сол оқуы үшін емес, әкесінің бай-бағлан болғандығы үшін болашағы зор мемлекеттік қызметке ілінді. Ал сен сол Мақсатты қай ұшпаққа шығаратың едің?»[3;108], деп жармақ ойының мысқылы есіп тұр. Әрине, енді Мұраттан туған Мақсат та Мұраттың жолын емес, Жармақтың жолын қуатынына келісе аламыз. Міне бұдан егер біз атауға мән берсек, мұрат және мақсат екеуі де екіге айрылды, еліміздің, ұлтымыздың көксеген мақсат-мұраты екі тарамға кетті деген астар емес пе? Бұл не деген сөз? Яғни бұның астарында Қазақстанды болашақ жармақтар жаулап, қаптап өсіп келе жатыр дегені емес пе? Ендігі әрекетіміз не болмақ? Болашағымыз қандай болмақ? Ұлтымыздан айырып бара жатқан дерттен қайтіп құтылмақпыз? деген көптеген сұрақтарды бізге бағытталғанын сеземіз. Егер де Шыңғыс Айтматовтың «Мәңгірт» образы өз туған шешесін, яғни жалғыз-ақ адамды өлтірсе, Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» образы тұтас бір ұлтты жоя алатын күші бар, яғни бір халықты түп тамырымен жойып жібермек.

Ал осы сауалдарға жауапты Мұхтар Мағауиннің шығармасынан көруге болады. Жармақты жеңген Мұраттың іс-әрекетінен, ой-толғамынан көрініс тапқан, қорытынды сөзді шешетін сонда Мұраттың өзі болып шығады. Яғни өлім алдында, Мұратқа өзінен бөлініп шыққан жармағы келіп қосылады. Сонда ол екі жармақ емес, бір бүтін екендігін түсінеді:

«Ойлап тұрсам, әуелде күмәнға беріліп, күнәға жол ашқан өзім екем. Бағыт-бағдарым айқын, сенімім мол, мұратым шынмен биік болса, екіге бөлінбес едім. Жармағымды жамандыққа, арамдыққа термелеген менің өзім. Енді тіршіліктегі бар күнәсін де өзім көтеруге тиіспін. Әйтеуір дәтке қуат, бүтін қалпымда сол теріс жолмен кетсем қайтер еді. Негізгі бөлігім оң ниетінде қалыпты. Бірақ оң да болса жармақ қалпында не бітірмек.

Ертерек ойлау керек еді. Енді міне. Өтті, кетті - өкінгеннен не пайда, жылағаннан не жеңілдік» [2; 195], - деп өткеніне, бар зая кеткен өміріне өкінішпен қарап, бірақ ақыры өз шешімін табады. Бұл екіге жарылған сана не жолбағадары туралы «Ұлтсыздану ұранында» да көрініс тапқан:

«Бұл мәңгілік түнек – екі тарау жолдың төменгісі ғана. Қиындықсыз даңғылы. Құрдымға бастайды. Екінші тармақ жол – азапқа, күреске толы. Теңдікке, бостандыққа бағыттамақ. Таңдау өз қолымызда.»[1; 169].

Роман аяғында М.Мағауин сөз түйінін былай қорытындылайды: «Қайыр, есен-сау тұрыңыз. Иманнан айрылмасаңыз, барлық Мұрат орнына келері күмәнсіз»[2;197]. Бұл астарлы мағынадан қандай ой түйе аламыз? Яғни кейіпкер атының өзін «Мұрат» деп алғанының астары – қазақ халқының ұлттық мұратқа, ұлттық рухқа, ұлттық сананың түзелуіне апаратын жол, ал сол жол үстінде ұлттық иманнан айрылмау керек. Сонда ғана жарымжанды күйден ада болып, толық адам ретінде ұлтты құрай алам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Ұлтсыздану ұраны. //Жұлдыз. 2004. № 7. 96-169 б.

2. Мағауин М. Жармақ. –Прага: ArtFocus, 2007. –197 б.

3. Жұмаділов Қ. Мұхтар Мағауин туралы сөз. //Қазақ әдебиеті. 2000. №4. 6-7 б.

*Тлеубекова Б.Т., Мыңбай М. – ф.ғ.к., Орталық Қазақстан академиясы*

### **ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕРІН АЙҚЫН ТАНЫТАТЫН ШЫҒАРМА**

М.Мағауиннің ұлттық характерін айқын танытатын шығармасы – «Қыпшақ аруы». Бұл бертін жазылған көркем туындыларының бірі. Хикаят атының өзі ұлттық нәріне қаныққан – Қыпшақтың аруы, яғни шығарма тарихпен байланысы бар екені бірден белгілі. Бұл туындыда қаламгер халқымыздың өткен заманы мен бүгінгі жайлы ой толғап, оны керемет қиял әлеміне салып, шебер суреттеген. Хикаятта мүсінші Саржан Көбековтың тағдыры суреттеледі. Бір қарасақ, Саржанның өнер жолында атағы аспандап шыққан әйгілі мүсінші, биік мәртебеге жеткен тұлға болып көрінеді:

«Ең бастысы – Саржанның атағы аспандай берді. Қайда жиын, қайда салтанат – алдыңғы қатарда. Үнемі дерлік республиканың бірінші басшысының қасында. Орталықта, яғни Мәскеуде, немесе сыртта, ұлт республикаларында өкізілетін мерекелер мен мәдени, ресми жиындарға да үнемі ел атынан барады, мүмкін болған марапат, мадақты түгел алады. Жаңылмасам, тіпті, компартияның Кремльдегі ең жоғарғы құрылтайына да қатысып қайтты. Міне, осындай биік мәртебеге жетіп еді Саржан.»[1;12].

Қанша ғұмыр кештік. Отыз екі жыл! Оның он екі жылы жүгендеулі жұмыспен. Артқа көз салып, байыптап тұрсам, ең жақсы күндерім өтіп кеткен сияқты. Таусылған, сарқылған сияқтымын. Әрине, осы бетімде ұрғылай берсем... тағы қаншама дүние туады. Бұрынғыны қайталау, бардың басқа бір нұсқасы. Кейде ойлаймын, шынында да өнердегі, тіпті, өмірдегі жол ұшығына жеттім бе деп. Сенде бола ма осындай сезім? Иисус Христос жасы дейді ғой батыста. Біткен... » Осы сөздерінен біз кейіпкердің жан әлеміндегі дағдарысқа әкеліп соққанын байқаймыз. Әрине, өнер адамы болғаннан кейін оның бойында үнемі жаңалыққа құштарлық, бөтен, тылсым дүние сияқты шабыттандыратын күштер қажет, ал ондай күштерінің таусылып бара жатқанын көрген өнер адамы рухани жағынан дағдарысқа ұшырауы әбден мүмкін. Осындай Саржан өмірінің бір өтпелі кезеңін суреткер әсерлі қылып бейнелейді. Жазушының бұл шығармасында қозғаған идеясы – Саржан тағдырын оның дағдарыс, бетбұрыс кезіндегі өмірін қазақ халқының да қазіргі кезеңдегі сондай рухани, имани жағынан дағдарыс, бетбұрысқа түскен кейпін салыстыра келе, астарлы мағынада бере білген. Бүгінгі таңда Қыпшақ аруын Саржан қалай қайта жасап тірілткендей, қазақтың ұлттық рухын, салт-санасын, болмыс-бітімін де солай тірілту қажеттілігі туындап отыр. Бұл шығарма М.Мағауиннің зарлы, шерлі толғауы «Ұлтсыздану ұранынан» кейін барып туындап отырған шығарма екендігі туралы қаламгердің өзі хикаят басында айтып кеткен болатын:

Саржан образы арқылы қаламгер оқырман санасына: сеннен де сондай Саржанның бойындағы бар рух табылады демекші. Тек соны дер кезінде іске асыра біл, уақытан кеш қалма бойны тарат, игілігке қолдана біл деген сияқты ой тастайтын секілді.

Қыпшақ аруын алғаш көргенде қандай әсерде болғаны туралы Саржан көзіне жас ала отырып әңгімелейді:

«Саржан көзіне жас алып, құмығып, аз ғана бөгелді. Төргі бұрышта, көрнекті жерде тұр. Қарсы алдымнан ай жүзі жарқ етіп ашылғанда... өне бойым шымырлап, не болып кеткенімді білмеймін. Аңыра сілейіп, тұрып қалсам керек. Содан соң... буыным босап, жайлап, алдына бардым. Суреттегі жағдайын көрдің ғой. Мойны жұлынған. Оң жақ шекесі, құлағы, жарты бетімен қоса, жаңқаланып, сынып түскен. Иегінің ұшы тағы кетік. Арқада оң жаурын және жоқ. Оң мықын кеміс, жамбасының басы сынған... – Саржан тағы да көзіне жас алып, қабағын қалқалай, төмен қарап, тұқырып азғана отырды. - Әрине, басын қайта орнатқан. Барлық кемтік, жарығымен. Соның өзінде бар көркі бойында. Тек ... өлі. Мен, кешір, сенен жасыратын ештеңе жоқ, келер мезетте бас салып құшақтап, егіліп, еңіреп тұрып жыладым. Жыламасаққа немене...Сегіз жүз жылдан соң осындай ахуалда табыстық... – Саржан босай бере қайта бекінді.»[1;40]. Міне, осындай табысудан кейін, Саржан Айсұлу-бегімді түсінде емес, өңінде көрді. Қыпшақ аруы дәл сол қалпында, тек дене-бітімі келіншек болып толықсыған қалпында келді. Не деген ғаламат! Киген киімі де өзіне құйып қойғандай, ежелгі салтпен киген көйлегі, әшекейлері бәрі де өз үйлесімін тапқандай:

«Қамқа көйлек, мақпал қамзол, жібек шалбар... Әрине, омыраудағы екі қатар, бірі жапырақша тізілген, бірі сүйрік саусақтай жұмыр, бұрама, қос алқа, екеуі де ақсары, таза алтыннан, басындағы, иіле доғаланған қос құлақша, бұлғын өңірлі, шошақ төбе кәмшат бөрік, бөрік үстінен, екі иығына, арқасына төгілген шаршысы... - өзінің сырлы, сымбатты көркімен. Шынымды айтсам, жолғасу тілеп, ынтыға күтсем керек. Қорықпадым, қуандым. Тек... аңыра қарап, сұлулыққа сүйініп, көркіне табынып... демім үзіліп... бір сәт, өлі мен тірінің арасында, елбірей, көз айыра алмай, қимылсыз, тілсіз отырып, қалсам керек.»[1;41].

Саржан қыпшақ заманында Айсұлу бегіммен бірге бақытты да тату тәтті өмір кешкені, орыс халқына шабуыл жасап, бұлғарлармен бауырлас, мажармен ежеттес қатынас орнатып, қыпшақ елінің берекесі шалқып, Айсұлу бегім құт келін атанғаны – барлығы туралы Айсұлу бегім есіне алып, Саржан екеуінің бақытты шақтарын айта келе, жалғыз-ақ мін болғаны – ұзақ уақыт нәресте сүймеуі еді – осының бәрін есіне алған Саржан еңіреп жылады. Содан соң Айсұлу бегім нәрестеден көз жұмды. Оған арнап Саржан елде жоқ әсем Айсұлу бегімнің мүсінін жасады, сол мүсін арқылы Айсұлу бегім қайта тірілді, бірақ сырлы да, мұнды тас күйінде. Ақыры Айсұлу бегім қайта тірілді, бірақ көп ұзамай Саржан өзінің тас мүсінін жасап, ол да ұша кетті, сол Айсұлу бегімнің қасына барып жетті, тасқа айналды. Ел-жұрт екеуінің мүсіндерін қатар күн шығыс бетке қойды:

«Қайта қосылдық. Мәңгіге. Тозбас аруақ, азбас кие ретінде. Кейінгі әулет етегімізге құрбан шалды, басымызға тәу етті. Елдің құты, жердегі егесі ретінде, маңғаз далада, кеудемізді керіп... аз ба, көп пе, тура алты жүз жыл тұрдық...Иә, - дедім. – Бәрі есімде. Алты ғасыр бойы мызғымай тұрдық. Заман – құтты еді. Ел – қуатты, біз – аруақты едік. Ақыры заман азды, құт тайды, аруақ әлсіреді. Қайран қыпшақ даласына қаптай төгілген қара нор дұшпан – күні кеше ғана саны да кем, ерлігі де төмен болған, атыңды естігенде тітіреп тұрған, енді есесі толып, ебі асқан, әбден күшейген рақымсыз жау тұмшалай басты. Ерің жеңіліс тапты, жерің қараң қалды. Талайсыз жұрттың оқ пен оттан аман шыққан азғана жұрағаты Ұзы дарияны да, Таң дарияны да тастап, бей-берекет ықты. Бір пара қауым әуелі Қырымға өтті, одан ары Ақ теңізге асты. Азғана бөлігі. Көпшілік жұрт жайқын Еділді кесе көктей, Шығыс Қыпшақ қонысына ауды. Сөйтіп, ежелгі мекен – ұйықты, дарқан дала адыра қалды – жау табанына түсті. Ал біз... екеуіміз ғана емес, бүкіл Балбал аруақ, - ешқайда көше алмайтын едік, сол, әуелі бекіткен жерімізде қала бердік.»[1;44]. Міне, бұдан біз қыпшақ халқының тоз-тоз болып ыдырап, жер бетіне шашылғанын білеміз. Сол қыпшақ халқының бүгінгі жалғасы - міне, біз. Сол тарихымызды, салт-дәстүрімізді, ұлттық рухымызды қайта жаңғыртуымыз керек. Енді Саржан мен Айсұлу-бегімнің тағдыры не болды? Қай жаққа барып қоныстанады? Ендігі тағдырлары не болмақ? Деген сұрақтарға қаламгер әрі қарай ой толғайды. Саржан мен Айсұлу-бегімде екі-ақ жол болған: бірі – қыпшақ аруының ескі тас мүсінін қиратып, бұл дүниеге қайтып адам қалпында оралу мүмкін еді, бәлкім он, жиырма не жүз жылдан кейін, екінші жолы – қыпшақ арудың мүсінін қайта жасап, ол тас күйінде қала берер еді, Саржан оған өзінің де тасқа айналу ниетін білдірді. Ақыры сонында Айсұлу-бегім оған бір тың жол ұсынды: ол – екеуі де бірдей адам қалпында қалып, тек ғұмырлары ұзаққа созылмайтындығын, небары он үш жыл бірге болатындығын, бірақ ол үшін Саржанға шарт қояды, егер де жасап бастаған мүсінін аяғына дейін ғажайып күйінде, бұрынғысынан да асырып, жетінші күні бітіру қажет еді. Екеуі де соңғы жолды таңдап, Саржан өздерінің тас мүсіндерін тезірек аяқтап Айсұлу-бегімді тірілтуге жанталасты.

«Түске дейін отырып, - біраздан бері қаламым тұтқыр тартып, бойым ауырлап, әрең жүр едім, - көкірегім ашылғандай, оқыс бастап айналасы үш-төрт сағат ішінде жаңа бір әңгіме жазып бітірдім, тіпті, тәп-тәуір, «Иесіз» аталады, ығы-жығы қалада өз үйінен адасып, сыртқа шығып кеткен күшік туралы. Даңқты бабаларымнан нар заманында жарыққа жете алмай, қатал тағдырдың тәлкегімен бүгінгі зар заманға тап келген менің өзім де иесізбін, панасызбын.»[1;52], деп өз ұлттық салт-дәстүрімізден, ұлтымыздан, ділімізден айырылып біз қайда бармақпыз, кімге барып пана таппақпыз, бізді де сол иесіз қалған күшік тағдыры күтіп орырған жоқ па? деген ой жатыр астарында. Ойлан, қазақ! Мұндай халге түспеу үшін түзел дереу?! Бұл ойға қарама қарсы, яғни оны түзетудің жолы да бар екенін автор Саржанның Айсұлу-бегіммен ежелгі қонысына барып келгеннен кейінгі сөзімен береді:

«Қыпшақ қауымы – саны мол, ұжымы берік, іргесі орнықты, айрықша құдыретке жеткен ұлы халық екендігіне көзім жетті. Отыр бүкіл Оңтүстік-Шығыс Еуропаны лықа толтырып. Жоқ бүгінгі Запорожье деген, Донецк, Ворошиловград, қырт-сырт деген, бытқыраған қалалардың ешқайсысы. Славян тегінің де, басқа нәсілдің де иіс, көлеңкесі көрінбейді. Кең қонысқа, ең байлыққа ие болып, ерлігі шектен асып, елдігі кенересіне жетіп, шалқып, отыр. Мәңгіге орнаған мерейлі жұрт... Ал, ойлап көрші, сондай мол халықтың, күшті, қуатты елдің жер бетінен із-түзсіз жоғалуы мүмкін бе? Әрине, сен айттың, мына біз деп. Біз болсақ, шашырап төгілген тамшысы, ұзын жеңінің ұшы, кең етегінің шалғайы ғана. Қайда дарқан, байтақ, жалпақ ел? Ешқайда кеткен жоқ. Мен көрдім. Уақыт тоқтап қалыпты. Сол орнында отыр. Әлі күнге. Бізбен - мына, бейшара келке түскен бүгінгі қазақпен қатар жасап. »[2; 68]. Міне, бұдан біздің шығаратын қорытындымыз, біздің ата-баба рухымыз әлі өшкен жоқ, ол әлі бізбен бірге өмір сүріп келе жатыр екен, тек сол бойымызда бар рухымызды өшірмей оны қайтадан, Саржанның қыпшақ аруын тірілкеніндей, бізде солай бойымызда бар рухты оятып, жаңадан жандандыруымыз қажет. Міне, ескі мен жаңаның, тарих пен болашақтың бірлігі, тұтастығы, беріктігі. Тас болып қайта сымбатталған көне салт-дәстүрімізді жаңғырту, оны бойымызға тарату - еліміздің амандығын, ұлтымыздың тұтастығын сақтап калудың кепілі. М.Мағауиннің бұл шығармасы - терең ұлттық танымымен ерекшеленіп қоймайды, оның қарастырған ауқымды географиялық жағының өзінен үмітті жағып, санаға сәуле қонарлықтай энергетикалық күшінің зор шығарма екеніу баршаға танытатын шығарманың бірі. Бірінші тарауда сөз болған қаламгердің шағын прозасындағы кейіпкер мен оның мінез-құлқы арқылы ұлттық характер қалай көрініс тапқанын ашып қарастырған болатынбыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Қыпшақ аруы. –Алматы: Атамұра, 2007. –256 б.

2. Б.Майтанов. Көркемдік нәрі: романдағы психологизм арналары. –Алматы: Жазушы, 1983. –184 б.

*Черепнин Ю.Ю. – преподаватель Центрально-Казахстанской академии*

#### **ИНТЕРНЕТ — ОДНА ИЗ ОСНОВНЫХ ПРОБЛЕМ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА**

Несмотря на все больший рост числа пользователей интернета по всему миру, спрос на него и невозможность современного существования без него- интернет становится наиболее опасным для мышления и

развития человека в целом. Современное образование все больше и больше делает акцент на саморазвитии учащегося, обязывая и подталкивая его к поиску необходимой информации в интернете. Интернет все более и более применим на интерактивных уроках иностранных языков, преподаватели все чаще берут ролики или аудиоматериалы носителей языка для максимально приближенности к реалиям того или иного языка. Но, наряду с этим, интернет используется еще и как средство для общения, просмотра разного рода информации, обилие которой пагубно влияет на умственное состояние пользователей.

В 2008 году журналист Николас Карр выпустил своё резонансное эссе «Google делает нас глупее?» [1,124]. Это была первая попытка доступно объяснить, как интернет влияет на наш мозг и неотъемлемые продукты его деятельности — память, внимание, мышление, восприятие себя и мира вокруг. Даже если судить книгу по обложке, выводы Карра были далеки от оптимизма.

Конечно, и в повести о деградации человеческого сознания есть свои позитивные эпизоды. Выяснилось, что подростки, играющие в компьютерные игры всего десять дней, начинают показывать впечатляющий прогресс в переключении между задачами и визуальными объектами. Также опытные веб-серферы осваивают способность за очень короткое время считать веб-страницу, определяя для себя, какую ценность она может нести.

Скорость и импульсивность вообще можно считать приоритетными доминантами современного веб-браузинга — освоившиеся интернет-пользователи вырабатывают навыки и привычки, помогающие им хоть как-то справляться с потоком избыточного контента. Но вряд ли они знают, что прирост одних функций мозга означает ослабление других. По словам авторитетного когнитивиста и лингвиста Татьяны Черниговской, [2] более сложной системой, чем человеческий мозг, наверное, является только Вселенная. Пластичность — одно из его основополагающих свойств. Мозг умеет подстраиваться и деформироваться под влиянием задач, которые он решает. Это означает, что не только мы влияем на средства передачи информации, но и средства информации влияют на нас (эта фраза часто ошибочно приписывается медиатеоретику Маршаллу Маклюэну, но в большей степени связана с его работами).

Так как же ленточное мышление влияет на наше сознание? Увеличение скорости восприятия и реакции начинает заглушать понимание. В исследованиях, на которые ссылался Карр, указывалось, что активный интернет-пользователь становится крайне уязвимым к любым отвлекающим факторам, в то время как глубина понимания информации и способность концентрировать внимание на одном объекте драматически снижаются. Также среди деградирующих навыков указывались «способность возврата к уже переосмысленной информации, индуктивный анализ, критическое мышление, воображение и обдумывание».

А теперь внимание! Среди основных факторов влияния перечислялись RSS-ленты, Twitter, постоянно проверяемая электронная почта. Главными виновниками регресса указывались веб-браузинг и гипертекст. С тех пор технологии претерпели заметный качественный скачок — в отличие от наших мозгов (а Николас Карр написал об этом книгу, которая стала финалистом Пулитцеровской премии).

У нас появились развитые, всеохватывающие, бесперебойно поставляющие информацию социальные сети и мобильный интернет. Facebook встроился в пульс миллионов человеческих жизней, как игла с нескончаемым донорским контентом от знакомых и друзей, компаний и брендов, средств массовой информации и знаменитостей. Мобильный интернет сделал возможность обратиться к источнику информации практически повсеместно, а также превратил нас в мишени для бесконечных сообщений, push-уведомлений и обновлений — иначе говоря, разного рода раздражителей.

Конечно, мы пытаемся окружить себя полезной и качественной информацией. Нам важно увидеть новости и фотографии от наших друзей и родственников. При желании мы можем развлекаться или узнавать что-то новое 24 часа в сутки. Также почти в любой ситуации мы готовы отреагировать на важное сообщение. Но мы никогда не задумывались, как супердоступность и навязчивое информационное изобилие влияет на ваш стиль жизни? Или на то, как вы начинаете мыслить и обрабатывать новые сведения под влиянием социальных сетей?

В отличие от глубинной памяти, чьи богатства и опасности большую часть времени остаются нетронутыми, оперативной памятью мы постоянно пользуемся — если этого не происходит, значит, человек находится в коме. Объём оперативной памяти сильно ограничен — она не может одновременно сохранять больше трёх-четырёх информационных единиц. Теперь представьте, сколько таких единиц обрушивается на современного человека ежеминутно? Как об этом говорил психолог и профессор технологического университета Виргинии Питр Дулитл, нам приходится справляться с огромным потоком информации и пытаться найти в нём хоть какой-то смысл с помощью оперативной памяти размером с горошину.

На это упирал в своих публикациях и Николас Карр: лихорадочный браузеринг и галопированное движение от одной ссылки к другой способствует тому, что мы перестаём понимать и усваивать то, что читаем, смотрим или слушаем. Важная информация вытесняется из оперативной памяти и не откладывается в долгосрочной. Дело в том, что с экспансией социальных сетей ситуация становится только хуже.

Сайты типа Facebook или «ВКонтакте» затягивают пользователя — пребывание на них значительно опережает время пребывания на других сайтах. Мыслительные перегрузки становятся ещё сильнее, чем раньше. Забывая оперативную память новыми единицами постоянно наплывающей информации, мы всё сильнее расшатываем наши когнитивные фильтры и теряем действительно важные данные. Завышенная когнитивная нагрузка мешает нам переводить полученную информацию в знание, следом мы теряем возможность создавать прочные связи с нашими собственными воспоминаниями.

И мы никак не можем остановиться, листая ленту. Активность в социальных сетях действует на центр удовольствия в нашем мозгу так же, как еда или секс. Мы пролистываем сообщение за сообщением, переходим по ссылкам и снова возвращаемся, чтобы узнать, что же ещё произошло. Как офисные сотрудники раньше

постоянно лихорадочно обновляли почту на рабочем месте, так многие из нас склонны постоянно проверять наличие новых сообщений, обновлений, каких-либо событий или единиц информации.

Примечательно, что эксперименты на мышах, которые после нажатия на кнопку получали разряд тока, стимулировавший их центр удовольствия, заканчивались плачевно: игнорируя потребности в еде и отдыхе, грызуны доводили себя до полного истощения, а также были готовы идти по наэлектризованной проволоке, чтобы поддержать чувство эйфории.

Отвлекаясь, мы каждый раз заставляем наш мозг перенастраиваться на новую задачу, при этом растрачивая свои умственные ресурсы. Делая себя сверхдоступным, не закрывая вкладки с личными сообщениями в Facebook, заинтриговано вздрагивая от любого пуш-уведомления в смартфоне, мы уничтожаем собственную продуктивность. На самом деле, главные враги рабочего процесса давно известны и, как правило, они идут рука об руку — это отвлекающие факторы (часто не только виртуальные: постоянные телефонные звонки, похлопывания по плечу, переключки между сотрудниками и банальный шум никак не помогут вам расправиться с делами) и многозадачность, к которой ваш мозг на самом деле попросту не приспособлен. В любом адекватном своде правил по повышению продуктивности вы найдёте совет об использовании режима «в самолёте» и перерывах между интенсивной информационной накачкой.[1,178]

Полностью отдаваясь во власть новых информационных привычек, мы теряем возможность не только эффективно работать, но и способность к фантазии и креативному мышлению. Между полной сосредоточенностью и отпущенным, рассеянным вниманием существует промежуточный тип восприятия — в романе Джемса Джойса «Улисс» он был обозначен, как «неотменимая модальность зримого». Это состояние «открытого разума» описал в своей последней книге психолог Даниэль Големан. [4,84]

Обращаясь к нему, мы прислушиваемся к внутренним голосам, цепляемся к идеям, которые стихийно возникают в нашем сознании, осмысляем уже полученный опыт. Состояние открытого разума является одним из наиболее богатых источников для инсайтов и креативных прозрений. К нему часто прибегают люди, которых многие считают мечтательными или экстравагантными, — художники, писатели, знаменитые учёные. В своей книге Големан поднимает вопрос «обнищания внимания», связанный с постоянным отвлечением на часто бесполезную информацию. В условиях, когда сообщения складываются в бесконечную цепочку, у нас просто нет возможности прислушаться к самому себе.

Ещё раньше, в 2008 году, эта опасная ситуация освещалась в исследовании Стокгольмского королевского технологического института. Там указывалось, что современные теории работы мозга подразумевают необходимость не только активного, но и пассивного состояния, которое часто кажется нам пустой тратой времени. Исследователи полагали, что периоды спокойствия необходимы мозгу для консолидации памяти и тщательной обработки поступившей информации. Парадокс состоит в том, что в качестве отдыха от работы мы часто выбираем браузеринг в социальных сетях — деятельность не менее сложную в когнитивном плане и ещё сильнее расплывающую наше рассеянное внимание.

Мы уже выяснили, как легкомысленное пристрастие к социальным сетям может навредить продуктивности, памяти, мышлению, вниманию и воображению. Может быть, с социальными контактами у фанатов Facebook всё хорошо — уж наверняка такие люди не чувствуют себя одиночками. Но на деле увлечённость социальными сетями может только усугубить изоляцию человека. Большая часть сигналов, которые он получает, — всего лишь суррогат живого общения.

Заменяя физическое общение на виртуальное, мы при этом не перестаём испытывать вполне реальные эмоции. Исследования подтверждают, что даже заведомо смоделированные события в интернете могут вызывать у нас негативные эмоции, на которые организм реагирует, как на физическую боль. Нам важно, что о нас пишут и говорят в интернете или если происходит обратное — не пишут и не говорят. Можно сказать, что от отсутствия лайков нам может стать физически плохо.

В новом, стремительном, мире мы получили технологии, которые не успеваем как следует осмыслить. Это заставляет задумываться об общих, крайне неясных правилах этикета и о собственной информационной гигиене.

Уже сейчас озвучено множество здравых мыслей о том, как нужно ограничить своё информационное потребление, чтобы не быть раздавленным лавиной сообщений. Самые распространённые из них просты и логичны: делайте перерывы, выключайте телефон во время работы и отдыха, уделяйте больше времени семье и друзьям, не ограничивайте своё общение интернетом — сходите в бар, на публичную лекцию или прогуляйтесь в парке. Чтобы сохранить способность переживать яркие инсайты и вспышки креативности, не потерять звучание внутреннего голоса среди помех, строить реальные, а не виртуальные отношения, иногда стоит отключаться от сети.

И ещё одна немаловажная проблема современного учащегося, в частности переводчика или преподавателя иностранных языков заключается в неспособности думать самостоятельно над переводом нового слова или словосочетания, опираясь на контекст. Вместо этого, учащиеся открывают онлайн переводчики и переводят слово, лишая мозг всяческих усилий справиться с данной задачей самостоятельно.

*Список использованных источников:*

1. N.Carr. “The shallows: What the internet is doing to our brains” 2010. USA.
2. Т. Черниговская. «Как научить мозг учиться». Сборник лекций. Москва 2010.
3. M.McLuhan. “War and peace in global country” 1968. USA.
4. D. Goleman. «О внимании,рассеянности и жизненном успехе». 2015.Art-Corpus.

*Шаймагамбетова Ж. Ж., Алпан А. – г.ғ.м.,  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
**АУЫЗША СӨЙЛЕУ – ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ.  
АУЫЗША СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ**

Мектеп оқышыларына шет тілінде мәтіндерді оқып түсініп қана қоймай, сонымен қатар ағылшын тілінде еркін қарым - қатынас жасауға, яғни шет тілінде ауызша сөйлеуге үйрету

Тіл - қарым-қатынас құралы. Тіл сөйлеу арқылы жүзеге асады, сөйлеу арқылы ғана дамып, өмір сүреді. Сөйлеудің негізгі мағынасы адамның әлеммен қарым-қатынасы адам санасында көрініс табатын ой. Сөйлеудің мазмұны ойды ауызша түрде жеткізу. Сөйлеудің негізгі объектісі адамның шыншыл өмірмен байланысы. Сөйлеуді адамдар бірденің айту қажеттілігі туған кезде қолданады. Сөйлеу – көп аспектті әрі қиын құбылыс. Біріншіден, ол адам өмірінде қарым-қатынас құралы функциясын атқарады. Екіншіден, сөйлеу қызметінің арқасында пікір айту қалыптасады. Үшіншіден, сөйлеу қарым-қатынас тапсырмаларын шешу мақсатындағы өз ойыңды жеткізу. Сөйлеу әрқашан белгілі бір мақсатқа көзделген [1, 45б.]. жүргізе алады.

Сөйлеу аудитория үшін арналған және тыңдаушыға бағытталған түрде бола алады. Яғни біз сөйлеу кезінде сөзімізді белгілі бір адамға бағыттап ойды бөлісіп, дәлелдеп сұрай аламыз. Мысалы оқушы белгілі бір нәрсені айту кезінде оны сыныпқа немесе өзі қарым-қатынас жасап отырған адамға қатыстыруы қажет.

Сөйлеу әрқашан эмоционалды боялған түрде бола алады. Яғни сөйлеуші айтып тұрған объектіге өзінің сезімін, қатысын білдіре алады. Сөйлеудің бұл мінездемелері алғашқылармен де тікелей қатысты. Мыс: «*my pet*» деген тақырыпта *I like my dog very much* деген сөйлемде «*like*» деген сөзді белгілі бір екпінмен айта алады. Сөйлеу – пікір алысу процесінде адамның тілді өзінше пайдалануы. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Сөздің мәнерлігі сөйлеу интонациясы мен артикуляциялық аппаратқа тығыз байланысты. Ал сөздің мазмұны болмаса, ол өзінің сөздік мәнін жояды.

Сөздің мағыналығы дегеніміз – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындылығы. Ойы таяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды.

Сөздің мәнерлігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Ғұлама Жүсіп Баласағұн: «Ақылды көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп тауып айтқан. [4, 47б.]. Баланың жасына, жеке басының ерекшелігіне қарай қарым-қатынас жасай білу дегеніміз оның жүрек сезіміне жол табу, оқуына, тәрбиесіне ықпал жасай алатын жұмыстың әдістері мен амалдарын белгілеу деген сөз.

Я.А.Коменский бала психикасын үшкен бөледі:

1. Зерек бала
2. Ынжық бала
3. Тік мінез бала

Енді осыны алты қырынан көрсетеді

1. білімге бейім, зерек бала.

2. Ынталы, бірақ шабан, момын балалар.

Оларды қамшыламаса, үнемі бақыламаса, өздігінен тыңдауы төмен.

3. Алғыр, тік мінез, өжет бала. Олар не көп пайда немесе зиян келтіреді.

4. Тапсырмалы орындағаш, білгісі келетін, білуге тырысатын, бірақ өте жай балалар. Оларды үнемі мадақтап, қолдау керек.

5. Қабілеті төмен, ешнәрсе қызықтырмайды.

6. мінезі бұзық, қытымыр балалар.

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативтілігіне негіз болып отыр. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау қажет ететіндігі айқындалды [6, 101б.]. Тіл дамытуда мынадай тілдік материалдарды пайдалануға болады:

а) Тіл дамыту жұмыстарын көркем-әдеби үлгілермен емес, таза «бала тілін» бақылау арқылы жүргізу.

ә) Тіл дамытуда газет-журналдардың, ресми іс-қағаздардың тілін пайдалану.

б) Тіл дамытуда көркем-әдебиет тілінен үлгі алу [7, 212б.].

Тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі;

1. сөздікпен жұмыс;

2. сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс;

3. байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру жұмыстары.

Тіл - сыртқы дүние мен қоршаған орта туралы білім алу көзі. Пәнді оқытуда оқушылар ағылшын тіліндегі атаулармен, құбылыстармен танысады. Танысу ауызша және жазбаша түрде жүреді. Осы екі түрді меңгеру ағылшын тілін игерудің тәжірибелік мақсаты болып табылады. Яғни, оқушы ағылшын тілін ауызша және жазбаша түрде пайдалана білуі тиіс. Ағылшын тілін тыңдап түсіне білу және сөйлей білу ауызша түрге жатады. Жазбаша түрге тілдің жазбаша түрін пайдалана білу немесе жазу және ағылшын тілінде жазылған мәтінді оқи білу жатады. Тіл қатынас құралы, ол ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Ауызша түрге: тыңдау, түсіну және сөйлеу әрекеті жатады. Жазбаша түрге: оқу және жазу әрекеті жатады. Тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру оқушының тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгеруіне тікелей әсер етеді. Сабақ процесінде жаңа сабақты меңгертуге көп уақыт жұмсалады да, оқығанды меңгеру нәтижесі тексерілмей қалады.

Сабактың түпкі нәтижесі негізгі шешімін таппайды. Психологтар Дж.Кэрралл мен Б.Блун бірдей қиындықтағы тапсырманы оқушылардың әр түрлі мерзімде орындауының себептерін анықтады:

Қабілеті төмен оқушылар уақытты көп пайдаланғанның өзінде сабақты меңгеру дағдысына жете алмайды.

Талантты балалар (небәрі 5%) басқалар орындай алмайтын жоғарғы қиындықтығы тапсырмаларды орындайды.

70% оқушы белгіленген мерзімде тапсырманы орындап үлгіретіндер[8,177].

Америка психологтары Дж.Кэрралл мен Б.Блум оқушыларды деңгейлік саралау барысында 3 деңгейді белгіледі:

1) минимальный (төменгі деңгей)

2) базалық (орташа деңгей)

3) шығармашылық (жоғары деңгей)

Осы үш деңгей бойынша мынадай қағидаларға тоқталады:

1) жалпы қабілетті – қабілетсіз бала жоқ, өз ісімен айналыспайды;

2) өзара сәйкестік, өзара жарысу басқа оқушыдай білмегенмен, іздені арқылы дамып жетіледі [8, 236].

Деңгейлік тапсырмалар сынып оқушыларының психологиялық жас ерекшеліктері мен білім қорларын ескеріп жасалады. Сонымен бірге мемлекеттік стандартта белгіленген білім беру қызметінің көлемі мен сапасы, жеке тұлға қалыптастыру талаптары жауап берсе, оқушының қызығушылығы мен бейімділігіне байланысты мүмкіндік деңгей жұмыстарын орындату арқылы әрі қарай дамыту жұмыстары жүргізіледі. Деңгейлік тапсырмаларды құру кезінде, 4-сынып оқушыларының физио-психологиялық ерекшеліктері ескеріліп, сөйлеудің түрлері қамтылды. Сыртқы сөйлеудің ауыз екі (бұл тілдің ең көп және кең тараған түрі) және жазбаша сөйлеу жұмыстары енгізіледі. Ауызша сөйлеудің диалог және монолог түрлері тапсырмада орындалады. Пікірлесудің қандай түрлері болса да сөйлеу кезінде сөз арқылы жүзеге асады. Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі диалог сөйлеу болса, ол деңгейлік тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар мынандай психологиялық ерекшеліктерімен байқалады.

а) диалогта сөз бөгелмей еркін айтылады, ойды кең жайып айтуды тілемейді;

ә) сөйлем ықшам келеді, сүйемелдеп айтуды қажет етеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады;

б) диалогтың қисындығы, мазмұны кемдеу болады;

в) диалог сөз кең түрде жоспарланбайды, кейде тіптен сөз айтпай, ым-ишаратпен де көрсетіле салуы ықтимал [9, 206].

Монологтық сөйлеу. Тапсырмадағы монолог сөздерді орындау кезінде ол тек адамның, лект, баяндамашының, мұғалімнің, оқушының сөзі екендігі ескеріледі.

а) монолог сөзге жсопар құрылып, толық, белгілі бір жүйемен баяндалады;

ә) логикалық ойлау жағынан қатаң талаптар қойылады.

б) мағыналығы, түсініктілігі, мәнерлілігі талап етіледі.

Сөйлеу әрекеті – үлкен ми сыңарларының анализдік, синтездік қызметінің нәтижесі. А.А.Монтъевтің айтуынша, сөйлеу әрекеті, теориясына сай, барлық тілдік әрекет сияқты белгілі бір динамикалық құрылымда болады екен. Тілді интеллектуал қызметінің құралы ретінде ала отырып, психолог-ғалымы былай көрсетеді:

- Сөйлеу әрекетін жоспарлау;

- оны жүзеге асыру;

- салыстыру мен бақылау [10, 145б.].

Сөйлеу іштей сөйлеу және сырттай сөйлеу болып екіге бөлінеді. Ал, сырттай сөйлеу ауызша, жазбаша, монологтік және диалогтік болады. Сонымен, психология ғылымында сөйлеу әрекеті ішкі және сыртқы сөйлеу деп аталатын үлкен екі түрге, сонан кейін сырттай сөйлеу ауызша, жазбаша болып тағы бөлінеді. Сөйлеудің бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланыста іске асып отырады. Өйткені олардың физиологиялық негізі бір, ол негіз – мидың жарты шарларының қабығындағы екінші сигнал системалары.

Ауызша сөйлеу – кезінде актив және пассив сөздер болады. Актив сөздер күн сайын жиі қолданылатын сөздер болғандықтан деңгейлік тапсырмалардың барлық түрлерінде кездеседі. Пассив сөздер сирек пайдаланылатын, мән-мағынасын түсінгенмен күн сайын қолданылмайтын сөздер болғандықтан, ол шығармашылық деңгей тапсырмаларында ғана кездеседі. Мәселен, ғылыми-техникалық атаулар, лингвистикалық, фонетикалық т.б. атаулар. Сөйлеудің ерекше бір түрі жазбаша сөз. Бұл арнаулы әдістер арқылы мектеп қабырғасына келгеннен кейін меңгеріледі. Жазбаша сөйлеу адамның сөйлеуінің біршама дамыған кезінде ғана пайда болады. Қолға қалам-қағаз ұстап жазып үйренгеннен кейін басталады [11, 201б.].

Жазбаша сөйлеудің кейбір ерекшеліктері:

а) жазған кезде ым-ишара қолданылмайды;

ә) логикалық жағынан өте қатаң талап қойылады;

б) грамматикалық ережелерді сақтау қатаң ескеріледі;

в) жазған адам қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап оған қажетті баламалар, мағыналы сөз тіркестерін іздейді. Бұл күрделі ой жұмысын қажет етеді. [12, 112б.].

Сөйлеудің жеке бір түрі – ішкі сөйлеу. Бұл тілдік материалдар негізінде дауысталмай – ақ сөйлей алудың көрінісі. Әр ұлттық өкілі қандай да бір нәрсе туралы ойласа да, алдымен өз тілінде ойлайды. Осындай кезде адам ішкі сөйлеуін пайдаланады. Мәселен, жиналыста сөйлейтін оқушы өзі іштей сөйлеп дайындалуы ықтимал. Сыбырлап сөйлеп дайындалуын да мүмкін. Ішкі сөйлеудің сыртқы сөйлеуге алмасуы экстериоризация деп



аталады. Сөйлеуші бұл үшін жатығады. Сыртқы сөйлеуді ішкі сөйлеуге айналдыру – интериоризация деп аталады. Бұл мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездеседі.

Сонымен бұл мақалада бастауыш шетел тілі сабағындағы сөйлеудің маңыздылығы жайында жазылған. Қорта келгенде сөйлеуге үйретудің басты көрсеткіші диалог жүргізе алу қабілеті екенін білдік:

- диалогты бастай білу;
- қыстырма сөздерге әсер ете білу;
- әңгімені қолдай білу;
- әңгімелесушіні ынталандыра білу;
- керек кезінде диалогты үзіп, сөздікке жүгіне білу.

Бастауыш кезеңде көбіне мұғалімнің бастауымен ауызша, шартты-коммуникативті жаттығулар хор түріндегі жұмыстың, лексикалық ойындар мен көрнекіліктердің қолданылуы арқылы өткізіледі.

Мақалада диалогтық және монологтық сөйлеудің, сөйлеу, лексикалық, грамматикалық дағдылардың қалыптасу ерекшеліктері қаралды. Сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар кешені зерттелді. Оқу процесін дұрыс ұйымдастыру үшін оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Тек осы жастағылардың психологиялық және сөйлеуге үйретуді ұйымдастырудың ерекшеліктерін есепке алғаннан бастап, оқу процесі тиімді әрі нәтижелі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілғазықызы Ш.Б., Ойын - оқушылардың шығармашылдығы мен ой-өрісін дамытушы факторы.// Білім шапағаты// 2009.
2. Денисова Л.Р. Использование игровых элементов на начальном этапе обучения английскому языку. Ин.з. в шк. № 5, 1984.
3. Книга для чтения на английском языке в младших классах средней школы М., 2011.
4. Құлжанова Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні// Қазақстан мектебі. - 2001.- №1.б.74.
5. Садықова А.К., Алденгожаева Э.С. Шетел тілінде тілдік тіректер негізінде монолог түрінде сөйлеуге үйрету// Мектептегі шет тілі. 2014.
6. Мектептегі шет тілі - Иностраннй язык в школе №3, 2014
7. Мектептегі шет тілі- Иностраннй язык в школе №1, 2015.

*Шаймаганбетова Ж. Ж., Айдарбекова Р. К., Құрманәлі А.С. – ғ.ғ.м.,  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

#### **ПОЛИЯЗЫЧИЕ — ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ**

*Знать много языков — значит иметь много ключей к одному замку.  
Вольтер*

Язык является главным орудием всего человечества в протяжении многих веков. Он подобен душе народа. Из глубины веков нам известна роль языка в обществе. Трудно назвать нацию, нацией, если она не знает своего языка, так как народ без языка подобно дому, без фундамента. Практика не раз показала нам, что происходила с государствами, которые теряли свою независимость. Чаще всего это происходило из-за низкого статуса родного языка или же наличие других языков, «паразитов» в речи.

Современный человек сегодня характеризуется как личность, свободно владеющая двумя и более языками, осознающая принадлежность к собственной национальной культуре, понимающая и уважающая самобытность культуры собеседника, умеющая участвовать в межкультурном диалоге.

*"Казахстан в современном мире должен восприниматься как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это казахский язык - государственный язык, русский язык как язык национального общения, английский язык - язык успешной интеграции в глобальную экономику",* - эти слова Президента страны Н.А.Назарбаева по сути явились одной из основных задач для современного казахстанского образования, которое должно стать конкурентоспособным, качественным, таким, чтобы выпускники школ могли продолжить обучение в зарубежных вузах.

Лингвисты исследовали, и будут исследовать плюсы и минусы изучение иностранных языков. В наше время стали наиболее часто встречаться в подходе к изучению иностранного языка такие термины как «полиглот», «многоязычный», «плюрализм». А в странах Европы наиболее распространены принцип полиязычие. Эта идея взяла вверх еще с прошлого века. У европейцев таковы правила, знать свой язык и к тому же понимать остальные языки. Как ни странно, но для молодого специалиста из Европы знание несколько языков считается профессиональной компетентностью. В качестве примера могу привести Финляндию, где существует второй официальный язык шведский. 6% населения Финляндии разговаривает на шведском. Еще один яркий пример Южный Тироль, где немецкий, итальянский и французский, как основной играют равноправную роль в стране.

Казахстан, как развивающаяся страна не должна отставать от мировых новостей и инноваций. Полиязычие, в данный момент, оценивают как тенденцией во всех сферах науки. В нашей стране, знание нескольких языков усиливает конкурентоспособность молодого специалиста не только в национальном, но и в мировом масштабе. Действительно, изучение и знание иностранных языков, расширяет кругозор и открывает двери в исследование новых ресурсов.

В ежегодном Послании Президент неустанно повторяет о важности полиязычия. С первых год независимости страны глава государства отмечал актуальность полиязычного образования. «Многоязычие и полиязычие - синонимы, а Казахстан силен и уникален своей многоязычностью», - сказал Елбасы. Мы не имеем право не соглашаться с главой страны. Глобализация и модернизация требует решить проблемы языкового обучения.

Многие высококвалифицированные люди, которые познались своими исследовательскими работами, удивляют мир своим знанием пяти и более языков. Многие ученые утверждают, что изучение иностранного языка улучшает память и помогает человеческому мозгу несостарится раньше времени. Выдающиеся лингвисты предлагают многие полезные и действующие методы по изучению нового, так скажем иностранного для нас языка. Но, всегда к любому процессу у каждого члена общества есть свое субъективное мнение. В наше время, многоспоров и конфликтов рождает именно методы обучения иностранного языка.

Быть полиглотом хорошо, знать много языков полезно, но как же родной язык, о котором мы говорили ранее. Не забудем ли мы о своем родном языке, в погоне за модернизацией? Япония, страна которая по всем параметрам впереди остальных стран мира, всегда удивляли мир своими традициями и новостями. В Японии полиязычие приветствуется и дети сами выбирают язык, который им интересен. Но, там, в отличие от нас для начало ребенок должен полностью освоить японский. Если рассмотреть ситуацию объективно, то метод подобран отлично. Как ребенок который не освоил букварь и не научился считать на своем родном языке, может обучаться английскому или китайскому? В голове ребенка будет хаос, и в этом случае он не освоит и свой родной и «чужой» иностранный, непонятный для него язык.

В нашей стране, уже несколько лет обрабатывается реформа касательно подготовке полиглотов. Помимо казахского, ученики первого класса должны учить английский. С третьего класса внедрен русский. Старшеклассники казахстанских школ, уже учат основные предметы на английском. Разные школы экспериментируют разные методы обучения иностранных языков. К ним относятся: биология, физика, математика, химия, география и др. Насколько эффективен, такой учебный план покажет время и практика.

Все мы знаем, чтобы учить иностранные языки, первая необходимость – это желание учащегося, и нас задался следующим вопросом, насколько ученики Казахстанских заинтересованы изучению иностранных языков. Мы провели анкетирование среди учеников старших классов и среди родителей учеников младших классов.

Вопросы для учеников старшего класса:

1. Справляется ли вы, с профильными предметами, которые ведутся на английском языке?
2. Вам нравится изучать английский язык? Почему?
3. Как вы думаете, поможет ли вам ваше изучение английского в будущем?
4. Если у вас будет возможность, вы бы отказались от изучения иностранного языка?
5. Оцените ваш новый учебный план по десятибалльной шкале.

Вопросы для родителей:

1. Одобряете ли вы обучению иностранному языку с начальных классов?
2. Хочет ли ваш ребенок учить иностранный язык?
3. Как вы оцениваете новые методы обучения английскому языку?
4. Оцените новый учебный план по десятибалльной шкале.
5. Если у вас будет возможность, вы бы отказались от изучения иностранного языка вашего ребенка?

Анкетирование показало следующие результаты:



Как показали результаты и дети, как и старшие, в целом одобряют изучение иностранного языка. Огорчило нас в ходе исследования то, что многие родители и подростки нейтрально относятся к данному процессу, а многие старшеклассники даже не знают, для чего они изучают иностранный язык. Предположим, что мы полностью перейдем к полиязычному обучению, возникнет еще один проблематичный вопрос, все ли

ученики смогут, ухватится за новую волну? Не будет ли такого, что некоторые способные ученики, по окончании школы смогут овладеть и иностранным языком и программой обучения на иностранном языке, а другие не смогут сделать ни то, и не другое. Как утверждают, многие родители, чтобы преуспеть и не отстать от новой программы, они нанимают репетиторов и тратят не малую сумму, но не все семьи смогут позволить себе такое изобилие. Ведь если посмотреть в правде глаза, за сорок пять минут, даже самые успешные учителя не смогут индивидуально заниматься каждым учеником и, не говоря уже о занятости учителей...

Во все времена, тема языка и образование молодого поколения, была первостепенной, так как будущее народа, наций и человечества в будущем зависит от этих факторов. Пройти мимо таких важных и проблематичных тем, невозможно. Данная тема будет актуальна еще долгое время. И вывод для себя, каждый сделает сам. Наше главное обязательство сохранить наши национальные коды. Знать много языков хорошо, но главное не забыть свойродной.

*«Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками: казахский язык государственный, русский язык как язык межнационального общения и английский язык успешной интеграции в глобальную экономику».*

*(Н.А. Назарбаев «Новый Казахстан в новом мире»)*

*Список использованных источников:*

1. Lanson T. A Short History of Language. — Oxford Umvemty Press, 2002.
2. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда.—2007.—1 марта.—№33 (25278).
3. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — 10 июля. — № 218-219.
4. Закон «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III//Казахстанская правда.—2007г.—№127.—15 августа.
5. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к обществу всеобщего труда // Казахстанская правда, 10 июля 2012. — №218–219.
6. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. – Париж, 2003. – 38 с [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-iew/news/multilinguism\\_key\\_to\\_inclusive\\_education/#.VNbyXufqCJU](http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-iew/news/multilinguism_key_to_inclusive_education/#.VNbyXufqCJU).
7. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011–2020 годы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.edu.gov.kz>

*Шаймаганбетова Ж.Ж., Қыздарбекова Ж. С., Алмас А. А. – г.ғ.м.,*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

#### **АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Оқыту мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. Осы орайда оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыратын өзіне деген сенімсіздіктерін жойатын, мүмкіндіктерін арттыратын бір тәсілі бағалау болып табылады.

Бұрын оқу ордасында білім алушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі білім беруші барлық білім көздерін беріп, түсіндіріп тапсырма мен шектеледі, демек білім алушы өздігінен жұмыс жасап әр қашан ізденісте болуы қажет. Білім алушы ізденпаз болуы үшін, оқытушы ынталандырушы және талапшыл болуы қажет.

«Бағалау» ұғымына Ұлттық энциклопедияда «оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі. Сондай-ақ мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар, оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады [1]. Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі.

Оқушылардың оқу материалын меңгергенін тексеру және бағалау – оқыту нәтижелерін бақылау, оқу процесінің әр түрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысананың артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатыр.

Бағалау - оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериялды бағалауды зерделеуге бағытталған.

«Бағалау» термині «жакын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл жорамал ресми тестілерден және емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарда күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау спектріне қатысты. Бұған қарамастан, бағалау түрлі нысанда болуы мүмкін: бір тестілер

колдағы қарындаш пен қағаздың көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді: бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән. [2]

Мектепте оқушыларға баға қойған кезде бір бағаны түсінікті әрі қолжетімді болатына критерийлерді басшылыққа алуға тиіспіз. Критерийлер оқыту міндеттемелерімен анықталады және оқу үрдісіндегі оқушының әр түрлі іс – әрекеті түрлерінің тізбесімен беріледі. Мектепте оқушының білімін бағалаудың 4 критерийін қолданамыз: білім және түсіну, қолдану, сын тұрғысынан ойлау және зерттеу, коммуникация және рефлексия. Білім критерийлері оқушының ереже мен формауаны қаншалықты игеретінін анықауға көмектеседі. Оны әрі қарай қалай қолданады. Одан әрі қандай логикалық операциялар жасайды. Ол есепті шығару кезінде қандай стандартты емес тәсілді қолданады. Коммуникация – бұл осыны монологтық және диалогтық түрде қалай бере алатыны.

Формативті (ағымдағы) бағалау – сабақтағы немесе үйдегі күнделікті үдерісте білім мен дағдыларды меңгерудің ағымдағы деңгейін анықтау, оқыту үдерісінде оқушы мен мұғалім арасындағы өзара қарым – қатынасты жүзеге асыру. Бұл оқушыларға жаңа материалды меңгерген кезде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтындығын және оқытудың мақсаты мен міндеттеріне қалай жететіндігін түсінуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау – оқу ақпараты немесе оқыту дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайды.

Формативті және жиынтық бағалаудың ең қарапайым мысалы қытырлақ, дәмді нан. Бұл - дайын өнім. Ал дайын өнімге біз сумативті, яғни, жиынтық баға қоямыз. Нан өндіріп шығару үшін адам қанша талапталды: егін егу, оны суару, ұн тарту, қамыр илеу, нан пісіру. Мұның бәрі осындай нан өндіріп шығаруға арналған ең маңызды қадамдар. Бұл қадамдарды бағалауға бола ма? Иә, біз егістіктің жайқалғанын көреміз. Бұл қадамдарды өзгертуге бола ма? Ия, нанды пісіретін басқа формаға салуға болады және күйіп кетпеу үшін температурасын азайта аламыз. Мұндай барлық қадамдар маңызды болып табылады. Формативті бағалау 4 маңызды факторға келіп тіреледі:

1. Күтілетін нәтижелер. Әрбір тоқсанның басында барлығына алдын ала қойылған мақсаттар мен міндеттерді таратып береді. Тоқсан барысында оқушылар осы нәтижелерді сабақ сайын орындап отырады.

2. Кері байланыс. Оқытуда алға басуды қамтамасыз ететін кері байланыс. Мұғалім әр сабақтан кейін оқушыға түсініктеме беріп отырады. Көтермелеу түрде болса жақсы, яғни, осы уақытта сен де бір нәрсе жасап шығардың. Мысалы, сен есепті толық шығармасаң да бірінші әрекетті орындап шықтың.

3. Оқушыны оқу үрдісіне қатыстыру деңгейі. Оқушыға дайын білімді беруге болмайтыны бұрыннан белгілі. Оны бағыттап отыруға тырысу керек, яғни, оның әрі қарай дұрыс жұмыс істеуіне қажетті ақпарат беру қажет. Ол қайта өңделіп, өзгеріп қосымша бір нәрсе оқып, соғында түпкілікті өнім жасап шығара ала тиіс.

4. Критерийлерді жасап шығару. Әрине, критерийлерді жасап шығару оқушылармен бірге өтуі тиіс. Егер біз дайын критерийлерді берсек жақсы болар еді. Бірақ та бұл олардан күтілетін нәрсе. Мүмкін олар жұмысты басқаша қабылдайды.

Мен ағылшын тілі сабағында критерийлерді бағалауды пайдаландым:

## II. Checking up the homework

Сабағымызды бастамай тұрып топқа бөлініп алайық. Мына 4 суреттердің бірін таңдаймыз (Westminster Abbey, Big Ben, St.Paul Cathedral, Buckingham

Palace). Westminster Abbey, St.Paul Cathedral 1 топ болады және Big Ben, Buckingham Palace 1 топ болады. Енді, балалар топ басшыларын сайлаймыз.

Үй жұмысын «Миға шабуыл» әдісі арқылы топпен тексеру. Егер өте жақсы жауап берсе 3 смайлик, жақсы жауап берсе 2 смайлик, қанағаттанарлық жауап берсе 1 смайлик. беріледі

III. The Presentation of the new theme (жаңа тақырыппен таныстыру). At your geography lesson you'll also speak about this country, about the most famous sights of London you'll learn some interesting facts about the sights. You should read the text individually and discuss it with your partners and work in a poster, give information about the text.

### Group 1

#### Text 1 Westminster Abbey

Westminster Abbey is one of the most beautiful buildings in London. The ancient large church in London in which the coronation ceremony of almost all the English kings and queens has taken place. Many famous people are buried there.

#### Text 2

St. Paul's Cathedral – is the greatest work of England's greatest architect, Christopher Wren. The Cathedral was begun in 1675 but was finished only in 1710, when Wren was almost eighty years old. There are memorials to many famous men of England in the Cathedral.

### Group 2

#### Text 3 Big Ben

Big Ben is one of the most famous clocks in the world. The English people built the tower and the clock in 1858. The bell weights 13,5 tons. The man in charge of the building was Sir Benjamin Hall. This man was very tall and his friends called him Big Ben. So they called the clock and the Clock Tower of the Houses of Parliament Big Ben.

#### Text 4

#### Buckingham Palace

Buckingham Palace is the London home of the Queen. It is a place where the Queen meets important visitors such as kings, queens or presidents from other countries. Buckingham Palace is the official residence and principal work place of the British monarch. Buckingham Palace is like a small village. There is a police station, a hospital, a bar, two

sports clubs, a disco, a cinema, and a swimming pool. There are 600 rooms. About seven thousand people work there. More than 50,000 people visit the Palace every year.

(After making and protecting posters) This text to both groups. I'll read it and after you make posters quickly. Who will finish 1st they will win. But it must be understandable and qualitative.

Жаңа тақырып бойынша мәтін беріледі. Мәтін бойынша оқушылар постер қорғайды. Постер қорғап болған соң бір топты екінші топ оқушылары «Шапалақ» арқылы бағалайды. Егер шапалақ көп болса 3 смайлик, орташа естілсе 2 смайлик, 1-2 шапалақ болса 1 смайлик беріледі.

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістігін бағалау-оқу үдесінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен ,зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып , оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі . Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау,бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдесінің белсенді қатысушысы бола алады.Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушылар қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды.Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлерге көңіл бөлу керегін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады.Біріншіден ,оқушының қызығушылығы артады, екіншіден , мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі мүмкін .

Қорыта айтқанда, критериалды бағалауды пайдалану арқылы біз оқушының тұлғаны белсенді позицияға бағыттаймыз, өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстарынан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізе аламыз. Соның ішінде жаңа бағалау жүйесінің артықшылығы соның ішінде шетел тілі сабағындағы бастауыш сыныптағы формативті бағалаудың ерекшелігі оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Шолпанкулова А.А. Білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізудің маңыздылығы // Бастауыш Мектеп. -2017. -№1-2. -28-29б.

2. Ш.Х. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р.К. Ильясова «Педагогика» - 2007 ж

*Шериева А.А. – г.ғ.м., Орталық Қазақстан академиясы*

### **ЖАНАМА ТҮРДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС РЕТІНДЕ ТЫҢДАП-ТҮСІНУГЕ ҮЙРЕТУ**

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне ынтасын арттырып сабақты қызықты және мазмұнды етіп өткізу мақсатында оқыту үрдісінде әртүрлі әдістерді пайдаланған тиімді.

Тыңдау – есітіп жатқан сөйлеушінің сөзін түсіну. Тыңдау қарым-қатынастың негізін құрайды. Ол өз ішінде айтылып жатқан сөзді тыңдап — түсіну, оған логикалық жауап беруді қамтиды.

Тыңдау шет тілін оқытуда өте жақсы құрал болып табылады. Ол оқылып жатқан шет тілінің дыбысталу жағын үйренуге, яғни әуен, екпінді дұрыс қоюды үйренуге мүмкіндік береді. Тыңдалым арқылы тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы үйреніледі. Және де тыңдалым оқу мен жазуды меңгеруді жеңілдетеді.

Ағылшын тілін оқытудың алғашқы кезеңдерінде тыңдалымдар өте маңызды роль атқарады. Тыңдалымдар ағылшын тілінде сөйлеушілердің шынайы сөзін есітуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Оқушылардың тыңдап-түсіну қабілетін қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі таңда тыңдап-түсінуді жақсарту әдістемесі әлі толық зерттелген жоқ. Тыңдап-түсінумен жұмыс жасауды жеңілдететін мұғалімдерге арналған ғылыми әдістемелердің аздығы зерттелу керек маңызды мәселе. Сол себепті де шет тілін оқытудағы тыңдап-түсінуде кездесетін қиындықтарды шешу жолдарын табу және практикада оның әдістемесін ұсыну бүгінде өзекті мәселе болып отыр. Осы бағытта мұғалімдер жанама түрдегі мәдениетаралық қатынас ретінде тыңдап-түсінуге үйретудің тиімді жолдарын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Сонымен бірге шет тілін үйретудің мазмұнын жаңарту және тыңдау үрдісін жаңаша ұйымдастырудың ғылыми негіздерін терең зерделеу қажет.

Тыңдап-түсіну барысында оқушылардың санасында фонетикалық және интонациялық есту қабілетін қалыптастыру керек, себебі бұл күрделі процесс болғандықтан жалпыға ортақ қиындықтарды және арнайы қиындықтарды ескеру қажет. Олар:

- Сөйлеуші қолданылған кейбір лексикалық және грамматикалық материал оқушыға таныс емес болуы мүмкін, бұл жағдай оқушыға тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіруді қиындатады. Бұл қиындықты жеңудің жолы - оқушылардың пассивтік және потенциалдық сөздік қорын байыту;

- Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы заңды құбылыс. Оқушы -өз мұғалімнің сөйлеу ерекшеліктеріне дағдыланып алады да, басқа адам айтқан сөзді түсіндеуі мүмкін. Бұл қиындықты жеңудің жолы сабақта техникалық құралдарды жиі қолдану керек;

- Мұғалім әдетте сабақта өте баяу ырғақпен сөйлейді мұндағы мақсат оқушылар оның айтқан сөзін түсінсін дегендік. Оқушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, дұрыс ырғаққа сөйлеген сөзді түсінбейді. Міне бұл қиындықты сабақта тек техникалық құралды қолдану арқылы жеңуге болады;

- Мұғалім сабақта шетел тілінде сөйлегенде, айтқан сөзін оқушылар түгел түсінсін деп бірнеше рет қайталап айтады. Оқушылар осы қайталауға үйренеді. Шынайы коммуникацияда сөйлеуші айтқанын қайталамайды, сондықтан мұғалімнің мақсаты оқушылардың тыңдаған мәтіннің мазмұнын бір-ақ рет

тыңдағанда түсінуге үйрету. Ал кей жағдайларда оқушылар мәтіннің мазмұнын бір рет тыңдағанда түсінбесе, оны екінші рет тыңдатуға болады, бірақта бұл жолы мұғалім тыңдайтын мәтінге қосымша бір тапсырма беруіне болады.

Мысалы, мәтінді екінші рет тыңдағандар да, бұл оқиғаның басты кейіпкеріне/оқиға уақытына/оқиға жеріне және т.б. назар аударыңдар деген сияқты тапсырмалар; Келесі бір қиындық мынада: егер тыңдаушы сөйлеушінің бет-әлпетіне көріп, оның сөйлеу органдарының қимыл-қозғалысын байқап отырса, онда ол өзі тыңдап отырған сөзді жеңіл түсінеді, бірақта мұндай жағдай ылғида бола бермеуі мүмкін (телефон арқылы сөйлесу, радиодан хабар тыңдау т.с.с.) [1, Амандыкова Г.Н., 29-366].

Тыңдап-түсінуді үйретудегі негізгі қиындықтар және тыңдауда кездесетін қиындықтарды шешу жолдары. Тыңдау, түсіну, меңгеру оқушылар үшін қиынға соғады, себебі олар дыбыстарды жылдам айырып, ойында сақтап түсінуі керек. Оқушылар бұл процесті өзінің туған тілінде өте жеңіл орындайды, ал шет тілінде қатты қиналады. Сондықтан, тыңдағанда өте зерек болуы керек және ойлай білуі керек. Ерік-зейінін, еске сақтау қабілетін толық пайдалану дыбыстарды еске сақтауға көмектеседі.

Ол үшін үш негізгі факторды еске сақтау керек:

- лингвистикалық материал;
- материалдың мазмұны;
- материалды беру жағдайы

Оқушыларға шет тілін үйретуде негізгі 3 қиыншылық бар: фонетикалық, лексикалық және грамматикалық.

1. Фонетикалық қиыншылықтар ағылшын тілі мен қазақ тілінің дыбыстың құрамының айырмашылығында кездеседі. Ағылшын тілінің дыбыстарын өз тілінің дыбыстарына ұқсатып айтады.

2. **Тыңдап – түсіну дағдысын қалыптастыратын жаттығуларды сабақ үлгісінде қолдану.** Мына сөздерді қиындықпен айтады:

Worked-walked, first-fast-forced, lion-line, tired-tide, bought-boat-board.

Дауыс ырғағындағы айырмашылықтар да түсінуді қиындатады. Мысалы: Good morning! Сондықтан тыңдау дағдыларының, дыбыстар мен дауыс ырғағының жаттығулары өте қажет.

1. Лексикалық қиындықтар - ағылшын тілінің аналитикалық құрылысымен және инфинитив, көсемше құрылымдарының өте көп қолданылуына байланысты. Мысалы:

The horse is slipping. The horse is sleeping.

They worked till night. They walked till night.

Міне, осындай сөйлемдерді түсіну өте қиын, сөздерді шатыстырады. Мысалы:

East-west take-put ask-answer

Әсіресе, логтан кейін қолданылатын етістіктер.

Put on: put off-put down

Take off: see off-going for: etc.

Ағылшын тілінде грамматикалық омонимдер де қиындық туғызады.

Мысалы: to work-work, to answer-answer. -ed Past Ind. Participle 2

Бұлардың бәрін тыңдап айыру қиын. [2, Бекбаева Г.Қ.].

2. Тыңдауға берілген материалдың мазмұны да түсінуге әсер етеді. Тыңдауға арналған материалды дайындау үшін мыналарды ескеру қажет:

- материал тақырыбы түсінуге жеңіл ме? Қандай қиын сөздер бар?

- материал түрі: суреттеу ме, әңгіме ме?

- материалды тыңдауға әзірлік.

- материал үзінді ме, әлде толық па?

- материал диалог түрінде ме, әлде монолог па? Монологтық сөйлеу оңай, сондықтан тыңдауға тиімді.

3. Материалды тыңдау жағдайы өте маңызды.

- Сөйлеу жылдамдығы

- Сөйлеу қарқыны: басында жай басталуы қажет.

- Сөз топтарының арасында пауза болуы қажет. Тыңдаудың соңында қарқыны қалыпты деңгейге 1 минут - 150 сөзге жетуі керек. Орташа қарқын 120 сөз: жай қарқын - 90 сөз. Қайталау жиілігі 1 немесе 2 рет.

Ауызша сөзді түсіну адамның естіген сөздердің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады.

Тыңдап-түсінудің негізгі топтарына мыналар жатады:

- тыңдап-түсіну дағдылары (мәтіннің грамматикалық және морфологиялық формаларын тани білу);

- сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;

- дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу;

Ауызша сөйлеуге үйрету – шетел тілім оқытудың ең қиын аспектісі болып салалатындықтан, ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету. Түсінуге тексерудің ең басты бөліктерін – сурет арқылы, екіншіден – жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау – алдымен айтылған фразға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады. Шетел тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы ұнтаспа арқылы әртүрлі бұйрықтар беріп, орындату. Оқытушы дұрыс, не бұрыс екенін қадағалайды. Бұйрықтарды тек бұйрық рай түрінде берумен қатар әртүрлі нұсқаулар түрінде де беруге болады. Фонетикалық және грамматикалық құрылымдарды тыңдау арқылы салыстыра және ажыраты білуге арналған тапсырмалардың мұндай түрлерін бірте-бірте күрделендіруге болады [3, Шишикова И.А.].

1. Есту қабілетін жетілдіруге арналған тіл жаттығулары:

- берілген интонацияны сақтай отырып, синтагмалар мен фразаларды қайталаңдар;
- берілген қос сөйлемдерді тыңдаңдар. Егер ол сөйлемдер бірдей болса, графикалық кілтте ( + ) таңбасын қойыңдар, ал егер сөйлемдер әр түрлі болса, онда (—) таңбасын қойыңдар.

2. Алдын-ала болжаулау қабілетін жетілдіру үшін мынадай тіл жаттығуларын орындаған жөн.

- бірқатар сын есімдерді (етістіктерді) тыңдаңдар да, олармен жиі тіркесетін зат есімдерді атаңдар;
- мұғалім айтып тұрған мәтінді тыңдаңдар, сол мәтіннің жазбаша нұсқасындағы қалыпқойған сөздерді толықтырыңдар.

3. Оқушылардың қысқа мерзімдік есін жетілдіруге арналған тіл жаттығулары:

- екі-үш қысқа фразаларды тыңдап, оларды бір сөйлем етіп біріктіріңдер;
- он немесе одан да көп сөздерден тұратын (яғни ұзақтығы қысқа мерзімдік ес көлемінен артық) фразаларды тыңдап, оларды диктордан (мұғалімнен) кейін қайталап айтыңдар;

- фразаны тыңдаңдар да, оған мағына жағынан байланысты тағы бір фраза қосыңдар т. б.

4. Сөз жасау және контекстік болжауды жетілдіруге арналған тіл жаттығулары:

- төмендегі етістіктерді тыңдаңдар да, олардан -ег жұрнағын жалғау арқылы зат есімдер жасаңдар;
- өздеріңе таныс элементтерден жасалған туынды және біріккен сөздерді тыңдаңдар, оларды қазақ тіліне аударыңдар немесе сөйлемде қалай қолданылатынын түсіндіріңдер;

- графикалық кілттен таяныш сөздерді қарап шығып, тыңдауға арналған мәтін қандай тақырыпқа арналғанын анықтаңдар, сосын мәтіннің үзіндісін тыңдап, өздеріңді тексеріңдер.

5. Сөздердің мағынасын анықтауға арналған жаттығулар:

- сөйлемдерді тыңдап, олардың ішінде іс-әрекет иесін (кимыл атауын) анықтаңдар;

- сөйлемде ана тілінде аталған сөзге мағынасы сәйкес келетін сөзді табыңдар т. б. Осындай тіл жаттығуларын орындау арқылы лингвистикалық және психологиялық қиындықтарды жойған соң сөз жаттығуларын орындауға көшуге болады. Сөз жаттығулары дегеніміз тіл арқылы қарым-қатынас жасаудың шынайы шарттарыша жақын жағдайда қабылданады ауызша мәтіндер. Мұндай мәтіндер белгілі талаптарғасай болуы керек.

- тыңдауға арналған мәтіннің мазмұнының тәрбиелік мәні болуға тиіс және оның мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек;

- мәтіннің мазмұнында тыңдаушылар үшін қызықты мәселе болуы керек;

- мәтін бірінші жақта баяндалмағаны жөн;

- тыңдап-түсінуге арналған мәтіндердің көлемі төменгі кластарда 1-1,5 минут, ортаңғы кластарда 2-2,5 минут, жоғарғы кластарда 3-4 минуттен аспауы керек. Сөз жаттығулары ауызша сөзді қабылдап, оны түсіну қабілетін дамытады, оларды жетілдіреді. Бұл жаттығуларды орындау нәтижесінде оқушылар мынадай іскерліктерді меңгереді:

- хабардың ақпаратқа ең қанық жерлерін анықтау;

- мәтінді коммуникация жағдайымен ұштастыра білу;

- тыңдауға арналған мәтіннің мағыналық бөлшектерін анықтау, олардың әрқайсысының негізгі ойын анықтау іскерлігі. Ауызша сөздің, соның ішінде сөйлеудің екі түрі бар: монолог түрінде сөйлеу және диалог түрінде сөйлеу. Оқушылар ауызша сөздің осы екі түрін де тыңдап-түсінуге тиіс. Сондықтан тыңдап-түсінуге үйрететін сөз жаттығу-ларының екі түрін ажыратқан жөн: диалогты тыңдап-түсінуге үйрететін сөз жаттығулары және монологты тыңдап-түсінуге үйрететін сөз жаттығулары [4, Рақымжанова С.Қ., 78б].

1. Диалогты тыңдап-түсінуге үйрететін жаттығулар мыналар:

- диалогты тыңдаңдар, соған ұқсас сол тақырыпқа диалог құрыңдар;

- күйтабаққа жазылған диалогты тыңдаңдар да, оның мазмұнын монолог түрінде айтып беріңдер (кейіпкерлердің бірінемінездеме беріңдер, диалогқа тақырып табыңдар да, оны түсіндіріңдер) т.б.

Диалогты, әңгімелерді, мәтіндерді тыңдау шетел тілін түсініп үйрене білудің ең қажетті бөлігі болып табылады. Тыңдауға арналған мәтіндер оқылған тілдік материалдар негізінде құрылады. Оның ішіне 3-4% таныс емес лексикалық материалдар қосуға болады. Алғашқы рет тыңдауға арналған мәтінге жіберілген уақыт 1-1,5 минут көлемінде болуға тиіс.

2. Монологқа немесе полилогқа қатынасы арқылы диалогты тыңдап-түсінуге үйрететін жаттығулар:

- таспаға жазылған сұрақтарды тыңдаңдар да, үзілісте сол сұрақтарға болымды (болымсыз) түрде жауап беріңдер:

- диалогтың басын тыңдаңдар, оны жалғастырып оқушылардың бірімен әңгімелесіңдер;

- диалогты тыңдаңдар, оны кеңейтіңдер;

- диалогты тыңдаңдар, сөз болып отырған мәселеге байланысты өз пікірлеріңді, айтыңдар,

3. Монологты тыңдап-түсінуге үйрететін сөз жаттығулары:

- фильмді (диафильмді) көріп, оның негізгі идеясын түсіндіріңдер;

- тыңдаған хабарды мағыналық үзінділерге бөліп,

- оларға тақырып қойыңдар;

- мәтінді тыңдап, оған төмендегі жоспарды қолдану арқылы рецензия құрастырыңдар: 1) хабардың тақырыбы; 2) оның кейіпкерлері; 3) қысқаша мазмұны; 4) негізгі идеясы; 5) тыңдаған хабарға баға.

Міне, осындай жаттығуларды орындау нәтижесінде оқушылардың тыңдап-түсіну қабілетін дамытып, оны оданәрі жетілдіруге болады.

Сөзді тыңдап -түсінгенін тексеру әдістері. Қандай да болмасын тексерудің мақсаты — сөз іскерлігінің қалыптасу деңгейін анықтау және оқушылардың мәтінді қаншалықты толық және дәл түсінгенін анықтау. Қазіргі методикада аудиомәтінді түсінудің мынадай деңгейлерін ажыратады:

- 1) фрагментарлы түрде (үстіртін) түсіну деңгейі;
- 2) глобалды түрде (жалпы түрде) түсіну деңгейі;
- 3) детальды түрде (толық) түсіну деңгейі;

Үстіртін түсіну деңгейі тыңдап-түсіну қабілетін қалыптаспағандығының куәсі. Оқушылардың мәтінді қалай, қаншалықты толық түсінгенін тексеру үшін соңғы үш деңгейін тексеру керек. Ағылшын тілін оқытудың алғашқы кезеңдерінде тыңдалымдар өте маңызды роль атқарады. Тыңдалымдар ағылшын тілінде сөйлеушілердің шынайы сөзін есітуге мүмкіндік береді. Тыңдау шет тілін оқытуда өте жақсы құрал болып табылады. Ол оқылып жатқан шет тілінің дыбысталу жағын үйренуге, яғни әуен, екпінді дұрыс қоюды үйренуге мүмкіндік береді. Тыңдалым арқылы тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы үйреніледі. Және де тыңдалым оқу мен жазуды меңгеруді жеңілдетеді.

Оқушылардың тыңдап-түсіну қабілетін қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі таңда тыңдап-түсінуді жақсарту әдістемесі әлі толық зерттелген жоқ. Тыңдап-түсінумен жұмыс жасауды жеңілдететін мұғалімдерге арналған ғылыми әдістемелердің аздығы зерттелуі керек маңызды мәселе. Сол себепті де шет тілін оқытудағы тыңдап-түсіну кездесетін қиындықтарды шешу жолдарын табу және практикада оның әдістемесін ұсыну бүгінде өзекті мәселе болып отыр. Осы бағытта мұғалімдер жанама түрдегі мәдениетаралық қатынас ретінде тыңдап-түсінуге үйретудің тиімді жолдарын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Сонымен бірге шет тілін үйретудің мазмұнын жаңарту және тыңдау үрдісін жаңаша ұйымдастырудың ғылыми негіздерін терең зерделеу қажет. Өйткені ағылшын тілін сапалы оқыту -глобалды заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амандыкова Г.Н. Ағылшын тілі пәнін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері // Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. -2011.- №2(56). 29-36б.
2. Бекбаева Г.Қ. Пәндердің бағытты оқытылуын қамтамасыз ету//Білім шапағаты. -2009.
